



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан
Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова
M.Utemisov West Kazakhstan University

II ТОМ

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына арналған
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР:
ТАРИХ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ, ПЕРСПЕКТИВАЛАР»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

5 қазан 2022 жыл

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической конференции
**«ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ И НАУКЕ: ИСТОРИЯ,
СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ, ПЕРСПЕКТИВЫ»,
посвященной 90-летию Западно-Казахстанского университета
имени М.Утемисова**

5 октября 2022 года

MATERIALS
of the International Scientific and Practical Conference
**«TRADITIONS AND INNOVATIONS IN EDUCATION AND SCIENCE: HISTORY,
CURRENT STATE PROSPECTS»
dedicated to the 90th anniversary of M.Utemisov West Kazakhstan University**

October 5, 2022

Орал – Уральск – Uralsk

УДК 001 (063)
ББК 72
Б94

Ұйымдастыру комитетінің төрағасы/Председатель организационного комитета:

Серғалиев Н.Х. – б.ғ.к., профессор, М. Өтемісов атындағы БҚУ басқарма төрағасы-ректоры

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері/ Члены организационного комитета:

Ахмеденов Қ.М. – г.ғ.к., профессор, М. Өтемісов атындағы БҚУ басқарма төрағасы орынбасарының - ҒЖ және ХБ жөніндегі проректордың м.а.

Имашев Э.Ж. – философия докторы (PhD), М. Өтемісов атындағы БҚУ басқарма төрағасы орынбасарының - академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а.

Даришева Т.М. – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, М. Өтемісов атындағы БҚУ басқарма төрағасы орынбасарының - ТЖ және ӘМ жөніндегі проректордың м.а.

Какишев М.Г. – философия докторы (PhD), М. Өтемісов атындағы БҚУ ғылым және ЖОО-нан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі

Ергалиева Г.А. – п.ғ.к., доцент, М. Өтемісов атындағы БҚУ педагогика факультетінің деканы

Тургумбаев А.А. – магистр, аға оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚУ жаратылыстану-география факультетінің деканы

Ақболатов А.А. – философия докторы (PhD), доцент, М. Өтемісов атындағы БҚУ филология факультетінің деканы

Абулкасова Д.Б. – с.ғ.к., аға оқытушы, М. Өтемісов атындағы БҚУ физика-математика факультетінің деканы

Нестеренко Г.И. – э.ғ.к., доцент, М. Өтемісов атындағы БҚУ тарих, экономика және құқық факультетінің деканы

Кажимова К.Р. – философия докторы (PhD), М. Өтемісов атындағы БҚУ мәдениет және өнер факультетінің деканы

Б94 Ғылым және білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар: тарих, қазіргі жағдай, перспективалар = Традиции и инновации в образовании и науке: история, современное состояние, перспективы =Traditions and innovations in education and science: history, current state, prospects: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. мат. = Мат-лы междунар. науч.-практ. конф. = Materials of the international scientific – practical conference. – Орал: М.Өтемісов атын. БҚУ РБО, 2022. – 272б. Қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-266-574-1

Жинаққа «ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР: ТАРИХ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ, ПЕРСПЕКТИВАЛАР» тақырыбында өткен халықаралық конференцияға келіп түскен баяндамалардың мәтіндері енді.

Баяндамаларда шетелдік және отандық ғалымдардың ғылым және білім беру туралы ғылыми – зерттеу нәтижелері, жаңа тың деректері қамтылған.

Жинақ жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлеріне, оқытушыларына және студенттеріне, мектеп мұғалімдеріне, докторанттарға, магистранттарға, мұғалімдерге, аспиранттарға, сондай – ақ осы тақырыпта қызығушылық танытқан қалың оқырманға арналған.

В сборник вошли тексты статей, которые были одобрены к участию в международной научно-практической конференции на тему «ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ И НАУКЕ: ИСТОРИЯ, СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ, ПЕРСПЕКТИВЫ». В статьях представлены результаты научных исследований отечественных и зарубежных ученых о науке и образования.

Сборник предназначен для ученых, преподавателей, учителей школ, докторантов, аспирантов, соискателей, магистрантов, студентов, а также для всех заинтересованных в изучении данной темы.



© М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2022

**Приветственное слово участникам международной научно-практической конференции
«ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ В ОБРАЗОВАНИИ И НАУКЕ: ИСТОРИЯ,
СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ, ПЕРСПЕКТИВЫ», посвященной 90-летию Западно-
Казахстанского университета имени М. Утемисова
5 октября 2022 года**



Дорогие друзья, уважаемые коллеги и участники международной научно-практической конференции «Традиции и инновации в образовании и науке: история, современное состояние, перспективы»!

Наша научная конференция посвящена юбилейной дате: в 2022 году 90 лет исполняется *Западно-Казахстанскому университету имени Махамбета Утемисова!*

Прежде всего, разрешите мне поздравить коллектив нашего университета с его 90-летним Юбилеем, поблагодарить за большой вклад в развитие научно-педагогической деятельности и подготовку высококвалифицированных специалистов. Сохраняя верность традициям, коллектив университета активно внедряет передовые информационные технологии и инновационные научные направления.

Только за последние 30 лет в университете выполнено более 100 научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ на общую сумму более 500 млн. тенге, опубликовано более 150 статей, входящих в базу данных Scopus и WebofScience, издано более 180 монографий, опубликовано более 10 000 научных статей ППС в изданиях Казахстана и зарубежных стран.

В базах WebofScience и Scopus- 50 ученых нашего университета имеют высокий индекс Хирша. Более 500 победителей Республиканского и международных конкурсов научно-исследовательских работ студентов. Более 800 студентов заняли призовые места на республиканских и международных предметных олимпиадах.

Проведения фундаментальных и прикладных научных исследований в университете направлены на решение актуальных проблем региона в сфере образования, культуры, филологии, литературы, экологии, нефтегазовой промышленности, археологии, палеонтологии, истории, информационных технологий и т.д.

Огромное внимание уделяется молодым ученым, так с 2018 года в университете осуществляется подготовка научно-педагогических кадров за счет средств ВУЗа, по более чем 18 направлениям подготовки: Экономика и управление народным хозяйством, Математика – статистика, Менеджмент и управление, Автоматизация и управление, Экономическая, социальная, политическая и рекреационная география, Филология, Профессиональное обучение, Социальная педагогика, Палеонтология и стратиграфия, Генетика, Теоретические основы информатики, Языкознание, Гражданское право, Биология, Археология, Химия, Социально-культурная деятельность, Мировая экономика.

Обучение проходит в ведущих научно-образовательных центрах Республики Казахстан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Актюбинский региональный университет им.К.Жубанова и т.д. и Российской Федерации: Казанский федеральный университет, Российский университет дружбы народов, Московский государственный институт культуры и др.

В современных условиях возрастает роль образования и науки в долгосрочном социально-экономическом развитии Республики Казахстан. Во все времена наш университет являлся символом высокого уровня культуры, науки и согласованных социальных взаимодействий, на протяжении 90 лет выполнял просветительскую функцию.

Полагаю, что Конференция предоставит широкую площадку для обмена мнениями и знаниями по многим актуальным вопросам и проблемам образования и науки.

Желаю всем участникам конференции продуктивной работы и выработки новых ориентиров развития системы образования и науки.

Уверен, что работа конференции будет плодотворной и полезной, и вместе мы добьемся значимых и достойных результатов!

**С уважением, Сергалиев Нурлан Хабибуллович,
кандидат биологических наук, профессор,
Лауреат Государственной премии Республики Казахстан в
области науки и техники имени аль-Фараби,
председатель правления – ректор ЗКУ им. М.Утемисова**

СЕКЦИЯ III

ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ

ӘОЖ 94 (574)

Байбулсинова А.С.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАТЫС АЛАШОРДА ТАРИХЫНАН ЖАҢА МӘЛІМЕТТЕР

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев 2020 жылғы 24 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. Бұл жердегі басты міндет – халықаралық стандарттар мен құндылықтар негізінде саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру, олардың адал және игі есімдерін халық пен ұрпақтарына қайтару болып табылады.

Мемлекет басшысының саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі тапсырмасына орай, жергілікті жерде өңірлік жұмыс топтарын құру және жұмысын ұйымдастыру бойынша жобалық офистер құрылды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы қызметін сүйемелдеу жөніндегі Жобалық офистің БҚО бойынша өңірлік комиссиясы жұмыс тобы 2021, 2022 жыл бойынша жоспарланған іс-шараларды толықтай орындап, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыр.

Қазіргі кезде 7 жұмыс тобы (жетекшілер Қ.Қабжан, Б.Боранбаева, Е.Хайдаров, А.Курумбаев, А.Батырханов, Ж.Набиуллин, А.Байбулсинова) ҚР Орталық мемлекеттік архиві, ҚР Президенті архиві, БҚО мемлекеттік архиві, БҚО Ішкі істер департаменті архиві, Алматы қалалық Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві, РФ ҚКМ «Памят народа» ашық сайты және басқа да дерек көздерімен жұмыс істеп, 400-ден астам архив қорлары оның ішінде шамамен 2000-ға жуық істі қарап, ақпараттар сараптады.

Аталған басты бағыттар бойынша жұмыстардың бірі – Батыс Қазақстан облысы бойынша ГУЛАГ жүйесіндегі жазалау лагерлері мен НКВД конторларын анықтау жұмыстары.

Батыс Қазақстанда қуғын-сүргін құрбандарының саяси лагері болғаны туралы табылған ақпараттар, жүргізілген жұмыстар туралы бұған дейінде сұхбат берген болатынбыз. Негізінен, XX ғасырдың 20-50 жылдары болған саяси тұтқындар лагерлері мен НКВД канторлары туралы мағлұматтар табу өте қиын. Өйткені бұл аса құпия сақталатындықтан құқық қорғау органдары оны барынша жасыруға тырысады, ал кейбір маңызды құжаттар әскери құпияға сәйкес жойылған. Дегенменде, басты мағлұматтарды XX ғасырдың 20-50 жылдары, әсіресе 1937-1938 жылдары және 40-50 жылдардағы саяси тұтқындардың өздерінің жеке істерінен алып жатырмыз. Құжаттарда (жеке қылмыстық істерде) айыпталушы немесе сотталушының тұтқындалған уақытынан бастап жазасын өтеген мекемелері–уақытша изоляторлар, түрмелер, еңбекпен түзету лагерлері, концлагерлер, арнайы поселениелер (спец поселение) туралы деректер берілген. Дәлірек айтқанда, НКВД (УНКВД) тұтқындардың «қозғалысы» (конвоймен аттандырылған, көшірілген, басқа жаққа аударылған т.б. жағдайда) бойынша өзара ақпарат алмасып отырған, сонымен қатар, тұтқынмен бірге оның құжаттарыда (дело по обвинению) көшіп жүрген. Онда іске қатысты көп құжаттармен бірге тұтқындардың жағдайы, қандай шешім болса да НКВД Үштігінің үкімі орындалғаны туралы анықтама, әрі қарайғы өмірінің соңына дейінгі ақпараттар тіркелген. Сол ақпараттардан Батыс Қазақстан облысында жұмыс жасаған саяси тұтқындар лагерлерінің желісі туралы, сонымен қатар, облыстың әр аудандарындағы жергілікті тұрғындардан ауыл-аймақтардағы НКВД канторалары мен түрме, лагерьлердің орны, ату жазасы үкімі орындалған орындар, атылған адамдар жерленген қорымдар туралы ақпараттар жинастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қазіргі кезде ГУЛАГ жүйесінде қызмет істеген Батыс Қазақстан облысындағы лагерлер желілерінің 3 бағыты анықталды. Оларда 2 мыңнан – 5 мыңға дейін тұтқындар ұсталған. Олар Каменлаг, Безымянлаг және Салават лагер, АЛЖИР-дің Оралдағы бөлімшесі.

Бұлардан басқа 2 үлкен маңызды лагер желісі жұмыс істеген: олар Түркістан лагері және Ортаазиялық лагер (Туркестанский лагерь, Среднеазиатский лагерь). Бірақ бұл бұрынғы орган қызметкерлерінің ауызша деректері ғана. Нақты құжаттар әлі табылған жоқ, дәлелді деректер қарастырылып жатыр.

Батыс Қазақстан облысы бойынша НКВД айыптау және жазалау үкімі орындалған орындар:

- Орал қаласы бойынша ИТК №12 бөлімшелері қалалық түрменің жанында ағаш барактарда орналасса, ал оның далалық стандарты Ветелкиде, Бортауда және Плодоовощнойда болған;
- Облыс бойынша Казталовауданының Шильная Балька;
- Зеленов ауданының Дарьинское, Шапово, Янайкино поселкелерінде;
- Ақжайық ауданының Бударино, Кожехарово поселкелерінде;

- Шыңғырлау ауданының Ащысай совхозында;
- Бөрлі ауданының Бөрлі поселкесінде;
- Бөкей орда ауданындағы Сайхын ауылында;
- Чапаев (қазіргі Ақжайық ауданы) ауданында Прорва лагерінің филиалы болған;
- Теректі ауданының Федоровка поселкесінде осындай процестер өткізіліп, үкім сол жерлерде орындалып отырылған.

Батыс Қазақстан облысы бойынша XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы тоталитарлық саясатқа қарсы күрескен азаттық қозғалыс жетекшілері, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің тағдыры туралы өңірлік жұмыс тобының анықтаған мағлұматтары жан-жақты, әрі өте қызықты.

Өйткені, Кеңес өкіметінің XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы аласапыран кезеңінде текті әулеттің тұяғы бола тұра, «қауіпті элемент», «халық жауының жары», баласы, ұрпағы болғаны үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінде жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаптаған түрмелер мен лагерлерде азап шеккендер саны қаншама? Жалпы, бұған дейінгі мағлұматтар бойынша 1921-1954 жылдары Қазақстанда 100 мыңнан астам адам репрессияға ұшырап, 25 мыңнан аса адам ең ауыр жаза – ату жазасына кесілген. Осындай ауыр айыптан айыға алмай кеткен, тұтастай бір отбасылар саны мен олардың тарихы күні бүгінге дейін беймәлім. Сталиндік саясаттың қасірет зардабын шеккен қазақтың зиялылар отбасының тағдыры күні бүгінге дейін аса маңызды мәселелердің қатарына жатады.

Батыс Қазақстан облысы бойынша өңірлік қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі жұмыс тобы 2021 жыл бойы көптеген архив қорларын ақтарып, маңызды, құнды тарихи құжаттарды анықтады. Солардың қатарында бізді таң қалдырған Арон Қаратаевтың тарихи отбасылық 2 суреті табылды. Табылған 2 суреттің бірінде – Арон Қаратаевтың өзі түсірілген. Екінші суретте отбасы – отағасы А.Қаратаевтың өзі, жұбайы Хұсни-Жамал Нұралыханова, қызы Шахзада мен кішкентай ұлы Сұлтан (Сұлтан-Хұни) бар. (Ш.Шонанованың тұтқын анкетасында Шахзаданың «1903 жылы 5 сәуірде дүниеге келгені, әкесі бай-жартылай феодал (аты жазылмаған), ал анасы Қаратаева Хұсни-Жамал, інісі Қаратаев Сұлтан-Хұни» –деп жазылған [1, 346-347 бб]. Тарихи дейтін себебіміз, отбасының отағасы Қаратаев Арон – белгілі қоғам қайраткері, әскери комиссар, XX ғасырдың 20 жылдары бай-жартылай феодал деген айып тағылып, жер аударылған қазақ зиялыларының бірі. Сонымен бірге, белгілі қоғам қайраткері, Дума депутаты болған заңгер Бақытжан Қаратаевтың туған інісі. Бір қызығы, 1918-1985 жылдардағы Қазақстан тарихы жазылған «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» атты Бес томдық жинағының 4 томында (Алматы; Атамұра, 2010. 752 б.) [2, 752 б.] қаншама жылдарын мемлекеттілікті сақтап қалу жолында күрескен әскери комиссардың қоғамдық-саяси рөлі туралы Кеңес өкіметі тұсындағы адал қызметіне қарамастан, ол туралы бір ауыз сөз берілмеген. Сонымен бірге, Алашорда ұйыммен байланыста болған, алашорданы қолдағаны, сол үшін айып тағылғаны қарамастан «Алаш.Алашорда. Энциклопедиясында» (Алматы: Арыс баспасы, 2009 ж. - 544 б.) ешқандай мағлұматтар айтылмайды [3].

Арон Қаратаевтың жұбайы да осал жан болмаған. Хұсни-Жамал Жәңгірханның немересі, әкесі Зұлқарнай Шөкіұлы Нұралыханов. Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызы (Нұралыханова) өткен ғасырдың аяқ шенінде қазақ қыздарына арнап 1883 жылы Бөкей ордасында тұңғыш қазақ қыздарының мектебін ашқан, талай талантты шәкірттерді тәрбиелеген ағартушы ұстаз. Хұсни-Жамалдың алдынан білім алған шәкірттер қатарында қазақтың қайраткер қыздары – Алма Оразбаева (қоғам қайраткері), Рәзия Меңдешова (Сейітқали Меңдешевтің жұбайы), Әмина Мәметова (Мәншүк Мәметованың анасы) болған. Хұсни-Жамалдың әкесі Зұлқарнай Шөкіұлы Нұралыханов 1851 жылы ағартушы, этнограф Мұхаммед-Салық Бабажанов, 1-және 2-ші теңіз округінің правителі болған Мақаш Бекмұхамедовтермен бірге Орынбор Неплюев корпусында оқыған. Оқуын аяқтап елге келгеннен кейін 1887 жылы Жаңақалада өз қаражатына мешіт салдырып, «Дала уәлаяты» газетінің Бөкей Ордасындағы тілшісі болған. Оның ұлдарының бірі – Сәлімгерей Нұралыханов Алаш қозғалысының көрнекті өкілі болса, екінші ұлы Сейіткерей Нұралыханов кеңес өкіметін орнатуға араласқан. Ал қызы Хұсни-Жамал жастайынан қоғамдық салада белсенді рөл атқарған, кейін Арон Қаратаевқа тұрмысқа шыққан.

Сталиндік жендеттердің қуғын-сүргін тұзағына түсіп, күйеуі ұсталып, қызы Шахзада атылған кезде қартайған Хұсни-Жамал жұрттың көзіне түрткі болып, ол жүрген жерде тумалары милициядан қорқып үйіне кіргізе алмаса, ал таныстар сырт айналып кеткен. Кейін аштықтан далада қаңғып дүниеден өткен.

«Шахзададай қайратты да білімді қыздың анасы Хұсни-Жамал көшеде қаңғып қалып, 1945 жылы Алматыда көз жұмды. Аштан өлді деген де сөз бар. Оралда да қуғын-сүргінге ұшырап жатқан төрелеріне кете алмай, Алматыны қимай жүргені, бәлкім Шахзадасынан бір хабар болып қалар деген ана көкірегінің үміті болар» деп Сарсембина Б. «Қаратаевтар қасіреті» мақаласында жазған [4, 4 б].

Ал Арон Қаратаев туралы БҚО мемлекеттік архивіндегі №992 қорда «бай, кулактар» деген айыппен жер аударылуына қатысты құжаттарда сақталған.

Отбасының тірегі, мемлекеттік қайраткер Арон Ахметұлы Қаратаев туралы БҚО Полиция департаменті архивінде П-4290 айыптау ісі [5] сақталған. Айыпталушының жеке іс-парағында Арон Қаратаевтың 1874 жылы бай отбасында дүниеге келгені және руы «Төре» деп жазылған. БҚО Жымпиты ауданының №24 ауылынан 1928 жылы тәркіленіп, Алматы округінің Ащыбұлақ (қазіргі Алматы қаласы

маңы) деген жерге 5 жылға (1929 жылдың 2 ақпанынан бастап) жер аударылған (ПД архивінде КазЦИК-тің 1928 жылғы 27 тамыздағы декретіне сәйкес Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, «Талды-Бұлақ» деген жерге жер аударылғаны жазылған.).

Арон Қаратаевтың ісі бойынша оған Алашордашылармен байланысты, олармен ымаралас болды деген айып тағылып, осы іске қатысты бірнеше адамдар да тергеуге алынған. 1993 жылы 14 сәуірде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы жарлыққа» сәйкес, ешбір қылмыстық құрамы жоқ деп танылып, заңды түрде ақталған.

Бұл суреттің кейіпкерлері туралы мақала дайындалып, «Сарғайған істе сақталған сурет» тақырыбында «Егемен Қазақстан» газетінің 2022 жылғы 28 наурыздағы санында жарияланған болатын. Осы зерттеудің толық нұсқасын аталған газеттен оқып танысуға болады.

Міне, осындай белгілі, текті әулеттен тараған талай қазақтың отбасылары ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы Кеңестік сталиндік қуғын-сүргіннің қасабынан құтыла алмай, өкінішті күйде, тарих сахнасынан жоғалып кете барды. Бұл біз зерттеген қатпарлы тарихтың тек бір мысалы ғана, әлі қаншама тағдыры тәлкекке ұшыраған жәудіреген көздердің иелері өз зерттеушілерін күтіп тұр.

Архив құжаттарын қарап отырып, тағы бір кездестірген таңқаларлық жағдай ол дәрігер, қоғам қайраткері Мәжит Шомбаловтың ісіндегі жағдайлар. БҚО Полиция департаменті архивінде 8 томнан тұратын №3606 М.Шомбаловты (Чумбалов) айыптау ісі сақталған [6]. Істегі тұтқын анкетасында «Чумбалов Мажит Мухамбетжанович, 1873 ж.т. БҚО, Казталов ауданы тумасы, қазақ. Алашорда жетекшілерімен, кеңес үкіметіне қарсы топтармен сыбайлас болғаны үшін» айып тағылғаны көрсетіледі. Енді құжаттардағы оған қосымша жамала берген айыптарда көп-ақ. Бірақ оның ішінде бір қызығы, дәрігер М.Шомбалов Саратовқа конференция барған сапарында сол кездегі өзі куә болған мынадай жайтты баяндаған екен. Бірде Жаңақала жақта ауылда советтер жиналыс өткізеді. Сол жиналыста ауылдағы көшеге И.Сталиннің есімін беру мәселе қаралады. Далада ұзыннан екі қатар болып жайғасқан көпшілік қауым ұзақ айтысып келісімге келе алмай у-шу болады. Сол кезде сыртынан алыста қарап тұрған ат үстінде тұрған осы ауылдың бір адамы шыдамай кетіп: «Ау, халайық неге айтысып у-шу болып отырсындар. Біздің ауылда екі көше бар. Соның біреуіне И.Сталиннің атын, ал екіншісіне Троцкийдің есімін берейік» - деп айқайлайды. Сол жерде лезде большевик белсенділер оны «Сталинмен Троцкийді салыстырды» деп тұтқындап, кейін «өкіметке қарсы, қауіпті адам» деп 10 жылға соттап жіберген. Осы оқиғаны Саратовтағы конференцияда айтқаны үшін дәрігер М.Шомбаловта өкіметке қарсы деп түрмеге қамалған. Мінекей, жазықсыз жандарға жабылған кеңестік саясаттың құйтырқылығында шек жоқ. Біз қарастырып отырған архив деректерінде айта берсе мұндай жәйттар өте көп, таң қалмасқа шара жоқ.

Көрнекті тарихшы ғалым Манаш Қозыбаев кезінде «Тарихын тәңіріндей таныған ел тектілігін жоғалтпайды» деген болатын. Әрбір халық трагедиясына қатысты саяси қайраткерлердің сын сағаттағы позициясы, тарих алдындағы жауапкершілікті мойындарына алып, ұлт мүддесін байсалды, демократиялық жолмен шешуге ұмтылысы жаңаша ойлайтындардың, яғни ұлттық зиялы қауымның пісіп-жетілгенін білдіреді. Оның бір көрінісі ХХ ғасырдың басындағы Алаш орда қайраткерлерінің әрекеті дәл осы тұрғыдан қарастырылып, қазіргі зерттеушілер тарапынан шынайы бағаланып, дәлелді зерделенуі абзал деп санаймын. Алаш Орданың бір қанаты –Күн Батыс Алашорда.

Алаш қайраткерлері туралы көптеген жаңа, тың ақпараттар жарияланып жатыр. Ізденуші ғалымдар бұрын белгісіз немесе құпия болған деректерді тауып жарыққа шығаруда. Оған қоса сол қуғынға ұшыраған қазақ зиялыларының, немесе жазықсыз жапа шеккен қарапайым адамдардың бүгінгі ұрпақтарының, куәгерлердің естеліктері тұлғатанушы, алаштанушы және өлкетанушыларға мол дерек қорын құрайтындығы даусыз. Сол ізденіс жұмыстарының ішінде алаш қайраткері Жаһанша Досмұхамбетұлы туралы жан-жақты зерттеу жүргізілуде. Осы мәселеге қатысты өзіміз қарастырып зерттеген құжаттардан, дәлірек айтқанда құпия істердің ішінде Батыс Алашорда жетекшісі Жаһанша Досмұхамедовтың жеке оққағары болған Мұстафа Валиев туралы мәліметтер табылды. БҚО Полиция Департаменті архивінде аса құпия істердің арасында №П-3037 номерлі Мұстафа Валиевтің ісіндегі [7] 1938 жылы 8 шілдеде жазылған тұтқын анкетасында «Валиев Мустафа, 1887 жылы Сасықкөл ауыл советі, Жымпиты ауданы Батыс Қазақстан облысында дүниеге келген. Тұрғылықты жері: БҚО, Жымпиты ауданы Ақраб колхозы, қатардағы колхозшы. Әлеуметтік жағдай: байдың баласы, алашордашы. *Хан Досмұхамедовтың оққағары, әскери қорғаушы* («Телехранитель Хана Досмұхамедова»)» деп жазылған (ПД архиві, П-3037 іс, 5 бет және оның артқы беті) [7].

Енді «Хан» деп тұрғаны қай Досмұхамедов? Бұл жөнінде сол Алаш Орда өкіметінің билігі кезеңінің куәгері қазақ зиялысы мемлекеттік қайраткер – Бақытжан Қаратаевтың «Алаш Орда тарихының қысқаша очерктері» атты күнделік жазбаларында ІХ бөлімінің атауы «Жанша Досмұхамедов – хан» - деп жазылған. Күнделікте «Досмұхамедовтер әскери өкіметтен большевиктермен күреске қырғыздарды (қазақтарды-А.Б.) дайындау үшін өздерінің орталығы Жымпитыға кетті және онда Орал облысының Жымпиты ауылында 1918 жылдың 18 мамырында қырғыздар съезін шақырды [8]... 1918 жылдың 18-24 мамыры аралығында өткен осы съезден кейін қырғыздар (қазақтар-А.Б.) Жанша Досмұхамедовты «хан» деп атай бастады, негізі бұл атақты ресми түрде таңбасада. Ал Жанша Досмұхамедов өзін «Хан» деп атағанына риза болып, соны мақтан тұтатын» - деп жазады. [8, 390 б].

Ендеше, аталған дерекке сүйенетін болсақ, «хан» атағын иеленген Батыс Алаш Орданың жетекшісі – Жанша Досмұхамедов болып шығады. Онымен бірге аталған Жымпитыдағы қазақ съезінде «Орал уәлаяты» уақытша өкіметі құрылып, оның төрағасы болып Жанша Досмұхамедов, ал өкімет мүшелігіне Халел Досмұхамедов, Иса Көпжасаров, Жанғожа Мергенов, молла (қазірет) Сағидолла Ізтілеуов пен Салық Омаровтар сайланып, «Орал уәлаяты» 5 уездке бөлінеді: бұрынғы Оралдың орнына Шыңғырлау, Ілбішіннің орнына Жымпиты, Гурьевтің орнына Темір және жаңадан Ойыл құрылады [ПД архиві, П-3037 Мұстафа Валиев ісіндегі айыптау хаттамаларынан] [7].

Бұған дейін Батыс Алашорданың жеке әскери жасақтары болғаны, олардың саны 2 мың адамға дейін жеткені туралы деректер кездескен.

Сонымен қатар алаштанушы Берік Әбдіғалиұлы «Алашорда әскері» атты кітабында «Қызылдар мен ақтардың арасында қақтығыс күшейіп, Батыс Қазақстан аумағына жақындады. Осы кезде елді аман алып қалу мақсатында Алашорданың батыс бөлімінің 1918 жылдың мамырында Жымпиты ауылында өткен төртінші облыстық съезінде арнайы қаулы қабылдады. ...Бұл ретте «ұлттық милиция» атауымен алаш әскери бөлімдерін қалыптастырған, Орал мен Орынбор казактарының, Самара («Комуч») үкіметімен одақтық қатынасқа түскен, солардан қару-жарық, киім-кешек, қаржы алған Батыс бөлімінің төрағасы Ж.Досмұхамедов Ақ әскердің тұрақты құрамына кірмей, жеке саясат жүргізді. Алаштық әскери бөлімшелер «ұлттық милиция» ретінде негізінен жергілікті халықтың қорғанысын қамтамасыз етті» -деп жазған болатын [9, 24 б]. Сонымен бірге автор «Өкінішке орай, біз Алашорданың Батыс бөлімінің әскери бөлімдері жайлы құжаттарды өзге архивтардан да таба алмадық. Сол себептен де жеке құрам, құрылымы пен полктар қолбасшылары жайлы материалдар, өкінішке орай, әлі табылмады» - деген қорытынды жасаған. Ал күні бүгінгі біздің ізденістеріміз осы мәселелерді қамтитын деректер қорын анықтап, Батыс Алашорда әскерінің басшысы Жаһанша Досмұхамедовтың әскери жасақтарын дайындаған юнкерлер мектебі, жеке құрамдар мен белсенді әскерилер Валиев Мұстафа (П-3037 іс), Сарығожин (Сарғужиев) Әміре (П-2520), Аблаев Айтқали (П-1220 іс), Оспанов Әлмұхамед (П-2471 іс), Искалиев Коба (П-2462 іс), Жәнібеков Дәулетқали, Меңдіқұлов Ниязғали істері (П-3406 іс), Жәңгіров Ғұмар (П-2461 іс), Бостанов Алтынсары (П-2471 іс), Хайдаров Хамит (П-2471 іс), Есенжанов Жасұлан (П-2793 іс), Кусепқалиев Каюм (№2463 іс), Досмұхамедов Ғаббас (П-2917 іс) істері және Байниязов Махмуд, Асанов Қалдыбай, Асанов Дүйсенбай, Бұрабаев Ғабдолла, Ибрашев Қазмұқаш және басқаларының жеке істерін тауып, зерттеп жатырмыз. Сондықтан алаш арысы Жаһанша Досмұхамедовке тікелей қатысы бар аталған есімдер туралы әліде жан-жақты зерттеуді қолға алса, ХХ ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси жағдайлар мен алаштануға қосылған зор үлес болар еді.

Соңғы кездегі «Алаш партиясы құрылған жоқ», «Алаш автономиясы болған жоқ» деген пікірлерге қатысты зерттеушілер арасындағы айтыстардың көбейгені көңілімізді түсіріп жібергені рас. Шынында да Алаш автономиясы 1917 жылы 12 желтоқсанда (1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында өткен ІІ жалпықазақ съезінде) құрылып – 1920 жылы тамыз айына дейін аз уақыт болсада үш жылдай қызмет етті. «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 21 қарашасындағы санында Алаш партиясының бағдарламасының жобасы жарияланған. 1917 жылғы желтоқсандағы қазақ съезінің қаулысымен құрылған өкімет өзінің өкімет мүшелерін тағайындап қана қойған жоқ, олар мемлекеттіліктің негізгі белгілері – басшысы (А.Бөкейханов), орталығы, территориясы, милициясы, яғни әскері, салық жүйесі-ұлттық қор т.б. бекітілді. Мұны ешкім жоққа шығара алмайды.

Ал 1920 жылы тамыздан бастап бұған дейінгі Бүкілресейлік Құрылтай жиналысын таратып, кеңестік жүйеге ауысты, Алашорда таратылды.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары өздері пір тұтқан Алаш идеясына адалдығын сақтап, ұлтты оятып, рухын көтерудің, ұлтты ұйыстырудың бірден-бір жолы деп таныды. Қазіргі зайырлы қоғам орнатып жатқан тұста ұлттық зиялы қауым ел арасында жарықшақ, сызат түсіретін әрекеттерден сақ болған дұрыс. Мемлекет басшысы, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Жаңа Қазақстан дегеніміз – егемен еліміздің болашақтағы бейнесі. Өз елінің ертеніне сенбеген халық мықты мемлекет құра алмайды. Бұған тарихтан талай мысал келтіруге болады» деген еді [10]. Міне, қанша ғасыр өтсе де өткеннен сабақ алу, тарихи тәжірибеге сүйену, болашақта ел мүддесі жолындағы даңқты бабаларымыздың тәжірибесі мен ұстанымдарын қолдану арқылы ертеңгі жарқын өмірге деген нық сенімде болғанымыз абзал!

Әдебиеттер тізімі

1. История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов / под общей редакцией М.Н.Сдыкова. – Т - 1., Уральск, 2012. – С. 346-347.
2. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық, 4 том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 752 б.
3. Алаш. Алашорда. Энциклопедия. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 544 б.
4. Сәрсембина Б., Қаратаевтар қасіреті / Б.Сәрсембина // Жас алаш. – 2010. – №48. – 17 маусым. - 4 б. <https://lib.kaznmu.kz/s-rsembina-b-arataevtar-asireti-b/>.
5. БҚО Полиция департаменті архиві, П-4290 А.Қаратаевты айыптау ісі.

6. БҚО Полиция департаменті архиві 8 том. №3606 М.Шомбаловты (Чумбалов) айыптау ісі.
7. БҚО Полиция Департаменті архиві аса құпия істердің арасында №П-3037 - Мұстафа Валиевтің айыптау ісі.
8. Каратаев Б.Б. Краткий очерк истории Алаш Орды // История Западного отделения Алаш-Орды. Сборник документов и материалов. Под. общей редакцией М.Н.Сдыкова. Т. 1., 2012. – 388 б.
9. Алашорда әскері. – Астана, 2019.
10. Тоқаев Қ.К. 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysynyn-2022-zhylygy-16-nauryzdagy-zhana-kazakstan-zhanaru-men-zhangyru-zholy-atty-kazakstan-halkyna-zholdauyn-iske-asyru-zhonindegi-sharalar-turaly-2921145>.

ӘОЖ 94(574)

Гайсина М. Б., Кенжегулова А.А.

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ТҮСЫНДАҒЫ САЯСИ ОЙЛАР

Қазақ халқы асыл ойды қастерлеген, «ат сүрінгенше» ақыл тапқан, сан ғасырлар бойы сөз мұрасын көзінің қарашығындай сақтап, сөз қадірін жоғалтпай келген. Қазақ халқында билік айтып, әділ шешім шығарып, қара қылды қақ жарған қарағайдай билер мен шешендері аз болмаған. Би – шешендердің тарихта алар орны ерекше. Сан ғасырлар өтсе де билердің бейнесі мен сөздері, айтар ойы мен ақылы ешқашан өз күшін жойған емес. Күннен күнге жаңғырып, ешқашан өшпейтін аталы сөздері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты.

Тарих беттеріне көз жүгіртсек көшпелілер қоғамы бытыраңқы болды. Сондықтан әр рудың өз мақсат-мүддесін қорғауға негізделген іс-әрекет нормалары өмірге келді. Уақыт өткен сайын сол нормалар дамып, қоғамдық қатынастарды реттейтін әдет-ғұрыптық заңдарына айналды. Жетекші ұлыстар әр кезде әдет заңдарын біртіндеп өмірге әкеліп отырды. Ел басшысы болған көсемдердің бойында билік етуге қабілеті бар, әділдік пен жамандықты, жақсылық пен жауыздықты ажырата алатын, әділ биге тән қасиеттер мол болған.

Қазақ хандығы құрылмай тұрып және хандық құрылғаннан кейін мемлекетті басқару жүйесінде билер, билер соты деген ұғымдар қалыптасып, олар өткен дәуірмен, сол дәуірде өмір сүрген халыққа қызмет етіп, еліміздің тарихи даму кезеңдерінде үлкен саяси рөл атқарғанын тарих беттері жоққа шығара алмайды. Қазақ тарихында билер соты институтының алар орны ерекше. Өйткені оның мемлекетте орын алған саяси және әлеуметтік жағдайларды тек әдеттегі құқықпен ғана емес, рухани, мәдени, салт-дәстүр негізінде де ұштастыра әрі теңестіре отырып қамтамасыз ететін бірден-бір құрылым ретінде алған рөлі ерекше. Билер соты мемлекеттік басқару жүйесімен бітісіп жатты. Билер кез-келген дауды түйінді төрт-ақ ауыз сөзбен шешіп отырған. Хатсыз, ешбір жазусыз ауызша жүзеге асырды. Сол кезде бір бидің өзі осы күнгі қорғаушының да, айыптаушының да, полицияның да қызметін атқарған. Билердің іс қарау процесі ауызша, дауласушы жақтардың және куәгерлердің қатысуымен өткен. Билер шешім қабылдауда заттай айғақтарды, жауапкердің өзі кінәсін мойындауын, куәгерлердің сөздері мен ант су ішун негізге алған. Әсіресе, әділ төрелік ету үшін қаншалықты маңызды болса да кәмет жасына жетпегендер, ақыл-есі ауытқыған, дауласушы тараптардың тума-туыстары, достары куәгер болуға шақырылмады. Дауласушы екі жақты, барлық куәгерлерді тындап, қажет етсе ант қабылдатып алғаннан кейін билер өзара оңаша ақылдасып, қылмыстық іс болса — үкім, азаматтық іс болса кесім шығарған. Ол жоғарғы би -Төбе биге тек билер сотының мүшелері өзара ортақ шешімге келмей, дауласқан жағдайда ғана ғана жүгінген [1, 206 б.].

Ғасырлар бойы өзіне тиісті міндеттерді үлкен жауапкершілікпен атқарып, мемлекет пен халықтың игілігі үшін қызмет атқарған, қағазға түспесе де өз құндылығының арқасында қолданыста болып, сан түрлі қоғамдық қатынастарды реттеуде жоғары тарихи бағаға ие болған маңызды құжаттардың бірі - қазақтың ежелгі құқығы болып табылады. Алғашқы қазақ хандығы құрылған 1511 жылы ата-баба дәстүрімен 19 баптан тұратын Негізгі заң қабылданған. Оны халқымыз «Қасым ханның қасқа жолы» деп атады [1, 208б.].

Тәуке хан тұсында қазақ хандығының берекесі мен татулығы күшейе түсті. Тәуке ханның «Әз Тәуке», «адамзаттың данасы» деген қосымша аттары бар. Тәуке хан тағына отырған соң өзара шиеленіскен ішкі феодалдық бытыраңқылық пен алауыздықты жойып, бір орталыққа бағынған қазақ хандығын құруға барынша тырысты. Ханның шексіз билігін күшейтуге бағытталған реформалар жүргізді. «Хандық кеңестің» рөлін арттырды. Себебі ол феодал байлар мен билерден тұрды. Жыл сайын Күлтөбеде үш жүздің басын қосып жиналысын өткізді. Бұл тарихта «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген атқа ие болды. Тәуке хан ішкі феодалдық бытыраңқылықты жою үшін өз қаасындағы беделді билерге арқа сүйеп, ақсүйектерді, сұлтандарды әлсіретуге тырысты. Тәуке ханның «Жеті жарғысы»

хандықта конституциялық құжат ретінде қаралды. Бұл құжаттың әрбір бабы сол кездегі заман талабына сай әзірленді. Ол қазақ елінің ұлттық бірлігін нығайтып, рулар арасында алауыздықты тежеуге көп үлес қосты.

Жүздер мен ұлыстар арасындағы үлкен даулар билер кеңесінде, қазақ арасында абыройы жоғары Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, тағы басқа билер алдында шешілетін болған [2, 32 б.].

Қазақтың атақты билері Төле би Әлібекұлы, Қазыбек би Келдібекұлы, Әйтеке би Байбекұлыдан қалған сөз дәстүрі атадан балаға мұра болып бізге де жетті. Ата- бабамыз қалдырған ауыз әдебиеті мен нақыл сөздер дейтін ғажайып мұрасында халықтың рухани мұрасы, мәртебесі, тұрмыс салты, мінез-құлқының мәні бар. Олар замандастар болған. Төле би туралы академик С. Зиманов былай дейді: «Төле би қазақтың ежелгі этностық бірлестігі үйсіндерден шыққан. Әр түрлі деректер бойынша, ол Ташкент маңында дүниеге келіп, онда өмірінің жастық кезін және соңғы жылдарын өткізді. Оның шыққан тегі аты аңызға айналған Майқы биден басталады. Әкесінің еркі бойынша бала Төле бес жасынан бастап оқуын бастады, 9 жасынан бастап әкесінің басшылығымен сот талқылауларына және сот шешімдерін шығаруға қатысқан, ал 15 жасында Төле дана ақсақалдардан, атап айтқанда, 100-ге келген Сарыарқадағы атақты Әнет бабадан бата алып, сынақтар мен өзіндік аккредиттеуден сәтті өтіп, дербес қазы жолына түседі» [2, 32 б.].

Ұлы жүз – Әзіз Төле би XVII - XVIII ғасырлардағы ұлы тұлғалардың бірі. Абылай ханнан бастап, Бөгенбай батырға дейін ақыл-кеңес беріп келген атақты Бұқар жырау да Төле биді халыққа үлгі, өнеге етіп жырлады.

Аты аңызға айналған Төле би қайтыс болардың алдында үш жүздің игі жақсысын жинап алып:

- Аттың құнын, ердің құнын, әйелдің құнын өз ақылымызша шешкен жөн. Малға салсаң баспайтын, ұрсаң шаппайтын жабы бар да, қусаң жететін, қашсаң құтқаратын желден жүйрік тұлпар бар, екі адамның басы қосылса өсек айтатын әйел бар да, бір елге ана, пана болатын әйел бар. Шешім айтқанда осылардың ара-жігін ашып, екшеп барып, құн кесулеріңді өтінем,- деп аманаттап артқа қалып бара жатқан ел ағаларына [2, 32-33 бб.].

Қазыбек Келдібекұлы 1667 - 1764 жылдар аралығында өмір сүрген Орта жүз биі. Тәуке ханның атақты «Жеті жарғы» әдеп - ғұрып заң жобасын құрастырушылардың бірі. Қазыбек бидің беделі мен ықпалына қазақ хандары ғана емес, ұлы дала империяларының барлық билеушілері де сүйенген, атап айтсақ 1761 жылы Қытай империясының елшілері, 1762 жылы орыс мемлекетінің өкілдері оған арнайы келіп, кеңес алып қайтқан.

Қазыбек би дәстүрлі Сарыарқалық мәдени ортада өседі, сол ортада тәрбиеленді, ол өте дарынды бала болды. Сондықтан оны қоғамдық қайраткерге дайындады, халықтың ауызша рухани байлығын, даналығын игеруге, шешендікті меңгерудің техникасына үйретті. Орта Жүзде Қазыбек би беделді, өз ортасында кеңінен танылған адам болды. Орыс өкілінің 1763 жылға қатысты бір ресми хабарламасында былай айтылған: «Орта Жүзде Қазыбек биді үнемі және күнде дерлік Әбілмәмбет ханның өзі де, Абылай хан да, және басқа ұлыстардың сұлтандары, ақсүйек старшиналар да әр түрлі кеңес сұрап келетін, және оның келісімінсіз ешқандай ақсүйекті қабылдамайтын, басты қазы ретінде құрметтейді» [3, 14 б.].

Қазақ руларының басын қосып, бір орталыққа жинаған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарының басын қосып, жоңғар шапқыншылығына қарсы халық әскерін құрған Тәуке ханның кеңесшілерінің бірі – Әйтеке би болған.

Артында аталы сөзі қалған, есімі ел жадында сақталған қазақтың киелі, Кіші жүздің айыр тілді шешен билерінің бірі - Әйтеке би. Әйтекенің есімі елге ең алдымен асқан шешендігімен, әділ төрелігімен мәлім.

Әйтеке би туралы академик С.Зиманов: «Есімі Кіші жүздің ежелгі аумақтарының шегінен тыс алысқа созылып жатқан Әйтеке би өзінің дәуірінде аңызға айналды. Оның туылған жылы мен қайтыс болған жері жуықтатып анықталған. Әйтеке бидің Төле би мен Қазыбек бидің замандасы болғаны көпшілікке белгілі. Олармен бірге XVII ғасырдың соңғы ширегінде және XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқының үш құрылтайын билеушілер тобына кірген. Әйтеке атақты Ұлықбектің медресесінде оқып, оны сәтті бітіріп шыққан. Араб, парсы және түрік тілдерін меңгерген. Бес жасынан бастап Жалаңтөс билеушінің отбасында атақты қызыл езу билерде билік мектебінен өткен. Әйтеке бидің идеялық мақсаттары бастапқыда Төле би мен Қазыбек би басшылыққа алған мақсаттармен ұқсас болды. Олардың барлығы халыққа шынайы және әділ қызмет етуді өздерінің бірінші және бастапқы мақсаты етіп қойды». Төле бидің тапқырлығы, даналығы және биязылығы оның көзінің тірісінде Бұқар жырауда, Қазыбек биде, Әйтеке биде танылған [2, 231 б.].

Би сонымен қатар елші, дипломат ретінде де танылды. Қазақта мынадай сөз бар: «жауластырмақ жаушыдан, елдестірмек елшіден», «елшісіне қарап, елін таны». Яғни биді екі елді татуластыру үшін елшілікке жіберген. Би тек ел ішіндегі даулы мәселені шешіп қана қоймай, ел мен елді бітістірген мемлекеттік саяси қайраткер болды. Билер сонымен қатар саясатпен де айналысып, қоғам қайраткері ретінде де танылды. Хан қаншама қаһарлы болғанымен «Билер кеңесінде» көпшілік дауыспен қабылданған шешімді жеке дара билігімен өзгерте алмаған. Әйгілі өз Жәнібектің жанында ел ішіндегі, сондай-ақ сыртқы саясатының барлық мәселелерін талқылап, баға беріп, жөн жоралғы сілтейтін алпыс би болған екен. Атақты Абылай ханның жанында үнемі кеңесші сегіз би болған.

Би адамның жан - дүниесін, мінез - құлқын бір көргеннен - ақ тап басып танитын керемет психологта болған [4, 16 б.].

Билер заң нормаларын, құқықтық дәйектемелерді түсіндіруде және заң шешімдерін талқылауда, және ол шешімдерді орындату әдістерін анықтаумен шектелмей, олар қоғам өмірінің барлық салаларына дерлік белсене қатысты. Билер соты аса беделді және орталық биліктен тәуелсіз орган болған [3, 3 б.].

Алты Алаштың қамқор атасы атанған Асан Қайғы-шамамен алғанда 1361-1473 жылдары аралығында өмір сүрген тарихи тұлға. Қазақ ордасы өзінің егемендігін алып, Керей мен Жәнібек хандар дербес хандық құрған кезеңде Асан Қайғы сол дәуірдің ғұламасы ретінде қазақ халқының бірігуіне, жас мемлекеттің нығаюына үлес қосқан саяси тұлғалардың бірі болды. Ол өз Жәнібек ханның көмекшісі болған, қоғам өміріндегі әлеуметтік-саяси мәселелерді даналық тұрғыда талдап, саралап отырған. 1465 жылы Шу, Сарысу алқабында Қазақ ордасы құрылғанда ел іргесі берік, ағайын арасының мықты болуын тілеп, жаңа мемлекеттің жақтаушысына айналған.

Ш.Уәлиханов тарихи аңыздарға сүйене отырып, Жәнібек пен Керей Әбілхайырдан бөлініп кеткен кезде олардың қасында Жиренше шешеннің, Асан Қайғының болғанын айтады. Асан Қайғының қазақ ұлыстарының басын біріктіретін Жерұйықты іздегенін жазады [5, 165 б.]. Асан Қайғының Жерұйық мекенін іздеуі халық басындағы қиыншылық, мал мен жанға тыныштық жоқ, бақ-береке орнамаған, қауіп-қатерлі сол кез себеп болған. М.О.Әуезовтың керемет мынадай сөзі бар: «жетсе ғана соны мекен етсе ғана, халқы бақытты болмақ. Игілікті ырыс атаулының жанды көрінісі, белгісі болып қой үстіне бозторғай жұмыртқаламақ. Мұнда малға, шаруаға да береке бар, адамға да бақ-береке, тату-тыныштық, шат-шадыман тіршілік бар. Міне, осындай жерді өзі үшін емес, елі, жұрты үшін іздеген Асан - ел қамқоры» [6, 233 б.].

Хандық дәуірдегі қазақтың ауызша және жазба әдебиетіндегі еркіндік, отанды қорғау идеялары өте өзекті болып келеді. Билеушісі мен халқының ынтымағы жоқ жерде, дұшпанының алдауына сенген, арбауына көнген жерде, інісі мен ағасы дауласқан, ханы мен қарашасы жауласқан жерде ел елдігінен айырылады дейді көне мемлекетінің билеушісі Күлтегін. Бұл даналық сөз ұлан даланы мекендеген ел іргесіне жау тисе қажет кезінде ұл - қызы атқа мініп, жауға шапқан ұлтымыздың бірлігін, тектілігін, ежелден қанына сіңген қастерлі қасиетін көрсетеді.

Қазақ жыраулары XV-XVIII ғасырлар аралығында бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұра жасады. Олардың жырларында сол кездің қиын-қыстау шақтары, орын алған тарихи оқиғалар мен жаугершілік заманның көріністері жатыр. Жыраулардың шығармаларынан жауынгерлік рух, ұлт-азаттық күрес, бостандықты көреміз. Жыраулық өнер жаугершілік заманда туғандықтан, онда әскери өмірді, ел қорғау, батырлық пен ерліктің жырлануы заңды құбылыс. Жырларды оқыған кезде сол кездегі сауыт - сайманмен қаруланған әскер жасағын, жауынгерлік айбын мен ерік жігерді көресің [7, 213 б.].

Қазақ қауымындағы ақын-жыраулар халықтың дәстүрлі мәдениетін дамытып қана қоймай, билік иелерінің санасына, саяси ойларына ықпал етіп отырған. Қазақ жыраулық өнерінің көш бастаушыларының бірі, өз заманындағы билік үшін болған күрестердің барлығына дерлік қатысқан ақын Шалкиіз Тіленшіұлы болатын. Ол әлеуметтік теңдік ғана емес, адамдардың бәрінде тең мүмкіндік болуын қалады. Алайда, ақын заң алдындағы биліктен, адамдардың Тәңір алдындағы теңдігін жоғары қойды.

Сондықтан да біздің ата-бабаларымыз өткен өмірді, тарихи және саяси маңызы бар ірі оқиғаларды өлең, жыр, қисса немесе дастан түрінде есте сақтап, атадан балаға мұра етіп қалдырды.

Қазақ халқының ақын жыраулар ішінде ерекше орны бар тұлғаның бірі Бұқар жырауға тоқталсақ (1693-1787 ж.), оның әкесі арғын руынан шыққан Қалқаман батыр болған. Бұқар жыраудың өмір сүрген кезі XVIII ғасырға сәйкес келеді, яғни бұл кез тарихтан белгілі әйгілі жоңғар шабуылдары болған кез. Өзінің бар ғұмырын Абылай ханмен бірге өткізген ол қандай да бір саяси мәселе болмасын, өзімен талданып, оның ақылдасуымен шешіліп отырған. Тіпті жырау Абылай ханмен бірге жорықтарға да аттанып, елдегі саяси-экономикалық мәселелерге де араласып отырған. Бұқар жырау мемлекет басқару ісіне белсене қатынасып, саяси істерге елеулі ықпал етіп отырған би ретінде де танымал болды. Бұқар сол кездегі өз халқының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ел бірлігін берік ұстау, халықты беделді хан, батырлардың төңірегіне идеялық топтастыруды маңызды да саяси басым міндет деп түсінді.

Ханнан қаймықпай, билікке мастанып бара жатқан ханды тәубесіне түсіріп, шындығын айтып отырған. Әділетсіз, қайырымы жоқ ханды ақын-жыраулар «хан талапай» етіп сынаса, ал мұны халық қолдаған. Бұл қазақ халқына ғана тән дала демократиясының бір көрінісі деп түсінуге болады. Қазақ елі географиялық тұрғыда алпауыт мемлекеттердің айнала қыспағында тұрғанын, өзінің тәуелсіздігін сақтап қалуы өте қиын жағдайда екенін сезген жырау, қазақ елі кімнен көмек сұрау керек дегенде орыс патшалығын көрсетеді. Бұл туралы мынадай дерек бар: Абылай хан Ресей патшалығына соғыс ашпаққа ниеттенгенде, Қабанбай, Бөгенбай батырлармен қатар Бұқар жырау да бұл идеяға қарсы шығады. Абылай хан қол жиып, жорыққа аттанбақ болғанда жырау оған: «Абылай, сен қамалды бұзып қақ жарған Қанжығалы Бөгенбайдан асқан батыр ма едің?» деп, бір жағынан, ханның жауды жеңуі халық батырларының арқасында екендігін айтса, екіншіден, орыспен соғысуды стратегиялық тұрғыда дұрыс емес деп санауы еді. Жырау орыспен соғысу елге жаулық жасаумен тең деп бағалап, олармен ынтымақта өмір сүруге шақырады [8, 106-108 бб.].

Қорыта келе, қазақ халқының ақын-жырауларының шығармашылығына ұлт тағдыры, ел мен жер, халық қамы арқау болды. Олар өздері өмір сүрген заманның ащы шындығын жырлары арқылы баяндады. Отанды сүю, ұлттық намысты асқақтату, ел бірлігі мен елдің саяси тұрақтылығы туралы ой қозғап, негізінен алғанда идеологиялық рөл атқарды.

Әдебиеттер тізімі

1. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы, 2004. – 206 б.
2. Зиманов С. Қазақтың ұлы билері. - Алматы, 2003. – 32 б.
3. Мәми Қ. Билер соты – әлемдік құндылық // Егемен Қазақстан. – 2008. – № 137. – 3б.
4. Ізімұлы М. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы., Алматы. – 1998. – 16 б.
5. Уәлиханов Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. II том. - Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, - 1985. – 165 б.
6. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XVIII том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 233 б.
7. Дулати М.Х. Тарих-и рашиди. - Алматы: «Тұран» баспасы, 2003. – 213 б.
8. Бес ғасыр жырлайды. Алматы, 1989. 2 томдық, 1 том. – Б. 106-108.

ӘОЖ 332.02 «18» (574.1)(043.3)

Мұратов Е.Н.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

СЕЙІТҚАЛИ МЕНДЕШЕВ – ҰСТАЗ, КҮРЕСКЕР, ТӨРАҒА

Тарих талай тұғырлы тарландарды өзімен бірге алып кетті. Алайда қайтпас қайраткерлерімізді қарт-тарихтың қойнауынан суырып, жаңаша зерттеп, жаңа ұрпаққа таныту да қолдан келмейтін іс емес. 1920 жылы кезінде ұлттық мемлекет құру жолында бас көтерген Алашорда үкіметі таратылып, орнына автономиялы Қазақ Республикасы Орталық Атқару Комитеті дүние есігін айқара ашты. Оның төрінде Сейітқали Мендешев секілді бәрінен де ел мүддесін биік қойған мемлекет қайраткері басшылық етті.

«Әр замананың өз рәсімі, өз салты бар. Біздің замандағы салт: әркім құқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды» деп Әлихан Бөкейхан айтқандай, С.Мендешевтің де қол бастап, қазаққа төбеден төнген түнектен азат ету жолында бар қажыр-қайратын сарп етуіне де сол кездегі тарихи-экономикалық жағдайлар алғышарт болды. С.Мендешевтің талас жолына қадам басуына заманның өзі түрткі болды, оны өз заманы тәрбиелеп шығарды. Сан түрлі елеулі оқиғаны көрген Бөкей Ордасының Нарын құмында дүниеге келген болашақ қайраткер, орысша білім алса да қазақтығы мен көкейдегі азаттығын ұмытпады. 1937 жылдың 23 сәуірінде өзі жазып қалдырып кеткен автобиографиясында әкесі Мендеш Дәулебаевтың қалмақтан тараған төлеңгіт руынан екенін мәлім етеді. Профессор Амангелді Шамғонов өзінің «Төлеңгіттер қауымы және Бөкей ордасында төлеңгіт руының қалыптасуы» атты мақаласында төлеңгіттер туралы біраз деректің басын шалады. Мысалы, кезіндегі Аңырақай шайқасынан кейін Әбілхайыр хан жоңғарлардың Торғауыт тайпасының хан тұқымынан тараған алты баланы өлтіртпей, өсіріп, өзіне төлеңгіт етіп қалдырады екен. Осы алты ұл Мендешевтер шежіресінде көрсетілген, оның ішіндегі Қырғызбай Құрымнан Дауылбай, Дауылбайдан Мендеш, Мендештен Сейітқали туған. Орыстың тырнағы жанға да, тәнге де батып тұрған кезеңде қазақша тәрбиелеп, өзіндік көзқарасының қалыптасуына бірден-бір себепкер болған қазақ ақыны Шәңгерей Бөкеев еді. Сол кездегі ұлт зиялыларының дені мұғалімдік білім алды. С.Мендешев те өз өмір жолын ұстаз деген ұлы мамандықпен байланыстырды. Оның оқуға деген талпынысы ғылым мен мәдениет қайнап тұрған, Петербург мен Мәскеуден кенде түспейтін, тіршілігі қайнаған Қазанға алып келді. Еркіндікке деген алғашқы қадамдар осы кезде там-тұмдап қалана бастады. Революцияшыл бағыттағы ақын-жазушылар мұрасымен танысып, білім ордасындағы саяси жағдайлармен тыныстаған болашақ қайраткердің бар дүниетанымы мен диттеген мақсаты бұлыңғырлықтан ада болып, айқындала түсті. Туған топырағына оралып, бала оқытып жүргенде де кеудесіндегі отын өшірмей, ағарту, азат ету жолына шындап кіріскен-ді.

Жер – қай халықтың болмасын басты байлығы, елдігінің нышаны. Меншікке қол соғып, билеп-төстеп алуға ешкім де жол бермейді. Жерді алды деген сөз – елді алды деген сөз. Тәуелсіздік алып, шекарамыздың іргесі қаланғанға дейін дұшпандарымыз жерімізге тиіп-қашып, өздерінің кетпендері мен тырмаларын батырып, қамал-қорғандарын салып берекесін қашырды. 1913 жылғы Бүкілресейлік съезде ағарту бағытында баяндама оқыған С.Мендешев көп зиялыға танылып, саяси бастамалардың басы-қасында жүрді. 1916 жылы Астрахан губернаторы И.Соколовский жергілікті халықтың жерлерін жаппай тартып ала бастайды. Осыған наразы болған қазақтардың арызын Санкт-Петербургке жеткізбекші болған Н.Ибрагимов пен Ғ.Ахметов 1916 жылы маусымда С.Мендешевке тілмаш әрі жолбасшы ретінде бірге баруды өтінеді [1, 16 б.]. С.Мендешев өтінішті жерге тастамай, жан-жақты дайындалып Мұсылман

фракциясына қазақтың арыз-шағымын жеткізді. Бас изескенмен, іліп алар нәтиже болмады. Іле-шала 1916 жылғы патша жарлығы халық арасында дүрбелең туғызды. Ел ағалары жиналып болыс старшындарына орынды сындарын да айтып жатты. Мәселен, тоқсоба руының құрметті ақсақалы, 86 жастағы, Тастенбек Желдібаевтың «Патшаға сәлем айт, біз кісі бермейміз, бізден керек болса, ақша алсын» деп сөз сөйлеуінің артында жалпыхалықтың үні жатқанды [2, 5 б.]. Дегенмен мұндай қарсылықты патша шабармандары бей-жай қалдырмасы анық еді. С.Меңдешев жақтастары М.Сарсембиев және Н.Залиевпен бірге ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастыруды ойластыра бастайды. Осының салдарынан 4 айға темір торға тоғытылды. Бұл оған қанат бітірмесе, тауын қайтармады. Бүлік жолымен емес, білім-білік жолымен жүруді таңдап, Ә.Жангелдин, А.Байтұрсынов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов секілді қайраткерлермен тетелесе жұмыс жасап, билік жолында биіктей берді.

1919 жылы 24 маусымда РКФСР ХКК төраға В.И.Лениннің қатысуымен өткен мәжілісте Қазревкомның жеке құрамы туралы мәселені талқыланып, Қазревкомның бірінші құрамына С.Пестковский (төраға), В.Лукашев, Ә.Жангелдин, М.Тұнғаншин, С.Меңдешев, Б.Қаратаев кірді [3, 69 б.]. 1920 жылы 25 тамызда өткен РК(б)П ОК Саяси бюросы мәжілісінің қорытындысында С.Меңдешев жаңадан бекітілген Қазревкомның және Қазоблпартбюроның құрамына мүше болып кірді [4, 196 б.]. Қазақ даласында тәй-тәй басқан жас Қазревкомды осындай елім деген ерен, бар жиған-терген қазынасын ел бүгінгі мен болашағына арнаған ардақты тұлға жетектеді. Қазревкомда ағарту саласы бойынша жұмыс істеп, кейін төрағаның орынбасары қызметін қоса алып жүріп жер мәселесі, суаттандыру мәселесі бойынша өнімді еңбек етті. Кейіннен ҚазОАК төрағасы болып сайланған кезде де тура жолдан таймай, Қазақстанның аумақтық тұтастығын қызғыштай қорыды. Маңғышлақ уезі мен Закаспий облысына қарасты 4, 5-болыстарды ел аумағына қосып, Адай уезін және 5 адамнан тұратын уревком құрамын бекітті. 1921 жылы Сібірден Алматы, Семей облыстарын бөліп, түгелімен, шашау шығармай Қазақстан аумағына қосу ісінде табанды күрес жүргізген де С.Меңдешев бастаған топ болды.

«Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, халықтың көкірек көзін ашып, сауаттандыру жолында С.Меңдешев білек сыбана тер төкті. ҚазОАК президиумының 14-мәжілісінде «ҚАКСР-дегі сауаттыларды есепке алу туралы» мәселенің басын шалды. Қазақ сауаттыларын сауатсыздықты жою үшін күреске жұмсады. Басты тіл деп қазақ тілін танып, қазақша білмейтін орыстармен орысша, орысша білмейтін қазақтармен қазақша қарым-қатынас жасау керектігін, яғни тіл жағынан ешкімді еш уақытты күштеуге болмайтынын ескертіп, тіл саясатын шебер ұстанды. «Қазақтар кеңес үкіметіне жаулық пейілмен қарайды» деген алып-қашпа сөздерге қарсы дәлелді жауап беріп, ауқымды конференция, жиналыстарда қазақ халқы мүддесін қашан да ақтап шықты.

1919-1922 жылдар арасындағы қазақты жалмаған ашаршылық кезінде де жығылған еліне тірек болып, есеп жүргізді. 1921 жылы С.Меңдешев Түркістанға сапар шегіп, аштықтан зардап шеккен қара халқына пана іздеді. Ол келісім бойынша аштыққа ұшыраған Қазақ АКСР-нің 250 мың адамын Түркістан республикасы қабылдап, азық-түлікпен қамтамасыз етуге келісім берді [5]. Ыстық тамақ, жылы төсекте маужыраған кей «беделді»-дінің соңына ермей, өзінің перзенттік борышынан тайқып кетпей, жоғарылаған сайын төмендегі туған халқына қарайлап, солардың қамын жеумен болды. Аштыққа шалдыққандарға көмектесетін Төтенше комитеттің іргесін қалап, әскери коммунизм тигізген залалдың орнын жамады. Бұл ақгвардияшылармен күрестің өршіп тұрған шағы еді. Осындай кезеңде кеңпейілді, мейірімді Сейітқали Меңдешев «Жұрым» станциясында аштықтан әлсіреген Гүлсім және Рахима есімді қыздарды асырап алып, өз фамилиясын беріп, балаларымен бірге тәрбиелейді екен [6]. Осындай жомарттығынан-ақ оның азаматтық позициясы берік екенін көреміз. Бөтен деп төстен теппей, балаларымен тең өсірген, ұрпағым деп алақанында аялаған қайраткердің ақ пейілі үлгі тұтуға тұрарлық. Әйелі Рәзия Меңдешева да көрегенді ұстаз болған. Алма Оразбаева секілді белділермен қолтықтаса жұмыс істеп, түрлі мәдени-шаралардың басы-қасында жүрген. Ғұбайдолла, Қабдолла есімді екі ұлы, Жұпар есімді қызы болған. Қызы Жұпардан туған Софья атты жиені – ақын Жұбан Молдағалиевтің жары.

С.Меңдешев шебер саясаткер болды. Сталинмен іс жүргізуді тез меңгеріп, ел жағдайынан хабардар етіп, Г.Д.Юдовский секілді халық жайын түсінгісі келмейтін басшыны қазақ басшылығынан алыстатты. 1923 жылы 6 желтоқсанда Қазатком Президиумының қаулысы бойынша «Қырғыз тілінде іс жүргізуді енгізу жөніндегі Орталық Комиссия туралы ереже» бекітілді. Яғни, С.Меңдешев, С.Сейфуллиндер Қазатком құрамында тек қазақ қызметкерлерінің жұмыс жасауын қарастырып, қазақша іс жүргізуді насихаттап, баспа ісі, заң-актілердің қазақ тілінде жазылуын басты назарда ұстады. Осылайша олар билік басына қазақ жұмысшыларын тартты. Қазақ тілін орыс тілімен қатар қойып, қазақтығымызды таныту үшін барын салды. Бұндай батыл қадамдар екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өлбетте, орыстар тарапынан да қарсылық болып, дабыл қағылды. Бірақ оған қарамастан, алған беттерінен қайтпай, жұмысты одан әрі қарай жалғастырды. 1924 жылдың басында республиканың барлық қазақ болыстық атқару комитеттеріндегі орыс қызметкерлері қазақтармен алмастырылып, іс жүргізу қазақ тіліне көшірілді. Сонымен қатар, қазақ болыстары деңгейінде жұмыс істейтін қаржы агенттері, милиционерлер, мемлекеттік сақтандыру агенттері, халық соттары, тергеушілер және т.б. қазақтармен алмастырылды. Бұл үлкен жетістік еді. Біріншіден, қазақ халқы өзінің елдік құндылығын

сақтап, тілін асқақтатты. Екіншіден, қазақ арасында жұмысшы таптан бөлек, кеңсе қызметкерлері, мекеме жұмысшылары, белді оқымысты азаматтар шыға бастады. Үшіншіден, қазақ жастарының білім алуына жол ашылып, орталықпен байланыс күшейді.

Дегенмен бұл талпыныстары қайраткерге кейін соққы боп тиді. Мемлекеттік аппаратта ұлттық басымдықты көздеп осындай әрекеттер жасаған С.Меңдешевті қызметтен кетіру мәселесі қолға алынды. Бірақ ол бұнымен тоқтап қалмай, қазақ жерлерін біріктіру ісіне шындап кірісті. Түркістандағы қазақтардың, Ташкенттің Қазақстанға қосылуы үшін күресті. Бірақ Орталық қолдамай, С.Меңдешев бастаған біраз қайраткерлер жеңіліс тапты. 1925 жылы С.Меңдешев қызметтен шығып қалды. Сайлауды қайта қарастыруды өтініп хат жазғанымен, нәтиже болмады. «Маған ауыр осылардың бәрінен, өз ауылымның иттері үріп, қапқаны» деп А.Байтұрсынұлы жырлағандай, С.Меңдешевке қарсы топтар лек-легімен шыға бастады. «Байшыл», «солшыл», «партияға қарсы» деген желеумен баяндамалар жасалды, «меңдешевшілдік» деп ұран тастап, оны жою үшін түрлі мақалалар жазылып, айтыс-тартыс болды. Бұл жанжалдарға қарсы тұрып қана қоймай, бұрынғы қарқынын бәсеңдетпей, қайта мемлекеттік іске араласты. 1931 жылы 11-16 ақпанда Алматыда өткен ҚАКСР кеңестерінің VIII съезінде С.Меңдешев Орталық тізім бойынша Қазатком құрамына сайланса, 16 ақпанда өткен 8-ші сайланған Қазаткомның 1-сессиясында Ағарту халкомы болып қайта бекітіліп, бұл қызметті 1933 жылдың 25 маусымына дейін атқарды. 1934 ж. 8-16 қаңтарда Алматыда VIII Қазақстан өлкелік партия конференциясының мәжілісінде Қазөлкеком мүшесі болып сайланса, 1935 жылдың қаңтарында Қазаткомның Президиумы құрамына мүшелікке кірді [7]. Жаңа қазақ әліпбиі, алғашқы ғылыми мекемелер, азамат соғысының тарихы, Қазақстан тарихы жөніндегі оқулық шығаруды ұйымдастыру секілді біршама комиссиялардың төрағасы болып қызмет атқарды. Осылайша өмірінің соңына дейін қай салада, қай бағытта жүрмесін туған елінің мүддесін басты орынға қойып, сауатсыздық, жер дауы секілді шайқастарға жасқанбай кірісті. 1938 жылы антикеңестік ұйымның мүшесі деген желеумен ату жазасына кесілді. Осылайша азамат-ғұмыр елімен қоштасты. Бірақ ел онымен қоштаспақ емес. Артында тау-тау мұра қалдырған жанның тәні жырақтаса да, жаны халық жадында.

С.Меңдешев баспасөзден қалыс қалмай, халықпен алтын көпір түзіп, болып жатқан оқиғалар, тындырып жатқан әрекеттерін хабарлап мақалалар жазған. «Жизнь национальностей» журналында 1923 жылы жарық көрген «Қырғыз Автономиялы Республикасы» атты мақаласында оның азаматтық мұратына куә боламыз. «Ұлан-ғайыр дала жаңғырды. Ғасырлар бойы орыс самодержавиесінің құрсауында күрескен халық күш-қуаты революциялық ынта мен өрлеуден өз орнын тапты» деп автономиялы республика болғанымызды тебірене жазады. Бұған дейін қара халықтың билік басында не боп жатқанынан бейхабар өмір сүргенін, басшысы жоқ елдің қай бағытқа барарын білмей адасқанын сөз етеді. Енді ондай күннің артта қалғаны, ел болашағының революция жолына түскені авторды қуантпай қоймайды. Бұл мақаласында «Алашорда» козғалысын қолдамаса да, олардікі демократия жолы, С.Меңдешевтің тірек еткені социализм жолы екені, яғни, екі тарап та ел тізгіні қазақтың өзінде болғанын, бұғаудан шығып сара жолға түскенін қалады. Екі тарап өз бетінше әрекет етті. Мақсат – біреу. Бұдан бөлек мақаласында жұттың жұртты жалмағанын, ашаршылыққа, мал шаруашылығына қатысты түрлі статистикалық деректер келтірілген. Жұт қазақ халқының отырықшыландыруға сеп болады деп түйді. Отырықшыландыру арқылы ел ішінде өркениет дамитынын баса жазған. «Қазіргі уақытта Кирреспубликада ашаршылық зардабының орны толтырылып, халықтың қасіретін – ашаршылықты өз мақсатына пайдаланбақ болған қарақшы бандалар толығымен жойылды: орталық және жергілікті билік күшейді; Октябрь революциясының идеяларына адал еңбекші бұқара кеңестік құрылысқа белсене қатыса бастады» деп халықтың еңсесі көтеріліп жатқанын қуана баяндайды. Расымен де, жұттан жығылып шыққан халыққа кеңес үкіметінің екі қолға бір күрек тауып, жұмысшы тапты қолдауы, өнеркәсіптің дамуына бет бұру, жаңа жұмысшы кадрлардың оқуына баса назар аударылуы секілді жаңалықтар халыққа үлкен тірек болды. Халық сүйенетін арқа тапқанын медет тұтты.

«Қызыл Қазақстан» журналының №23-24 сандарында жарық көрген «Қазақстан Кеңесінің 4-інші сыйезі туралы» атты мақаласын: «4-інші өктәбір, байлардың тепкісінде шіріген қазақ жарлыларының басқа елдің де жарлыларымен бірге бастарын қосып, өздерінің мемлекеттерін қолынан тұрғызған ұлы күні» деп бастап елдегі шаруашылық жайын тілге тиек етеді. Екібастұз, Ембі, Риддер секілді ірі өндіріс орындарының, Каспий теңізіндегі балық байлығының жай-жапсарын, олардың жұмыс күшін нығайту жолдарын, шикізат өндіруді жолға қою мәселелерін қарастырады. «Бірі ойда, бірі қырда, бассыз, аяқсыз шашау отырған елдерді тұрмыс ретіне қарай келістіріп аудандап бітіре қою жылдам бола қоймайды... Сондықтан аудара қарап, ақтара тексеріп, халықтың шарыуасына қыйғаш келмей, жігін тауып жарып шығу ашық борышымыз» деп жер қолайсыздығынан көшпелі боп жүрген халықты отырықшыландыру, аудандарға біріктіруді қолға алады. Егіндік тұқымын тауып беру, шаруашылыққа қажет құрал-саймандар жасау, комитеттер құру деген секілді шараларды қарастырады. Бүкіл Қазақстанды 1 аймақ, 14 ауданға бөлу туралы идея ұсынады. Кеңсе ішін саны көп, сапасы жоқ жұмысшылармен толтыра бермей, оларға жалақыны үйіп-төгіп бере бермей, керісінше, өнімді жұмыс істей алатын жұмысшыларды қалдырып, санды емес, қызметті маңызды тарап ретінде қабылдауға шақырады. «Тағы бір зор жұмыс, кеңсе ісін ана тілінде жүргізу еді. Бұл туралы қай бір аймақтық мекемелермен, гүбірне, үйездерде, ғинуардың бірінен бастап істі қазақша жүргізуге ашық заң бар. Орыс аралас, иә орысы мен қазағы тең жерлерде кеңсе ісі екі

беткей жүргізілмек» дей отырып, ана тілін іс-жүргізу деңгейіне дейін көтеруге көңіл бөледі. «Тек қана кедей табының өздерінен сайланған өкіл шын ынтамен іске кірісіп, алдына қойылған мәселені дұрыс шешіп бере алады» дей келе, съез өкілдерінің сайлауына аса қатты мән беру керегін айтады. Жоғарыда аталған мәселенің барлығын жүзеге асыру кедей таптың өкілінен ғана келеді деп сенеді. Олар ашынған соң, ашыққан соң, бейнетті бастарынан өткерген соң жұмыстың бар маңызын сезе біледі, байлар кедейдің жайын түсініп болмас деп түйіндейді. Осылайша жұмысшы қауымның мұң-мұқтажына құлақ түре білген С.Меңдешев жарлылардың жаршысы бола білді.

С.Меңдешев әйелдер қауымына да қорған болып, еңбекшілер үкіметін өркендетуге олардың да көмегі керегін кесіп айтты. «Қазақ әйелдеріне» хат атты мақаласында қалың малды, көп әйел алуды жою туралы заң шығарғанын мәлім етті. «Жер-жерге, ауыл-ауылға бұл заңдардың таралып жетісімен әйел халқы да серпіліп, бостандық жолындағы жұмыстарда белсеніп іске көрінкілей бастады» деп деп қуана жар салды. Отымен кіріп, күлімен шыққан әйелдер қауымының қараңғы қоғамын артқа тастап, жаңа заманға бет бұруын тілеген қайраткер мақсаты орындалды. Одан бөлек, ол елді жайлаған надандықпен де айқаса күресті. Ұрпағын ұлықтаған, надандықты маңына жуытпаған, қыз-келіншегін қадірлеген қоғам ғана алға өрлейтінін жақсы түсінді. «Қазақстанда «сауатсыздық бітсін» деген ұйымдар ашылды. Халықтың бәрі де сол ұйымдарға мүше болып кіруі керек. Еңбекшіл халық өз үкіметімен қол ұстасып, өзінің ең зор дұшпаны сауатсыздықты, надандықты жою керек» деп ұрандады. Расымен де, қаржыландыру жағы үкімет тарапынан болып, ал оқуға деген ниет, білімге деген құштарлық, өндірісті өркендетуге деген ынта халықтың өз көкейінде жүруі керек. Сонда ғана нәтиже болады, сонда ғана надандықтың күл-паршасы шығады.

С.Меңдешевтің пікірінше, 1916 жылғы ұлт-азаттық соғыс бай мен кедей таптың арасына жік салды, екі тапты алшақтатты, байды қолдаған патша үкіметі тарапынан болған әділетсіздік кедейлердің көзін ашты. Беделді, кәдірлі адамдар балаларының жастарын ақы-пұлсыз-ақ, болмаса айғақ-күуәлар арқылы өзгерттірді. Байлар, қалы бар адамдар пара беріп, дегендерін істетті. Сөйтіп пырыюм жасында адам аз болып шыға келді [8]. Осылайша адам санын толтыру үшін шиіттей жас балалар, межелі жастан асып кеткен адамдар, соқыр, таздар, мүгедектер тізбектеліп кете барды. Бір жағынан патша жарлығы, екінші жағынан ел ішінде боп жатқан осындай әділетсіздіктер халықты ашындырмай қоймады. Сондықтан да С.Меңдешев 1916 жылғы оққылыққа жол бермей, ешкімді тапталпайық, әділдік үшін алысайық деп ұрандады.

С.Меңдешевтің Кеңес үкіметін қолдауының бірден-бір себебі – Кеңес үкіметі бұрынғы Ресей патшалығы орнатқан «Ресей мемлекеті халықтарға құрылған түрме» деген ұстанымды бұзды. «Кеңес хукіметі дейміз – себебі һәр бір тарихи табиғи тұрсым түрлері бөлек ұлт һәм мәданият айырмашықтары бар халықтарды, алды алдына республика қылып бөліп, һәр ұлттың өз тағдірлеріне өздерін йіе қылғандығы» деп сенді. Сондықтан да ол қазақ жерінің аумағын кеңейтіп, шетелдің есесінде кеткен қазақ жерлері үшін тартысқа түсті. С.Меңдешев қазіргі және болашақ Қазақстан туралы сөз еткенде мына мәселелерге баса назар аударды:

- шаруашылықты отырықшыландыру, халықты жерге орналастыру;
- Қазақ Ревкомын құру, Семей, Жетісу облыстарын қосып алу;
- Қазақстанның астанасы етіп Орынборды емес, бар қазақ жерінің кіндігі болған Ташкентті астана ету;
- Бұхара, Хиуа кезіп кеткен қазақтарды өз Отанына қайтару;
- Орта Азияны ұлт шекараларына бөлу, әр ұлттың өз алдына тап сезімін тәрбиелеу. Осындай ізгі, ұлттық идеяларды ол өз қызметінде ту етті. Қара басы үшін емес, етегінен ұстаған қара баласы үшін барын салды.

Қорытындылай келе, Сейтқали Меңдешев – ағарту жолында да, саясат жолында да адаспай, елі үшін есіл ер атанған қайраткер. Ол – Қазақстан Республикасының сара жолын тұңғыш салған халық майдангері.

Біріншіден, С.Меңдешевтің бастауымен қазақ елінің шекарасы бекіп, Семей, Жетісу облыстары қатарға қосылды.

Екіншіден, ана тілі ауызекі тілден іс-қағаз деңгейіне дейін көтеріліп, орыс тілімен қатар қолданылды.

Үшіншіден, социализм жолында артына жарлы халықты ерте білген қайраткер ел арасында жаңа заманның жұмысшы табын қалыптастырды.

Төртіншіден, оқу жұмысына арналған қаржы б есе артты. Оқу-ағарту жұмыстарын күн тәртібіне қойып, әр облыстағы сауаттылар санын сараптаумен айналысты. «Қазақстанды жаппай сауатты» етеміз деп дабыл қақты.

Бесіншіден, Ресей үкіметіне қазақ елінің момын, қонақжай, тұрмысын мал шаруашылығына тапсырған шаруа халық қана емес, іскер, еңбекқор, сауатты халық екенін өз бейнесі арқылы дәлелдеп шықты. Қазақтың аяқ астында емес, билік басында, өндіріс қасында қызмет істеуін барынша қолдады. Осылайша елім деген ереннің өз тағдыры ұлт тағдырымен жымдасып жатты. Өз зерттеуін күтіп жатқан мемлекеттік қайраткердің есіл ғұмырын бүгінгі ұрпаққа танытуымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Сейітқали Мендешев: құжаттары мен материалдар жинағы // Сейітқали Мендешев: сборник документов и материалов / Құраст.-автор: С.Қ.Шілдебай; Құраст.: А.Б.Ордаханова. – Алматы: «Полиграфия-сервис и К», 2021. – 590 б.
2. С.Мендешев. «Мои личные воспоминания о мобилизации казахского населения на тыловые работы в империалистическую войну в 1916 г.». Отдельный оттиск из тома VIII, вып. II Трудов Общества Изучения Казакстана (Киргизского Края). – Кзыл-Орда: Издание Общества Изучения Казакстана, 1926. – 9 с.
3. Зиманов С.З., Даулетова С.О., Исмагулов М.Ш. Казахский революционный комитет. – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1981. – 196 с.
4. Ашимбаев Д., Хлюпин В. Казахстан: история власти. Опыт реконструкции. – Алматы: Credos, 2008 – 920 с.
5. ҚРОМА, 5-к., 2-т., 23-іс, 88-88-а.п.
6. ҚР ПА, 141-к., 1-т., 13520-іс, 121-128 п.
7. ҚРОМА, 5-к., 15-т., 106-іс, 1-п.
8. Қызыл ту (Оралдың губкомы мен аткомы газеті). – 1926. – 2 сентябрь.

ӘОЖ 94

Сарсенбаева Ф.Е.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

АШАРШЫЛЫҚ. АРХИВ ІЗДЕНІСІНЕН...

1921-1922 жылдардағы ашаршылық-Азамат соғысы аяқталғаннан кейін, Кеңес халқына тиген тағы бір қиын сынақ Зерттеушілердің пікірінше, бұл қарсыз қыстың және оның орнына алмастырған құрғақ жаздың салдары болды. Қарсыз қыс, жаңбырсыз көктем мен жаз құрғақшылықты тудырды. Бұл өз кезегінде аштық қауіпін тудырды. 1921 жылдың жазында аштық елдің аймақтарына тарала бастады және әсіресе Еділ аймағын қамтыды. 1921 жылдың күзіне қарай бүкіл ел бойынша ашыққандар саны 20 000 000 адамға жетті.

Осы жылдары ашаршылық Қазақстанның әрбір өңіріне қауіп төндірді десе де болады. Құрғақшылықтың салдарынан Орал, Орынбор, Қостанай, Бөкей және Ақтөбе губернияларының егістіктерінің басым бөлігі қырылды, ал өсіп-өнгендер жаздың аптап ыстығында кеуіп қалып жатты. Көшпелі және жартылай көшпелі мал өсіретін аудандарда жайылымдар мен шабындық жерлер жойылды. Бұған қоса, 1920-1921 жылдары болған ұзақ қыс Торғай уезінде малдың жаппай қырылуына түрткі болды. Аштық құрбандарының саны күн сайын артып отырды...

1921 жылдың тамыз айынан бастап Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал және Қостанай губерниялары ресми түрде ашаршылықтан зардап шеккен аймақтар тізіміне енгізілді. 1921 жылдың күзіне қарай Түркістан АКСР құрамындағы Сырдария мен Жетісу губернияларын және Адай уезінің тұрғындарын қоспағанда, Қазақ АССР-нің бес губерниясы (Орынбор, Ақтөбе, Бөкей, Орал және Қостанай губерниялары) аштыққа ұшырады [1].

1921-1922 жылдардағы қасіреттен бері 100 жыл өтті, миллиондаған адамдардың өмірлері қиылып, аман қалғандары басқа жерге көшіп кетуге мәжбүр болды. ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында айтылып отырған ашаршылық маселесіне қатысты тарихи құжаттарды, бұған дейін жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеудің керектігін атап көрсетті [2].

Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатының қорында сақталған құжаттар өте құнды. Мәселен, жағдайдың өте күрделі болғандығын келесі деректен көре аламыз

Отчет

О полугодичной деятельности Уральской Уездной Комиссии Помощи голодающим с 1-го ноября месяца 1921 года 1-е мая 1922 года.

Ужасы голода проявляли себя во всей силе в Уральской Губернии, голодающие массы бродили по учреждениям и просили помощи. Работа вновь организованного органа и нового во всех отношениях, закипела. Продовольствие продорганов было очень в ограниченном количестве, а поэтому пришлось посылать представителей и даже целые экспедиции в урожайные Губернии за хлебом.

Губкомголод выбрасывал продукты на места сколько мог и это количество было минимально в сравнении с массой голодающих. На долю Уральского уезда перепало очень ограниченное количество продуктов, а число голодающих увеличивалось с каждым днем [3, 53-54 бб.].

Аштыққа ұшырағандарды азық-түлікпен қамтамасыз етуге бірқатар шаралар қолдануға талпынды, бірақ бұл іс-әрекеттер жүзеге аспады. Сол зұлаMAT жылдары ата-анасынан айырылып, тұл жетім қалған балалар саны өсіп кеткен болатын.

Доклад

О положении детей в Уральской губернии

В июле месяце с/г положение детей в продовольственном отношении являлось критическим в связи с общим продовольственным кризисом Уральской губернии: паек был уменьшен до ½ р хлеба в день и остальные продукты почти совершенно не выдавались. Дети тем самым вынуждены заниматься попрошайничеством, собиранием разных отбросов на базаре, собиранием на Бужарской стороне чакана, ягод яжевники и торона и даже воровством. От недоедания и употребления в пищу чакана наблюдались частые случаи распухания детей [4, 120 б.].

Балаларға медициналық көмек көрсету өте әлсіз болған. Орал қаласында балалар үйіндегі балаларға арналған 100 орынды Кеңестік аурухана ашылады. Бірақ медициналық мамандардың тапшылығынан медициналық көмек уақытылы көрсетілмеді. Тұрғын үй тұрғысынан да оларды орналастыруға жарамды үйлердің жетіспеушілігінен балалар зардап шекті. Орал губерниясының уездерінде аштыққа ұшырап, үйсіз қалған балалар толассыз ағылды. Кішкентай бөлмелерде балалар санының көп болуы, балалардың өміріне қолайсыз жасалған санитарлық-гигиеналық жағдайлар, сонымен қатар суық күндері үйдегі терезелердің әйнектерінің болмауы, отын жеткілікті көлемде болмауы бұның барлығы әрине балалардың денсаулығына әсер етті. Электр жарығы барлық жерде жабдықталмады. Балалар киім-кешекпен толыққанды қамтамасыз етілмеді. Тастанды балалар саны күрт өсті, олар аш-жалаңаш көшелерде бозып жүріп, өлген жағдайлар жиі кездескен.

Азық түлік аз мөлшерде берілді: уезде бір паек 5 немесе 6 ашыққан адамға келді. Мұндай көмек өте әлсіз болды, халық жұмысшы және асыл тұқымды малды жоя бастады, нәтижесінде бүкіл отбасылар мен ауылдар аштыққа ұшырады. Аштықтың қасіреті кең көлемде жайылғаны соншалық, адамдар азық ретінде өсімдік өнімдерінің барлық түрлерін жей бастады, соның кесірінен ауру мен өлім саны өсті. Орташа есеппен айына 30% дан аса адамадар өлген.

Суық ауа-райының басталуымен аш халықтың жағдайы одан әрі нашарлады: өсімдік өнімдерін алу мүмкін болмады, ашыққандар мысықтар мен иттерді жей бастады, ал олар болмаған кезде каннибализм дамыды. Олар өлгендердің мәйіттерін жеп, көбінесе аштықтан тірі адамдарды өлтіріп, оларды жеді. Укомголод аштықтың азабын жеңілдету үшін бірқатар шараларды қабылдады, бірақ ол шаралар аштықты тоқтату үшін әлсіз болды, өйткені елді мекендерде азық-түлік мөлшері жеткіліксіз болды [3, 53-54 бб].

Мұрағат қорларында Орал губерниясында орналасқан болыстар бойынша аштыққа ұшыраған адамдар тізімдері мен сандары көрсетілген қорлар сақталған. Ашыққан адамдардың санағын жүргізуге арналған арнайы комиссиялар құрылды. Сандық мәліметтерге сүйенсек, мысалы, 1921 жылдың қазан айында Орал губерниясы, Калмыков уезінің, Байбарақ болысында №6, №9, №10 ауылдары бойынша барлығы 257 адам, Балықты болысында №1, №2, №3, №4, №5 ауылдары бойынша барлығы 628 адам, олардың ішінде 234 бала, 394 ересек аштыққа ұшыраған. Сонымен қатар Орал губерниясы, Калмыков уезінің, Қаракөл болысында №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8 ауылдары бойынша барлығы 826 адам, оның ішінде 326 бала, 500 ересек аштыққа ұшыраған. Ал 1921 жылдың қыркүйек айында Байқұтты болысында №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10 ауылдары бойынша барлығы 1618 адам, олардың ішінде 591 бала, 1027 ересек аштыққа ұшыраған [5]. Осы Байқұтты болысы бойынша бір айдан кейін, яғни қазан айында жазылған тізімдерге қарасақ адамдар саны көз жұмғандықтан азая бастаған. Мәселен 1921 жылдың қазан айында Байқұтты болысында №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9, №10 ауылдары бойынша 1618 адамнан 1389 адам қалған [6]. Ал 1922 жылдың наурыз айында Орал губерниясы, Калмыков уезінің, Байқұтты болысында №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7, №8, №9 ауылдары бойынша барлығы 979 адам ғана қалған, олардың ішінде 324 бала, 655 ересек аштыққа ұшыраған [7].

Ашыққан адамдар санын туралы мағлұматтар орталыққа дәл келмеді және кейбір болыстар мен ауылдардан мүлдем келмей жатты. Оның бірнеше себебі болған, біріншіден Орал уезінде жайылған бандитизм, олар жұмысшыларды өлтірген, барлық істер тоналды. Екінші себеп-жақсы көлік пен пошта байланысының болмауы.

Осындай қиын-қыстау кезеңнен шығу үшін атқарушы комитет тарапынан көптеген шара ұйымдастырылды. Аштыққа ұшырағандарға көмек көрсету, аштықты тоқтату және алдын алу мақсатында Орал губерниялық комиссиясы құрылды.

1921 жылдың қараша айының соңында Орал қаласы мен Орал губерниясына Украина мен Қырымның әскери комиссиясынан көмек келді, Ол Орал қаласында 1000 адамға арналған асхана және Орал уезінің Круглозерный ауылында 500 адамға арналған асхана ұйымдастырды. Бұл асханаларда тек балалар тамақтанған.

12 желтоқсаннан бастап Американың көмегі келді. Қаладағы және Орал уезіндегі аштыққа көмек көрсету жөніндегі Американдық комитет 25000 адамды тамақтандырды, олардың ішінде 1 жастан 14 жасқа дейінгі балалар, бала емізетін және жүкті әйелдер. Қаланың әр түрлі бөлігінде 3 асхана, сондай-ақ барлық балалар үйлерінде асханалар ашылды. Уездегі асханалар қалаға жақын маңайда орналасқан жеті болыста жұмыс істеді, оларда 1-14 жас аралығындағы балалар тамақтандырылды. Архив қорында «АРА» комитетінің жұмысы жөнінде мынадай мәлімет бар:

Доклад

О работе Укомголода за отчетное время заключалась в снабжении голодающих Уезда и город продовольствием, в чем оказана большая помощь Американской Администрацией, отпустившая на взрослых Уезда на июнь месяц 60000 пайков кукурузы по 20 фунтов на каждый.

От АРА функционировало 67 столовых, довольствовались в них до 12 числа 12305 детей, к 15 числу это количество увеличилось так как все дети из столовых Укомголода и Украины переданы на довольствие в столовые АРА, а взрослые на паек кукурузы, которой выдано в первой половине 11429 пайков. Всего по городу довольствовались 25135 человек из них 11429 взрослых и 13706 детей. Всего по городу и Уезду довольствовались 90632 человек из них 51618, взрослых 25308 детей. Благодаря того, что отпущено на июнь м-ц большое количество пайков голодающие как уезда так и города удовлетворены все 100%, а поэтому смертность среди населения от голода совершенно прекратилось [8, 60 б].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді саралай отырып, 1921-1922 жылдардағы аштықтан қазақтың отбасылары тұтастай зардап шеккендігі көрінеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Біздің тарихқа жіті көзбен қарап, өткенді ұмытпауымыз осындай нәубеттердің қайталанбауы үшін қажет. Халықтың қасіретті сәттері әрдайым елдің жадында болуы тиіс. Бұл ретте тұтас ұлтты жойып жібере жаздаған ашаршылық ешқашан ұмытылмақ емес» деген болатын. Мұндай ауыр қасіретті ұлы жұттың елімізде және дүние жүзінде қайталанбауын қалаймын.

Бұл тақырыптың әлі де ашылмай қалған тұсы көп. Құпиясы терең жатқан аштықтың шынайы бет бейнесін зерттеп, халыққа жеткізуге біз тарихшылар мен зерттеушілер тырысуымыз керек деп есептеймін.

Әдебиеттер тізімі

1. Боранбаева Б. Бөкей губерниясындағы ашаршылықтың әлеуметтік және экономикалық салдары // Адырна. - 2020. - 31 мамыр.
2. Хайдаров Е. Орал губерниясындағы ашаршылық // Жайық пресс. - 2021. - 10 қыркүйек.
3. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 40 – қор, 1- тізбе, 16 – іс.
4. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 19 – қор, 1- тізбе, 9 – іс.
5. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 28 – қор, 1- тізбе, 5 – іс.
6. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 28 – қор, 1- тізбе, 6 – іс.
7. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 28 - қор. 1- тізбе, 10 – іс.
8. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты. 40 – қор, 1- тізбе, 10 – іс.

УДК 94(574) “18-19”

Тасмағамбетов А.С.

*Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова
г. Уральск, Казахстан*

ИСЛАМ В ЮЖНОМ КАЗАХСТАНЕ И АДМИНИСТРАТИВНЫЕ РЕФОРМЫ ЦАРСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА (вт. пол. XIX–нач.XX вв.)

Вопросы истории религии всегда важны для любого общества, как в научном, так и в социальном плане. История развития разных конфессий в определенном регионе представляет интерес и в плане учета опыта этого развития в выстраивании религиозной политики государства, на территории которого происходили эти процессы. В этом плане в истории Казахстана интерес вызывает конфессиональная политика царского правительства здесь в период присоединения его территории к Российской империи. На это оказывали влияние многие факторы, в том числе, в какой части Казахстана и в какое время осуществлялась данная политика. В этом отношении всегда свои специфические особенности были в южных регионах нашей страны.

Мусульмане Южного Казахстана в организационном плане не были подчинены Оренбургскому мусульманскому духовному собранию (ОМДС), в силу того, как официально объяснялось, что названный край был присоединен к России позже учреждения этой организации, и не было, якобы, закона о подчинении мусульман этого региона данному Собранию. Действительно, в «Положении об управлении областями Туркестанского края» 1867 года не было установлено никаких норм по вопросу об управлении и регулировании духовных дел мусульман данного края.

Действительно, как общее, так и местное законодательство не касались вопросов, связанных с организацией религиозной жизни местного населения. Заняв Туркестанский край и устроив политико-административное управление в нем, в принципе, на общих с другими окраинами империи началах, российское правительство практически не коснулось вопроса о регламентации духовной жизни мусульман занятого региона. Им в этом отношении была предоставлена свобода (являвшаяся все-таки

относительной) и возможность руководствоваться в этих вопросах своими обычаями, вместе с тем следя за тем, чтобы при этом не проявлялось «антиправительственных тенденций» [1, Л. 8].

Такое же положение распространялось и на южные области Казахстана, вошедшие после 1867 года в состав Туркестанского генерал-губернаторства. Лишь с октября 1893 года, когда Семиреченская область была включена на некоторое время в состав Степного генерал-губернаторства, на нее в это время было распространено «Положение об управлении в степных областях» от 25 марта 1891 года и были заметны некоторые изменения в вопросах ее регламентации и управления [1, Л. 9]. Через 12 лет Семиреченская область была вновь передана в состав Туркестанского генерал-губернаторства.

Но, тем не менее, вопрос об учреждении в крае духовного правления для мусульман и о введении официальных исламских духовных лиц, как это было сделано к этому времени в других регионах империи, поднимался неоднократно. Но руководители Туркестана, начиная с Кауфмана, относились к данным инициативам всегда отрицательно. Суть их позиций хорошо заметна в высказывании по этому поводу одного из руководителей канцелярии данного генерал-губернаторства, надворного советника Семенова. Вот что он пишет: «...Совершенно независимо от той или другой организации этого дела, можно заранее быть уверенным, что всякая духовная организация, при всей внешней лояльности, всегда будет таить известный элемент враждебности ко всему русскому и христианскому. Поэтому, едва ли желательно создавать новый класс лиц, которые, в силу своего официального положения и опираясь на авторитет утверждающей их русской власти, приобрели бы известное влияние в среде туземного населения, так как влияние это, несомненно, будет использовано не в интересах русского Правительства и русской Государственности» [2, Л. 70].

Тем не менее, ОМДС пыталось иметь определенное влияние и на мусульман южных районов Казахстана. Дело в том, что по статье 1344 «Устава иностранных исповеданий» было определено следующее: «Таврическому и Оренбургскому окружным управлениям подчиняется все Магометанское приходское духовенство в Империи, а именно: Таврическому – Магометанское духовенство, находящееся в губерниях Таврической и Западных, а Оренбургскому – во всех прочих губерниях и областях, исключая Закавказья и Азиатских иноземцев из Магометан (Бухарцев и других), живущих в некоторых городах Западной Сибири без принятия подданства и потому подчиненных в делах духовных общему местному управлению гражданскому и чрез него Министерству Внутренних Дел» [3, Л. 10].

По прямому смыслу этой статьи, которая затем никаким законодательным порядком не отменялась, получалось, что мусульманское духовенство Туркестанского края подчинялось ОМДС. Опираясь на это, данное Собрание 22 сентября 1878 года запросило от Семиреченского областного правления, для подготовки сведений в департамент духовных дел иностранных исповеданий (ДДИИ), различные сведения о состоянии в области мечетей, школ, численности мусульманского духовенства и количестве приходов.

Военный губернатор Семиреченской области, ссылаясь на то, что со времени введения в действие проекта «Положения об управлении в Семиреченской и Сырдарьинской областях» официального мусульманского духовенства в области не существует и лица, исполняющие с ведома администрации обязанности мулл, никаких отношений с ОМДС или с Оренбургским муфтием не имеют, просил указаний руководства Туркестанского края о том, должно ли областное правление удовлетворять запросы ОМДС [3, Л. 10].

В связи с этим, а также «с другими случаями вмешательства Оренбургского Духовного Правления в дела Семиреченских мусульман», Туркестанский генерал-губернатор Кауфман 11 декабря 1879 года обращается к министру внутренних дел. В нем он просит его о запрещении ОМДС и Оренбургскому муфтию всяких прямых и непосредственных отношений с мусульманским духовенством и исламскими учреждениями Туркестанского края, оставив это прерогативой местной администрации [3, Л. 10 об.].

Как показывает отзыв министра внутренних дел (№ 893 от 4 марта 1880 года), им было предложено ОМДС не входить в будущем в какие либо официальные отношения как с населением, так и с мусульманскими духовными учреждениями Туркестанского края, обращаясь, при необходимости, к военным губернаторам или уездным начальникам данного региона [3, Л. 10 об.].

Таким образом, хотя статья 1344 устава ДДИИ и не была отменена, а отзыв министра внутренних дел даже подтвердил право ОМДС требовать необходимые ему сведения в том порядке, как это было сделано 22 сентября 1878 года, на практике оказалось, что ОМДС не имело практически никакой связи с мусульманством в Туркестанском крае. А областные правления края, никем не побуждаемые, не стали собирать сведений о мечетях, духовных школах и деятельности мусульманского духовенства.

Преемник же Кауфмана, генерал-лейтенант Черняев, приказал образовать особую комиссию под председательством Ташкентского казия Мухиддина (№ 23 от 19 января 1884 года) для выработки проекта специального управления мусульманами Туркестанского края. По предложению этой комиссии, данное управление должно было состоять из восьми членов (мусульман), определяемых по назначению. Далее предполагалось, что они выберут из своей среды председателя, которому присваивается титул садр-ул-ислам и секретаря. В каждой из коренных областей края предполагалось учредить управления по духовным делам. В компетенцию управления предусматривалось передать: все дела мусульманской религии, вопросы по вакуфам и конфессиональным школам, он же должен был

рассматривать жалобы по деятельности казиев, если таковые будут поступать от населения [4, Л.12-12 об.].

Пришедший на смену Черняеву генерал-майор Гродеков, рассмотрев вышеотмеченные предложения и принимая во внимание, что в Петербурге в это время была учреждена комиссия графа Игнатьева для составления проекта положения об управлении Туркестанским краем, и предполагая, что она «несомненно обнимет и вопросы о мусульманском духовном управлении», решил приостановить работу местной «магометанской» комиссии. Выработанные же ею проекты он распорядился передать в путевую канцелярию, для направления, если потребуется в комиссию графа Игнатьева [4, Л. 13].

В 1898 году, после Андижанского восстания, уже один из следующих Туркестанских генерал-губернаторов Духовской вновь возбуждает вопрос о духовном управлении мусульман в крае. К тому же, в это время на данную проблему начинают обращать внимание и некоторые центральные органы. Так, к примеру, департамент ДДИИ отмечал, что «обстоятельства с несомненною очевидностью свидетельствуют о необходимости не оставлять долее духовные дела местного Туркестанского магометанского населения вне надзора и влияния русского правительства, как это было до настоящего времени». Вместе с тем, данный департамент полагал, что учреждение в этом крае особых органов для управления духовными делами мусульман, наподобие существующих в других регионах империи, «едва ли целесообразным». По его мнению, «установление такого порядка, без сомнения, имело бы своим последствием укрепление и развитие магометанства в Туркестанском крае, т.е. повело бы к целям, прямо противоположным той, которая имеется в виду в настоящем случае» [5, Л. 85].

В самом же Туркестане по этому вопросу был сделан запрос военным губернаторам. Так, в частности, военный глава Сырдарьинской области дал отрицательный ответ, не находя пользы и необходимости в устройстве такого управления. Он считал, что данные меры будут способствовать только поддержке и усилению ислама в крае [6, Л. 64].

Военный губернатор Ферганской области предложил создать особый комитет по мусульманским делам под председательством лица христианского вероисповедания (из числа знающих восточные языки или окончивших миссионерское отделение при Казанской духовной академии) и пяти членов – «туземцев» по назначению. Ведению комитета должно было подлежать: наблюдение за «приходским» (мечетским) духовенством, казиями, мударрисами, муллами, ишанами; надзор за мусульманскими школами; регистрация мечетей и школ; надзор за ведением имамами метрических книг; выдача разрешения на хадж [6, Л. 64 об.].

А вот начальник Перовского уезда, именно для Сырдарьинского региона, полагал более удобным применить некоторые статьи устава ДДИИ об управлении закавказским суннитским духовенством, а также Таврического и Оренбургского мусульманских духовных правлений. Это свое предложение он основывал на том, что все здешние мусульмане относятся к суннитам и по характеру, образу жизни и обычаям «более или менее» подходят к «полукучовому горному населению закавказского края. С другой стороны, он считал, что применение опыта духовных правлений «Таврического и Оренбургского мусульманства» здесь уместно, так как «татары и киргизы, по происхождению своему, одноплеменники и порядок внутренней духовной жизни тех и других должен иметь много общего» [7, Л. 62].

Самаркандским губернатором был представлен более подробный проект, составленный Наливкиным. По ней предлагалось: 1) открыть при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора должность окружного инспектора мусульманских учреждений с канцелярией при нем; 2) по областям учредить областных инспекторов, также с канцеляриями при них; 3) создать окружное управление из 5 «членов-мусульман по назначению»; 4) также и областные духовные правления (каждый по 5 «членов-мусульман»); 5) иметь «приходских» имамов, выбираемых «прихожанами» и утверждаемых правлением по экзамену (один на 80-100 дворов) [6, ЛЛ. 64 об.-65].

Глава края Духовской первоначально остановился на проекте Наливкина, но затем, согласно записке генерал-лейтенанта Иванова от 3 сентября 1898 года, организовал под его председательством очередную особую комиссию по оговариваемому вопросу. Заключение этой комиссии сводилось к тому, что в организации специального духовного правления в Туркестанском крае нет надобности, а есть необходимость только усилить административный надзор за мусульманами. В итоге был выработан проект правил и инструкции, которые были рассмотрены и уточнены в Совете при Туркестанском генерал-губернаторе [6, Л. 65].

Правила эти, уже преемником Духовского генерал-лейтенантом Ивановым, в 1901 году были представлены в военное министерство с просьбой «о возможно скорейшем разрешении настоящего вопроса». Через год после этого, в июне 1902 года, канцелярия края запросила военное министерство, какое последовало распоряжение по отношению генерал-губернатора от 7 сентября 1901 года (№ 9104). В ответ от министерства пришло уведомление (№ 33083 от 17 июня 1902 года), что переписка по запрашиваемым вопросам находится на рассмотрении подлежащих ведомств [2, Л. 72 об.].

С тех пор никакого ответа или отношения из центральных государственных органов по вышеотмеченным вопросам в край не поступало. Да и Иванов, и последующие его преемники на посту Туркестанского генерал-губернатора, не считали, по-видимому, особенно необходимым настаивать на «узаконении каких-либо особых мероприятий», способных «в пределах известных рамок» подчинить

религиозную жизнь местного населения «надзору и воздействию» [261, Л. 73]. Тем более, что вскоре вышли царский указ о веротерпимости от 17 апреля 1905 года и манифест от 17 октября 1905 года, которые существенно изменили общественную ситуацию в империи, в том числе и в религиозной сфере.

Список литературы

1. Доклад Туркестанского генерал-губернатора Тевяшова начальнику главного штаба военного министерства № 7242 от 28 июля 1905 г. // ЦГА РК, Ф. 44, Оп.1, Д. 2495.
2. Доклад канцелярии Туркестанского генерал-губернатора № 6335 от 25 апреля 1912 г. // ЦГА РК, Ф. 44, Оп.1, Д. 2495.
3. Выписка из устава Управления Иностранных Исповеданий // ЦГА РУ, Ф. 1, Оп. 11, Д. 1725.
4. Справка по канцелярии Туркестанского генерал-губернатора от 4 августа 1898 г. // ЦГА РУ, Ф. 1, Оп.11, Д. 1725.
5. Отношение главного штаба военного министерства Туркестанскому генерал-губернатору № 17935 от 10 апреля 1899 г. // ЦГА РУ, Ф. 1, Оп. 11, Д. 1725.
6. Справка из дела канцелярии Туркестанского генерал-губернатора № 151/33 за 1898 г. об организации управления мусульманским духовенством // ЦГА РУ, Ф. 1, Оп. 13, Д. 618.
7. Отношение начальника Перовского уезда военному губернатору Сырдарьинской области № 430 от 8 декабря 1898 г. // ЦГА РУ, Ф. 17, Оп. 1, Д. 449.

ӘОЖ 94 (574)

Айжарикова А.С.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

МАҚАШ БЕКМҰХАМЕДОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Ел арасында үлкен беделге ие болып, аса зор құрметпен «Мақаш Әкім» деп атаған Мұхаметжан Шолтырұлы Бекмұхамбетов-белгілі қоғам қайраткері, ағартушы-ғалым. 12 ата Байұлының шеркеш руынан шыққан. Алғаш Жәңгір мектебінде сауат ашқан соң, 1844-1851 жылдары Орынбордағы Неплюев кадет корпусында оқып, кіші унтер-офицер атағын (зауряд-жүзбасы) шені алып шығады. Билік дарыған Түрке би әулетінің жалғасы болған Мақаш (Мұхамеджан) 1830 жылы Ішкі Орда, қазіргі Атырау облысындағы Құрманғазы ауданының Сасықтау деген жерінде, дәулетті отбасында дүниеге келді. Көзі тірісінде халық құрметпен "Мақаш-правитель" (әкім, әмірші, басқарушы Мақаш) деп атаған Мұхамеджан шолтырұлы Бекмұхаметов ресми анықтамалықтарда қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, этнограф, шешен, би, әкім, күйші делінеді. Мақаш тумысында Шеркеш, одан Қойыс, Қойыстың Дербіс бөлімінен. Шеркештен-Аққұба, Бөтік атты екі ұл туады. Бөтіктен -Қойыс, Жайық; Қойыстан-Токтағұл, Қашқыншы, Сүйініш, Сақау, Еламан; Жайықтан-Дербіс өрбиді. Ол төрт әйел алған. Бірінші әйелінен-Құлмас, Жамас, Нәзік. Екінші әйелі Зылихадан (Қаракемпір) -Токтар, Қошқар, Базар. Үшінші әйелінен -Сатай, Сатылған. Төртінші әйелінен Рахиладан-Түрке туады. Түрке-Мақаштың жетінші атасы көрінеді [1, 9 б.]

М.Бекмұхамбетов туралы айтқанда, оның әр кезде мерзімдік баспасөзде жарық көрген публицистикалық мақалаларына біраз тоқталған жөн. Өйткені, Мақаш өз мақалаларында туған халқының хал-ахуалы, тұрмыс салты, әдет ғұрпы, мәдениеті мен әдебиеті жайлы кеңінен толғанады. Мысалы, оның 1894 жылы «Астраханские ведомости» газетінің 4-ші санында жарық көрген «Қазақтардың тұрмысы мен мұқтаждары» деген көлемді мақаласында: «Қазақтар тумысынан ақылды, батыл да сергек, бейімделгіш және болашағын болжағыш жандар, ал олардың тұрмыс-тіршілігінің мұншалықты артта қалуының басты себебі, еріншектік емес, керісінше көшпенділік, бар есідерті мал қамы, қолайлы құдық, қоныста болады да, өз жайларын ұмытады. Келешекте мұндай тұрмыс-салтты өзгертіп, отырықшылыққа ауысу керек», - деген пікір айтады. Бұдан әрі автор: «Қазақтар малға үйірсек, бірақ оны түлік санын көбейтумен ғана шектейді. Ал ондай қыруар мал Қоян, Доңыз сияқты қатты қыс жылдары қырылып қалады. Есесіне әлгіндей мың бастың орнына ауа, табиғат жағдайына төзімді, берер өнімі, мол жүзін ұстаса жарап жатар еді. Ол үшін мал тұқымын асылдандырудың орны бөлек қой», -деп түйіндейді [2].

Мақаш өз кезінде жастардың білім алуына, орыс тілін меңгеруіне ерекше ден қойды. Жоғарыдағы мақаласында: «Ең басты нәрсеге-жастардың білім алуына келетін болсақ, онда бұл әрбір қазақтың орыс тілін еркін меңгеруі, сөз жоқ, бірінші орын алады. Бұл жөніндегі менің кәміл сенімім даусыз ақиқат ретінде ешбір түсіндірмені қажет етпейді. Бірақ өз қандастарымның оны көз алдына елестету үшін мен олардың жадына мынаны салуға тиіспін. Өзіміз мүшесі болу бақытын иеленген сан миллион адамы бар мемлекет орыс тілінде сөйлейді, мемлекеттік заңдар тек қана орыс тілінде жазылады, ақырында орыс тілі-қазіргі заманғы ғылымның тілі, ал бәрінен де маңыздырағы сол-осынау аса бай тілге қол жеткізу үшін бізге жол ашық», деп ағынан жарылады. Расында да, Мақаш жаңалық атаулыға сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де қосылып, бастама көтеріп отырған адам. Расында, Мақаш туралы түрлі тарихи

құжаттарды, сондай-ақ, оның әр жылдары алуан басылымдарда жарық көрген мақалаларын оқып, танысу не болмаса ел ішіндегі Мақаш жайлы әңгімелер мен жеке өзінің шешендік сөздерін естудің нәтижесі мынадай тұжырымға әкеледі: Мақаш ғұмыр бойы туған халқы үшін тер төгіп, еңбек еткен зиялы ұлдардың бірі.

М.Бекмұхамбетовтың публицистикалық мақалаларында жиі көтеріліп отыратын тақырыптың бірі-экология. Автор бұл материалдарында жерге жанашырлықпен қарамаса, жалпақ Нарынды, жалпы Бөкей даласын құртып алатынымызды, ол үшін құм көшкіні пайда бола бастаған жерлерге жыңғыл, дүзгін тұқымдарын егу керектігін айтады. Және оны айтып қана қоймай, бұл мақсатта Петербордан арнайы мамандар шақыртып, солардың көмегімен жоғарыда аталған жұмыстарды жүргізген. Туған жерге деген мұндай қамқорлық арада жүз жыл өтсе де, күні бүгінде аса маңызды және өте қажет екендігі белгілі.

Мақаш Бекмұхамбетовтың кезінде көбірек назар аударғаны қазақ топырағындағы құқықтық (праволық) жағдай, дәлдеп айтсақ, дағдылы әдет құқына қатысты мәселелер болды. Бір қарағанда, оның да жаны бар еді. Өйткені патшалық Ресей XIX ғасырдың 60-70 жылдарында Қазақстанды барлық жағынан толық бағындырып, қоғамдық басқару тәртібіне өз заңдарын, яғни ресейлік заңдарды қолдана бастаған-ды. Бұл отарлау саясатын толық және түпкілікті, батыл жүргізуден туған ой екені белгілі. Осыдан келіп олар тұз тұрғындарының әдет-ғұрпы, салты, дағдылы әдет құқы үлгілерін жинастыру, зерттеуге ден қойды. Ол үшін жан-жақтан оқымысты, ғалым атаулы көптеп келіп, бұл мақсатта Мақаш, Мұхамед-Салық сияқты еуропаша білімі бар, сауатты ел азаматтарын кеңінен пайдаланды [3].

Бірақ осы арада мынаны да естен шығармаған дұрыс. Мақаштың өмір сүрген ортасы мен қоғамдық ойлар тоғыстырар кезеңі бүгінгімен, тіпті кешегімен де салыстыруға болмайтын өзгеше сипатта. Ол ел билеген уақытта жоғарыда шеңгелді қолын созып патшалы Ресей тұрды. Сайып келгенде, Ресейдің де ұстанған саясаты, тәртіп, мақсаты бар. Сол мақсатқа мойын ұсынбай, туған халқына бола түбегейлі бет бұру, сірә да, мүмкін емес. Түбегейлі түгіл, тек емеурін білдірсең де есте қалып, аяғы ажалыңа апаруы ықтимал. Ол отарлаушы елдің қашанғы саясаты. Хан басымен Жәңгір де, зиялы ғұмырымен Мұхамбет-Салық та сол замананың құрбаны болып, қыршын кеткенін бұл күнде біреу білсе, біреу білмейді. Мақаш әрдайым туған халқының болашағына сеніп, үлкен үмітпен қарады. Ол келешек үшін еңбек етіп, тер төгетін жастардың, оқыған-тоқығаны мол, білікті ұрпақтың өскенін қалады. Осы жолда Мақаш жанарында жақсылықтың оты, бойында ізгіліктің қуаты бар ізбасар ұл-қыздарға дер кезінде қамқорлық жасай білді.

Мақаш отар елде өмір сүрді. Бөкей ордасының автономиялық мәртебесі жойылып, империяның қазақ елін шырмаған шеңгелді құрсауы мызғымастай берік қалыптасқан уақытта ол Теңіз жағалауы аймақтарын билеген-тін. Ол кезде Ресейдің ұстанған саясатын терең біліп, өз жұртының қамын соның ауқымында ойлай білу қажет болатын. Төбеден отаршыл биліктің алдаспаны төніп тұрғанда, оны елемей, туған халқының мүддесіне төте де түбегейлі бет бұру мүмкін емес еді. Сондықтан да ол ел келешегі болмақ білімді, білікті жастар тәрбиесіне мән берді, халықтың жарқын болашағын қамтамасыз ететін солар деп біліп, жас ұрпаққа сенді, оларға үлкен үмітпен қарады. Ол халық мүддесі жолында еңбек етіп, тер төгетін, оқығаны-тоқығаны мол, білікті ұрпақ баулу мақсатында жанарында оты, бойында ізгіліктің қуаты бар ұл-қыздарды қолдап, дер кезінде қамқорлық жасай білді.

Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Бақтыгерей Құлманов (1859–1919) Мақашқа туған жиен, қарындасы Сараның ұлы екен. Анасынан жастай қалған ұлды Мақаш өз тәрбиесіне алып, әуелі Жәңгір мектебінде оқытады, кейін Санкт-Петербург университетінің шығыс факультетінде түсіп оқуына мүмкіндік туғызады. Аталған кезеңдерінің бәрінде Мақаш оған қаражат жағынан көмектесіп, қол ұшын береді. Профессор Рәбиға Сыздықованың айтуынша, Бақтыгерейді оқып жүрген кезінде Мақаш жеке стипендиямен қамтамасыз етіп отырған.

ИСПУ-ді ғылым кандидаты дәрежесімен бітіргеннен кейін Бақтыгерей Құлманов Баку қаласында түрлі сайланбалы жауапты жұмыстарда болды. Одан еліне оралып, он шақты жыл Ішкі орданың Қамыс-Самар бөлігін басқарды. Ресей Мемлекеттік думасының алғашқы екі шақырылымына депутат болып сайланды. Қазақтарды соғыстың қара жұмыстарына алуды көздеген әйгілі 1916 жылғы 25 маусым жарлығына наразылық көрсеткені үшін Ішкі орданы басқару жөніндегі Уақытша Кеңес мүшесі лауазымынан алынып, жер аударылған. Ақпан революциясынан кейін Уақытша Үкіметтің Бөкей ордасындағы комиссары болды. 1917 жылғы II жалпықазақ съезіне төрағалық етті. Алаш-Орда төрағалығына ұсынылған. «Алаш-Орда» Халық кеңесінің мүшесі. 1919 жылы шетелге кеткен.

Біз сөз етіп отырған Мақаш Бекмұхамбетов болса, ілім-білім жолындағы ізденісті Орынбор қаласындағы Неплюев кадет корпусында жалғастырады. Онда Мақаш жалғыз өзі емес, жанында Бөкей Ордасын өңірінен Шалабаев Сұлтан, Саңғырықов Мырзағали, Ниязов Жүсіп, Жантөрин Сұлтанмахмұт, Бөкейханов Арыстангерей, Бабажанов Мұхамбет-Салық және Нұрлыханов Зұлқарнай сынды ұлдар болатын. Ол жәйлі М-С. Бабажанов жазбалары арасынан мындай жолдар табылған. Жазбада Мұхамбет-Салық көп жайлардың бетін ашады:

"Біз бұрын да, қазір де кадет корпусының дайындық класы тәрізді болып келе жатқан Жәңгір мектебінде тәрбиелендік. Бір күні кешкісін хан шақырды, біз корпусқа оқуға бару жөніндегі пікірімізді сұрайтын шығар деп ойладық. Хан бізге арнап, жасымызға лайық тамақ әзірлепті. Ол бізді өте жылы қабылдап, тілегімізді сұрады. Біз бірімізден соң біріміз өзіміздің келісіміміз бен әзірлігімізді білдірдік.

Бұдан соң хан бізге уыстап ұсақ күміс теңгелер үлестіріп, шығарып салды. Бұл 1845 жылғы қыстың басы болатын. Неплюев кадет корпусын бітіргендердің көпшілігі ақылды да адал, сол кезеңнің көрнекті қайраткерлері екендігін мүлдем естен шығармаған жөн, ал қызметтеріне тоқталсақ, қалыптасқан жағдайға байланысты іс-әрекет жасады. Орынбор кадет корпусының түлегі, этнограф-ғалым М.-С. Бабажанов: «Біз өтпелі кезеңде тұрмыз, барлық ақыл-ой жемісінің берген сәулесінің қабылдап алуға дайынбыз және соның соңынан бір адым кейін шегінбейміз де», - деген пікірі зор [4].

Мақаштың отбасында 8 ұл, бір қыз болған. Өзі Жәңгір мектебінде білім алып, одан әрі Неплюев кадет корпусында оқыған әкім балаларын да оқуға берген. Ұлдары алғаш Теңіз жағалауы мектебінде, кейін Астрахан гимназиясында оқыған. Үлкен екі ұлы Әміржан мен Шәмілжан жас кезінде дүниеден өткен. Шафхат та ағаларынан кейін 1902 жылдың 7 қазанында Астрахан гимназиясына оқуға қабылданып, оны 1912 жылдың 5 маусымында бітіріп шығады. Сол жылы Қазан университетінің медицина факультетіне оқуға түсіп, өз өтінішімен заң факультетіне ауысады. Университетте оқып жүргенінде студенттер қозғалысына қатысқаны үшін оқудан шығарылып, қайта алынады. Студент кезінен елдегі саяси жағдайларға араласқан Шафхат 1916 жылғы патша жарлығына қарсы көтерілген қазақ жұрты қанға бөкпесін деп, көтерілісшілерді жазалауды тежеуге күш салған қазақ зиялылары қатарында да болған. Ол тыл жұмысына алынған қазақ жігіттеріне жәрдем көрсетуге қазақ оқығандарын Минск қаласына бастап барған болатын. 1917 жылдың 2-6 сәуір аралығында Орынборда өткен съезде, 21 сәуірде өткен Жалпыбөкейлік съезде студент болса да, білімді Шафхат президиумға мүше болып сайланады. Осы жылы оқуын тәмамдап, елге оралады.

Бірінші, әйгілі Мақаш правительдің талапты ұлы Шафхат Бекмұхамедов Бөкей ордасында 1917-1920 жылдары өткен қоғамдық-саяси оқиғалардың бел ортасында жүрді. Бөкей ордасы қазақтарының съездеріне белсенді қатысқан, Қазақтың 1-үлгілі атты әскер полкын жасақтауға атсалысқан. «Ұран», «Хабар», «Қазақ дұрыстығы», «Дұрыстық жолы» газеттерінің бетінде Шафхаттың есімі жиі айтылады. Мысалы, «Дұрыстық жолының» №7 (1919 жыл, 2-зауза) санында «Ұлттар ісін басқаратын комиссариаттың қаулысы бойынша жалпы комиссия құрылып, оның құрамына Мұхамедияр Тұңғашин, Мәжит Шомбалов, Ғұмар Қараш, Хасен Бекентаев, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Ғабдолхакім Бөкейханов, Иса Қисықовтармен бірге Шафхат Бекмұхамедов та кіргені» жазылған. Кеңес өкіметі орнаған соң Бөкей Ревкомның мүшелігіне өтіп, жер-су комиссары болып сайланады. Ол кезде іс жүзінде билік Кеңес өкіметінің қолында болғанымен, жер-жерде билікке қарсы бой көтерулер болып жатқан еді. Бөкей ордасы маңызды аймақ болғандықтан, Ұлт істері жанындағы қазақ бөлімі қазақ әскери бөлімдерін Ордада жасақтауды ұйғарады. 1918 жылы М.Тұңғашиннің басшылығымен Қазақ әскери комиссариаты Орда қаласына келіп, қазақтың I атты әскер полкін жасақтауға кіріседі. Әскери комиссардың орынбасары қызметіне тағайындалған Ш.Бекмұхамедов те полкті жасақтау ісіне белсене араласады. 1919 жылы большевиктер партиясына қабылданған Шафхатты Бөкей губаткомы қазақ өлкесін басқаратын Ревкомға мандат беріп, Орынборға жібереді. Жер бөлімінде хатшы қызметін атқарған ол кейін Орынбор жұмысшы-шаруа инспекциясында алқа мүшесі, Бөкей губерниялық жер бөлімінің меңгерушісі, атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. 1921 жылы қыркүйек айында өткен II Жалпықазақ съезінде Қазаткомның ұсынуымен Қазақ АКСР-інің Юстиция (Әділет) комиссары болып сайланады. Юстиция комиссариатының бұйрық кітапшасына 17 қазан күні: «Бүгіннен бастап мен Юстиция халық комиссары қызметін атқаруға кірістім. Бекмұхамедов», деп қол қойған екен. Басшылық қызметті атқарған кезде қылмыспен күрес әдістерін жетілдіру, аймақтық халық соттарын құру, сот реформасын жүргізу, тұңғыш кеңестік заңдарды қабылдау сынды жұмыстарды жандандыруға бар күш-жігерін жұмсайды. Азамат соғысынан кейін ел ішінде азық-түлік, мал ұрлығы көп болатын. Сондықтан Кеңес өкіметі аса зиянды қылмыстарды жоюға ерекше көңіл бөлді. Шафхат Мұхамеджанұлының тапсырмасы бойынша комиссариат бөлімдері қылмыстарға қатысты түскен мәліметтерді топтастырып, қылмыстың түріне анықтама беріп, жаза тағайындау жобасын жасайды. Соның нәтижесінде, 1921 жылдың қараша айында «Мал ұрлығымен күрес» декреті бекітіледі. Осы декретке байланысты Шафхат Мұхамеджанұлының бас-тамасымен губерниялық съездер өткізіледі. Алайда ауылдардың бір-бірінен алыс, бытыраңқы орналасуы, қызметкерлердің жетіспеуі және тағы басқа да себептерден мал ұрлығы, барымтамен күрес жұмыстары бірнеше жылға созылып, 1924 жылдан кейін ғана оң нәтиже бере бастады [5].

Мақаш Шолтырұлы 1904 жылғы наурызда, жетпіс төрт жасында қылтамақ ауруынан қайтыс болар алдында, ауылының ардақты қарияларының:

– Сен бұл өмірде көпті көрдің, елу жылдай ел басқарып, халық алдындағы беделің жоғары болды. Қазір сырқатың күн өткен сайын меңдеп, хал үстінде жатырсың. Артық кетті деп ренжіме, бірақ өзіңнен мынаны сұрағымыз келеді. Осы өмірде не арманың бар? Әлде армансыз өткен адамның бірі өзіңсің бе? – деген сұрағына, біраз уақыт үнсіз жатып барып, былай депті:

– Өз қағарымның алды едім деу – асығыстық болар. Кейін қалдым десем – тағы да күпірлік сияқты. Ес кіріп, есейген шағымның бәрінде халқымның қасиетті салтын қастерлеп, иманды қалпын дәріптедім. Орыстың білімін меңгеріп, ілімін игергенді ұнаттым. Ағайынның асылын ардақтап, жасығын шабақтадым. Сонда байқағаным – адамның мардымсызы болса да, армансызы болмайды. Өз басым өмір бойы жақын болған орыстың көптен бері әңгіме боп келе жатқан революциясын, жасампаз жаңалығын көргім келді. Бірақ тілекті құдай бермеді. Өкініштісі сол...

Мақаш-правитель армандаған орыс революциясы мен революция әкелмек жасампаз жаңалықты оның тәрбиесін, түрлі көмегін алған бірқатар азамат көріп, шама-шарықтарынша оны қазақ мүддесіне бұруға атсалысты. Солардың қатарында жоғарыда айтылған Мақаштың туған жиені, үш революция тұсында да белсенді қоғамдық қызметте болған Бақтыгерей Құлманов бар. Сондай-ақ ұлы Шафқат Мұхамеджанұлы Бекмұхамедов (1892–1958) пен немере туысы Уәлитхан Шарафиддинұлы Танашев [6] (1887–1968) та алаш қозғалысына белсене қатысып, кеңес өкіметі тұсында да елі алдында адал еңбек етті. Қамқорлығын көргендер ішінде Сейтқали Мендешевтің де бар екені жоғарыда айтылды.

Халық сүйіспеншілікпен Мақаш-әкім деп атаған, туғанына биыл 192 жыл толып отырған қайраткер, қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, этнограф, шешен, би, басқарушы, күйші Мұхамеджан Бекмұхамбетовты толық және жан-жақты танып, тарихтағы өз орнына ардақтап қою – келешектің үлесіндегі іс.

Әдебиеттер тізімі

1. Касымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств XVIII– первой половины XIX вв. Жангир хан (1801–1845). – Алматы, 2001. – 319 б.
2. Кекілбайұлы Ә. Әкім һәм азамат// Мақаш әкім. Жинақ. – Алматы: «Арыс», 2004. – 6 б.
3. МАҚАШ ӘКІМ: Ә.Әлімгереев.Ғажайып ғұмыр (зерттеу).Жақсы үгіт (түпнұсқалық деректер). Алматы: «Арыс» баспасы, 2001. – Б. 40-50.
4. Рысбеков Т. Таңдамалы шығармалар. - Нарын құмы-тарихтың шежіресі., 5 томдық. - Орал , Полиграфсервис. – 2017. – Б. 107-108.
5. Қабдешев Б. Қазақ автономиялық Республикасының бірінші прокуроры Шафқат Бекмұхамедов // Заң және заман. – 2006. – № 12. – 79 б.
6. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы, 2002. – Б. 481–482.
7. Пятый Всеказацкий (Всекиргизский) Съезд Советов (15–19 апреля 1925 г.). Стенографический отчет. Кызыл-Орда (Ак-Мечеть), 1925, 16 апреля. Бюллетень № 3.

СЕКЦИЯ IV

НОВЫЙ КАЗАХСТАН: ПУТЬ ОБНОВЛЕНИЯ И МОДЕРНИЗАЦИИ

ӘОЖ 82:316.3

Қыдыршаев А.С., Бақытбаева Г.С.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

Орал қ, Қазақстан

Қыдыршаева Қ.С.

М.В.Ломоносов атындағы ЖОББМ,

Атырау облысы, Қазақстан

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІРЕГІ – ҰЛТТЫҚ РУХТАҒЫ ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ

Тектілік пен тереңдіктен нәр алған, өнер мен өлеңнен жаралған, шежіре мен білімнен тамыр таратқан, батырлық пен ақындықты қос қанатындай тең ұстаған, сұлулық пен сұңғылалықтың өлшеміндей болған айтулы Ақжайық өлкесінің мерекесі мен берекесі, өрелісі мен өнерлісі қай заманда да тапшы болып көрген емес. Тәуелсіздігімізді ту еткен осынау отыз бір жыл бойы Ақжайық елінің мақтан тұтар жақсылығы мен жаңалығы еселене түспесе, азайған жоқ. Жаңарған еліміздегі жақсы жаңалықтардың басым бөлігі *ел болашағы-жастарымызға терең жоғары білім берумен байланысты*. Бәсекеге қабілетті ұрпақ, кәсіби маман баулу міндеті қашанда басты назарда [1, 2].

«Балам дейтін жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» демекші, жас ұрпаққа білім нәрін сіңіріп, оны биікке самғатуға, елін сүйе білуге, туған жерінің игілігіне қызметін арнауға баулыр басты тұлға – *ғалым-ұстаз*. Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде ұстаз-педагогтың беделі мен әлеуметтік жағдайын көтеруге үлкен бетбұрыстар жасалуда. Сондай іргелі ілгерлеудің бірі – *еліміздегі жоғары оқу орындарын дамыту ісі*. Биыл 90 жылдығын атап отырған Батыс өңіріндегі бірегей, тарихы тұңғыық білім ордасы – *Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті* бүгінгі заман талабына орай жаңа форматтағы білім-білік беруге қашан да сақадай сай. Сан қилы оқиғаға толы қым-қуыт уақытпен бірге шыңдалған университет ұжымы маңызды әлеуметтік міндетті орындап, жастарға іргелі ғылыми білім мен кәсіби мамандық беруде, олардың дүниеге көзқарастарын қалыптастыруда елдің экономикасы мен мәдениетінің дамуына шешуші ықпал ете алатын жоғары білікті мамандар даярлайтын орнықты білім ордасына айналды. Демек, университетіміз өз тарихында әркез қоғамның жаңа интеллектуалдық әлеуетін толықтыра білді.

Бүгінгі таңда оқу орны өркениетті елдер үдерісінде жас ұрпаққа әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім беру мен тәрбиелеуді жүзеге асырып, олардың рухани байлығы мен мәдениетін, еркін ойлау қабілетін, кәсіби біліктілігі мен іскерлігін дамыту мүддесіне қызмет етуде. Жарқын болашаққа көш түзеген Тәуелсіз жаңа Қазақстанның өскелең ұрпағын тәрбиелеп, педагогикалық білім мен ғылымды одан әрі жетілдіруде университет ұжымы алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелермен сусындап, өз тарихын қадірлей отырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру үстінде [3].

Бүгінде Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті 90 жылдық мерейтойын атап өтуде. Келешекке ұмтылған университеттің алға қойған мақсаты – жаңа типті жоғары оқу орнына айналу, уақыт талабына сай мамандарды даярлайтын ХХІ ғасырдың жоғары оқу орны болу, Халықаралық зияткерлік нарықта бәсекелесуге қабілетті жаңа буын мамандарын әзірлеу. Өз тұсында 29 Еуропалық мемлекеттің білім министрлімен Магна Хартия құжатына қол қойылғаннан кейінгі даму мақсаты – Еуропа елдерінің жоғары білім жүйелерімен үндес болу. Сондай-ақ М.Өтемісов атындағы БҚУ – білім кеңістігіне Болондық үрдісті енгізген қазақстандық жоғары оқу орындарының бірі (2005 ж.). БҚУ 105-тен аса әлемнің ЖОО-ларымен халықаралық байланыста, ол тек іргелес мемлекеттер арасында ғана емес, сонымен бірге Азия, Еуропа, АҚШ мемлекеттерінде де танымал.

Бүгінгі таңда ғасырлық ғұмырға аяқ басқан белес биігіндегі білім-ғылым ордасының тарихи парағына үңілсек, небір таңғажайып ашылыстар, қайталанбас табыстарға куә боларымыз хақ. *Мәселен, М.Өтемісов атындағы БҚУ туралы айтқанда математика ғылымын терең меңгеріп, әлемдік деңгейдегі есімге ие болған Асан Дабысұлы Таймановты алғашқылардың бірі тұрғысында атаймыз. Ол модельдер теориясында бірнеше математикалық проблемалардың «аудармалы әдісін» алғаш ашты, А.Вайнштейн Хаусдорфа авторлық терең зерттеу проблемаларының нәтижесін мерзімді сапта шешіп, көпшілікке таратты. Университет қабырғасында тер төге еңбек еткен академик Қажым Жұмалиев Абай мен Махамбеттің шығармашылық мұрасын зерттеуді өз алдына мақсат етіп қойды. Осы оқу ордасында дала, орманды дала және шөл дала флорасының ерекшеліктерін ажырататын құнды материалдар бар. Әлемдік гербарий каталогына тіркелген сирек кездесер таңғажайып гербарий қоры бар. Бұл – жоғары оқу орны тарихындағы жаратылыстану-география факультетінің негізін қалаушы, зерделі зерттеуші, КСРО-ның Бүкілодақтық географиялық қоғамының құрметті мүшесі, Қазақ ССР-ының еңбек сіңген қайраткері, биология ғылымдарының докторы, профессор, ғалым-энциклопедист,*

кафедраны 1932 жылдан бастап 50 жыл бойы басқарған Всеволод Вячеславович Ивановтың жан қиярлық қажырлы еңбегінің нәтижесі. Қуанарлығы – бұл тізімді соза беруге әбден болатындығы.

Қазақстандағы ең көне жоғары оқу орындарының бірі академик М.Н.Покровский атындағы Қазақ педагогикалық институты Халық Ағарту комитетінің шешімімен 1932 жылы құрылды. Жаңа оқу орнын ашудағы мақсат–сауатсыздықты жою, жоғары кәсіби білімді ұстаздарды даярлау. 1937 жылы Орал қазақ педагогикалық институты болып өзгертіліп, Александр Сергеевич Пушкиннің 100 жылдық мерейтойына орай институтқа ақынның есімі берілді. Қазақстан қоғамын реформалау және тәуелсіздікті иемдену жолында жоғары оқу орны көптеген өзгерістерді бастан кешірді. 1996 жылы Орал педагогикалық институты Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті болып қайта құрылды. 2000 жылдың 14 ақпанында ҚР Үкіметінің 236-қаулысымен Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті болып өзгертілді. 2003 жылы БҚМУ халқы үшін күрескен, ақын, ұлы ойшыл Махамбет Өтемісовтің атын алды.

Жоғары оқу орнының түлектері бүгінгі таңда елеулі істерімен елге танылуда. Жақын шет ел мемлекеттері мен Қазақстандағы ғылым мен саясаттың дамуына үлес қосып жүрген тұлғалар көптеп саналады. Бұл сапта *бұрынғы ҚР Білім мен ғылым министрі, Қазақстандағы БҰҰ өкілі Бірғаным Әйтимова, бұрынғы Алматы қаласының әкімі, саясаттану ғылымдарының докторы, БҚМУ-дың құрметті профессоры Иманғали Тасмағамбетов, ұшықш, екі мәрте Кеңес Одағының батыры Леонид Беда, Татарстан ҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы Р.И.Нафигов, КСРО ҒА Поволжье археологиялық институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы - Б.Ф.Железчиков, бұрынғы ҚР Парламенті мәжілісінің депутаттары - Е.Тарасенко, Ж.Ш.Кәкішев, Шафғат Өтемісов сынды және тағы басқа тұлғалар бар.*

Қазақстанның 10 жылдығы атындағы Ағарту институты 1930 жылы Орал қаласына Орынбор халық ағарту институтының негізінде көшірілген бұрынғы қыздар гимназиясының орнында орналасып, орта білімді мұғалімдер даярлағаны да тарихтан мәлім. Қазақстанда орталау мектептердің қауырт өсуі жоғары білімді мұғалімдерді тез арада даярлауды талап етті. Бұған сол кездегі Батыс Қазақстан облысындағы 996 мұғалімнің ішіндегі бірде-біреуінің жоғары білімінің жоқтығы дәлел. 20-30 жылдардың басында ҚазАССР Үкіметі таяу мезгілде елді тез сауаттандыру ісіне кірісті. Отанымызға сауатты, жоғары білімді педагог кадрлар ауадай қажет еді.

РСФСР Халық Ағарту комиссариаты негізінде 1932 жылы 25 наурыздағы қаулысы негізінде телеграф арқылы хабар беріліп, елдегі өміршең мәселелерді тез шешу үшін Оралда педагогикалық жоғары оқу орны және күндізгі жұмысшы факультеті ашылатындығы хабарланды. РСФСР Халық Ағарту коллегиясы институттың құрамын белгілеу және контингентін анықтау мақсатында біраз шаралар атқарды. Осы шаралар негізінде Қазақстан Өлкелік комитеті 1932 жылдың 9 шілдесінде Оралда 1 қазаннан бастап Халық Ағарту институты негізінде Қазақстанда екінші жоғары оқу орны бой көтергенін, оның жұмысшы факультеті жедел жұмыс істейтінін атап көрсетті. Институт директоры болып Шайхислам Бекжанұлы Бекжанов (1932-1933), оқу ісін ұйымдастыру жөніндегі орынбасары ретінде С.А.Бибиков тағайындалды. Институтқа Ағарту институтының ғимараты, жатақханаларымен қоса қосымша оқу орындары тиесілі болды. Оларға педагогикалық институттың физика-математика, биология, қазақ тілі мен әдебиеті бөлімдері орналасты. Жаңа оқу жылына 83 студент қазақ жастарынан қабылданды. 1933 жылы БКП(б) ОК жолдамасымен институтқа директор ретінде Халық Ағарту комиссариатының жауапты қызметкері, Н.К.Крупская атындағы академияның аспиранты Иван Куприянович Лукьянец бекітілді.

Бұл тұста батыс өлкесінде махамбеттану ғылымын алғаш қолға алған, Орда, Жәнібек, Жаңақала, Казталов, Жалпақтал мекендеріне ғылыми экспедиция ұйымдастырған, «Қазақ әдебиеті теориясы» монографиясын жазуды осы институттан бастаған, алғашқы филология ғылымдарының кандидаты, тұңғыш филология ғылымдарының докторы, профессор Қажым Жұмалиев есімі күллі қазақтарға аян болды [4, 5].

1934 жылы пединституттың тіл мен әдебиет (деканы В.С.Бойко), физика-математика (В.И.Шмелев), биология (Ж.Құлымбетов) факультеттеріне, сондай-ақ даярлық курстар мен жұмысшы факультетіне түскен студенттер саны 364-ке жетті. Осы жылы сырттай оқу секторына түскен студенттер саны 91 адамға жетті. Ал бұл бөлімнің неге құрылғанына 1935 жылы бүкіл факультеттерде өндірістен қол үзбей 300 адамның білім алғанын айтсақ та жеткілікті. Сондай-ақ осы жылы жеке-жеке кафедралар бөліне бастады. Бұлар – әлеуметтік-экономикалық пәндер кафедрасы (Кауфман), педагогика (И.В.Алиев), тіл мен әдебиет (В.С.Бойко), биология (Ф.А.Юсупов), 1935 жылы ашылған физика және математика (В.И.Шмелев) кафедралары. Кітапхана жанынан оқу залы ашылып, кітап қоры 29219 томға өсті. 1934 жылы ұзақ жылдар ақпарат құралы болған «Жоғары мектеп студенті» атты көп таралымды газет жарық көре бастады.

1938 жылы қазақ тілі кафедрасы бөлек отау тікті. Кейін тұңғыш кафедра меңгерушісі Меңтай Қошқаров Ұлы Отан соғысында қаза тапты. Орыс және қазақ тілі кафедралары ұстаздық, ғылыми жұмыстарын қарқынмен жүргізді. Осы жылы Утехина Ксения Афанасьевна кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған соң, кафедра жанынан аспирантура ашылды. Оған алғашқы тілші-зерттеушілер ретінде М.Қошқаров, Р.Үмбетов, Ғ.Әбуханов, сәл кейінірек Х.Абдолкәрімовтер қабылданды.

Осы тұстағы халықаралық жағдайдың шиеленісе түсуі елдің қорғаныс қабілетін нығайтуды, барлық шаруашылық салаларындағы, жоғары және орта мектептердегі әскери дайындықтың деңгейін қарқынды көтеруді талап етті. 1938 жылы педагогикалық институтта әскери-дене шынықтыру кафедрасы ашылды. Кафедра меңгерушісі ретінде азамат соғысының ардагері, капитан П.И.Гусак тағайындалды. П.И.Гусактың басшылығымен студенттердің атқыштар батальоны құрылды. 1939 жылы құрамында 21 адамы бар алғашқы парашютистер тобы бітіріп шықты. Олардың қатарында студент Леонид Беда болды. Мұғалімдер институты мен Орал аэроклубын аяқтаған соң, ол Оренбург (*кейіннен Чкалов*) әскери авиаучилищесіне түседі. Ұлы Отан соғысы жылдарында жаумен шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Л.И.Беда (*кейіннен генерал-лейтенант*) екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атағын алады. Осы жылдары көп таралыммен жалпы институтішілік «*Педакадрлар үшін*» газеті, факультетішілік «Тарихшы», «Әдебиетші», «Глобус», «Математика», «Жаратылыстанушы» газеттері шығарылған.

Университет тарихы мұражайында РСФСР-дың Халық ағарту комитетінің төрағасы А.С.Бубновтың бұйрықтары мен өзге де құжаттары сақталған, онда Орал педагогикалық институты өз тұсында елдің ЖОО арасындағы Бүкілодақтық жарысында ең үздік оқу орындарының қатарында аталғаны, ал директоры И.К.Лукьянецке арнайы сыйақы берілгендігі туралы мәліметтер сақталған. Кейіннен Қ.Жұмалиев «Замечательные люди» атты кітабында И.К.Лукьянецке аз жол арнамаған. Онда ғалым: «Мен онымен Оралда 5 жыл қызметтес болдым. Онымен бірге жұмыс істеген қазақтар да, орыстар да риза болды. Он жеті жасында ол революцияға қатысып, жараланып, оң қолының жартысынан айырылады. Сымбатты, ұзын бойлы, қарапайым киінген тұлға өзіне бір көргеннен адамды баурап алатын. Егер менен оның ұлтын сұраса, мен ойланбастан «интернационалист» деп жауап берер едім. Институтта оны «біздің ақсақал» деп атайтын» деп жазғаны бар.

1939 жылы мамырда профессор-оқытушылар құрамының бірінші ғылыми конференциясы өткізілген. Осы жылдар легінде А.Т.Тайманов кейін ҚазССР Ғылым академиясының академигі болып сайланды. 1938 жылдың өзінде институт түлегі Жүніс Өтемісов елдегі ауыл мұғалімдерінің үздіктерінің бірі ретінде жоғарғы Отан наградасы «Ленин» орденінің иегері атанды. С.А.Ақмурзин алғашқыда қазақ орта мектебінің директоры қызметін атқарып, кейін институт директоры, кафедра меңгерушісі бола білді. Институт түлектерінің бірі белгілі қазақ ақыны Абдолла Жұмағалиевтың есімі бүгінгі Сырым (Жымпиты) ауданының бір мектебіне берілді. Соғысқа дейінгі пединститут түлегі, белгілі қазақ ақыны және сазгері Қайырғали Байғалиев ҚазССР мәдениет министрлігін басқарды. Институттың проректоры, «Жоғары мектептің еңбек сіңірген қызметкері» кафедра меңгерушісі Ғ.Ә.Әбуханов және басқа да жүздеген түлектер өз өмірлерін орта және жоғары мектептегі қызметке арнады. Институт ұжымының табыстары, тәжірибелері мен келешегі жоғары оқу орнын басқарудағы сирек кездесетін қасиеті И.К.Лукьянецтің 1939 жылы ҚазМУ директоры, кейін ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы төрағасының орынбасары қызметіне көтерілуіне септігін тигізді. Екі «Еңбек Қызыл Ту» орденінің, «I дәрежелі Отан соғысы» орденінің кавалері И.К.Лукьянец «КСРО Жоғары мектебінің үздігі», «ҚазССР ғылымының еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағына ие болды. Ең бастысы нәтижеде соғыс жылдарына дейінгі 5 жыл ішінде білім беру жүйесіне 585 жас маман даярлаған институт республикадағы екінші педагогикалық жоғары оқу орнына айналды.

Сындарлы соғыс жылдары (1941-1945 ж.ж.) майданға институттан 190 оқытушы мен аспирант, студент кетті. Соғыстан жазған хаттарында олар жолдастарының ерлігі мен институт қабырғасында әскери кафедрада алған білімі, түрлі тәсілдері көмекке келгенін жазған-ды. 1941 жылғы Мәскеу түбіндегі ауыр шайқаста Батыс Қазақстанда құрылған 312-атқыштар дивизиясында бұрын әскери кафедрада қызмет атқарған П.И.Гусак, Я.С.Красновтар да болды.

Соғыс уақытында да институтта мұғалімдер кадрын дайындау тоқтатылған жоқ. Майдангерлерге оқудың уақыты 3,5 жылға, содан кейін 3 жылға қысқартылды. Емтихандар мен оқу апталары қысқартылып, студенттерге демалыс берілді. 1942 жылы ақпан айында студенттер мен оқытушылар қызыл әскер қатарына алына бастады. Студенттердің құрамы тез арада өзгерді. Егер олар 1939 жылы 414 студент болса, оның 260-сы ерлер, 154-і әйелдер, 1942 жылы 257 студенттің 234-і әйелдер, ал 23-і ерлер болды. Институтта қазақ қыздары үшін 1943 жылы дайындық курсы ашылды. Бұнда алғашында 27 адам болды. Соғыс жылдары пединституттың «көшпелі» өмірі басталып, оның орны 14 рет ауыстырылып, басқа жерге көшірілді. Тіпті Жымпиты ауылына орналастыру жөнінде мәселесі көтеріліп, одан қалса Қызылордаға көшіру жөнінде шешім қабылданды. Бұл тұста доцент В.В.Ивановтың сан салалы халық шаруашылығы мәселелеріне арналған «Батыс Қазақстанның жабайы өсетін тамақ өсімдіктері», «Батыс Қазақстанның өндік өсімдіктері туралы», «Қарбыз балын дайындау технологиясы», «Бақшалық өсімдіктер дәндерінен жасалған май», «Батыс Қазақстан халық шаруашылығының мәні», «Батыс Қазақстан облысында күн қуатын пайдалану мәселесіне орай», «Біздің крахмалтасушылар» атты жекелеген ғылыми-тәжірибелік зерттеулерінің аса маңызды мәні бар еді.

Жалпы алғанда институт тұлғалары соғыс жылдары 298 білікті мұғалім кадрын дайындап шығарумен бірге, майданда неміс фашистерінің басқыншылығын тойтарып, Отанды жаудан аман алып қалуға зор үлес қосқан өжет жауынгерлер бола алды. Осы соғыс жылдарында-ақ жарақат алып госпитальде жатып шыққан соң немесе демобилизациядан кейін кафедра мінбесіне С.А.Ақмурзин, Н.А.Пимнев, Г.Е.Москалев, А.А.Королевский, В.И.Ивакин, А.С.Елагин, Н.Н.Коржавин,

Е.Е.Соллертинский, Ф.Н.Серов және т.б. оқытушылар қайта оралды. Студенттер арасынан Ю.Тумпуров, П.Уваров, К.Осипов, Л.Седова, Г.Коршунова, М.Макатова, П.Суетин, В.Мурзин, А.Абоян, П.Букаткин, К.Ермаков, А.Пигарев, И.Подкуйко, Г.Сәрсенғалиев, С.Силантьев, Ф.Василенко, Н.Г.Чесноков, Х.Ғұмаров және т.б. білім майданындағы күрестерін жалғастыра алды.

1945 жылдың жазында ғимараттар институтқа өте ауыр күйде қайтарылды. Мәселен, жылу жүйесі, электр жүйесі толығымен істен шыққан, жатақханалар жиһаздан айырылған, шатырдан су ағып, әйнектен жұрдай болған терезелері тақтайшалар мен фанера қағылған күйде болатын. 1945 жылдың желтоқсанында майданнан оралған Сәрсен Ақмырзаұлы институт директоры болып сайланып, осы лауазымда 1952 жылға дейін қызмет етті, яғни, соғыстан кейінгі ең ауыр жылдарға тап келген өмірінің бір бөлшегін ол осы институт қабырғасында өткізді. 1956 жылы С.А.Ақмурзин кандидаттық диссертациясын қорғап, 1958 жылы институттың оқыту және ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры болып сайланды. Кейін көп жылдар бойы қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды.

Соғысқа дейінгі, соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі жылдарда институтта қызмет атқарған ардагер оқытушылардың жанқиярлық еңбегі мен рөлін ешқандай өлшеммен өлшеу мүмкін емес. Бұлар – К.А.Утехина, В.В.Иванов, Н.Г.Евстратов, Н.Е.Рывнивых, О.Т.Кольченко, М.И.Козловская, А.Л.Цыганков, Г.С.Якимович, С.А.Шапошников, П.И.Токарев, Н.М.Малеча, В.И.Рахманина, Т.Б.Беляев, Е.Е.Соллертинский, Ф.С.Кузьмин, Д.О.Медведев, А.М.Кальтиев, Г.Тухватуллин, Ф.Н.Ставкин, А.М.Каткова, А.Я.Дырдин, Н.А.Мамонов және тағы басқа институт доценттері мен оқытушылары [6].

Соғыстан кейінгі алғашқы оқу жылы 1945 жылдың 17 қыркүйегінде басталды. Педагогикалық институт құрамында (Оқу мерзімі 4 жыл) 5 факультет (*тарих, физика-математика, жағрафия, жаратылыстану, тіл мен әдебиеті*) болды. Мұғалімдер институты (*Оқу мерзімі 2 жыл*) үш факультеттен (*тарихи-әдеби (орыс және қазақ бөлімдері), физика-математика, жаратылыстану-жағрафия*) құралған болатын. Оқу жылының басында пединститутта 409, мұғалімдер институтында 71 адам болған еді. 1946 жылдың студент жинау жоспары ауыр аяқталды. Қабылданған студенттердің арасында майдангерлер көп болды, олардың ішінде ҰОС-ның 29 мүгедегі бар болатын. Бұл студенттердің ішінде П.И.Суетин (*кейін физика-математика ғылымдарының докторы, профессор*), пединституттың болашақ ұстаздары А.Ф.Абоян, П.Р.Букаткин, К.Ф.Ермаков, Ю.Ф.Тумпуров, Г.Ж.Сәрсенғалиев, А.Р.Пигарев (*кейінгі Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының ғылыми коммунизм кафедрасының меңгерушісі, доцент*), К.А.Подкуйко (*мектеп директоры, республиканың құрметті мұғалімі*), М.Макатова, О.С.Ванюшина (*көптеген жылдар бойғы қалалық білім беру бөлімі меңгерушісі*), Н.Г.Чесноков (*белгілі өлкетанушы, журналист*) және т.б. бар еді. ҰОС мүгедегі Н.А.Момынов жетекшілік еткен кітапхананың шағын ұжымы 50 мың томға дейін жететін орасан зор кітапхананы өз күштерімен ретке келтіріп, жүйелей бастады. Осы бағыттағы жұмыстың жыл бойғы нәтижесін қортындылай келе, институт директорының орынбасары К.А.Утехина облыстық газетте жарияланған «*Орал пединститутындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары*» атты мақаласында бұл жұмыстың 3 бағытта, яғни, жалпы ғылыми, халық шаруашылығы, оқу-әдістемелік бағытта жүргізілгенін атап өтті. Өз тұсындағы бұл мақалада доцент В.В.Ивановтың Батыс Қазақстан облысындағы дәрілік шөптер туралы еңбегі, географтардың жергілікті климатты бақылау жұмыстары, Н.М.Малечаның диалектологиялық зерттеулері, педагогика кафедрасының оқытушыларға арнап әзірлеген мінез-құлық ережелеріне қатысты жұмыстары ерекше аталғанды.

1946 жылдың қыркүйегінде Бүкілодақтық Жағрафиялық Қоғамның Батыс Қазақстандық бөлімінің ашылуы – институттың ғылыми өміріндегі іргелі де елеулі жаңалық. 1946 жылға дейін мұндай бөлім республика бойынша тек Семей облысында ғана бар-ды. Нәтижеде 50-жылдары күндізгі және сырттай аспирантура арқылы институт оқытушылары тарапынан 27 кандидаттық, бір докторлық (*профессор В.В.Иванов*) диссертация қорғалды. Бұл жылдары қорғап шыққандардың арасында В.И.Ивакин, О.Т.Кольченко, М.М.Тілеужанов, С.А.Ақмурзиндер бар. Әсіресе, 1933 жылдың қазанынан бері институт қабырғасында қызмет етіп жатқан В.В.Ивановтың докторлық диссертациясын қорғауы, даусыз, сол жылдардағы ірі ғылыми жетістік еді. Белгілі ғалым, Қаз ССР ғылымының құрметті қайраткері, 300-дей ғылыми еңбектің авторы, ботаника кафедрасының көп жылдар бойғы үздіксіз меңгерушісі, аса білімдер әрі қарапайым В.В.Иванов студенттер мен институт қызметкерлері арасында ерекше бедел иесі танылды. 1942 жылдан 1972 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін институт қабырғасында табанды еңбек еткен ардагер Н.М.Малечаның 1954 жылдың соңында қорғаған диссертациясы да – қажырлы еңбектің жемісі. КСРО ҒА тапсырмасымен ол жергілікті говорларды жинақтап, зерттеу ісін ұйымдастыра білді. Ондаған жылдарға созылған еңбек пен сандаған экспедициялар нәтижесінде 200 мыңдай сөзден құралған сөздік қор жинақталды. Жайық говорларының облыстық сөздігіндегі ғалымның зор еңбегімен енгізілген 25 мыңнан астам сөздік мақаланың өзі – оның қажырлы еңбегінің айқын дәлелі. 1954 жылы пединституттың 22 оқытушысы ҚазССР Ағарту министрлігінің бұйрығымен «*ҚазССР халық ағарту ісінің үздігі*» белгісімен марапатталды.

1963 жылы институт ректоры болып тарих ғылымдарының кандидаты Виктор Кузьмич Сидоров тағайындалды. Кейін ол ҚазССР Ағарту министрінің бірінші орынбасары қызметін атқарды. Оның өн бойында табандылық, іске берілгендігі, ой-өрісі кеңдігі, мемлекеттік тұрғыдан ойлай білу, терең білім, адамдармен тіл табыса білу, еңбекқорлық және қайырымдылық қасиеттері бір-бірімен терең ұштасып

жатты. Осы кезеңде профессор В.В.Ивановтың ғылыми мектебі қалыптасты. Оның мүшелерінің еңбектері шетелде де танымал болып, 60-жылдары ботаника кафедрасының профессор-оқытушы құрамы 160-тан асты. Педагогика кафедрасының ұжымы жоғары мектептің жалпы педагогикасы мен БҚО-да педагогикалық оқыту үдерісін жетілдіру мәселесімен айналысты. Жоғары оқу орындары мен арнайы орта оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдары (Г.Ә.Әбуханов, А.Ы.Көшімбаев, Г.Е.Москалев) көптеп шығарыла бастады. «Педагог кадрлар үшін» атты көп таралымды институт газетінің бетінде ҰОС ардагерлері И.Ф.Черкашин, П.Р.Букаткин, А.Ф. Чуфаровтардың және басқалардың да материалдары жиі жарияланып тұрды. Бұл тұста оқу жылы аяқталған соң, комсомол ұжымы еңбек семестрін ұйымдастыратын. Оған әр жылдары 1500-ден 2000 студентке дейін қатысты. 1964 жылдан студенттік құрылыс жасақтары (250-270 студент) құрылып, олар облыс аудандарында 100 мың сом қаржы көзін игеріп, мектептер мен ауылшаруашығына қажетті жайларды тұрғызды.

Сол тұстарда Поволжье және Батыс Қазақстан қалалары педагогикалық жоғары оқу орындары қызметкерлерінің спартакиадаларын ұйымдастыру дәстүрге айналды. *Бұған белсенді қатысушылар З.А.Аманғалиев, П.П.Елизаров, А.И.Ивакин, М.М.Жолдықайырова, А.И.Карпова және басқа доцент, аға оқытушылары болды.*

1966 жылы физика-математика факультетінде ҚазССР-да тұңғыш рет ММУ-дың сырттай математика мектебі ашылды. Мектеп түлектері (1969 жылы 165 адам оқыды) Ленинград, Новосібір қалаларында олимпиадаларға қатысып жүлдегер атанды. Көптеген түлектер елдің жоғары оқу орындарында (ММУ, ЛМУ) және ОПИ физматында оқи алды. 1983 жылы проблемалық зертхана жұмысының қорытындысы бойынша Р.А.Абузяров Мәскеу қаласында «Ұлттық мектеп оқушыларын социалистік елді қорғауға тіл жағынан дайындаудың педагогикалық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғады. Ғылыми және әдістемелік салаға қатысты кәсіби мамандарды дайындау мен мектептерге эксперименттік әдістеменің тұжырымдарын енгізу мәселелерін зерттеу мақсатында кафедра жанынан аспирантура ашылды. Бұл бағыттағы жұмыстарға сол тұстағы Диссертациялық кеңестің төрағасы, Ұлттық ҒЗИ директорының орынбасары, Бүкілодақтық «Бастауыш мектептегі орыс тілі» журналының редакторы, профессорлар И.В.Баранников, А.В.Баранниковтар тарапынан аса жоғары баға берілді. Олар осы жұмыспен танысуға арнайы Орал қаласына келді. Нәтижесінде аталған басылымның 1985 жылғы №2 саны түгел зертхана мәселесіне арналып, кафедра мүшелерінің мақалалары жарияланды.

70-жылдары институт қабырғасындағы «Астрофизика: космостық сәулелер» зертханасы базасы негізінде Ленинградтық физико-техникалық институтымен жасалған №56 келісім бойынша профессор Б.П.Шаховтың жетекшілігімен «Астрофизика және радиокөміртегі» зертханасы ашылды («Астрофизика: космостық сәулелер» зертханасының жетекшісі, доцент Кузьмичева А.Е.). Аталмыш зертхананың зерттеу жұмыстары сол тұста радиокөміртегі арқылы мерзімдеу әдісі бойынша археологиялық үлгілердің жасын анықтау, бұрынғы өткен уақыттағы климат жағдайын анықтау, астрофизикалық үрдістерді және олардың жер төңірегіндегі көрінісін зерттеу бағыттарын қамтыды. Зертхана келісімшарт негізінде жұмыс істеп, тапсырыстарды бүкіл КСРО-дан, Тянь-Шаньнан, Балтық жағалауларынан, Свердловскіден, Украинадан, Мәскеулік археологиялық мекемелерден қабылдап отырды. Осы зертханада белсенді жұмыс істегендердің ішінен 6 ғалым кандидаттық диссертацияларын сәтімен қорғай алды (Мырина Н.В., Орищенко А.В., Тілеуғалиев С.Х., Кузьмичева А.Е., Жүсіпқалиева Г.К., Шахова Ю.А.)

1975 жылы ҚазССР Ағарту министрлігінің қаулысы негізінде халыққа білім беруді ұйымдастырушыларды дайындау біліктілігін жетілдіру факультеті құрылды. Ол халыққа білім беруді ұйымдастырушылардың үш санатының біліктілігін жетілдірумен айналысты (*Жалпы білім беретін мектеп директорларының, олардың орынбасарларының, мектептен және сыныптан тыс жұмысты ұйымдастырушылардың, сондай-ақ, Қазақстанның сегіз облысының жетекшілер резерві*). Оқыту мерзімі-2 ай, күндізгі оқу түрінде, басқару, тәрбиелеу және оқытудың өзекті мәселелері бойынша (*Мектепті басқару теориясы мен практикасы; мектептегі оқыту мен тәрбие үрдісін басқару; мектепті басқарудың психологиялық негіздері*) жүргізілді. Факультет жұмыс жасап тұрған мерзім ішінде біліктілікті арттыру мен қайта даярлау курстарынан әр жылдары 250-400 адам білім алып шықты, ал барлығы осы факультетте 4,5 мың адам оқыған. Өкінішке орай, әлеуметтік жағдайдың өзгеруіне, материалдық, ұйымдастырушылық қиындықтарға байланысты факультет 1993 жылы жабылды.

Институтта оқытушылар мен студенттер үшін «Здоровье» спартакиадасы жүйелі өткізілді. Бұл жылдары құрамында институттың оқытушылар командасы өнер көрсетіп, жүлделі орындарды иеленіп жүрген Поволжье және Батыс Қазақстан педагогикалық оқу орындарының спартакиадасы баршаға танымал болды. КСРО спорт шебері Ж.Жәрдемов Бүкілодақтық универсиаданың күміс жүлдегері атанып, самбодан Қазақстан кубогін жеңіп алды. Жеңіл атлетші А.Стародуб екі мәрте Бүкілқазақстандық студенттік ойындардың жеңімпазы атанып, сондай-ақ Бүкілодақтық жарыстардың жеңімпазы ретінде «Известия» газетінің сыйлығына ие болуы қуантпай қоймайды.

Тарих факультетінің түлегі, комсомол ұйымының жетекшісі, оқу озаты Рафик Нафигов кейіннен тарих ғылымдарының докторы, профессор, академик, еліміздегі ЖОО-ға арналған тарих пәні бағдарламасы авторларының бірі атанды. Қазан университетінде жұмыс жасай жүріп, соңғы күнге дейін қара шаңырақ – білім ордасымен байланысын үзген жоқ. Орал педагогикалық институты

оқытушыларымен кездесуде Рафик Измайлұлы Қазандағы әріптестеріне қарата ғылыми өмірбаянымның бастауын К.А.Утехина, А.А.Королевский, Я.С.Фейгельсон сынды ғалымдардың дәрістері арқылы Орал пединститутынан ғана ала алдым дегені барды.

Қазақстанда және одан тысқары өзге елдерде белгілі болған ғалым В.В.Ивановтың дәстүрін жалғастырушы доценттер А.Е.Петренко, М.М.Фартушина, А.Я.Парфенова, М.М.Панкина, А.Ғ.Ғалымов және тағы басқалар БҚМУ профессоры ғылыми атағын иеленді. Сондай-ақ, осы тұстарда филология факультетіндегі ғылыми-зерттеу жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Профессор М.М.Тілеужанов (*Сатира және қазақ халқының этнопедагогикасы*) пен профессор Р.А.Абузьяровтар (*Екінші тілге интенсивті оқытудың эмоционалды-әрекетшіл жүйесі*) ерекше қарқынмен беріле жұмыс жасағанының куәсіміз.

Ректорат тарапынан жоғары білікті ғылыми дәрежелі кадрлар дайындауға ерекше көңіл бөлінді. Университет тарихында алғаш рет Қазақстан тарихы бойынша кандидаттық, докторлық диссертация қорғататын Диссертациялық кеңес ашылды. Оның мүшелері ретінде Батыс Қазақстан мен Еділ бойының ірі ғалымдары танылды. Кеңестің бірінші құрамын басқарғандар: кеңес төрағасы – тарих ғылымдарының докторы, профессор Т.З.Рысбеков, төраға орынбасары – тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н.Сдықов, ғалым-хатшы – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Ж.С.Серіковтер. Кеңесте сандаған жас оқытушылар (*С.Құраманалин, Г.Сүлейменова, т.б.*) диссертациялық зерттеу жұмыстарын сәтті қорғап, ғылым кандидаты, ғылым докторлары атағын алды. Сондай-ақ, ғылым докторларын дайындауға да баса көңіл бөлінді. 1999-2021 ж.ж. Қазақстан мен Ресейдің ЖОО-лары мен ғылыми орталықтарына аға ғылыми қызметкер ретінде тоғыз адам жіберілді. Олардың алтауы докторлық диссертацияларын сәтті қорғады (*Т.Х.Рысқалиев, М.К.Бисималиева, В.Ю.Салов, А.Мұсаев, А.С.Қыдыршаев, О.Б.Бүркітов*). Ғылыми кадрларды дайындауда аға ғылыми қызметкерлер лауазымына ауыстыру әдісі өзінің тиімділігін көрсетті. Ғалымдарды қолдап, олардың монографиясын басып шығаруға, іссапарларына қаржылай көмек көрсетуге және ғылыми жұмысын табысты аяқтағандарға көтермелеу сыйлықтарын (қаржылай) беру үшін арнайы бағдарлама даярланды. БҚМУ-дың ғылыми әлеуетін дамытуға арналған 1996-2001 ж.ж. бағдарламаға сәйкес тарих ғылымдарының докторлары М.Н.Сдықов, Б.Қ.Бірімжаровтардың, философия ғылымдарының докторы Т.Х.Рысқалиевтың, профессор А.З.Петренконың аспирантуралары ашылып, профессорлар Т.З.Рысбеков, М.М.Фартушиналардың аспиранттары мен ізденушілер қатары молая түсті. Осы жылдары Республикадағы педагогикалық институттардың арасында бірінші болып профессор М.М.Тілеужановтың жетекшілігімен этнография және қазақ фольклоры кабинеті ашылды.

1993 жылы білім ордасы жанынан педагогикалық лицей ашылды (*Н.Д.Дәулетов*). Лицейде ауыл мектептерінен келген дарынды балаларға оқуға мүмкіндік туды. Лицей түлектерінің барлығы да Республикадағы ЖОО-ларда жоғары білім алды. Ондаған лицейліктер түрлі пәндер бойынша Республикалық олимпиадалардың жеңімпазы атанды.

Батыс Қазақстан облыс бойынша бірінші болып 2000 жылы лицейдің екі түлегі «Алтын белгінің» иегерлері атанды. 1999 жылы лицей мұғалімі, ҚР тарихы кафедрасының оқытушысы, т.ғ.к. Ж.Ж.Жақсығалиев республикалық «Жыл мұғалімі-99» конкурсының бас жүлдесін жеңіп алды. 1998 жылы лицей дарынды балаларды оқыту мәселесіне арналған республикалық «Дарын» байқауының жеңімпазы атанды.

Институтта ең бір жетекші бағыт – тәрбие үдерісі. Құстың екі қанаты сияқты оқу мен тәрбие жұмысы бір-бірімен тығыз байланысты. Тәрбие жұмысын жақсарту мақсатында 1993 жылы ректордың бастамасымен тәрбие жұмысының проректоры лауазымы бекітілді (*С.Ғ.Шарабасов*). 90-жылдың II жартысында тәрбие ісі жөніндегі проректордың қызметіне педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Т.М.Дәрішеваның келуімен студенттердің жұмыс стилі өзгерді, жүйелі де кешенді істердің көбеюімен қатар, студенттер мен оқытушылардың Оралдан басқа жерлердегі шараларға қатысу белсенділігі арта түсті.

Сөзсіз бір мақалада университеттің бүкіл тарихын қамту мүмкін еместігі сияқты, Almatuergі қарқынды дамытуға жыл сайын барлық күш-жігерін салатын ғалым оқытушыларды жеке-жеке атап шығу да мүмкін емес. Мәселен, 90-жылдардың аяғындағы университеттің алтын қоры – бұл ғылыми дәрежесі мен ғылыми атақтары институт қабырғасында ғана емес, өзге де өңірлерге белгілі, монографиялық еңбектері елімізге танылған профессор-оқытушылар құрамының бір шоғыры төмендегіше: Т.З.Рысбеков, М.Н.Сдықов, А.Р.Рүстенев, А.З.Петренко, Н.С.Байғұзов, О.Б.Бүркітов, Р.А.Абузьяров, Б.Қ.Бірімжаров, А.М.Мұсаев, В.Ю.Салов, А.С.Қыдыршаев, М.Бисималиева, А.Ғалымов, Н.К.Череватова, П.Р.Букаткин, Ә.С.Тасмағамбетов, Х.И.Қожабергенова, Е.И.Коротин, Н.М.Щербанов, С.Ғ.Шарабасов, Н.С.Жигалин, Қ.Қ.Биалиева, Қ.Мырзағалиев, Т.В.Ли, М.В.Чечетко, Қ.Т.Өтегенова, Ю.К.Суетин, К.Төлежанов, Ж.Қамкиев, Р.Құсайынов, Н.П.Скачкова, Б.Ғ.Шынтемірова, Е.Ш.Ниязов, П.А.Добряев, З.К.Мұхлисова, В.С.Трибунский, И.М.Ломоносов, М.Н.Панкина, З.И.Туаева, Б.И.Сәрсенбаева, А.М.Войлоков, А.О.Даупаев және т.б.

Университеттің шығармашылық ұжымы мен орындаушылары гастрольды шетелдік жобаларға белсенді қатысты. "Бапас сазы" - фольклорлық-этнографиялық ансамблі мен Шара Жиенқұлова атындағы II республикалық қазақ биі байқауының лауреаты "Арна" би ансамблі, құрамында

шығармашылық делегациясы бар оқытушы Дастан Есентеміров "Ресейдегі Қазақстан жылына" арналған Самара қаласындағы мәдени іс-шараларға белсене қатысты. Еркін Нұрымбетов жетекшілік ететін "Бапас сазы" ансамблі Халықаралық деңгейде мойындалып, компакт-дискілері Лондонда шығарылды.

Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдық тарихында аталмыш жоғары оқу орнын басқарған директорлар мен ректорлардың ұзын саны 17-ге жетеді. Олардың бірі білім ордасының алғашқы ұйымдасу және қалыптасу кезеңінде тер төге еңбек етіп, институттың тұңғыш іргетасын қалап, негізін салса (Ш.Б.Бекжанов (1932-1933 ж.ж.), И.К.Лукьянец (1933-1939 ж.ж.)), өзгелері сұрапыл соғыс жылдарында қолда барды сақтауға (И.Н.Сазонов (1940-1941 ж.ж.), К.Ф.Васильев (1941-1945ж.ж.)), соғыстан кейінгі жылдардағы қайта қалыптастыру және бекітуге (С.А.Ақмурзин (1945-1952 ж.ж.), К.А.Утехина (1952- 1959 ж.ж.), И.Ф.Черкашин (1959-1963 ж.ж.)), сапалық жаңа деңгейге көтеруге (В.К.Сидоров (1963-1973 ж.ж.)) орайлас еңбек етсе, бірқатары алдыңғылардың жолын жалғастыра отырып, серпінді қимылдарға ұйытқы болды (Х.К.Кенжеғұлов (1973 -1979 ж.ж.), Е.А.Ағелеуов (1979-1985 ж.ж.), С.С.Сатыбалдин (1985-1989 ж.ж.), Қ.Ж.Рахметов (1989-1990 ж.ж.)). Ал кейінгі ізбасарлары қиын да күрделі өзгерісті кезеңдер мен түлеу жылдарына өз үлестерін қоса білді (Т.З.Рысбеков (1991-2000 ж.ж., 2003-2011 ж.ж.), Б.Қ.Дамитов (2000-2002 ж.ж.), М.Н.Сдықов (2002-2003 ж.ж.), А.С.Иманғалиев (2011-2018 ж.ж.), Н.Х.Серғалиев (2018 жылдан қазіргі уақытқа дейін)). Олардың қай-қайсысы да жоғары оқу орнын өз күш-қайраты мен қабілет-қарымы жеткенше басқара жүріп, білім ордасының тарихында өзіндік өлшеусіз із қалдыра алды. Десек те, олардың әрқайсысы жеке тұлға ретінде өзіндік орнымен, абырой-беделімен, жұмыс жасау стилімен, тіпті өзіндік қайшылықтарымен де ерекшеленеді. Қысқасы, университеттің тарихындағы өмір белестері өрнектелген тұлғалар сүрлеуі өзіндік өнеге жолы да. Ең бастысы, өткеннен тағылым алу, өмірден озғандарға құрметпен қарау тұрғысында кейбір тұлғалардың өмір жолы кейінгіге үлгі-өнеге екені даусыз [7].

Бүгінде өркендеудің бірден-бір жолы білім екенін білген аға ұрпақтың арқасында негізі қаланған Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетіне – 90 жыл. Осы жылдар аясында педагогикалық мамандар дайындайтын бірегей Ұстаханадан қаншама ұрпақ еліміздің әр түпкіріне жолдама алды десеңізші! Бүгінде университетіміз елімізге педагогикалық кадрлар даярлауға, жалпы ағарту ісіне өзінің ұланғайыр үлесін қосып келе жатқан ұлағатты алтын ұяға айналды. Университетіміздің 90 жылдық тарихы өткен мен бүгінгі уақытты жалғаған және оны болашақпен байланыстыратын алтын көпір іспетті. Бұл уақыт өлшемі тарих үшін де, тұлға үшін де мазмұны мен мағынасы сан ғасырларға татырлық бағасымен қымбат.

Айтулы 90 жыл ішінде университет талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қиын-қыстау жолдардан өтіп, мындаған жастар уақыт тағылымымен сусындап, армандарын асқақтатып, қияға қанат қақты. Түлектеріміз арасынан есімдері елге әйгілі көптеген білім-ғылым және қоғам қайраткерлері шықты. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде Тәуелсіз жаңа Қазақстанның гүлденіп көркеюіне бүгінгі күнде өз үлестерін қосуда. Демек, білім ордасының мерейтойы – университеттің өткен жолын тануға, тарихынан тағылым алып, болашақ үшін тың мақсаттар белгілеуге септігін тигізетін өнегелі іс-шара.

Ғасырлық ғұмырға аяқ басқан бүгінгі белес – Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің өресін кеңейтіп, өнегесін асыра беретін тағылымдық мәнімен айрықша қымбат оқиға. Үлкен де ұлағатты жолдарды артқа тастап, Ұлы Даланың Батыс аймағындағы қазақ білімінің қара шаңырағына айналған ұжым болашақта да зиялы ұстаздарды, талантты педагог-ғалымдарды тәрбиелей бермек.

Білім ошағын ұлағатты ұяға айналдырып жүрген университеттің профессор-оқытушылар қауымының бүгінгі білім бәсекесіндегі алар асуларының биік болатындығына күмән жоқ. Олардың ел игілігіне еңбек етіп, жас ұрпақтың бойына ұлттық рух пен дәстүрді, өркениетті әлем дамуының озық сипаттарын сіңірудегі ғасырға жуық уақыттан бері жалғасып келе жатқан даңқты дағдыларынан танбайтындығына кәміл сенімдіміз. Алдағы уақытта да университет өзінің құнды дәстүрлерін сақтай отырып еліміздегі жоғары педагогикалық білім беру жүйесінің көшбасшысы сапында бола бермек. Ұлы Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің мәртебесі жыл өткен сайын биіктерге көтеріліп, кемелдене түсетіндігіне де еш күмән жоқ. Ендеше, аға ұрпақтан алып қалған асыл мұра – білім отын өшірмей, бүгінгі жастар жүрегіне жаға білген, еліміздің жоғары білім жүйесінде лайықты абырой-беделі бар, қадір-қасиеті артық ұжым – университетіміздің 90 жылдық жылнамасы – өзгеше өрнектелген өнегелі тағылым, өсер ұрпақ, келер заманға дәстүрлі сабақ болмақ. Университетте 90 жыл бойы қалыптасқан ғылыми-педагогикалық дәстүр оның ертеңі үшін де маңызды. «Өткенін білмеген өткелден өте алмайды» демекші, Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің жылдар бойғы тәжірибесі – бір ғана ұжымның немесе білім ордасының өзімен-өзі тұйықталып шаң басып қалған соқпағы емес, алдыңғы толқын ағаларды кейінгі толқын інілерге жалғайтын мағынаға толы керуенді, тағылымды көшті ұрпақтар жолы.

Қазіргі таңда қазақ елінде зор қолдауға ие болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасында жаңа ұрпақтың табысты болуының ең іргелі басты факторы білім екенін салмақ сала айтамыз. Демек, күш – білімде, күш – бірлікте! Бүгінгі зейінді жас – білімге бейімді жас! Бұл біздің қанымызда бар қасиет. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Анық білеріміз, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетері кәміл. Осы

тұрғыдан келгенде биылғы жылы туғанына 219 жыл толып отырған Махамбет сынды қасиетті бабамыздың атындағы университеттің 90 жылдық мерейлі тұсында айтарымыз, университет – ұлт есеюінің, парасат әлемінің төлқұжаты. Университет – баланы даналыққа баулыр қасиетті орын. Тың ізденісті талап етер бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесінде Махамбет университеті – ұлттық рухани құндылықтар тұнбасы, ал білім ордасының тәжірбиелі ғалым ұстаздары – құнарлы топырақтан жаралған, ата-баба дәстүрінен нәр алған ұлттық қасиеттер құймасы. Ендеше, келер күндерде білім алған университеттеріміздің тың табыстарымен марқаялық, түлектеріміз университеттерінің мақтанышы болғай! Осы мерейлі сәтте баршамыздың берекеміз кетпесін! Бетеге кетсе, бел қалады, Бектер кетсе, ел қалады. Берекең кетсе, нең қалады?

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының бастамасына іргетасы қаланып, уақыт ағынымен бірге шаңырақ көтеріп, бірте-бірте еңсесі биік киелі білім ордасына айналған, мыңдаған мұғалімнің шеберлігін шындаған, ел еңсесін тік көтерер қабырғалы маман-кадрлар әзірлеген университет ұжымын мерейтойымен шын жүректен құттықтай келе, университеттің мәртебесі биік, ғалым-оқытушыларының көңіл-күйі көтеріңкі болғай демекпіз!

Әдебиеттер тізімі

1. Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым – Жомарт Тоқаевтың республикалық «Egemen Qazaqstan» және «Aiqyn» газеттеріне берген сұхбаты // «Egemen Qazaqstan» газеті, № 62, 2 сәуір 2019. – Б. 1-2.
2. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан» газеті, №70, 12 сәуір 2017. – Б.3-4.
3. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // «Егемен Қазақстан» газеті, № 223, 21 қараша 2018. – Б.1-2.
4. Айталы А. Ұлттық құндылықтарға сүйіну, ұлтсыздыққа күйіну // «Egemen Qazaqstan» газ., №66, 8 сәуір 2019. – Б.7.
5. Қазақ афоризмдері (Ақыл-ой антологиясы: бағзыдан бүгінге дейін). Құрастырушы Е. Шаймерденұлы, Алматы: Алматыкітап баспасы, 2012. – 320 б.
6. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. Оқулық. Орал, 2013. – 250 б.
7. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы.-Орал, 2017. – 364 б.

УДК 356.35 (574)

Сагитова А.Р., Мангушева Т.С.

*Саратовская государственная юридическая академия,
институт магистратуры,
г. Саратов, Россия*

КОНЦЕПЦИЯ РАЗВИТИЯ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В центре внимания государства, которое выбрало для себя демократический путь развития, всегда остается актуальным вопрос местного самоуправления. Как организуется местное самоуправление, какие задачи ставит перед собой и какими полномочиями обладает? Как можно эффективно управлять и развиваться на местном уровне? Как осуществлять взаимодействие с органами государственной власти?

Республика Казахстан переходит на новый этап развития общественно-политических, социально – экономических отношений, и всё это требует изменения системы управления обществом в целом. Изменяется не только система государственного управления, но должна развиваться и система местного самоуправления. Решение этой задачи непростое. При становлении местного самоуправления в Казахстане необходимо учитывать богатый опыт, накопленный в зарубежных странах, особенно постиндустриальных - ФРГ, Великобритания, Франция, США, а также стран, входящих в состав ЕАЭС. На территории этих государств местное самоуправление как институт существует более века. Немаловажным, на наш взгляд, является и опыт государств ближнего зарубежья - России, Белоруссии, Армении, Киргизии. Это позволяет проанализировать характер функционирования зарубежного местного самоуправления и избежать проблем, с которыми столкнулись другие государства.

В Казахстане есть и свой накопленный опыт решения местных задач с помощью местного самоуправления. Система местного управления в Республике Казахстан, компетенции местных представительных и исполнительных органов, порядок их организации и деятельности до 2003 года определялись Законом Республики Казахстан «О местных представительных и исполнительных органах Республики Казахстан», который был утвержден в декабре 1993 года. Данный Закон не только не разграничивал функции и полномочия между областным и районным уровнями власти, но и не устанавливал четкой грани между полномочиями центра и регионов. Ко всему прочему, этот Закон практически устарел после принятия Конституции и других законодательных актов. Согласно

Конституции Республики Казахстан, в 1995 году, в нашей стране признается местное государственное управление и самоуправление [1].

Текущее административно-территориальное устройство и система местного управления по сей день основываются на жесткой иерархии, поскольку центральные органы власти сохраняют значительную степень контроля над местными органами. В рамках нынешней системы в Казахстане существует 2 676 субнациональных органов власти, которые образуют различные уровни территориального управления: областной (включая города республиканского значения Алматы и Астану) районный (города районного подчинения) и муниципальный уровень (сельские округа, села и поселки). Местные органы власти играют важную роль в оказании как национальных, так и субнациональных услуг населению, несут ответственность за предоставление отчетности и контроль в отношении широкого круга услуг, в том числе: основных коммунальных услуг (вода, газ, электроснабжение, теплоснабжение, канализация и так далее), охраны окружающей среды, создания рабочих мест, общественного порядка и безопасности. Кроме того, местные органы власти отвечают за предоставление социальных услуг и программ социальной защиты, которые финансируются за счет республиканского бюджета, включая медуслуги и образование.

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев, выступил с Обращением к народу от 16 марта 2022 года и в его обращение раскрывается дорожная карта Нового Казахстана. Собственно говоря, в выступлении Казахстанского Лидера Новый Казахстан: путь к обновлению и модернизации есть ключи к будущему страны. Сейчас четко сказано, что Казахстан вступил в период обновления и модернизации. И одним из важнейших приоритетов реформы государственного управления в Казахстане является децентрализация местного самоуправления. Сильная система местного самоуправления является основой для непосредственного участия граждан в улучшении качества жизни на своей территории и местные органы власти будут децентрализованы. По мнению Президента Казахстана, шаги, которые необходимо предпринять в этом направлении, являются залогом развития регионов. Собственно говоря, Президент Казахстана заявил, что поручил учесть этот вопрос при разработке Закона о местном административном управлении. В этом контексте можно предвидеть коренную перестройку системы финансирования экономики регионов.

С момента получения независимости Казахстан осуществил ряд административных реформ для определения обязанностей органов управления на каждом уровне, унификации государственных структур и услуг во всех регионах, создания постоянной ресурсной базы для местных администраций. Реформа в сфере самоуправления предусматривалась конституционными поправками от 2007 года. Со временем органы власти на более низких уровнях обрели больше самостоятельности в сфере формирования и реализации политики и программ регионального развития. Впоследствии Казахстану рекомендуется увеличивать автономию регионов в целях обеспечения более эффективного выполнения новых обязанностей. Действия местных органов власти, несмотря на множество услуг, за которые те несут ответственность, во многом отражают иерархичность управления, в том числе процедуры централизованного планирования и принятия решений. Сосредоточение функций на уровне центрального правительства в значительной степени проистекает из ограниченности политического, административного и финансового потенциала местных органов. В то же время оно усиливает указанные недостатки, поскольку централизованность управления ведет к сокращению стимулов для укрепления местного потенциала. Это серьезно влияет на качество, эффективность и результативность предоставления государственных услуг. В соответствии с законом «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» (2001 год) устанавливались законодательные рамки взаимоотношений между центральными и местными органами, а некоторые функции центральных органов были переданы местным. Однако реализация данных положений в различных регионах страны произошла неравномерно, отсутствовала определенность в отношении обязанностей, функций и полномочий местных законодательных органов и различных субнациональных уровней управления. Ряд полномочий и обязанностей был делегирован субнациональным органам, но местные по-прежнему полностью подотчетны центральному правительству. Отсутствие горизонтальной координации между городами или регионами в конечном итоге препятствует сотрудничеству, которое помогло бы им добиться экономии за счет роста масштаба. Необходимо активное создание условий для участия граждан в местных процессах принятия решений. Казахстану нужно будет разработать механизмы, позволяющие местной общественности, гражданскому обществу и другим заинтересованным сторонам принимать участие в таких процессах. Местные органы должны регулярно информировать граждан, что позволило бы учитывать мнение общественности и развивать способность государственных учреждений эффективнее взаимодействовать с гражданами. Добиться этого можно при участии маслихатов и недавно созданных общественных советов – консультативных органов, которые служат каналом связи между общественностью и государственными органами местного уровня, с одной стороны, и национальным парламентом, с другой. Казахстан уже начал двигаться в данном направлении.

Идеальной модели нет и быть не может. С учетом различных факторов, влияющих на эффективность, на наш взгляд, более совершенной и подходящей моделью местного самоуправления является система с горизонтальным управлением, при которой каждый территориальный уровень власти

обладает собственной, исключительной компетенцией, не пересекающейся по кругу полномочий и обязанностей с вышестоящими уровнями управления. При соответствующей системе управления контроль над деятельностью местной власти осуществляют не верхние уровни управления, а население – либо непосредственно путем референдумов, выборов и других форм прямой демократии, либо через избираемые прямым голосованием представительные органы и должностных лиц. В этом случае центральные органы исполнительной власти – министерства, административные ведомства – в основном выполняют функции методического, прогнозного и аналитического свойства, а их решения носят для нижестоящих структур рекомендательный характер [2].

Указом Президента РК от 18 августа 2021 года утверждена Концепция развития местного самоуправления в Республике Казахстан до 2025 года, сообщает zakon.kz [3] Как следует из документа, развитие местного самоуправления и деятельность его органов в РК основываются на следующих принципах:

1. обеспечение условий для участия граждан в процессе принятия решений по вопросам местного значения и осуществления контроля за их исполнением;
2. учет мнения населения;
3. выборность органов местного самоуправления;
4. законность;
5. прозрачность, открытость и подотчетность органов местного самоуправления перед местным населением;
6. организационная, экономическая и финансовая самостоятельность органов местного самоуправления;
7. взаимодействие органов местного самоуправления и государственного управления на основе разграничения функций и полномочий, сотрудничества и взаимной ответственности за развитие городских и сельских населенных пунктов страны;
8. соблюдение общегосударственных интересов при решении вопросов местного значения;
9. поддержка местного самоуправления со стороны государства.

Основные ожидаемые от реализации Концепции результаты:

- принятие закона "О местном самоуправлении в Республике Казахстан" в 2023 году;
- переизбрание в течение 2021 - 2025 годов посредством прямого голосования местных жителей 2,5 тысяч акимов сельских округов - со второго полугодия 2021 года и до первого полугодия 2025 года;
- функционирование во всех сельских округах представительного органа - Кенеса - с 2024 года;
- охват маслихатов всех уровней онлайн-трансляцией заседаний - в 2022 году;
- введение прямых выборов акимов районов в областях - с 2024 года;
- создание к 2025 году интернет-ресурсов органов местного самоуправления;
- доведение инфраструктуры в 3,5 тысячах сельских населенных пунктах (опорных и спутниковых) до параметров региональных стандартов.

Концепция будет реализовываться по утвержденному главой государства Плану действий.

В заключении отметим, что в современном мире благополучие государства определяется эффективным использованием способностей граждан. Именно поэтому большинство развитых стран стремится к совершенствованию моделей местного самоуправления. Данный уровень власти наиболее приближен к населению, им же формируется, ему подконтролен и решает вопросы по удовлетворению основных жизненных потребностей населения. При рациональном построении местного самоуправления не только оптимально расходуются местные ресурсы, но и заметно повышается доверие населения к власти.

В целом, при рассмотрении опыта функционирования системы местного самоуправления зарубежных стран, мы отмечаем изобилие весьма показательных примеров эффективного развития данной сферы. С позиции задач, стоящих перед Казахстаном в плане дальнейшего совершенствования его системы местного самоуправления, важно осмыслить и творчески использовать этот опыт. Нужно не просто сделать копию системы местного самоуправления какого-либо государства, а создать свою с учетом исторических и местных традиций. На данном этапе развития такая задача встала и хочется пожелать на этом пути успехов в достижении цели.

Список литературы

1. Нурмагамбетов А.А., Ахметов С.К. Развитие местного государственного управления и самоуправления в процессе обеспечения конкурентоспособности современного Казахстана // Государственная политика в сфере обеспечения конкурентоспособности Республики Казахстан: пути достижения. ISSN 1563-0307 KazNU Bulletin. Philosophy series. Cultural sciences series. Political science series. - № 2 (43). - 2013.
2. Халикова Ш.Б. Перспективы: материалы международной научно-практической конференции, в рамках седьмых Мустафинских политологических чтений. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2006. – 15 с.
3. Местное самоуправление в зарубежных странах: информационный обзор. – М.: Наука, 1994. – 7 с.
4. Источник: zakon.kz от 27.08.21.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛДАРЫ

"Біз өткеннің сабақтарын ескеріп, алға қарай қадам басамыз. Халқымызға бірлік, даналық пен ұстамдылық қажет. Біз өз шешімдерімізді мұқият талдап, қадамдар туралы ойлануымыз керек. Патриотизм рухы жоғары халық әрқашан өз мақсаттарына жетеді. Біздің идеямыз-жаңа Қазақстанды құру. Бұл нені білдіреді? Жаңа Қазақстан-болашақта тәуелсіз Қазақстанның бейнесі. Өз елінің болашағына сенімсіздікпен қарайтын халық қуатты мемлекет құра алмайды. Тарихтан көптеген мысалдар келтіруге болады. Біздің болашағымыз дамытынына және Біз өз қолымызбен жарқын болашақ құратынымызға сенімдіміз".

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын жасады. "Геосаяси дауыл" жағдайында Қазақстан егемендікті, мемлекеттің аумақтық тұтастығын қорғауға және халықтың байырғы мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған саяси бағытты берік ұстануы керек [1, 2].

Жаңа Қазақстанды құру бағыты елдің даму парадигмасын өзгертуге бағытталған. Біз әр қадамды етене бірігу арқылы ойластырып, белгіленген жолмен нық жүруге міндеттіміз. Жаңа Қазақстанда біз әрдайым "әр түрлі көзқарастар, бірақ біртұтас ұлт" қағидатын ұстануымыз қажет-ақ. Президентіміз өз халқына жолдауында ымыраға келудің жоғары мәдениеті елдегі азаматтық ынтымақтастықты нығайтудың басты факторларының бірі болатындығын атап өткен болатын: «Біз надандық пен архаикаға, радикализм мен тәуелділікке, тұтыну мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрамыз. Біз өзара иеліктен арылуымыз керек және қоғамдағы өзгерістердің шындыққа деген сенімін жандандыруымыз керек. Біз адамдардың энергиясына, таланттарына және еңбекқорлығына сүйенеміз. Әрбір азаматтың өзін-өзі жүзеге асыруы үшін барынша қолайлы жағдай жасаймыз [2]. Тек осылай ғана біз халқымыздың жасампаздық әлеуетін арттыра аламыз. Тек осылай ғана біз өмірдің барлық саласында жаңа шындық жасай отырып, өзіміздің Реформация дәуірімізді құрамыз».

Ең бастысы-ел егемендігі, халық бірлігі мен тұтастығы. Шын мәнінде, бәріміз үшін де Қазақстанның тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Бұл тұрақсыз және құбылмалы әлемде біздің Қазақстанға бізден басқа ешкім мұқтаж емес. Сондықтан әрқайсымыз үшін елдің әл-ауқаты мен жеріміздің тұтастығынан артық құндылық жоқ. Бізді ең алдымен халқымыздың болашағы алаңдатуы қажет. Ата-бабалар өсиетіне адал болып, оны болашақ ұрпаққа аманат ету қасиетті парыз. Жаңа Қазақстан-жаңару мен жаңару жолы, бұл қазіргі ұрпақтың болашаққа деген өсиеті.

Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауы бүкіл әлемді алаңдатып отырған геосаяси жағдайдың күрт шиеленісуімен байланысты қазіргі заманғы тарихта бұрын-соңды болмаған қаржылық-экономикалық қиындықтармен байланысты жағдаймен тұспа-тұс келіп отыр. Президент Қазақстан азаматтық қоғамы қалыптасқан мемлекетке айналатынын алға тартты. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Жаңадан құрылатын облыстардың Абай, Ұлытау, Жетісу деп аталуында ерекше мән бар. Біз ұлан-ғайыр жеріміздің байырғы атауларын, ұлы тұлғаларымыздың есімін ұрпақ санасында жаңғырта береміз», – деп атап өтті. Қазақ халқының әрбір азаматының көкейінде жүрген мәселені шешу жолына арналған жаңа жолдау ел дамуы мен халқымыздың өмірінде біршама жаңашылдықтың болатынын көрсетіп бергендей. Жаңа Қазақстанның негізі саяси және экономикалық реформалардың үйлесіміне негізделуі керек екені баса айтылды.

Ел Президенті «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» жолдауында тәуелсіздікті сақтау керек екенін атап өтті. Мемлекет басшысы: «Осы күндерде жұртымыз тәуелсіздіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінді. Татулық пен тұрақтылық, тыныштық пен бейбітшілік қаншалықты маңызды екенін жете түсінді. Біз мызғымас бірліктің арқасында мемлекетімізді қорғап қалдық», – деді.

Президент өз жолдауында халқына салмақты ой тастап, дәлелді тұжырым жасай отырып, нақты бағыт ұсынды. Сондай-ақ «Конституцияның 30-дан астам бабына өзгерістер енгізу қажет», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы. Бұл аса күрделі өзгеріс. Мемлекеттік аппарат цифрлық құралдарды жаппай енгізу кезінде ғана іске асырылады. Осыдан кейін шенеуніктер бюрократиялық өкілеттіктерді қалпына келтіруге тырысып, жаппай реакция жасай бастайды.

Суперпрезиденттік басқару формасынан парламенттік басқару жүйесіне біртіндеп көшу жобасы – халық үнін естуші мемлекеттің бір тұжырымдамасы. Сонымен қатар жоғары басқарушы органдағы әкімдердің де партия құрамында болуы жұмысты едәуір көбейтетінін көрсетеді. Осы орайдағы Тоқаевтың ұсынысы – әркім өзінің міндетіндегі жауапкершілікті ғана атқаруға үндейді. Сондай-ақ сот жүйесіндегі тиімсіз реформаларды қайта қарап, елімізде әрбір азаматтың Конституциялық Кеңеске өз

шағымымен бара алуына жол ашу, сот жүйесіне деген сенімділік пен заңға құрметті арттыруға өз әсерін береді.

Президенттің жаңа жолдауы шынайы саяси жаңғыру мен кешенді реформаларға бастау боларлық тарихи маңызға ие. Бұл жолдауда қазақстандық қоғамды толғандырып жүрген өзекті мәселелердің нақты шешімі табылғаны, көкейкесті сұрақтарға жүйелі жауаптар берілгені, халықтың талап-тілектері барынша ескерілгені анық байқалып тұр. Жалпы алғанда, Президенттің жолдауындағы саяси жаңғыру мен реформалауға бағытталған жаңа ұсыныстар мен бастамаларды жүзеге асыру үшін ел Конституциясына 30-ға жуық өзгерістер енгізілуі тиіс екен. Әсіресе мемлекеттік-әкімшілік басқару жүйесін реформалау, ашық және мөлдір сайлау жүйесін құру, партиялық құрылысты демократиялық жолмен жетілдіруге бағытталған Президенттің саяси шешімдері баршаның көңілінен шығып, жалпықоғамдық қолдауға ие болуда. Қазақстанда бұрын орын алған суперпрезиденттік басқаруды тарихтың еншісіне қалдырып, жаңа кезеңде күшті Парламентке сүйенетін президенттік басқаруға өту – халықтың үніне құлақ асатын мемлекет құрудың сара жолы.

Бүкіл биліктің президенттің қолына шоғырлануы – қауқарсыз парламент, дәрменсіз үкімет пен солқылдақ сотты туындатып, биліктің үш тармағының Президенттің аузына қарап, шарасыз отыруына әкеліп соққаны белгілі. Мемлекет басшысы алдағы уақытта мұндай келеңсіздік жойылатынын, әр билік тармағы өзінің құзыретіне сай қызмет жасауы қажет екенін қадап айтты. Сонымен қатар Президенттің туыс-тумаларының мемлекеттік саяси лауазымды қызмет пен квазимемлекеттік сектордағы жоғары лауазымдардан шеттету отбасылық-кландық сыбайлас жемқорлыққа жол бермеудің кепілі болмақ. Президенттің мемлекеттік басқару жүйесін қағазбастылық бюрократиядан арылтуға бағытталған арнайы жарлығы жедел саяси шешімдер қабылдауға, тиімді әрі нәтижелі мемлекеттік басқаруға жол ашпақ.

Жалпы, Президенттің бүгінгі жолдауында ақиқат пен әділдікке сүйенбей, жаңа Қазақстан құру мүмкін емес екенін байқадық. Ендеше ең алдымен билік басындағы шенділерден бастап, қарапайым ел тұрғындарына дейін әділеттің ақ жолына түсіп, мемлекеттік жүйе мен құрылымдардың барлығы сыбайлас жемқорлықтан арылып, ел тәуелсіздігін мәңгі сақтап, байтақ еліміз бен жеріміздің бейбітшілік пен бақыттың мекеніне айналса деген тілегі көкейімізге үлкен сенім ұялатты.

Мемлекет басшысының кезекті жолдауы... Кезекті болғанымен, бұл жолдаудың орны ерекше. Қайғылы қаңтар оқиғасынан кейін үміт пен күдік араласқан кезеңде бұл жолдау тоннель артында шам бар екенін көрсетті. Күрделі геосаяси жағдай мен ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығына қарамастан, саяси реформалар болады. Оның кепілі – Мемлекет басшысы. Жолдаудың негізгі сарыны – осы. Мемлекет басшысы билік тармақтарының арақатынасына жете тоқтала келіп, мұндағы жүйелік кемшіліктерді еңсерудің жолдарын ұсынып қана қойған жоқ, бұл реформалардың негізгі мақсаттарын айқындап, себеп-салдарына тоқталды. Мемлекет азаматтардан құралатынын және азаматтың саяси белсенділігін арттыру, қоғамдық диалогты жаңа межеге көтеру тек қана азаматтық қоғам мен демократиялық қағидалардың арқасында орын алуы мүмкін екеніне тоқталып өтті.

Ең жоғары өкілетті орган болып табылатын Парламент палаталары депутаттарының саны қысқарып, сапасы артады. Депутаттарды тек партиялық тізім бойынша емес, сонымен қатар тікелей сайлау мүмкіндігі халық пен өкілді орган арасындағы байланысты нығайта түседі [3, 25 б.]. Депутаттардың қайтарымдылық қағидаларының енгізілуі депутат қызметін бағалаудағы маңызды тетік болмақ. Мәжіліс құзыретінің нығаюы заң шығарушы биліктің рөлін қайта қарауға серпін береді. Бұл логиканың артында Қазақстандағы саяси партиялардың рөлін нығайту, олар үшін қойылатын талаптар санын шектеу арқылы азаматтық белсенділікті саяси мәдениеттілік арнасына түсіру міндеті тұр. Әкімдердің сайланбалылығы, олардың халық алдындағы жауапкершілігінің артуы Мемлекет басшысының маңызды басымдықтарының бірі ретінде көрініс тапқаны аңғарылады. Аудан әкімдерінің сайланбалылығы, ауыл әкімдерінің құқықтық және қаржылық мәртебесінің артуы – жергілікті билік дербестігінің кепілі.

Аймақтағы күрделі геосаяси жағдай да, экономикалық мәселелер де тек мемлекеттік мүдде мен ел тәуелсіздігін басшылыққа ала отырып шешілуі тиіс. Соңғы жылдары ғаламда, аймақта, елімізде түрлі жағдайлар орын алды. Бұл – кез келген мемлекет үшін сын. Осы сынды өткере алған, өткеріп қана қоймай, бұл сындардан күшейіп шыққан мемлекеттің ғана ертеңі бар. Бүгінгі жолдау – қазіргі тұрақсыздық кезеңіндегі ертеңге деген үміт ұялататын жолдау [1,3].

Жолдаудың негізгі мазмұнында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елдің саяси жүйесін жаңарту туралы кешенді жобаны қабылдағанын айтты. Бұл барлық қоғам асыға күткен жоба болды. Құр науқан үшін реформа жасамау, тек қағаз бетінде жүзеге асқан, шын өмірде ізі де жоқ жалған көпірме сөз емес. Нақтылы қолға ұстайтын жұмыстар арқылы елдің жағдайын жақсартуды көздеген ел басшысы жобаларды ортаға қойып халқын қуантты: «Күшті президент, беделді парламент құруға күш салу. Өкілетті билік тармағын күшейту.

Президенттің құзыретін азайтып, Сенат пен Парламент құзыретін күшейту. Әкімдерді сайлауға реформа жасау. Сайлау жүйесін жетілдіру. Депутат сайлау алдында берген уәдесін орындамаған жағдайда Парламенттен кері қайтару. Сайлау үдерісін жаңғырту». Міне, бұл өзгерістер азаматтардың саяси белсенділігін арттырып, саяси жүйені жаңғыртуға өз серпінін тигізеді. Сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдарының өз ойы, журналистердің тәуелсіз сарапшы болуын атап өтті. Жергілікті қоғамдық

кеңестер құрамын түбегейлі жаңарту. Ұлттық кеңестің орнына одан да ауқымды Ұлттық құрылтай құруды ұсынды. Бұл сан түрлі саланы толық қамтыған ұйым болып, халық пен билік арасындағы көпір қызметін атқаратыны сөзсіз. Бұл жолғы жолдауда ортаға қойылған кешенді саяси жоба еліміздің саяси жүйесі мен әкімшілік құрылымын өзгертуге бағытталды. Бұл үшін 30 заң жобасын өзгертіп, жаңа 20 заң қабылдайды [4, 34 б.]. Ел басшысы бұл шаруалардың бірден бола қоймайтынын, жылдар бойы жаңа Қазақстанды бірге құруға халықты шақырды. «Елімнің ертең емес, бүгін бақытты болуы маңызды, бабалар аманатына адал болып, жаңа Қазақстанды бірге құрайық», – деп сөзін аяқтады. Елді ертеңіне сендіріп, болашаққа нық қадам жасауға серпін берген жолдау болды.

Жолдауда Президент: «Мұның бәрі оңай емес, біртіндеп қалыптасып, жылдар бойы жалғасатын үрдіс. Жұмыс бізден жоғары жауапкершілікті, елімізге және бір-бірімізге деген жанашырлықты талап етеді», – деді. Осы тұрғыда алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолымызда, яғни әрбір перзенттің жауапкершілігінде. Сондықтан халқымыз, әсіресе жастар қауымы, уақыттың кез келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек. Санасы сергек, заманауи технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өтеді.

Сонымен бірге Президенттің «Ең бастысы – еліміздің егемендігі, тәуелсіздігіміз бәрінен қымбат. Маған ең алдымен елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ» деген сөздері еліміздің әрбір патриотының жүрегін елжірететіні сөзсіз. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда. Сондықтан баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға бір кісідей жұмылуға шақырамын», – деді. Демек, мемлекеттің мықты болуы үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды екені сөзсіз. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміз ғұмырлы болсын!

Әдебиеттер тізімі

1. ҮМІТ ҰЯЛАТАТЫН ЖОЛДАУ. Шыңғыс Ергөбек, 2021. – 5 б.
2. https://egemen.kz/file/2022/03/17/ilovepdf_merged-26_compressed.
3. Қадырбек БАЙЖҰМАНОВ, «Бағыт-бағдарымыз айқын», 2020. – 57 б.
4. САЯСИ ЖАҢҒЫРУҒА БАСТАУ. Сейілбек Мұсатаев, 2019. – 87 б.

ӘОЖ 06.71.07

Тлесова А.Б., Хамидоллин Е.Ж.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ, Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАНДА АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Әлемдік экономиканың жаһандануы халықаралық бәсекенің күшеюі жағдайында мемлекеттің экономикалық, азық-түліктік қауіпсіздігі және Қазақстанның ұлттық тәуелсіздігін сақтап, оны күшейте алатын АӨК дамуында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету, АӨК-де интегрирлен генсалалардың ара-қатынасында қалыптасқан беталыстарды жеңудің барынша оптималды жолдарын іздеу және басқарудың жаңа, тиімді экономикалық механизмдерін әзірлеу ерекше маңызға ие болуда.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.А.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында яғни «Қазақстан-2050» Стратегиясында: «...ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында, ауқымды жаңғырту қажет» деген болатын [1].

Агроөнеркәсіптік кешендегі елдің азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыру арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысатын экономиканың маңызды секторының бірі болып табылады.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту – көбінесе ауылдық аумақтарды қолдау, ауылдағы әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту бағдарламаларының табысты іске асырылуына байланысты.

Қазақстан Республикасының АӨК одан әрі даму перспективасы бар: өткізу нарықтары, егістіктер, суармалы егіншілікті дамыту перспективасы бар, май, ет секторларының экспорттық позициялары күшеюде, ал астық пен ұн бойынша Қазақстан аса қысқа мерзімде әлемдегі ең ірі экспорттаушы елдердің қатарына кірді.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одаққа және Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелігі мүмкіндіктер ашады және сонымен бірге ішкі нарықта да, сыртқы нарықта да бәсекеге қабілеттілікке жоғары талаптар қояды. Осыған байланысты АӨК-ні мемлекеттік реттеудің рөлі аса маңызды.

Әлемдік экономиканың дамуы да, шикізат ресурстарының бар болуы да, экономикалық даму тұрақтылығының және қоғамның әл-ауқатының жоғары деңгейінің кепілі бола алмайды.

Қазір Қазақстанның алдында халық шаруашылығының мультипликативтік нәтиже беретін салаларын жедел дамыту міндеті тұр (елдің ЖӨ-дегі ауыл шаруашылығы өнім үлесі 2050 жылға 5 есеге өсуі керек), оның ішінде ҚР АӨК экономикалық дамудың жаңа драйвері болуға лайықты үлкен әлеуетке ие. Сондықтан, Қазақстанның АӨК алдында әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған ауылшаруашылық өндірісті тұрақты дамыту қажет. Оны жүзеге асыру үшін ҚР АӨК заманауи жағдайына баға беріп, оның тұрақты дамуын тежеуші мәселелерді анықтау қажет.

Ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігі мәселесінің күрделілігі жаңа жағдайларда ауылшаруашылық тауарөндірушілердің шаруашылық ету тәжірибесінің жоқтығымен ғана емес, бәсекелік жағдайларды диагностикалаудың әлсіздігі, АӨК-дегі әлеуметтік-экономикалық жаңартулардың ықпалын қажетті деңгейде бағалаудың жоқтығы, экономиканың аграрлық саласында дағдарысқа қарсы бағдарламаларды жүзеге асырудың күрделілігі жағдайларында анықталуда.

Сондықтан да, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті ауылшаруашылық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды зерттеп, қарастыру-бүгінгі таңда өте өзекті стратегиялық мәселе болып табылады.

Қазақстан – аграрлық ел ретінде агроөнеркәсіптік сектордың жандануына аса көңіл бөліп келеді, өйткені ол мемлекеттің жалпы ұлттық өнімінің өсуіне тікелей ықпал ететіні жасырын емес. Агроөнеркәсіптік сектор ауыл шаруашылығы өндірісінде өндірілетін өнімдерді өндіру, оны қайта өңдеу процесі және тұтынушыға қол жетімділікпен жеткізіп беру сияқты біріккен салаларды қамтиды. Агроөнеркәсіп кешенінің өркендеуінде ауыл шаруашылығына маңызды роль беріледі.

2021 жылы қабылданған халық шаруашылығының саласы Агроөнеркәсіптік кешенді жан-жақты дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы бірнеше мақсаттар мен міндеттерді біріктірген ірі жоба болып табылады [2].

Қазақстан Республикасының әртүрлі климаттық жағдайы және қалыпты жағдайы түрлі дақылдарды өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді. Ауқымды территорияны алып жатқан, сулы-нулы, қыратты да құйқалы жерді мыңғырған мал, жайқалған егістік, сүт-майсыз елестету де мүмкін емес. Оның үстіне мал шаруашылығы – қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі шаруашылығы.

Қазақстанның қазіргі ауыл шаруашылығы дәстүрлі түрде екі негізгі салаға басымдық береді: ол – мал шаруашылығы, яғни ірі қара мал (ет-сүт өндірісі), қой, жылқы, түйе, шошқа және ешкі өсіру, сондай-ақ шаруашылықтың едәуір бөлігі құс фабрикаларына да тиесілі; екіншісі – қазіргі Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытуға негіз болып отырған өсімдік шаруашылығы. Оның ішінде бидай өндірісі тек ішкі нарықта ғана емес, сондай-ақ сыртқы нарыққа да шығарылады. Ол қатарға күріш, қарақұмық, арпа, сұлы, тары және жүгері сияқты дақылдарды өсіру шаруашылығын жатқызамыз.

Еліміздің егіс алқаптарында қазір қант қызылшасы мен күнбағыс, рапс сияқты майлы дақылдар да елеулі орын алады. Оған алыс-жақын мемлекеттерде де сұраныс бар. Тоқыма өнеркәсібі үшін мақта және зығыр өсіріледі. Бұдан басқа, картоп, алма, қауын-қарбыз және жүзім сияқты дақылдар да ішкі рынокта, бір облыстан екінші облысқа тасымалданып сатылады.

Бүгінгі күні еліміздегі агроөнеркәсіп кешенінің алдында тұрған міндеттер өте көп. Соның бірі-ауыл шаруашылық өндірісін тұрақты дамыту, әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті және экспортқа бағытталған өнімдерді өндірудің өндірісін жандандыру, ал ең бастысы еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және 2022 жылға дейін осы саладағы еңбек өнімділігін арттыру.

Кесте 1- Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі көрсеткіші

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі | 2019 жыл | 2020 жыл | 2021 жыл |
|--|----------------------|----------|----------|----------|
| Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі | мың теңге | 2 466,0 | 3004,8 | 3350,7 |
| Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі индексі | өткен жылға пайызбен | 103,8 | 105,2 | 98,4 |
| Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлем индексі | өткен жылға пайызбен | 99,9 | 105,7 | 97,7 |

Ақпарат көзі: ҚР Статистика комитеті ақпараттарының негізінде автордың құрастыруы // <https://stat.gov.kz> [3]

Жалпы, ауыл шаруашылығының еңбек өнімділігі жылдан-жылға артып келеді. 2019 жылы 2446,0 мың теңгеден 2021 жылы 3350,7 мың теңгеге артқанын көреміз. Көптеген жылдар бойы мемлекет тарапынан агроөнеркәсіп кешенін дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Оған тиісті заңнамалық-нормалық база қалыптасып, арнайы мекемелер ашылды, түрлі субсидиялар қарастырылуда және осы салаға қажетті мамандар да даярлануда.

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» халыққа Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін еместігі айтылған болатын. Бұл салада шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелер бар [4].

Атап айтқанда, жұрттың жерге қол жеткізе алмауы, ұзақ мерзімге берілетін «арзан несиенің» болмауы, кәсіби мамандардың тапшылығы. Өнімділікті арттырып, шикізат өндірумен ғана шектелмеу үшін, сондай-ақ қойма және көлік инфрақұрылымын дамыту мақсатында шұғыл шаралар қабылдау керектігіне аса көңіл аударған болатын.

Елімізде ет, жеміс-жидек, көкөніс, қант, бидай, майлы дақылдар, сүт өнімдерін өндіру және өңдеу үшін 7 ірі экожүйе қалыптастырып, балық шаруашылығына да ерекше тоқталды.

Осы маңызды міндеттерді шешуде бірнеше шаралар қабылданды. Азық өндіру саласын дамыту жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған жол картасында төмендегідей стратегиялық бағыттарға аса мән берілетін болады [5]:

- Мал шаруашылығы бағытындағы шаруашылықтардың егіс алаңдары құрылымына қолда бар ауыспалы егістердің ғылыми негізделген нормаларға сәйкес келуі тұрғысынан талдау жүргізу;

- Шаруашылықтардың:
 - азықтық дақылдардың тұқымдарына;
 - азықтар өндіруге және дайындауға арналған техникаға;
 - мал шаруашылығы бағытындағы шаруашылықтарға ғылыми негізделген азықтық ауыспалы егістерді әзірлеуге және енгізуге жәрдем көрсету;

- Әрбір шаруашылықтың ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарын әртараптандыру жоспарын жасауын қамтамасыз ету;

- Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жерлерін жалдау шарттарын тексеру және оларды жер заңнамасының талаптарына сәйкес келтіру;

- Оригинаторлардың, элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының және және тұқым өсіру шаруашылықтарының азықтық дақылдар тұқымдарын өндіру бойынша әлеуетті мүмкіндіктерін талдау және қорытындылары бойынша еліміздің азықтық дақылдар тұқымдарын өсіруді дамыту жоспарын әзірлеу;

- Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау жүйесін реформалау кезінде азық өндірісін дамытуды ынталандыратын шараларды көздеу, оның ішінде құнарлы жем;

- Танаптар мен жайылымдардағы өсімдіктердің түрлік құрамын анықтау әдістемесін әзірлеу;
- Инвестициялық субсидиялау паспорттарының тізбесіне азық өндіру, азық дайындау және азықтарды сақтау инфрақұрылымын құруды қосу;

- Ауыспалы жайылымдардың жаппай енгізілуін және сақталуын, тамырын және үстіңгі бөлігін жақсарту есебінен жайылымдардың өнімділігі артуын қамтамасыз ету;

- Мемлекеттік қолдау шараларын қолдана отырып, жайылымдарды суландырудың тиімді моделі бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу;

- Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау шараларына ірі астық өндірушілердің жемдік астықтың бір бөлігін, майлы дақылдарды, қант қызылшасын өңдеуші кәсіпорындардың және құрамажем өнеркәсібі кәсіпорындарының жомды, күнжараны, сірнені және сығындыны жеке қосалқы және фермерлік шаруашылықтарға белгіленген бағамен міндетті сату жөніндегі қарсы міндеттемелерін енгізу;

- ҚР-ның әкімшілік аудандары бөлінісінде жайылымдық өсімдіктердің маусымдық жай-күйін және деградация дәрежесін жыл маусымдары бойынша жерсеріктік бағалау;

- ҚР-ның әкімшілік аудандары бөлінісінде ажыратымдылығы орташа жерді қашықтықтан зондау деректері негізінде есепке алынбаған жайылым жерлерді анықтау;

- ҚР-ның әкімшілік аудандары бөлінісінде жайылымдық өсімдіктердің өнімділігін жыл маусымдары бойынша жерсеріктік бағалау.

Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобадан күтілетін экономикалық әсер төмендегідей болмақ:

- Ø ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға еңбек өнімділігін 6,2 млн теңгеге дейін ұлғайту;

өңделген өнім үлесін 70 %-ға дейін жеткізе отырып, агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспортын 6,6 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайту;

- Ø ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысын 2019 жылғы 115,4 мың теңгеден 2025 жылы 230,8 мың теңгеге дейін арттыру;

- Ø 1 млн ауыл халқының табысын ұлғайту;

- Ø 1 млн ауыл тұрғынының табысын ұлғайта отырып, экожүйелерге 350 мың фермерлік және үй шаруашылығын тарту;

- Ø Ауыл шаруашылығында 500 мыңға дейін адамды жұмыспен, оның ішінде:

- 100 мың тұрақты жұмыс орнымен,

- 400 мың маусымдық жұмыс орнымен қамтамасыз ету.

Сонымен бірге, қосымша құн қалыптастырудың өзегі саналатын ірі жобалар маңызды рөл атқаруға тиіс. Вертикальді кооперация аясында жеке қосалқы шаруашылықтың әлеуетін пайдаланған абзал.

Жеке шаруашылық миллиондаған ауыл тұрғындарына табыс табуға мүмкіндік бере алады. Оларды өңірлік азық-түлік хабтарын құруға жұмылдыру керек.

Сонымен қатар, горизонтальді кооперацияның әлеуетін де естен шығармауымыз қажет. Онсыз агроөнеркәсіп кешенінде қарқынды даму болмайды.

Басы бірікпеген жеке қосалқы шаруашылықтар, шын мәнінде, өлместің күнін көріп отыр. Бұл ретте, сапалы әрі мол өнім өндіру, үздіксіз тауар жеткізу туралы сөз қозғаудың өзі орынсыз. Бәсекеге қабілетсіздік пен импорттан арыла алмай отыруымыздың себебі де осыда.

Кооперация кезінде жер және басқа да мүлікке қатысты барлық құқықтар сақталады. Кооперация шаруашылықтарға шикізат сатып алу, өнім өндіру және оны сатуды ұйымдастыру барысында күш жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Ауыл еңбеккерлерінің ауыр жұмысы тым арзан бағаланады. Бұл – жасырын емес. Табыстың басым бөлігіне алыпсатарлар кенеліп жатады.

Сондықтан, субсидия және салық жеңілдіктерін беру бағдарламалары аясында ауылдық жерлердегі кооперацияны ынталандыру үшін тиісті шаралар топтамасын әзірлеу қажет.

Кәсіби мамандардың тапшылығы, сондай-ақ аграрлық ғылымның ойдағыдай дамымауы – бұл саладағы қордаланған мәселелер. Осы бағытта атқарушы билік тарапынан нақты шаралар қабылдануы керек.

Осы саланың нормативтік-құқықтық тұрғыдан реттелуін қамтамасыз етіп, заманауи технологиялар мен инновацияны енгізу үшін экономикалық ынталандыру шараларын әзірлеу қажет.

Жоғарыда аталған шараларға толығымен көңіл бөлу Қазақстанда агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бірден-бір стратегиясы болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.А. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы, 17 қаңтар 2014 жыл.

2. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 732 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz>.

3. Қазақстан Республикасы Статистика Агенттігі ресми сайты // <https://stat.gov.kz>.

4. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы.

5. Азық өндіру саласын дамыту жөніндегі 2022 – 2025 жылдарға арналған жол картасы // <https://adilet.zan.kz/kaz>.

ӘОЖ 911.3

Тлесова А.Б., Габдуллина К.Т.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУ ТУРАЛЫ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Туризмнің қазіргі индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет көрсетулердің халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады.

Көрсетілетін қызметтермен экспорттық-импорттық операцияларды орындайтын сыртқы сауданың маңызды сегменті бола отырып, туризм "көрінбейтін" экспорт қасиетіне ие. Өнімі тұтынушыға тасымалданатын экономиканың басқа салаларынан ерекшелігі туризм адамдардың рекреациялық ресурстар шоғырланған орындарға көші-қонын тудырады, ал бұл ресурстар белгілі бір жерде тұтынылады.

Туризм, жалпы алғанда, мемлекет экономикасына үш оң нәтиже береді:

1. Шетел валютасының ағынын қамтамасыз етеді және төлем балансы және жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң әсер етеді.

2. Халықтың жұмыспен қамтылуын арттыруға көмектеседі. ДСҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша туризм индустриясында құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда пайда болатын 5-тен 9-ға дейінгі жұмыс орны келеді. Туризм экономиканың 32 саласының дамуына тікелей немесе жанама әсер етеді.

3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді [1].

Туризм әлем шаруашылығының аса ірі саласы болып қана қоймай, ең жылдам дамып келе жатқан саласы да болып табылады, оның өсу қарқындары экономиканың басқа салаларының өсу қарқындарынан 2 есе дерлік алда. Түйінді көрсеткіштер жағынан, оның ішінде инвестициялық салымдардың тиімділігі жағынан, туризмді мұнай өндіру өнеркәсібімен салыстыруға болады.

Туризм елдің барлық аймақтарының экономикасына белсенді әсер етеді. Туризм саласындағы шаруашылық жүргізуші субъектілерді құру және олардың жұмыс істеуі жол көлігін, сауда, коммуналдық-

тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуді дамытумен тығыз байланысты. Осылайша, Туризм индустриясы басқа экономикалық салаларға қарағанда мультипликативті әсерге ие.

Туризмнің жылдам және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық секторлары мен қоғамның әл-ауқатына күшті әсерін назарға ала отырып, Үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімдік даму бағдарламасында туристік саланы басымдық ретінде белгіледі [1].

Батыс Қазақстан облысында туризм саласын дамыту арқылы облыстың экономикалық деңгейін дамыту және жұмыссыздық деңгейін азайту, ЖІӨ көлемін арттыру мүмкіндігі бар.

Соңғы 5 жылда Батыс Қазақстан облысында келу және ішкі туризмге келушілер санының 15% - ға артқаны байқалады. Келушілер саны 2021 жылы 84%-ға артып, 76 180 адамды құрады. Ал 2022 жылдың 1 тоқсанында 37% - ға артып, 17,3 мың адамды құрады [2].

Батыс Қазақстан облысы туристік саланы дамыту үшін үлкен мүмкіндіктерге ие аумақтардың бірі болып табылады.

Батыс Қазақстан облысы тарихи туризмді дамыту үшін бай тарихи және мәдени мұраларға ие аумақ. Оның аумағында 6 мыңнан астам әртүрлі дәуірдегі археологиялық ескерткіштер және 500-ден астам тарих, сәулет және монументалды өнер ескерткіштері бар, олардың 14-і республикалық маңызы бар ескерткіштер болып табылады. Сонымен қатар, облыста балалар мен жасөспірімдер туризмі кластерін табысты дамытуға жәрдемдесудің ерекше басымдығында «Евразия», «Бивуак туристік-сауықтыру кешені», «Самал» және «Атамекен» туристік лагерлерін атап өтуге болады [3].

Жалпы Батыс Қазақстан облысының географиялық орналасуы, қолайлы климаты, минералды ресурстардың болуы, тек тарихи және балалар мен жасөспірімдер туризмі емес, сонымен қатар, емдеу-сауықтыру және маусымдық туризмін дамытуда үлкен мүмкіндікке ие аумақ болып табылады.

Аймақта табиғи және минералды ресурстардың болуы, географиялық орналасуы мен жағымды бизнес климатыда туризм саласын дамыту үшін инвестицияларды тартуға қолайлы жағдай туғызады.

Орналастыру орындарының болуы сапар үшін дестинацияны таңдау кезінде басты рөл атқарады. Олардың жеткілікті болуы және сервис деңгейі елдің ішінде де, сондай-ақ сырттан да туристік ағынның көлеміне маңызды әсер етеді. Батыс Қазақстан облысының туризм саласын жоғары деңгейге көтеру үшін инфрақұрылым деңгейін арттыру маңызды болып табылады. Қазіргі уақытта орналастыру орындарының саны облыс бойынша 76 бірлік, онда 2035 нөмір бар, бұл ретте біржолғы сыйымдылығы 4144 төсек-орынды құрайды. Орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі бойынша түскен табыс 661,8 млн. теңге болса, қонақүйлердің толтырылуы 16,9% ие болды [2].

Облыста темір жол, автомобиль жолы және су жолы көлігі дамыған. Темір жолдың жалпы ұзындығы 417 км қамтиды. Автомобиль жолдарының ұзындығы 8,5 мың км, оның ішінде 2,5 мың км жол асфальттанған. Негізгі автомагистралдары: Орал-Атырау, Орал-Ақтөбе, Орал-Орынбор. Жайық өзенінен Атырауға дейін кеме қатынайды. Қазақстанның ірі қалаларымен және кейбір шет ел қалаларымен әуе қатынасы бар [3].

Туристік ресурстар туристік инфрақұрылымды қалыптастырады. Туристік инфрақұрылымның құрамында екі негізгі элемент бар. Бірінші элемент – орналастыру және тамақтандыру қызметтерін, меймандостық қызметтерін ұсынатын кәсіпорындар. Екінші элемент – туристік өнімді қалыптастыруға қатысатын кәсіпорындар. Олар туристерсіз де жұмыс жасай алады, алайда туристік ағын дестинацияда ұлғайған кезде олардың экономикалық қызмет көрсеткіштері айтарлықтай жоғарылайды. Мұндай объектілерге ойын-сауық орындарын, мәдени-оқиғалық объектерді, ұлттық парктерді және т.б. жатқызуға болады. Батыс Қазақстан облысында туризмді дамыту үшін бірқатар жұмыстар атқарылуда. 2021 жылы 140 жаңа жұмыс орнын құрумен құны 10,8 млрд. теңгеге 4 жоба іске асырылған болатын («Set Sail Park» демалыс аймағы; «Green Park» демалыс аймағы 1-кезен; «Bavago» демалыс аймағы; «Атамекен» концерт залы) [4].

Бүгінгі таңда интернет ақпарат беру және алмасу функциясын атқарып қана қоймайды, сонымен қатар ілгерілету мен өткізудің жаңа жүйесін де қалыптастырады, ол туристік қызметтерді түпкілікті тұтынушылар мен ұсынушыларды тікелей байланыстырады.

Осылайша технологиялық дамуда турбизнеске қатысушыларды қолдау көрсету және саланы цифрландыруға жәрдемдесу әлеуетті туристердің туристік ұсыныстар мен жайлылық, броньдау мен туристік пакеті сатып алу процесінің жеңілдігі туралы хабардарлығын арттыру есебінен ішкі және келу туризмін дамытуға елеулі серпін береді. Туризм саласында цифрландыруды дамыту бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Туризмді насихаттау мақсатында қонақтар мен тұрғындар үшін туристік өнімдер әзірленді: www.visit-ural.kz сайты жаңартылды, «облыс туризмінің интерактивті 3Д картасы», туристік және киелі объектілер бойынша Виртуалды турлар, қоғамдық орындарда орнатылған ақпараттық-туристік терминалдар, виртуалды промоутер, облыс және Орал қаласының виртуалды дүңгіршегі, туркарта, туристік бағыттар, мұражайлар және т. б. туралы трифолдерлер бар [4].

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында белгіленген экономиканы әртараптаңдырудың басты бағыттарына және "Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығына сәйкес Қазақстанды 2050 жылға дейін ұзақ мерзімді дамытудың стратегиялық бағыттарына сәйкес елімізде тұтастай туризм саласын қарқынды дамыту бойынша бағдарламалар қабылданып келеді.

Жалпы Қазақстан Республикасы бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ішкі және келу туризмін ынталандыру мақсатында келесі қолдау шаралары енгізілді:

- туристік қызмет объектілерін салу, реконструкциялау кезінде кәсіпкерлік субъектілері шығындарының бір бөлігін өтеу (10%);

- туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілеріне сыйымдылығы жүргізушінің орнын қоспағанда, сегізден астам отыратын орны бар автомобиль көлік құралдарын сатып алу бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу (25%);

- кәсіпкерлік субъектілерінің жол бойындағы сервис объектілерін салу бойынша шығындарының бір бөлігін өтеу (10%);

- әрбір интурист үшін туроператорлардың шығындарын субсидиялау (15 000 тг);

- Қазақстан Республикасының аумағында әуе көлігімен 2 жастан 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмаған жолаушыларды қоса алғанда тасымалдау кезінде туристік өнімге енгізілген билет құнын субсидиялау (Kids Go Free) [4].

2022 жылға 5 млрд. теңге сомасына Батыс Қазақстан облысында 138 жаңа жұмыс орнын құрумен 8 жобаны іске асыру жоспарланған:

- Теректі ауданында қонақ үй құрылысы;
- Демалыс және су ойын-сауық саябағын салу;
- Ат спорты кешенін салу;
- Орал қаласында Шолу дөңгелегінің құрылысы;
- Мұражай ғимаратын күрделі жөндеу;
- Ауылдық Достық үйі мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеу;
- Хан Ордасы ауылдық мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеу;
- Ақжайық ауданындағы Чапаев ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешені [3].

Сондай - ақ, перспективада 2022-2025 жылдарға арналған жобаларды іске асыру жоспарланған:

Ø Ақсай қаласында «Intercontinental Hotel Group-HolidayInn» халықаралық франшизасы бойынша қонақ үй салу;

Ø 4 жұлдызды қонақ үй кешенін салу;

Ø Шалқар көлінде туристік қызметті ұйымдастыру;

Ø Қазақстан Республикасының Өңірлік туристификациялау картасының ТОП-50-іне енгізілген Хан ордасы музей-қорығының визит-орталығын салу [4].

Қазіргі уақытта, туризм саласы бірқатар аспектілер бойынша Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастарды қалыптастыруда көшбасшыға айналған сала болып табылады. Халықаралық және отандық тәжірибе көрсеткендей, туризм саласы аз уақытта экономиканың ең табысты салаларының қатарынан табыла алады.

Батыс Қазақстан облысында туризмді дамытудың басты мәселелеріне көлік жолдарының сапасы, "шектеулі әуе қатынасы", туристік орындардағы әлеуметтік инфрақұрылым деңгейінің төмендігі, туризм саласындағы қызметкерлердің біліктілігі, қонақ үйлер мен ұшу кезіндегі баға мен сапаның арақатынасы, туризм саласын мемлекеттік қолдаудың жағдайы, сондай-ақ әлсіз маркетинг пен брендинг жүйесі жатады.

Жоғары туристік ұсыныстың негізгі факторларының бірі туризм саласын жоғары білікті кадрлық персоналмен қамтамасыз ету болып табылады. Туристік өнімнің өнеркәсіптік тауарлардан өзгеше маңызды ерекшелігі адамдардың өндірістік процеске белсенді қатысуы болып табылады. Осылайша, адами фактор туризм саласының біртекті болмауына және сапасына қатты әсер етеді. Туризм индустриясында персонал ұйымның бәсекелік артықшылықтарының негізгі ресурстарының бірі болып табылады, демек туристік ұйымдарда қызмет көрсету сапасы қызметшілердің біліміне, шеберлігіне және саналылығына байланысты. Туристік салада мамандар тапшылығы, сондай-ақ оларды даярлау сапасының проблемасы ҚР туристік саланың орнықты әрі тиімді дамуындағы маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Туризм саласында жалпы білікті персоналдың жетіспеушілігі туристік қызметтер көрсету кезінде анық байқалады.

Батыс Қазақстан облысында туризм саласын дамытуға кедергі келтіретін мәселелерді шешу арқылы жаңа жұмыс орындарын құру, жұмыссыздықты азайту, жалақы деңгейін арттыру, аймақтың инфрақұрылымын дамыту, шетел валютасын мемлекет қорына тарту, экономикалық және мәдени тұрғыдан даму секілді бірқатар артықшылықтарға қол жеткізуге болады.

Қазіргі уақытта туризм саласының даму қарқыны орташа, ұлттық ауқымдағы әлеуметтік-экономикалық әсері мардымсыз. Елімізге туристік ағынды ұлғайту мақсатында кедергілерді азайту және саланы стратегиялық жоспарлау арқылы саланың әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау керек. Осы бағытта елімізде Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын [5].

Осы Бағдарлама туристер қызығатын орындарды дамыту және еңбек ресурстарын туризм саласына жаппай тарту, сыртқы және ішкі туристік ағынды түбегейлі өсіру, қолайлы туристік ахуал құру арқылы туристік салаға инвестицияларды ұлғайту, ішкі және халықаралық нарықтарда Қазақстанның туристік әлеуетін танымал ету, елдің туристік саласын толыққанды институттандыру арқылы туристік көрсетілген қызметтер мен өнімдердің қолжетімділігін және сапасын, сондай-ақ халықтың өмір сапасының деңгейін арттыруға бағытталған.

Бұл қабылданған Бағдарлама отандық туристік саланың тиімді дамуы үшін қажетті жағдай жасайды және 2025 жылы ЖІӨ құрылымында 8 %-дық үлеске қол жеткізу міндеттеріне жетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте ағымдағы жағдай талданып және саланың негізгі проблемалары айқындалды және шешілуі тиіс басты міндеттер анықталды.

Олар мынадай міндеттер:

- туристік ресурстарды дамыту;
- туристік ресурстарды дамыту;
- туристік дестинациялардың және объектілердің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру;
- елде қолайлы туристік ахуал құру;
- туристік саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру;
- маркетингтің тиімділігін арттыру және ұлттық туристік брендті ілгерілету;
- туристік саланы басқару жүйесін жетілдіру.

Елімізде туризмді дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Туризмді дамыту арқылы Қазақстанның экономикалық жағдайын жақсартып, бірқатар әлеуметтік мәселелерді шешуге болатыны да белгілі. Қазақстанда туризмді дамыту үшін барлық қажетті мәдени, тарихи, географиялық және климаттық жағдайлар жеткілікті.

Батыс Қазақстан облысында туризм саласын дамыту бағытында мынадай шараларды іске асыру қажет:

Ø көші-қон, визалық және тіркеу рәсімдерін, кеден және шекара бақылауын оңайлату мәселелері жөніндегі ұлттық заңнаманы жетілдіру;

Ø сырттан келушілер және ішкі туризмді дамыту үшін инвестициялау жүйесін құру;

Ø туристік және қонақ үйлік қызмет көрсетулердің сапасын арттыру;

Ø туристтерді қолдау және ақпараттандыру орталықтарын құру;

Ø туристік менеджментті тиісті деңгейде қамтамасыз ету;

Ø туризм саласында кадрларды кәсіби даярлау және ынталандыру жүйесін құру;

Ø туристік инфрақұрылымды дамытуды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

Ø туристік саладағы жеке бастамалардың дамуына жәрдем ету;

Ø облыстың туристік имиджін қалыптастыру;

Ø Батыс Қазақстан облысын әлемдік деңгейде жарнамалау жүйесін қалыптастыру.

Батыс Қазақстан облысында туризм инфрақұрылымын дамыту және инвестициялық ахуалды жақсарту мәселелерін шешу үшін мынадай шараларды жүзеге асыру қажет:

• жалпы пайдалану мақсатында және туристік мұқтажды қанағаттандыру үшін жол-көлік инфрақұрылымын жөндеу және дамыту;

• қолданыстағы және туристік аймақтардағы сумен, электрмен жабдықтау, көріздер және қатты қалдықтарды жою жүйесін, телекоммуникацияларды дамыту;

Жазушының оңай жеткен атақтың ұзаққа бармайтынын көрсететін шығармасы – «Қуыршақ» әңгімесі. Постреализм көрініс табатын бұл шығармаға Платонның «Человек - игрушка бога. Этому-то и надо следовать. Надо жить играя» – деген сөздері эпиграф ретінде алынған. Шығарманың бас кейіпкері актриса болуды армандайды. Болашақ актрисаға бүлдіршін кезінде қуыршақ сыйға беріледі. Қуанышымен бөлісуге асыққан бүлдіршін анасына сыйлығын көрсетпекші болады. Анасының басқа ер адаммен әуіе болғанын көргеннен кейін ол іштей тыңып, қуыршақтың өміріне қызығады, оған мынадай үндеуін жеткізеді: «Қуыршақ болған қандай рахат! Кел, екеуіміз өмірімізді айырбастайық!» [1, 78 б.]. Содан бері олардың жұптары ажырамады. Бой жеткен ол Еркебұланмен көңіл қосады. Махаббатты театрға айналдыру – жасандылық, ал театрды махаббатқа айналдыру – өмір. Осы сөздерді ойлап отырып, Еркебұланға деген сезімінің шынайылығына күмән келтіреді, тіпті не себепті екіге айырылғандарын есіне түсіре алмады. 4-курста білім алып жүрген актриса беделді режиссер Әмір Өшімбаевтың «жақсы ұсынысым бар, кешкісін кездесіп талқылайық» [1, 80 б.] дегеніне қарсылық білдірмейді. Кешке дайындалып отырған актриса қуыршағымен сырласады:

– Сен қалай ойлайсың? Ол дұрыс па әлде қате ме?

–.....

– Иә, бармағын басып, көзімді қысамын да, ел шулап жүрген примераның басты рөлін иеленемін! Ха-ха-ха! [1, 81 б.].

Таң ата примераның басты рөлін сомдайтынын естіді. Міне, атаққа жетті, әйгілі актриса болды. «Сүйкімді» журналында берген сұхбатында былай дейді: «Адамның басы – Алланың добы. Менің өмірдегі рөлімнің сахнада кездескеніне басында сеңе алмадым» [1, 83 б.].

Өткен күн – көрген түс. Өрлеу жолы кемуге кетті. Жастар актрисаны ысыра бастады. Уақыт өте көңіл қосқан Әмір Өшімбаев актрисаны жұмыстан шығарады. Көпке танылған атағы, беделі, барлығы көкке ұшты. Автор кейіпкеріміздің бәрінен айырылған күйін интерьер арқылы былайша көрсетеді: «Бір-екі орындық, жұпыны стол, еңсенді едетін ақшыл-қоңыр түсті қабырғалар, жалқы терезе. Төрде ілініп тұрған сағат шеті жоқ дәлізде аяғын сылтып басқан адамның жүрісі сынды «тық-тұқ» еткен дыбыс шығарып, жалғыз басты әйелдің жүрек соғысын есептеп тұрғандай».

Актриса «Екі бөлмелі пәтердегі жалғыз әйел», «Қуыршақпен тілдесу», «Жалғыздықпен бірге» атты моноспектакльдерді ойнауды әдетке айналдырды. Бір уақытта актриса «Неге менен көзіңді алмайсың?» [1, 86 б.], – деп қуыршаққа ашуланды. Үнсіз тұрған қуыршаққа тіл бітіп: «Сен-менің кейіпкерімісің! Қалай мен сияқты болған жақсы ма екен?» [1, 87 б.] – дейді. Қуыршақтың сөзін жазушы әжуа, мысқыл арқылы көрсетеді. Біза кернеген актриса қуыршақты шашынан ұстап, балконнан лақтырып жіберді.

Әңгіменің түйінін Қадыр Мырза Әлидің сөзімен тұжырымдағым келеді: «Абыройыңды жауып жүрудің өзі оңай шаруа емес!» Абырой – ардың ісі. Кең пейіл мен ақ ниетті болу – әркімнің-ақ парызы!

Автордың оқырманды толғандыратын келесі бір шығармасы – «Аноним» әңгімесі. Атынан-ақ белгілі болып тұрғандай, басты кейіпкердің аты-жөні, жасы белгісіз. Анонимнің жасөспірім шағындағы ауыр естелік оны суицидке, яғни өзіне қол жұмсауға итермелейді. Оқиганың басы бастауыш сыныпты тәмамдаған анонимнің бесінші сыныпқа аяқ басуынан бастау алады. Директор сынып жетекшілері Жанар Жұпаровнаны жақсы санатты, тәжірибелі мұғалім ретінде таныстырады. Мұғалімді таныстырғаннан кейінгі анонимнің өмірі адам ойламайтын арнаға ауысады. Есінен ешқашан кетпейтін, өмірлік өшпенділік ретінде мәңгілік қалған сәтті аноним секірмекші болған кезінде баяндайды. 16 Желтоқсан күні демалыстан кейін мектепке келген оқушылардан сынып жетекшілері сабақты кезек-кезек сұрайды. Анонимнің дайындықсыз келгенін көріп, оған ауыр сөздер айтып қана қоймай, үзіліске сұранған оны

сыртқа жібермейді. Тағы сұранды, тағы жібермеді. Үзіліске сұрана бергенше, сабаққа тыңғылықты дайындықпен келу керектігін қатты ескерткен мұғалім анонимнің басынан кітаппен тарс ете қалады. Ұстазының сөзі мен ісінен үрейленген аноним шалбарының жылып кеткенін сезеді. Мұны көрген Жанар Жұпаровна тиісті қолдау көрсетудің орнына оқушылармен бірге мысқылдап, кішкентай ғана оқушыны мазақ қылады. Ол аз болғандай, анонимді сол күні үйіне жібермей, кезекшілікке қояды. Қақаған аязда қатқан шалбарымен үйіне қайтқан аноним келесі күні ауырып қалып, мектепке бара алмады. Дегенмен бұл оқиға одан кейінгі күндері де қайталана береді. Кейін ата-анасының шешімімен нағашы ағасының ауылына көшіп, басқа мектепке ауысса да, басындағы қара бұлттан арылмады. Себебі уақыт өте аноним ұрпақ қалдыра алмайтынын ұғады. Басындағы теперішке бірден бір кінәлі ретінде сынып жетекшісін таныған ол жиналған қауымның сөзіне құлақ аспай, секіріп кетеді. Шығарманың соңында магиялық реализмді көруімізге болады, яғни ол мынадан көрініс табады: «Секіріп кеткен аноним сары түсті таксидің тас жолдағы шалшық суды бетіне шашып өткен кезінде ғана есін жинады. Тағы да өлмей қалған екен. Ол енді жеңімен бетін сүртіп, қараңғы көшеге қарай кетіп бара жатты» [1, 112 б.]. Биіктіктен секірген адамның түк болмағандай бетін сүртіп, өмір сүруін әрі қарай жалғастыруы – мүмкін емес жағдай. Алайда анонимнің одан кейінгі ғұмыр жолы осы дүниедегі өмір ретінде не арғы дүниедегі келесі өмір ретінде топшылау әр оқырманның өзіндік таңдауы болмақ.

Шығарманың түйіні ретінде біртуар жазушы Әбіш Кекілбаевтың мына бір сөздерін келтіргім келеді: «Адам нәсілін жер бетінде баяндатып тұрған бірден-бір күш – мейірім мен рақым ғана».

Басқа жазушылардың туындыларына назар салсақ, кейіпкер характерін ашуда ерекше қолтаңба танытып жүрген талантты жазушы Нұрғали Ораздың «Қайыршының жұлдызы» әңгімесіндегі басты жаңалығы – адамның өз заманын рухани жатсынуы. Болашағынан айналасындағыларға мол үміт күттірген жас актер аяқ астынан қайыр сұрап қайыршы болып кетеді.

Әңгімеде актердің тоғызыншы сыныпта оқитын қызы мектепте күртешесін жоғалтып алып, үйіне жалаңаш қайтқанда, суық тиіп ауырып жатып қалуынан, оған уақытында қайтадан киім ала алмағандықтан, ол осындай жолға түсіп кеткен сияқты суреттейді. Бұл жерде характер мен жағдай мәселесіне көңіл аудару қажет. Расында да актер жігіт өзін тұрмыс әкеліп қамалаған шарбақтан шығу жолын іздеді. Өзінің жұртты тәнті еткен таланты бұл жерде дәрменсіз екенін сезінеді. Ол айналасындағылардан көмек сұрап қол жайды. Әңгімеде жас актердің осы кездегі жағдайын жазушы: «Сол бір күндері оның қандай жан азабына түскенін көрсеңіз ғой. Өнер адамдарының көбінің көңілі нәзік, боркемік болып келеді емес пе, қатты күйгелектеніп, ұйқыдан да, күлкіден де қалып, екі жағы пышақ жаныған қайрақтай қушыып, көзі шүңірейіп, бар-жоғы бес-алты күннің ішінде абақтыға түсіп шыққандай азып-тозып кетті. Оның үстіне әлгі жоғалған куртканың орнына бір жылы киім сатып ала қоятындай ақшалары да болмады» [2, 7 б.].

Бас кейіпкеріміздің тар жол, тайғақ кешу жолында көмек қолын созған жан табылды да, ол – кавказдық бай кісі. Мәдени басқару ұйымдарынан көмек сұрау құр әурешілік екенін ұғынған актер басына қара бұлт төнген сәтте бірден сол жанды есіне түсірді. Кейіпкерге сыйланған бағалы киім пен қымбат тамақ секілді материалдық дүниелер уақытша ғана қуаныш сыйлады. Неге десеңіз, ол тек өзінің өнерін ғана емес, сонымен қатар бүкіл жан дүниесін саудаға салған болатын. Оның ғұмыр жолы басқа арнаға ойысты. Бас кейіпкердің басындағы қиындықты автор былайша баяндайды: «Қашан көрсең де тұнжырап, ауыр ойға батып жүреді. Өзі жоқта хабарласқан дос-жарандарына, театрдағыларға да телефон шалмайды. Үйіне келгенде кешкі асын апыл-ғұпыл асығыс ішіп, «Мені мазаламаңдар, шаршап келдім», – деп ерте жатып қалады» [2, 6 б.].

Адамның адамшылығынан тайып кетіп, өмір құндылықтарынан айырылуына аз уақыт та жетіп жатыр. Мұны жазушының шығармасындағы мына бір бөлігінен аңғауымызға болады: «Сол екі-үш жылда оның жаны мен тәні түгел қайыршыланып кеткен болатын. Көзқарасы, әсіресе көзқарасы тым аянышты еді. Үлкен -кіші, бала- шаға, кемпір-шал демей ол айналадағы адамдардың бәрінен қайыр-садақа дәмеккендей жаутаңдап қарайтын. Онымен әңгімелесуге, көңіл көтеруге, қонаққа баруға, жай әншейін қатар отыруға мүмкін болмай қалған-ды» [2, 6 б.].

Әңгімеде тағы өзіне назар аудартқызатын мәселе – адам жұлдызы. Жазушының да, жазушыға осы бір трагедиялық жағдайды айтқан келіншектің де, актер жігіттің де жұлдызы Бикеш болатын. Армансыз адам қанатсыз құспен тең. Ойлаған арманына анық жоспармен, нық қадамдармен жетуді көздеген бас кейіпкеріміздің ойы жүзеге аспады. Актер жігіт өзгенің көмегін қабыл алса да, өзіне-өзі көмек көрсете алмады. Өзінің рухани жан дүниесін сақтап қалу қолынан келмеді. Айналасына жалынышпен қарап қол жаю, өзін мүсіркеген көзқарасты іздеу аяқ-қолы балғадай, тепсе темір үзетін жас жігіттің рухани жұтанданғанын көрсетеді. Өзі өмір сүрген ортадан, айналасындағы адамдардан жатсынған актер жігіт тіпті өз-өзінен де жатсынып кеткен.

Бұл әңгіменің тұжырымы ретінде мемлекеттік қайраткер Әлішер Науаидың сөздерімен аяқтағым келеді:

«Өз халқының қамын жеп,
Қайрат қылмас кісіні,–
Атамаңыз адам деп,
Ұқсаса да мүсіні».

Тағы бір туындыларымен ерекшеленетін жас толқын өкілі, жазушы, сценарист – Сержан Закерұлы. Оның 2013 жылы жарық көрген “Арылу” кітабындағы «Ғасырлық меңіреулер» туындысы – бүгінгі қоғамның қалыпты жағдайға айналған өзекті мәселесін қозғайтын шығарма. Туындыда есімдері аталмайтын төрт қыз бір пәтерді жалдап тұрады. Оқиға күнделікті күйбең тіршіліктегі қарапайым диалогтан бастау алады. Дегенмен сол қысқа диалогтың өзінен өзгені кем санау, сөзбен зәбір көрсетуді «қалай, мылқауым» дегеннен-ақ аңғаруымызға болады. Құлағының мүкістігі бар қыз бұл үшеуі сыртқа беттей бергенде, өз-өзімен сөйлесіп, қоқыстарын шығарып, аула ішін тазалайтын. Өзегін өртеген өкінішін, бойына ұялаған қорқынышын белгісіз жанға хатта баяндайтын.

Бұрышта жиюлы тұрған орын көрпесіне тығылып, ашық тұрған есікке телмірген кезде, қалың жанары жәутендеген біреуді көргендей зәре-құты қашты. Таң атқанға дейін көз іле алмаған ол ақ паракқа «Ертең менің туған күнім!» деп жазды да, есікке тіс пастасымен жапсырды. Келесі күні пәтерлес қыздардың кенеттен оған гүл ұсынуы ол үшін тосын жайт болды. «Сен қаншаға толдың?» – деген сауалға ол былайша жауап қатты: «Өзім де білмеймін». «Туған күніңді жуайық» – деген ұсынысты естіген ол: «Қайдағы туған күн? Ой, ақымақтар, бұл мына есіктің туған күні» [3, 42 б.], – деп қыздарды таң қалдырды. Қыздар еріксіз күліп, шымшылай сөйледі. Бастамақ болған «Осыдан бір ғасыр бұрын...» – деген әңгімесін жалыққан арулар дереу тоқтатты.

Жексенбі күні базарға төртеуі шықты. Қара торысы шылымын алып, басқасы есікке құлып қарап тұрғанда, меңіреу қыз анасына шәлі алмақшы болды. Асханадан тамақтанып, сыртқа беттеген оларды сақал-шашы ағарған, ретті киінген, орта жастағы ақ құбаша кісі тоқтатып, оның қолын қысып амандасты. Содан екеуінің арасында мынадай диалог орын алды:

- Сенің көзіңе не болған?
- Көзімде сайтанның көлеңкесі тұр.
- Ха, ха, ха.
- Осыдан бір ғасыр бұрын...
- Ол кезде адамдар меңіреу болатын.
- Жоқ, қазіргі адамдар меңіреу...
- Балам, түн жаман екен. Маған әлдебір сұмдық ұрланып келеді.
- Иә, түн жаман. Менің қарсымадағы есіктің тесігінен сайтанның сағымы түседі [3, 45 б.].

Екі сағат уақыттың қалай жылдам өткенін ұқпай қалған олар үйге қайтты.

Елестен құтыла алмаған оның тағы да көз алдынан кәрі кемпір мен алты жасар қыздың жіпке асылған бейнесі кетпеді. Әлгінде базардан үш қызға сездірмей, жіп алып әкелген еді. Таң атты. Үш қыз оның көгеріп жіпке асулы тұрған денесін тамашалап тұрды.

Пішіндік жаңашылдығына ойыссақ, туындыда неоготика, яғни фәни дүниеде адамды жақсы ештеңе күтпейді, бақидағы өмірге үміт арту көрініс тапқан. Оны бас кейіпкеріміздің соңғы шешімінен байқаймыз. Сонымен қатар шығармадағы мистикаға қыздың көзіне көрінген елестер мен сайтан бейнелерін жатқызуымызға болады. Автор құпия һәм танылмайтын әлемдегі абыржыған адамды сюрреализм арқылы шебер бейнелей алды.

Туындыдан шылым шегу секілді зиянды әдетті, өзге адамды қорлау әрекеті буллингті, өз-өзіне қол жұмсау, суицидті көреміз. Өкініштісі, кейіпкерімізді бұл әлем түсіне алмады, ол да бұл дүниені түсінбеді.

Шығарма түйінін кейіпкердің өз сөзімен аяқтағым келеді: «Қазіргі адамдар меңіреу...»

Қорытындылай келе айтарым, жас суреткерлер қаламынан туындаған әңгіме өзегінде тайға таңба басқандай суреттей алған өмір шындықтары көзі қарақты оқырман сүйіспеншілігіне бөлене алды. Жаңа толқын өкілдері осыған дейін орныққан заңдылықтарды қатып қалмағанын және мәңгілік емес екенін танытуға, ашып аңғартуға баса назар қойды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ханшайым: Проза / Алмаз Мырзахмет. Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. – 192 б.
2. Нұрғали Ораз. Түнгі жалғыздық. Әңгімелер. Алматы: «Атамұра», 2008 ж. Б. 255, 134.
3. Закерұлы Сержан. Арылу: Проза. – Алматы: Жалын баспасы ЖШС, 2013. – 192 б.

ӘОЖ 341.98

Утегенова Г.Е.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

КӘСІБИ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІНІҢ БАСТЫ САПАСЫ - ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани

дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби билігі мол мамандарды қажет етеді.

Соңғы жылдары білім беру саласында болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. «Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік , жете білушілік ” ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, "кәсіптілік", "біліктілік", " кәсіби мүмкіндіктер " және т.б. түсініктерді біріктіреді. Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздіктің авторлары “құзыреттілік” және "құзырет” сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. "Құзыреттілік" - хабардар болушылық абыройлық ; " құзырет " - жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы.

Орыс ғалымдары В.А.Адольф, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Э.Ф.Зеер, В.А.Сластенин, Т.Ф.Лошакова, т.б. педагогикалық зерттеулерінде педагог кадрлардың кәсіби құзыреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтады .

Д.Дьюи, У.Уоллер, М.Мид, К.Юнг, П.Сорокин, Ф.Знаецкий сынды философтар кәсіби құзыреттілікті адамның ортаға үйренуіне қажетті әрекеттер түрі ретінде қарастырады. Олар адамның мамандығы оның белгілі бір нәрсеге деген қызығушылығын тудыратынын, көзқарасын қалыптастыратынын, мақсатқа жетуге талпындыратынын, ортақ пікір алмасуға жетелейтінін айтады. Д.Л.Томпсон, Д.Пристли кәсіби құзыреттілікті жүйелі түрде алынған білім мен жоғары моралдық нормалар мен педагогтік кодексінің нәтижесі ретінде анықтайды [1, 58 б.].

Құзыреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзыреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің , кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ маман өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым - қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек.

Мұғалім қоғам талабына сай өзін - өзі үздіксіз тәрбиелеп отыратын, ортамен, адамдармен, балалармен, қарым - қатынасқа тез түсе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана оның бойынан кәсіби құзыреттілігі анық байқалып тұрады .

Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Біздің түсінігімізше, музыка мұғалімі маманының кәсіби құзыреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі , оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру дайындығына , былайша айтқанда , іскерлігі мен мүмкінділігіне сай жұмыс істеу қажеттілігінен келіп шығады . Осы іс - әрекеттерді бұл жүйеде тікелей бақылау қиын, өйткені ол кәсіби іс - әрекет үдерісіне және нәтижесінде жанама түрде байқалады.

Болашақ музыка мамандары өз бойына өнердің сан қырын сіңірген сөйлеу мәдениеті, кәсіби - педагогикалық, музыкалық орындаушылық дайындығы жоғары қабілетті, іскер, адеміпаз маман болуы тиіс . Бәрімізге аян , музыка адамның қиялын , талғамын , мәдениетін, энерге деген сүйіспеншілігін дамытады.

Музыкалық іс - әрекеттер барысында болашақ маманның бойында музыкалық талғам дамытылады , музыкаға деген сүйіспеншілік нығаяды , музыка , ән тыңдауға , әндерді хормен орындауға тәрбиеленеді . Музыкалық тәрбиенің табысты болуы көбіне – көп мұғалімінің шеберлігі мен даярлығына , сондай - ақ музыка шығармаларының қажетті жазбаларымен және оларды тыңдау құралдарымен қамтамасыз етілуіне байланысты болмақ.Тәрбиенің аса маңызды құралы - өнер. Оның ішінде өте кең , сан қырлы ұғым – музыка өнері. Ол – мәдени тағлым, асқақтаған күймен дамыған, ғасырлар үнінің жемісі . Музыка жалпы өмірдің, бүкіл дүниенің қимыл іс- әрекетін бейнелейтін, диалектикалық құбылыс. Музыка - әлем тіршілік ететін адамзат және әр түрлі құбылыстардың өз ара қарым - қатынасын, сырласа үндесуін сезімге жеткізіп отыратын құрал. Қандай музыкалық шығарма болмасын, оның адам жанына әсері мол, эстетикалық, музыкалық талғамын дамытады.

Құзыреттілік – тұлға бойындағы белгілі бір пән бойынша алған нәтижелі білімнің білім, білік, дағдыларынан көрінуі.


Музыка мамандарына музыкалық тәрбие беру – бұл күрделі, жан - жақты әрі ұзақ үрдіс. Болашақ мамандарының музыкаға қызығушылықтарын, музыкалық шығармаларды орындау дағдыларын қалыптастыру, оқу - тәрбие үрдісіне ендіру - өз алдына зерттеуді қажет тұтатын проблема [2, 20 б].

Музыка пәнінің болашақ ұстазы жоғарғы оқу орнында оқып жүру кезінде мамандандырылған вокалды түрде ән айтуға қатысты мақсатты, бағытты меңгере отырып олардың орындау шеберлігінің жоғарғы көрсеткіштерін қол жеткізуге сөзсіз ықпал етуші вокалды академиялық ән айту дағдысын жетілдіреді. Сонымен, вокалды айту әдістемесі студенттерге вокалды өнер бойынша негізгі теориялық

білім берумен тұжырымдалады: дауыстық, музыкалық және көркемдік орындау дағдысын дамыту; сондай - ақ шетелдік, орыс- қазақ және қазіргі таңдағы композиторлардың ең жақсы үлгісіне олардың музыкалық мәдениетін тәрбиелеу міндеттері болып табылады :

- дауыстық аппаратты меңгеру ;
- дұрыс вокалды дыбыс туындату ;
- регистрлерді, кантилендерді, легато, стаккато, трель, арпеджио , филировкаларды және дыбыстық серпілістерді түзетуге қатысты вокалды - техникалық әдістер мен жаттығулар жатады;
- ән айтудың маңызды кезеңдерін сараптау: жұтқыншақ, дауыстық байланыс, тыныс алу және резонаторлар жұмысының өзара байланысы; дауыс регистрлерін түзету, дыбыстың жоғарғы ұстанымын меңгеру, дауыстылардың толық дөңгеленген күйде дыбысталуы дикцияның нақтылығы - дауыстылардың белсенді дыбыспен айтылуы орыс және қазақ тілдерінің орфоэпиясы ;
- өзіне қатысты (әншінің гигиенасы және күн кестесі тыныс алу дикциялық және вокалды жаттығулар) және вокалды шығармалар (орындаушылық жоспар) бойынша өз бетімен жұмыс жасау.

Музыка пәні мұғалімінің қызметі негізінен әлеуметтік мәнге ие. Өйткені оның әрекеті оқушы тұлғасын жалпы адамзаттық құндылықтарға музыка өнері арқылы тәрбиелеп, баланың шығармашылық мүкіншілігін барынша ашуға бағытталған. Музыка мәдениетінің қызметкері ретіндегі мұғалімнің миссиясы да өте жоғары, оның бұл әрекеті музыкалық-қызметпен нақты көрінеді. Музыка мұғалімінің кәсіби шеберлігі, негізгі кәсіби қызметтерді толығымен меңгеруден бастау алады.



1 сурет – Негізгі қызмет түрлері

Музыка әлемін түсініп қабылдауға талдай білуге эмоционалдық сезімталдығын қалыптастыруда жалпы жан-жақты білімді, мәдениеті болып өсуіне әсер етуіне мектептегі музыка сабағының алатын орны ерекше. Бала мектеп табалдырығынан алғаш аттаған күннен бастап, дұрыс ұйымдастырылған өз мамандығының шебері, творчестволық фантазияға бай, арнайы аспапты еркін меңгере алатын мұғалім сабағынан дәріс алса және ол шебер мектепбағдарламасына сай әрі қарай жалғасып жатса, бұл орайдағы

алға қойған мақсаты қалтқысыз іске асар еді. Әйтседе бүгінгі қолда бар методикалық құралдарды дұрыс пайдаланбаса, өз ісіне жауапкершілікпен қарамау арнайы жабдықталған музыка кабинетінің технологиялық құралдарының жоқтығы музыка сабағының деңгейін жоғары дәрежеге көтерілуіне мүмкіндік бермейді. Балаға музыка сабағының басқа пәндерден ерекше екендігін сезіндіретін-музыка мұғалімі. Мұғалім шығарманы өз қалауымен тандап алады.

Музыка мұғалімі бойындағы қасиеттер - мәдениеттілік, ұстамдылық, балаларға деген сүйіспеншілік, адамгершілік және оқушыларға ерекше әсер етеді. Мұғалімнің ұқыптылығы, адалдығы, оқушыларға деген мейірбандығы, еңбекқорлығы, қарапайымдылығы-жас ұрпақты тәрбиелеудің көзі.

Музыка мұғалімінің этикалық мәдениетінің ең басты нормаларының бірі - мейірімділігі. Бұл қасиеттің болмауы - музыкамұғалімі оқушыларға дұрыс тәрбие бере алмайды деген сөз. Сонымен қатар мейірімділік сыныпта мұғалім мен оқушылардың арасында өзара түсінушілік атмосферасын құруға мүмкіндік туғызады. Әрине, бұл мектептегі музыкалық білім беру үрдісінде өте маңызды қажет. Себебі оқушылардың және жеке тұлғаның дамуына ең алдымен мейірімділік керек. К.С.Станиславскийдің ойынша, егер адамдарға деген мейірімділік болмаса, оны болдыруға тырысу керекдей келе, жаман қасиеттер - қызғаншақтық, сенбеушілік, қорқыныш сияқты қасиеттерді бойдан қуып, қуанышқа есік ашу керек. Музыка мәдениетінің қызметкері ретіндегі мұғалімнің миссиясы да өте жоғары, оның бұл әрекеті музыкалық-қызметпен нақты көрінеді.

Мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігі, оның педагогикалық әрекетінің, педагогикалық қарым-қатынасының қалыптасуы және педагогикалық сана-сезім, мұрат, құндылықтар идеясын қолданушы мұғалім тұлғасын анықтайтын мұғалімнің білім, білік және дағдының қажетті жиынтығын игеруі ретінде түсіндіріледі.

Мұғалімнің жеке ән салу құзыреттілігі, Музыка пәні мұғалімінің сабақтағы әрекетінің бірі - балалардың музыканы тандап одан әрі жаттап алуы үшін сол шығарманы өз орындауында, жеке әншілік әрекетімен жеткізгені жөн. Бұл сүйемелдеумен баланы жеке орындалатын классикалық, халықтық, шығармалар болуы мүмкін. Осы кезде мұғалім өзіне сезімділігін, шеберлігін жеке орындаудағы бейімділігі мен дағдысын көрсете білу керек. Сол орындап отырған туындының стилін, дәуірлік ерекшелігін, композитордың өзіндік стилін бәрін сақтай отырып жеткізсе бұл мұғалімнің білімдігі мен қатар тәжірибесі мол шеберлігін де танытады.

Музыкалық аспапта ойнау құзыреттілігі, музыка сабағында мұғалім музыкалық орындаушылықтың әртүрлі аспапты меңгерген орындаушы ретінде көрінеді. Аспаптық орындаушылық түрлері шығарманы жеке орындау; оқушыларды музыкалық аспаппен сүйемелдеу, басқалармен бірге ансамбльде ойнау.

Дирижерлық ету құзыреттілігі, музыка сабағындағы музыкалық орындаушылықтың негізгі түріне хормен, оркестрмен, музыкалы-композициялар мен дирижерлық жасау әрекеті жатады.

Әртістік шеберлік құзыреттілігі, музыка мұғалімінің әртістік шеберлігі көркемдік-коммуникативтік әрекетін эмоционалды-экспрессивті, көркемдік-интеллектуалдың, көркемдік-операциялық жағынан интеграциялайды [3, 320 б.].

Бұл біріншіден, мұғалім өзінің іс-әрекеті шеберлігінің арқасында балалармен тең рухани сенімді, өнегелі қарым-қатынасын одан әрі жалғастыру үшін жоғары-эмоционалды сипатта жұмыс істейді. Екіншіден, музыканы әртістік өнегелігімен оқушыларды өнерді өздігінен тануына жол ашады. Үшіншіден, музыканы әртістік шеберлікпен ойнау арқылы оқушылардың сенімдік әрекетіне әсер етіп, жаңа мінез-құлық қалыптастырады. Балалардың музыкаға деген қызығушылығы артады.

Оқушыларға белгілі білім жүйесін бере отырып, әрбір музыка мұғалімі оны бүгінгі күннің талабына сай ғана емес, сонымен қатар ертеңге де қажетті деп ойлағаны дұрыс.

Музыка жетекшісі болашақ мамандардың музыка өнері жөніндегі түсінігін кеңейтуде, ой-өрісін дамытуда заман талабына сай құрылған музыка сабағын жүргізеді. Музыка арқылы әсемдік әлемінің таңғажайып сырын терең түсіндіріп, көркемдік атаулыны шынайы сезінуге, одан рухани ләззат, әсер алуға, өмір жайлы ой толғауға, ізгілікті мұрат-мақсаттарға жетелеп, өнегелі істерге баулиды. Осы маңызды міндеттерді орындау үшін маман бойындағы қабілеттілікті дамыту керек. Ал, жалпы музыкалық қабілетті дамыту үшін оқытушы «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы қажет. Сонда ғана ол – әнші, музыкант, актер, әдебиетші, тарихшы қысқасы, ғылымның әр саласынан хабардар, бүгінгі күн талабына сай құзыретті маман бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Муравьев Е.М. Компетентностный подход как одно из оснований обновления образования // Народное образование, № 5. - 2003. - С. 55-64.
2. Утегенова Г.Е. «Болашақ музыка мұғалімінің вокалды меңгеру үрдісіндегі кәсіби құзыреттілігі» магистрлік диссертация. - Б.15-50.
3. Равен Дж. Компетентность в современном обществе : выявление, развитие и реализация: Перевод с англ., М., 2002.

РОЛЬ ТЕМАТИЧЕСКОГО ЭЛЕКТРОННОГО КАТАЛОГА КАК УЧЕБНОЕ СРЕДСТВО В ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ ПО НАПРАВЛЕНИЮ ИСКУССТВО

Условия XXI века диктуют инновационный характер стратегии образовательной деятельности вуза, которая направлена на максимальное вовлечение научно-исследовательской работы в образовательный процесс, на применение новых технологий обучения, ориентированных на изменившиеся условия современного мира, на формирование новых комплексных, образовательных программ и подготовку решений для усовершенствования образовательных стандартов.

Сегодня одна из актуальных проблем - проблема качества образования, которая объединяет ученых - педагогов, учителей - практиков Республики Казахстан. Поистине бесценным богатством нашей земли являются люди, которые создают, творят, обеспечивают будущее нашего государства - педагогические работники вузов, средних специальных заведений, школ.

В настоящее время следует обратить внимание на решение вопроса подготовки специалиста, способного конкурировать на мировом рынке труда, повышения уровня профессионального мастерства педагогов.

В связи с этим имеется потребность в инновационных методиках, новых педагогических идеях, новом научном слове ученых - педагогов.

Использование в учебном процессе качественные наглядные ресурсные материалы на примере каталога необходимо при подготовке специалистов «Изобразительное искусство и черчение», «Художественный труд и дизайн в школе» так как образование становится увлекательным и востребованным, возрастает мотивация студентов.

К ресурсам сохранения популяризации культурного наследия Казахстана обычно относят такие визуальные материалы как каталоги, иллюстрированные альбомы, иллюстрации, презентации, слайды, стенды.

Выбор того или иного визуального материала определяется исходя из учебных задач, степени владения преподавателем той или иной методикой, контекста ситуаций.

Визуальный ресурсный материал тематический электронный каталог по изобразительному искусству «Современные художники Западно-Казахстанского региона» направлена на развитие творческих способностей студентов: логического мышления и способствуют активному формированию познавательных интересов [1, с. 480].

В процессе обучения особую роль играет принцип наглядности. Принцип наглядности заключается в целесообразном и эффективном привлечении органов чувств к восприятию, осознанию и переработке учебного материала. Наглядные пособия тематический электронный каталог - это одно из важнейших средств развития грамотного профессионального знания, а их использование современным педагогом является обязательным для методически точного и грамотного построения процесса обучения.

Наглядный тематический каталог используются на различных этапах учебного процесса: при объяснении нового материала, при закреплении его учащимися, во время повторения изученного материала и при проверке знаний учащихся, а также в самостоятельной работе студентов.

Правильное использование наглядности на занятиях способствует формированию четких пространственных и визуальных представлений, содержательных понятий, развивает творчески потенциал, помогает на основе рассмотрения и анализа конкретных явлений прийти к обобщению, которые затем применяются на практике. Применение различных средств наглядности активизирует учащихся, раскрывает творческие способности и тем самым помогает их развитию, способствует более прочному усвоению материала, дает возможности для профессионального роста.

Значение наглядных пособий каталога в преподавании любого предмета трудно переоценить, без них невозможно организовать учебный процесс. Наглядные пособия тематические электронные каталоги призваны реализовывать один из важнейших принципов педагогики и дидактики – принцип наглядности [2].

Следовательно, на основании выше изложенного представляется возможным говорить о научной новизне тематического электронного каталога по изобразительному искусству, которые выступают в качестве ценных косвенных источников для изучения произведений искусства, а также позволяют составить представление о составе представителей современного искусства, а составление тематического электронного каталога дает представление о динамике развития изобразительного искусства.

Тематический электронный каталог по Изобразительному искусству «Современные художники Западно-Казахстанского региона»

Каталог - справочное, информационное или рекламное издание, основу которого составляет систематизированный перечень описаний произведений искусства, товаров, документов (в т. ч. изданий), услуг и т. п., которыми располагает музей, библиотека.

В каталоге представляются образцы живописи и скульптуры. В каталоге содержится информация о картинах и скульптурах. Каталог включает статьи исследователей. Издание адресовано искусствоведам, культурологам, а также всем ценителям искусства.

Музейный каталог-содержащий перечень предметов (полный или частичный), находящихся в музее (музеях), и их описание.

Каталог-резоне - научное исследование, включающее все известные произведения определённого художника.

Принципы создания каталогов-резоне.

Каталог-резоне отличается от выставочного каталога или книги тем, что в нём невозможно вольное или выборочное представление работ, поскольку каталог-резоне должен исчерпывающим образом освещать творческий путь автора.

В первую очередь каталоги-резоне составляются для ученых, предоставляя в их распоряжение заслуживающую доверие полную и исчерпывающую базу работ определенного художника. Создание каталога-резоне занимает долгие годы, а порой и десятилетия.

Репродукции работ в каталоге-резоне располагаются по хронологии, каждую работу сопровождает информация о размере, технике, участии в выставках, всех упоминаниях в научных монографиях и статьях, провенансе работы [3, с. 23].

Государственный каталог представляет собой электронную базу данных, содержащую основные сведения о каждом.

Многие наглядные пособия – тематического электронного каталога, некоторые модели, абаксы для индивидуального пользования, палетки, некоторые виды раздаточного материала и т. п. – могут быть сделаны самими учащимися. При изготовлении того или иного пособия, у учащихся неизбежно возникает интерес к нему, появляется желание разобраться в его назначении и структуре. А это приводит к лучшему пониманию и лучшему усвоению учебного материала.

Когда тематически электронный каталог выступает как источник знаний, оно особенно должно подчеркивать существенное - то, что является основой для обобщения, а также показывать несущественное, его второстепенное значение.

Знакомя с новым материалом, нужно использовать электронный каталог с целью конкретизации сообщаемых знаний. В этом случае наглядное пособие выступает как иллюстрация словесных объяснений.

Согласно «методической пирамиде», эффективность такого вида деятельности, как «работа с наглядными пособиями», достаточно высока – 30 % усвоения информации. А можно ли еще увеличить этот процент? - Оказывается, можно, если руководствоваться китайской пословицей: «Скажи мне - и я забуду. Покажи мне - и я запомню. Дай мне сделать самому - и я пойму». Можно (и нужно!) использовать для демонстрации стандартные наглядные пособия, а можно пойти еще и другим путем: самим изготовить оригинальные пособия с обязательным привлечением к этой работе учащихся.

Такие коллекции обогащают учебные кабинеты, являются ценным наглядным пособием, которое помогает педагогам укреплять и углублять знания учащихся [4, с. 62].

Сохранение культурного наследия – одна из актуальных проблем современности. Разработка электронных каталогов изобразительного искусства позволяет документально зафиксировать произведения искусства, ввести их в научный оборот и таким образом способствует сохранению культурного наследия. Каталогизация является одним из важнейших этапов в учебном процессе обучения.

Каталог – систематизированный список, перечень однородных предметов, результат научной работы по изучению и систематизации художественного собрания; вид полиграфической продукции. В данном определении устанавливается в качестве критерия для более точной классификации территориальную закреплённость каталогизируемых предметов. С точки зрения информационного подхода к художественной культуре, представляющего ее в качестве целостной информационной системы, которая включает не только, собственно текст произведения искусства, «культурную форму», но также все последующие его интерпретации и воспроизведения - артефакт культуры, каталог является самостоятельной документальной формой представления культурных форм и артефактов художественной культуры. В классификации информационных ресурсов художественной культуры, предложенной автором, каталог отнесен к информационно-вспомогательным материалам [5, с. 96].

Таким образом, изучив сущность электронного каталога, рассмотрев основные виды, связанные с выбором наиболее эффективного методов сохранения культурного наследия можно сделать следующие выводы:

- Наглядность помогает воссоздать форму, сущность явления, его структуру, связи, взаимодействие для подтверждения теоретических положений;
- Наглядность приводит в состояние активности все анализаторы и связанные с ними психические процессы;

- Наглядность формирует у учащихся визуальную и слуховую культуру;
- Наглядный материал служит внешней опорой внутренних действий, совершаемых учащимся под руководством педагога в процессе овладения знаниями;
- Применяя наглядность, активизируется исходная ступень познания;
- Чувственное познание даёт человеку первичную информацию об объектах в виде их наглядных представлений. Мышление перерабатывает эти представления, выделяет существенные свойства и отношения между разными объектами и тем самым помогает создавать более обобщённые, более глубокие по содержанию психические образы познаваемых объектов;
- Наглядность в обучении способствует тому, что у учащихся, благодаря восприятию предметов и процессов окружающего мира, формируются представления, правильно отображающие объективную действительность, и вместе с тем воспринимаемые явления анализируются и обобщаются в связи с учебными задачами;
- Наглядные средства используются и для формирования понятий, для понимания отвлечённых связей и зависимостей;
- Наглядные средства очень важно использовать целенаправленно, не загромождать уроки большим количеством наглядных пособий.
- Важным требованием к занятию является умение педагога обеспечить мотивацию учения, т.е. вызвать у учащихся интерес к содержанию и методам работы, создать на занятии творческую, эмоциональную атмосферу;
- Подлинный интерес к занятию, эмоциональное отношение к изучаемому создаются не только путем приведения яркого материала о событиях, но и путем создания проблемной ситуации, постановки интересной учебно-познавательной задачи, путем стимулирования личностного отношения учащихся к изучаемым фактам;

•Педагог может использовать различные средства наглядности: реальные объекты (предметы, явления, процессы), их изображения (фотографии, рисунки, диапозитивы, магнитофонные записи, видеофильмы), с помощью которых можно сделать понятными для учащихся события, явления, процессы, не доступные непосредственно наблюдению и модели изучаемых объектов и явлений [6].

Таким образом, на основании изложенного материала можно сделать вывод о необходимости оптимального использования средств наглядного обучения и других методов в учебном процессе, что в свою очередь приводит к следующим результатам:

- помогает сделать процесс обучения более мотивированным и целеустремленным;
- использование различных методов позволяет увеличить эффективность и качество усвоения учащимися учебного материала;
- помогает включать дополнительные резервы и методические приемы для улучшения результатов учебной деятельности;
- обладая значительной силой эмоционального воздействия, наглядные пособия (картины, иллюстрации и макеты) имеют большое воспитательное значение в преподавании предмета;
- применение наглядности на уроке активизирует мыслительную деятельность, внимание и творческое воображение.

Исходя из выше сказанного, можно с уверенностью отметить, что использование наглядных средств электронного каталога обучения дает гораздо более высокий результат, нежели проведение обычного, «стандартного» урока по аналогичной теме. Использование наглядности, позволяет учащимся воспринимать подаваемую информацию не только в аудиальном, но и визуальном формате, что в разы увеличивает методическую значимость проведенного урока [7, с. 25-32].

Тематический электронный каталог – это одно из важнейших средств пространственного, умственного развития, а их использование современным педагогом является обязательным для методически точного и грамотного построения процесса обучения. Наглядные пособия могут способствовать выполнению учебной задачи, усвоению знаний, быть нейтральными к процессу усвоения или тормозить понимание теоретических сведений и формирование умений. Для того чтобы наглядные пособия и средства способствовали выполнению учебной задачи и усвоению знаний необходимо соблюдать правила использования принципа наглядности и правильно подбирать и разрабатывать наглядные пособия [8].

Следовательно, на основании выше изложенного представляется возможным говорить о научной ценности электронного каталога по изобразительному искусству, которые выступают в качестве ценных косвенных источников для изучения произведений искусства, а также позволяют составить представление о составе представителей современного искусства, а составления электронного каталога дает представление о динамике развития изобразительного искусства.

Список литературы

1. Суминова Т.Н. Информационные ресурсы художественной культуры (артосферы). – М.: Академический Проект, 2006. – 480 с.

2. Щурина Е.Г. Каталогизация музейного собрания. Система музейных каталогов. Подготовка к изданию каталогов музейных собраний // Вестник Кирилло-Белозерского музея. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа :<http://www.kirmuseum.ru>.
3. Абдулаев Э.Н. Наглядность и проблемный подход в обучении истории // Преподавание истории в школе. – 2008. – №1. – с. 23.
4. Вопросы теории и практики создания и использования средств наглядности для обучения учащихся // Сборник научных трудов АПН СССР, М.: 1980 г.
5. Голуб Б.А. Основы общей дидактики. Учеб.пособие для студ. пед. вузов. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 1999. – с. 96.
6. Гудилина С.И. Наглядность в медиаобразовательных технологиях. / С. И. Гудилина. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.art.ioso.ru/vmuza/naglyadnost/naglyadnost.html>.
7. Лыжова Л.К. Логический анализ содержания учебников как основа для выбора оптимальных форм и методов обучения. / Л.К.Лыжова – Русский язык в школе, 1987 – № 5. – с. 25 – 32.
8. Матвеева Т.С. Проблемно-поисковая деятельность на наглядно-образной основе как средство развития познавательной активности учащихся. Автореферат. Чебоксары. - 2000 г.

ӘОЖ 78:376

Жардемова А.Б., Өмірзақова Л.Қ.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМІН ДАЯРЛАУДА ВОКАЛДЫ ХОР АЙТУДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Ән өнері – халық тарихымен бірге туып, бірге жасап келеді. Ол адамның жан серігі, сондықтан да ән өміршең. Өміршең өнермен жас ұрпақты тәрбиелеу–заманымыздың талабы. Әсіресе топпен ән сала алу, оны бір ғана емес, бірнеше дауыстардың өзара үйлесімділік тауып орындау үлкен өнер болып табылады. Осындай өнерге жас ұрпақты қалай баули аламыз?. Оның қазіргі уақытта қандай жаңа амал–тәсіл, әдістері болмақ. Әрине көп дауысты ән салудың негізі – қос дауысты әнді айтудан басталады. Мектеп оқушысын хорға баулуға басты әсер етуші фактор – музыкалық тәрбие. Тәрбие – терең мазмұндағы ұғым. Педагогикада тәрбие баланың рухани дамуына, дүниетанымының кеңеюіне, білім беру арқылы белгілі бір дағдының қалыптасуына әсер етуші фактор ретінде қарастырылады [1].

Музыка мұғалімінің алдына оқушыларға музыкалық тәрбие беруде белгілі бір мақсат пен міндеттер қойылады. Музыка сабағында нақты мақсат қойылу арқылы музыкалық тәрбиенің міндеттері жүзеге асырылады.

Бірінші міндет – музыкалық іс-әрекеттер арқылы оқушының сезімін (эмоциясын) ояту. Оқушылардың сабақ үстіндегі іс-әрекетінде эмоция өзіндік бағыттаушы және реттеуші рөл атқарады.

Екінші міндет – музыканы саналы түсінуге баулу. Саналы түсіну үшін белгілі бір деңгейде музыкалық білімі болуы керек. Сондықтан, бұл міндетті жүзеге асыру үшін, нота сауатын меңгерту мақсаты қойылады. Нота сауаты арқылы музыканың көркемдік құралдарының (екпін, саз, ырғақ, әуен, гармония, өлшем, т.б) музыкалық шығарма мазмұнын жасаудағы ерекшеліктерін түсіндіру және әнді нотамен орындау;

Үшінші міндет – музыкалық шығарманы өз шама-шарқынша орындауға үйрету барысында орындаушылық дағдыларды меңгерту. Орындаушылық дағдыларды меңгерту арқылы көркемдік білім беру мақсаты қойылады. Бұл мақсатқа: вокалды – хор дағдылары, аспапта орындау дағдысын, ырғақтық-би дағдылары, шығарманы тыңдап, талдай алу дағдысын меңгерту арқылы жүзеге асады.

Үшінші міндеттегі тағы бір мақсат – оқушының шығармашылық қиялын дамыту: ладтық сезімін дамыту үшін басталған әнді аяқтауға; музыка сипатына сай қимыл ойлап табуға, музыканың әсеріне байланысты сурет салуға; суырып салып айтуға (импровизациялау) баулу арқылы жүзеге асырылады.

Осы үш міндет жүзеге асырылу арқылы оқушылардың музыкалық талғамы қалыптасады, әр түрлі жанрадағы музыканы талдай отырып, оның сапасын ажырата білуге үйренеді.

Осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асырушы басты тұлға – музыка пәнінің мұғалімі болып табылады.

Музыка сабағында оқушыларды хорға баулу яғни көп болып ән орындау негізгі вокалдық - хор жұмыстарына жатады. Мектеп музыка бағдарламасы бойынша музыка сабағында оқушылар орындалатын мектеп әндерін ұжым болып орындау тәсілдері қолданылады [2]. Хор және вокал өнері халқымызға өткен ғасырдың басында келіп, қазіргі уақытта шарықтау шегіне жетті. Хор өнері мен оқушылардың вокалдық ән орындаушылық және дауыстарының қалыптастыру мәселелері туралы зерттеулер әдістемелік теориялары мен тәжірибелері: Добровольская И., Орлова Н., Қарамолдаева Г., Ахметова М., Исағұлова А., Дүйсембінова Р.Қ., Бандина А., Попов В., Абелян Л., Горяева Н.А., Орлова Г., Бекина С., Жакеева Б., Абдуллин Э.Б., Николаева Е.В., Колесникова Г.А., Қыдырбаева Қ.Қ., Орленін

В.П., Соколов В., Балтабаев М.Х., Струве Г.А., Байділдаев Ө., Жәрдемалиева Р.Р. сынды Ресей және қазақ ғалым музыкант-педагогтарының еңбектерінен көрініс тапты.

Болашақ педагог-хормейстердің кәсіби мүмкіншілігі оның хормен жұмысқа даярлығы, хор ұжымын құру және музыкалық туындыны интерпретациялау мен игеру процесін ұйымдастыру дағдысында көрініс табады [3]. Дегенмен, хор іс-әрекеті барысында дирижердың кәсіби шығармашылық белсенділігі жоқ болса, онда бұл процесс хордың өнімді шығармашылық құрылымына тұлғаның шығармашылық тұрғыдан өздігінен дамуына ешқандай жаңалық әкелмейді.

"Музыкалық білім"білім беру бағдарламасы бойынша жоғары білім беру бағдарламасында "хор сыныбы" пәні мазмұнына қойылатын талаптарда студенттердің бірқатар кәсіби білім мен білік алу қажеттілігі көрсетіледі.

Олар: Әншілік дауысты қалыптастырудың объективті заңдылықтары және вокалдық техниканың негіздері. Вокалдық-хор орындау мәдениеті. Ансамбльде жеке ән айту және вокалдық-хор айту дағдыларын қалыптастыру. Балалар дауыстарының даму ерекшеліктері және оларды қорғау принциптері. Балалар дауыстарымен жұмыс істеу әдістемесі.

Болашақ музыка мұғалімі жеке дауысын қалыптастырып, ән орындаудың қыр-сырын дамыта отырып мектеп репертуарындағы әндерді өздігінен сүйемелдеп, ән айту дағдыларын меңгере білуі қажет. Вокалдық-хор айтусабақта немесе сыныптан тыс жұмыстың бір түрі ғана емес, сонымен қатар оқушылардың музыкалық іс-әрекетінде рухани-эмоционалды тәрбиенің маңызды құралы болып табылады, сондықтан музыка мұғалімінің теориялық-әдістемелік материалдарды игеруде жоғары талаптарға сай келетін кәсіби орындаушылық деңгейін көрсетуі керек [4].

Студенттердің вокалдық-хор айту дағдыларын қалыптастыруда, академиялық бағытта өнердің құнды мәдени дәстүріне жататын отандық, орыс және шетел композиторларының шығармалары хор сабағында оқу-орындаушылық репертуарына енгізіліп жұмыс жүргізіледі. Хор сыныбы бойынша ансамбль, дикция, строй, көркемдік құрал белгілері, тыныс алу дағдыларының теориялық-әдістемелік орындау тәсілдерімен таныса отырып, сабақ барысында хор мүшесі ретінде әр студент нақты практика жүзінде меңгере алады.

Көп дауысты ән айтудың негізі – әншілік дауыстың таза, дұрыс, дыбыс биіктігін ұстай орындай алуы, шығарманың ладтық, ырғақтық, дыбыстардың интонациялық тазалығын сезініп, оны хор мүшесінің өздігінен құра білуінде. Бұл жерде хор ұжымының жас ерекшелігін, орындаушылық мүмкіндігін ескере отырып, хор жетекшісінің репертуарын таңдай білу шеберлігінде маңызы зор. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына техникалық, мәнерлі көркемдік жағынан орындаушылық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталуы тиіс. Сондықтанда, болашақ мұғалімнің ән айту дағдыларымен қатар хормейстерлік дайындықтың басты мәселесі шынайы шығармашылық оқу жүйесін құру болып табылады. Оқу процесінде болашақ музыка мұғалімі өзінің кәсіби шеберлігін арттыруда вокалдық-хор айту дағдыларын практика жүзінде меңгере отырып, педагог-хормейстерлік мүмкіндіктерін дамытады. Студенттің хор сыныбында алғашқы теориялық-практикалық түсінігі қалыптасады. Бастапқы кезінен ән айту заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін дұрыс игеріп дамуы барысында ән айту процесін меңгереді. Болашақ мұғалімнің вокалдық-ән айту дағдыларын дұрыс ұйымдастыруы, әуендік естуді есту қабілеттері тиянақты, әнді таза айтуға, ырғақты сезінуге мәнерлеп орындауға дағдыландырады.

Хор басқарушы музыка мұғалімі, яғни дирижердің көркем өнерпаздар коллективімен жұмыс істегенде ұйымдастыру қабілетімен қоса методикалық әдістерді пайдалана білуінің түрлі принциптік маңызы бар.

Біріншіден, ән айтуда хор коллективіне дирижердің дене қимылы, қозғалысы, бет құбылысы, эмоциясы да зор қызмет етеді. Сонымен қатар, шығарманың кейбір кезеңдерін қалай айту керектігі жайында сөзбен айтып түсіндіру тәсілінің де пайдасы мол. Ол үшін жетекшінің музыкалық қабілеті жан-жақты болуы тиіс. Оған вокалдық-хор техникасының негізін білу, өз даусымен хор партиясын айтып көрсету, музыкалық аспаптарды еркін меңгере алумен қатар музыканы қабылдау және ырғақ ерекшеліктерін айқын аңғару қабілеті жатады. Осындай бесаспап хор жетекшісі музыкалық фразаның интонациялық, ырғақтық және басқа ерекшеліктеріне әншілердің назарын аударып, жақсылап түсіндіру үшін өзі дауыспен айтып көрсету тәсілін жиірек қолданады. Хормейстер дегеннің өзі шығармашылықпен тығыз байланысты. Дирижерлік аппарат, техникалық амалдар мен дағдылар әрбір студенттің жеке иелегінде болады, аталған техникалық амалдар мен дағдылар тек педагог пен студенттің біріккен белсенді шығармашылық қызметінде ғана қалыптасады. Музыкалық туындымен жүргізілетін жұмыстың бастапқы кезеңінде музыкалық материал, әдеби мәтін, автор ремаркаларымен таныстыру жүргізіледі. Кейін тұлғалық және кәсіби білік-дағдыларды жұмылдыра отырып, автор ойын түйіндеп музыкант туынды бойынша концепция құрастырады.

Болашақ музыка мұғалімінің вокалдық-хор айту дағдыларын практика барысында тиімді пайдалана білуі, студент өзін дайындық процесінде жаңа құндылықтарды ашып, өзіндік орындаушы көзқарасы қалыптасып көркемдік бейнесін суреттеуде жаңаша шығармашылық ойын сезеді. Бұрыннан белгілі ескіден бар нәрсенің өзінен жаңа белгілерді табады. Қарапайым хор орындауының өзінен терең мағына мен сұлулықты сезінеді. Музыкалық туындыны көркем шығармашылық құбылыс дәрежесінде түйсінеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Арчажникова Л.Г. Профессия – учитель музыки. М., 1984.
2. Николаенко П.М. Педагогические условия совершенствования вокально-хоровой подготовки учителя музыки. - М., 1981.
3. Радомская Л.Л. Формирование исполнительских способностей учителей музыки в процессе профессиональной подготовки. Канд.дисс. - 1983.
4. Безбородова Л.А., Алиев Ю.Б. Методика преподавания музыки в общеобразовательных учреждениях. - М., 2002.

ӘОЖ 781.7:378

Махмутова Х.М.

*«Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК,
Астана қ., Қазақстан*

ҰЙҒЫР БИІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ОРНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ

XX-XXI ғасырлар тоғысындағы әлеуметтік-саяси жүйенің қайта құрулуы түбегейлі өзгерістерге алып келді. Көп ұлтты Қазақстанның тәуелсіздігі кезеңінде, еліміздің әр халқы өзінің дәстүрлі мәдениеті мен өнерін дамытуға мүмкіндік алды. Олардың арасында көне түркі халықтарының өкілдері – ұйғырлар.

Глава государства Касым-Жомарт Токаев в 22 октября 2020 на IV заседании Национального совета общественного доверия отметил важность чтения книг среди детей и подростков. В этой связи Министерство культуры и спорта Республики Казахстан объявило 2021 год **Годом поддержки детского и юношеского чтения в Казахстане**. В рамках которого был утвержден план мероприятий по привлечению читателей в библиотеки и пропаганде чтения в стране на 2021-2023 годы. Целью повышения читательской грамотности среди детей и подростков впервые в рамках государственного социального заказа стали социальный проект «Жасқаламгер», общенациональная акция «Поколение читателей Казахстана – 2021», издано 168 наименований общественно значимой литературы тиражом 492 тыс. экземпляров, в том числе 40 изданий для детей и юношества вышли общим тиражом 120 тыс. экземпляров.

2022 год в впервые в истории Казахстана объявлен Годом детей. «Детям нужно уделить особое внимание. Их благополучие - надежная гарантия успешного будущего нашего государства. Гармоничное развитие и счастливое детство подрастающего поколения - это наша общенациональная задача»- отметил президент страны. Эти слова внушают большой оптимизм. Процессы, происходящие в обществе, в частности в детской и молодежной среде, требуют повышенного внимания со стороны государства к подрастающему поколению. От того, что читает современная молодёжь, зависит жизнь в стране через 20 лет. Это - не просто риторическое клише. Современные авторы книжной культуры нацеливают своё влияние на молодёжь - это правильно, но с молодостью читательская деятельность не заканчивается, и поддерживать и обеспечивать её – функция книжной культуры как социального института [4]. Куда поведёт нас книга в дальнейшем? Быть может кто-то изменит своё отношение к жизни, у кого-то появятся новые интересы, кто-то глубже познает свой внутренний мир и переоценит ценности, скорректирует свою модель поведения, адаптируется к новым условиям жизни. Эти люди вокруг нас значит у них всегда должно быть, что почитать, наряду с электронной и традиционную книгу. И книжная культура информационного общества способна решить эту задачу лучше, с разнообразием авторов и текстов, с разнообразием форматов их передачи и обратной связи, быстрота, с которой мы погружаемся в желаемый мир.

Список литературы

1. Лютов С.Н. Книжная культура в многообразии понятий и исследовательских подходов / С.Н.Лютов // Вестник культуры и искусств. – 2017. – № 4 (52). – С. 9-16.
2. Васильев В.И. Диссертация в виде научного доклада на соискание ученой степени доктора исторических наук. – М.: Техносфера, 2005. – Интернет-ресурс. Режим доступа: <http://tekhnosfera.com/knizhnaya-kultura-v-otechestvennoy-istorii-teoreticheskie-i-istoriko-knigovedcheskie-aspekty>.
3. Государственная программа поддержки культуры на 1998-2000 годы // «Зан» база данных ОБДЮ им. Хамзы Есенжанова.
4. «Мәдени мұра» - «Культурное наследие» Интернет-ресурс. Режим доступа: www.madenimura.kz.
5. Программа исторических исследований «Народ в потоке истории» на 2014-2016 годы. Интернет-ресурс. Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/e-resources/show/13321/>.
6. Концепция культурной политики РК №939 от 4 ноября 2014 года // «Зан» база данных ОБДЮ им.Хамзы Есенжанова.
7. «Рухани жаңғыру»: просто и понятно о главной программе страны Интернет-ресурс. Режим доступа: <https://www.nur.kz/kaleidoscope/1904791-ruhani-zhangyru-prosto-i-ponyatno-o-glavnoy-programme-strany/> от 26 марта 2021 года.
8. Лопатина Н.В. Книжная культура информационного общества // Культура: теория и практика.электронный научный журнал МГИК. - 2016. - № 5-6 (14-15) режим доступа: <http://theoryofculture.ru/issues/59/>.

ӘОЖ 7.041.5

Қанақов Г.Х.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

МӘДЕНИ ДӘСТҮРЛЕР АРҚЫЛЫ КЕЛЕШЕК ҰРПАҚТАРДЫҢ ДҮНИЕ ТАНЫМДЫҚ КӨЗ-ҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСЫРУ

Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі, адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы. Ол - өзара қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс, адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етіп өзгерте отырып оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

Мәдениет - әлеуметтік фактор, қоғамның қозғаушы күші. Мәдениеттің дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Мәдениеттің тұрақты жағы – мәдени дәстүр, соның арқасында тарихтағы адамзаттық тәжірибесіне сүйеніп, оны кемелдендіреді, дамытады. Адамдар арасында келісім, ауызбіршілік, бірлік болмайынша, тұрақты дамуды бағдар тұтқан қоғамды қалыптастыру мүмкін емес. Сондықтан еліміз үшін басымдық танытушы идеяға айналған мәселе әлеуметтік-экономикалық қиындықтардан, әр түрлі тарихи кедергілерден мемлекетіміздің тұтастығын сақтай отырып, өркениетті елдер қатарына қосылу болып табылады [1].

Бұл жерде мәдениеттің гуманистік – адамгершілік принциптеріне сүйену, рухани бағдарды ұстануы терең мағынаға ие болды. Өйткені мәдениеттің құлдырауы адамның рухани дүниесін аздырады,

оның шынайы даму жолынан ауытқуына әкеліп соқтырады. Бұл еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің түп негізіне әсер ететін құбылыс болып табылады. Өмірдің заңына сәйкес мәдениет үнемі жаңғыруды қажет етіп отырады.

Өзен өзінің мөлдірлігін суы ағып жатқан кезде сақтайды, тазалығымен адамды тәнті етеді, әлемділігімен табиғатты құлпырта түседі. Сол сияқты кез келген мәдениет жаңа толқынға, жаңа мағынаға ұмтылады, оған зәрулік танытады.

Бүгінгі күні суретшілер өз шығармаларында жұмбақтық метафораларыға және жаңаша мән мен толықтырылады, сол арқылы жанданады, адам мәдениетінің ежелгі ғарышын бүгінгі күндегі адам ой – санасының жаңа ағымдарымен байланыстыратын мәндер мен мазмұндары пайда болады, суретшінің өмірге деген махаббаты, оны түсінуге бағытталған мәңгілік ұмтылысы да қайталанбас түрде өмірге қайта келеді [2].

Классикалық, академиялық бейнелеу өнері халықтың көпғасырлық тарихының өзіндік жылнамасын жасайды және менің ойымша, Қазақстан бейнелеу өнерінде ең маңызды орынға ие болды. Жалпы тарих пен мифологиялық сюжеттер, көшпенділердің өмірінен алынған фрагменттер, далалық және таулы пейзаждар, генетикалық есті бейнелі түрде жаңғыртуға, болмыстың мызғымас категорияларын ұғынуға мүмкіндік береді. Бейнелердің байлығы, олардың мифологиялық мәні, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен салттардың тәжірибесі, дәстүрлі мәдениеттің трансляция талабына жауап береді және бейнелеу өнері құралдарымен ашып беруге мүмкіндіктер береді.

Әрине, мәдениеттегінің бәрі тұтастай алғанда адам үшін, тарихи адамзат тарихында, шындық әлемі рухани көзге, естуге, түйсінуге арналғаны баршылық қана емес, сонымен қатар ішкі әлемімен игерілетін, адамның барлық қызметін басқаратын нәрсе екенін көрсетеді. Суретші өзінің ойы мен сезімін толық таныту жолында, тек қана өзіне қажеттілерін сіңіріп алуда, яғни толық қанды тұтас образдарды бейне жасау жолында ұзақ дайындықтан өтеді. Ол барлық бейнелеу әдіс – тәсілдерін жете меңгере отырып, кенепке немесе ақ қағазға салған әрбір бояудың түрін жігерлендіруші қуатты күшке айналдыра білді. Себебі, суретші алғашқы бояу жаққаннан-ақ, одан кейінгілерінде де салған суреттерін үнемі шындыққа жанаса ма, әлде оған өзінің көзқарасы үйлесе ме деген жалғыз дара пішінді тауып алғанға дейін кедергілерге кездесе береді ғой. Сонымен, бояу жағылған сайын пішінде жетіле береді, мазмұны да жақсара түседі, суретшінің ойы мен сезімі заттың мәнісіне терең үңілген сайын, оның жеткен шегіне, сырт көрінісіне қанағаттануға тура келеді. Ал, егер салған туындысына көңілі толмай одан әрі іздене түссе, ілгері қарай жетілдіре берсе, тіпті жақсы, себебі іздену үстінде ол жоғын табады, машықтанады.

Сондай-ақ, суретші өз өнерін басқалардың шығармашылығымен салыстыра бақылап, оны суреткердің қоғамдық міндетімен, мән-мағынасы туралы жалпы ұғыммен байланыстыруы қажет.

Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнерінің жағдайын толық түсініп, баға бере алу үшін біз халықтың дәстүрлі өнері тудырған табиғи көркемдік заңдылықтарды да, әлемдік мәдениет мұраларын да, қазіргі заманның өзгеше міндеттері мен талаптарын да назардан тыс қалдыра алмаймыз.

Ғасырымыздың соңғы онжылдығында бейнелеу өнерінің құндылық және көркемдік көрсеткіштерінің айқын, өзіндік ұлттық бағытта дамуының қарқыны күшейе түсті. Қазіргі суретшілердің бейнелеу әдістерінде рәміздендіру, таңба мен символикалық бейнеге сүйену кең өріс алды. Суретшілер әлемнің күрделілігі мен халықтың тарихи жолын сөз етуде себеп-салдарлық байланыстарды айналып өтіп, ұлттық мәдениетпен байланысты қазақ дүниетанымы құндылықтары тұрғысында, символикалық және аллегориялық жинақтау дәрежесіне әкелді және суретші шығармаларында дүниені құпияланған көп таңбалар арқылы түсіндіруге ұмтылып, өмірдің қым-қуат қозғалысын көрсетуде түстерге еркіндік береді [3].

А.Сыздыханов өз шығармашылығында идеяны берудің ерекше құралы ретінде қазақ халқының рулық рәмізін, таңба мен ою-өрнектің әр түрін алады. Солар арқылы дүниенің өз түсінігіндегі тәртібін көрерменге түсіндіреді. Ол қазақ ұлтының тарихи-көркем болмысын рулық таңбаының кескіндемелік пластикалық жағына өзгеруі арқылы жасайды. Көшпелілер мәдениетін көркемдік зерттеуді тарихи-тұрмыстықтан философиялық-рухани және адамгершілік бейнеде, оған ұлттық тілде ғана өмір сүре алатын рәміздік мағынасын береді. Бұл ретте суретшінің ұтымды шығармасы деп «Түркі халықтарының рәміздері» (1997) атты туындысын атаса болады [4].

А.Ақанаевтің шығармашылығы дала аңыздарын еске түсіреді. Қазіргі заман суретшілері ежелгі көшпелі тайпалар мәдениетінің аңдық стиліне, анималистік, тотемдік ағымына ұқсас бейнелеуді қалыптастырып жатыр. Оның 1999 жылы жазылған «Дала адамдары» шығармасы біздің көшпелі халық мәдениетімен терең байланысымызды көрсетеді. Жүк артылған түйе, киіз үйдің шаңырағы, кимешек киген қария - өткеннің өнегесі мен біздің байлығымыз. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын мұраның қарт ана сақтаушысы ретінде іспеттес [5].

А.Есдәулетов шығармашылығындағы мүйізтұмсықтар мен бұқалар адамзат мәдениетінің бастауына ой жүгірткізеді. Оның 1997 жылы жазылған «Бастау» картинасы суретшінің өз тегіне, тарихына деген қызығушылын көрсетеді. Ақтотының 2003 жылы жазылған «Қазына» картинасы да біздің рухани, материалдық байлығымызға үңілтеді. Ақ тазы – тектілік пен адалдықтың белгісі болса, тұғырда отырған қыран құс ерік-жігердің, мығым сенімділіктің нышаны.

С.Тайковтың «Аңсау» атты туындысы да өткенмен байланысты, оны сағынуды паш етеді. Қолын алдына қойып, қырынан отырған жас ана жаратқаннан тыныштық пен амандық тілеп отырғандай. Атып келе жатқан күннің жұмсақ сәулесі келешекке деген сенім мен үміт белгісі болса, екі нар түйе тәзім мен даналықты білдіреді. 90 жылдардың екінші жартысында ұлттық бейнелеу өнері мектебі өз кемеліне келіп, жаң қарқынмен дамуға бет қойды. Бұл суретшілердің өздеріне ғана тән ерекше қолтаңбаларының дербестігінен көрінеді. А.Дүзелханов, Д.Қасымов кенептерінде нәзік сезімталдық пен төл мәдениетке деген ерекше құрмет таң қалдырады.

XX ғасырдың екінші жартысында қаланған көркемөнер мектебінің даму жолын пайымдай отырып, қазіргі заман бейнелеу өнерінде өзіміздің көне мәдениетімізді тануға, өз бастауымызға деген терең ықылас қоюшылықты көре аламыз [6].

Қазір XXI ғасыр. Нарықтық экономика қатал бәсеке, ақпараттық технологияның қарыштап, жаһандану, мәдени, экономикалық үндестік деп жар салып жатқан дәуір.

«Аулада XXI ғасыр тұр. Мәдени, рухани экспансия ғасыры. Бұрын соғыс алаңына найзалар мен мылтықтар, танктер мен автоматтар шығатын болса, енді сол майданға әрқилы діни конфессиялар, ұлттық тілдер мен мәдениеттер шығатын болады - дейді. Серік Аббасұлы «Парасат» журналына берген сұхбатында. Қазақстан да сол майданда қолжаулық болмас үшін мығым экономика мен әр салада бәсекеге қабілетті білім қалыптастыруға мүдделі. Бірақ тек қана жалғыз экономикамен мемлекет құрылмайды. Тарихи-мәдени белгілер, біздің ешкімге ұқсамайтын төл мәдениетіміз мемлекеттің бір қырын танытатын айна. Әлемдік мәдениеттер көрмесінде біртұтас ел екенімізді көрсететін бет бейнеміз. Әлемдегі бірде бір халықтың мәдениетіне де, өмір жағдайына да, оның географиялық, тарихи және психологиялық сипаттарының ерекшеліктеріне де оқшаулану тән емес [7].

Өнер – халықтың салт – санасын, мәдениетін, адамзаттың эстетикалық мәдени қарым-қатынастарын қалыптастырушы ағын. Көркемдік, әдемілік ұғымының өн бойына осы екі қасиеттің екеуі де ұялаған, біреуінен бас тартсаңыз екіншісі бәрібір жеке дара сұлулық сырын жеткізе алмайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұмабекова Ф.Н. Балабақшадағы бейнелеу іс-әрекетінің әдістемесі, Алматы: «Эпигра баспасы», 2016 ж.
2. «Советтік Қазақстанның бейнелеу өнері» Алматы. Өнер. - 1990 ж.
3. Ералин Қ., Халмуратов Ж. «Қазақстанның бейнелеу өнері шеберлері». Қазақстанның даму стратегиясындағы мәдениет пен өнердің орны. Алматы «М-Талант фирмасы» 1997 ж. Алматы. – 1999, 269 б.
4. Антуан де Сент – Экзюпери Маленький принц Минск., «Высшая школа» 1986. – 378 б.
5. С.Ә.Аманжолов. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. ЕҰУ, - 2010. 320 б.
6. «Бүгінгі Қазақстан» Республика суретшілерінің шығармаларында Алматы Өнер. - 1983 ж.
7. Б.К. Байжігітов. Бейнелеу өнерінің философиялық мәселелері. Алматы Өлке. 1998 ж.

ӘОЖ 7.017.4

Тілеуханов Н.С.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

Орал қ., Қазақстан

Зинешова Д.Ж.

А.Байтұрсынов атындағы №10 ЖОББМ,

Орал қ., Қазақстан

ҰЛТТЫҚ СТИЛЬДЕГІ ТҰРҒЫН ҮЙ КОЛОРИСТИКАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дизайнерлердің қазіргі заманғы жобасы – зерттеу бағыттарының бірі тұрғын үй жағдайының колористикасы болып табылады. Себебі, заманауи дизайнның негізгі шешімдерінің бірі кеңістік ортасының колористикалық мінездемесінің дәстүрлі ерекшеліктері мен түстердің композициясын іздеу мен оқып-үйрену болып табылады.

Тұрғын үй жағдайының колористикасы 19 ғасыр сәулетшілерінің (Жак Хитторф, Готфрид, Земпер) полихромдық туралы еңбектерінен, сол сияқты 20 ғасырдың I-жартысындағы түс қалыптастырушы тәжірибелерінен бастау алады. (Өсіресе, Вхутемас пен Баухауз жүргізген іс-тәжірибелерінен).

Бұлар шетелдік және отандық орталықтарда жүзеге асырылып, сәулетшілер мен дизайнерлер дайындаудың оқу бағдарламаларына енгізіліп жатыр.

Тұрғын үй жағдайы үндестігінің көптүрлілігінің мүмкіндіктерін саралай отырып, дизайнның сол және басқа объектісінің формасының бүкіл детальдарын түстермен қанықтыра боятады деген ұйғарымға келеміз.

Біртұтастық мәнерлілік пен кейіптілік формасына жету үшін түстердің қарама-қайшылығы мен үйлесімділігін дизайн объектілерінің үндестігінің белсенді әрекетін әртүрлі композициялық мәселелерді шешу процесінде қолдануға болды.

Ғимарат сәулеті – бұл адамның тұрғын үй жағдайының бастамасы ғана болып табылады. Түнгі жарықтандыру, қалалық колористика, «жасыл» сәулет, жер асты жаяулар өткелі мен көлік аялдамалары дизайны әртүрлі дәуірлер мен стильдегі ғимараттарды байланыстыра отырып, қаланы біртұтас ағза ететін міне осы нәрсе.

Бұл іс жүзінде шексіз кең тақырып. Түс – бұл жалпы табиғаттың белгілі түр ерекшелігі. Түс нәрсенің ішкі жиынтығының белгісі, оны елемеу – сәулет өнері формасын құраудың маңызды құралынан бас тарту болып табылады. Колористикалық заң тек өткен ғасырдың 90-шы жылдарында ғана қалыпқа келтірілді [1, 48 б.].

Сәулетшілер мегаполисі кешенді дамытудың негізінің бірі жарықтандыру мен қатар колористика екенін және түс елеусіз ортаның өзін өзгертіп, жандандырып жіберетінін мойындады. Сәулетшілер түптің түбінде колористика саласында өзіндік заң қабылдауын армандайды. Ол қала деңгейінде агрессивті әсіресе, қызыл бояуларды қолдануға, ғимараттарды қалай болса солай бояуға немесе кейбірін күңгірт сылақпен қалдыруға тыйым салады.

Түс – жобалау барысында бағдарламаланған, компьютерлік модельде құрылған сәулет өнеріэлементі. Қазіргі кезде сәулетшілер керісінше үй салынғаннан кейін ғана қоймадағы материалдың немесе сырдың бар-жоғына байланысты таңдалатын түсті ұмытып, формаға ғана назар аударады.

Ғимараттың түсі көшелердің орташа жарықтандырылуына әсер етеді. Жарықтандырылу неғұрлым мол болса, құрылыстың қабаттылығы соғұрлым жоғары, көшенің енділігі соғұрлым тар болып, құрылыстың эмоциялық-бейнелік сипаттамасына әсер етеді.

Сұр қасбетті (фасад) ғимараттардан құрылған көше жарықтың жеткіліксіз деңгейінде сұп-сұр күңгірт көрінеді, ол ақ, сары қасбетті (фасад) ғимараттардан құрылған көше күнсіз, бұлтты күндері де жарқырап көрінеді. Қазіргі заманғы қала құрылысында түсті қалалар мен кенттерді тартымды ету үшін құрылыстағы, біртектілікті жою үшін басқа мақсаттарда құрылыстар жүргізу үшін қолданады.

Интерьерде бөлгіш беттердің тұрғын үй жағдайының жарықтануына түстің әсері одан бетер әсерлі. Мысалы, төбелер мен салыстырмалы кең «фриздік» қабырға бөліктері мен ашық түсті қабырғаларда Астананың жарықтық климат жағдайларында мүмкін болатын табиғи жарықтандырылудың ең жақсы үлгісі қалыптасады; тұрғын үй бұлтты күндері де күңгірт болып көрінбейді, көру жұмысын жақсартатын жалпы ішкі жарықтандыру деңгейі артады. Сондықтан негізгі тұрғын үйдің қабырғалары үшін қанық емес түстерді қолдану ұсынылады. Бұндай түстер көздің шаршауын азайтады. Қоршаған ортаның біртектілігі мен біртүстілігін болдырмау үшін қосалқы бөлмелерде қанық түстерді қолданған дұрыс. Сол сияқты аралас бөлмелерді бір-бірін толықтыратын қарама-қайшы түстермен бояған дұрыс. Терезені солтүстік бағытқа қараған бөлмелерге тікелей күн сәулесі түспейді, олар әдетте терезелерді оңтүстік бағытқа қараған бөлмелермен салыстырғанда әлсіз, бозғылт жарықтанады [2, 34 б.].

Алғашқыларын ашық, жылы түстермен бояп, соңғыларында салқын, күңгірт түстерді қолданған дұрыс. Тұрғын үйлердің біртектілігі бірыңғайлыққа әкеліп, соған, әр түрлі қанық түстердің басым болуы ала шұбарлық пен қарама-қайшылыққа әкеліп соғуы мүмкін.

Шетелдік тәжірибеде, мысалы Англияда соңғы уақытта бір бөлменің әрбір қабырғасын бөлек түстермен әрлеу қолданылуда [3, 18 б.].

Түс пен колорттің үндестігінің әртүрлі мәселелеріне арналған зерттеу жұмыстарының теориялық негіздеріне арқау болған ғылыми еңбектер: (Е.А.Кириллов, Р.М.Ивенс, Д.Джадд, Г.Вышецки, В.Т.Савельева, Ж.Агостон, И.Иттен, Ле Корбюзье, Ф.Л.Райт, Тео Ван Дусбург, Ф.Леже, Л.Н.Миронова, В.Оствальд, В.А.Чернов); түс пен колориттің өнер мен дизайн үшін маңызын: (В.Р.Аронов, Г.И.Ашкенази, В.Ю.Медведев, Т.А.Буймистру, М.В.Алпатова, Б.Р.Виппера, А.В.Иконникова, А.В.Ефимова, И.А.Азизян, Н.Н.Волков, С.С.Алексеев, С.А.Зайцев, Г.М.Шегаль); тұстанудың эстетикалық аспектілігі (А.Ф.Лосев, В.Оствальд, И.И.Канаев, П.В.Пресняков, Д.С.Кантемиров, Н.В.Серов, L.Gericke, K.Schone, M.Rzepinska), пішіні мен түстің адам психикасына әсері (Р.Арнхейм, В.С.Мейлах, А.Пейпер және т.с.с.).

Қалалар мен қоныстардың көне керамикасы колоритінің мәселелері туралы Б.Н.Засыпкин, С.П.Толстов, Г.А.Пугаченкова, Е.И.Агеева, С.В.Филиппова, Т.К.Басенов, П.Н.Кожемяко, С.П.Толстовпен М.Г.Воробьев, Н.И.Синенько, Э.В.Сайков, Ш.Ташходжаев, А.Беленицкий, И.Бентович, О.Большаков, Л.Брусенко, Л.И.Меньшикова, А.Н.Проскурин, С.С.Такибаева, Б.Т.Туякбаева, Э.Ф.Гюль, Н.П.Подушкин, А.Н.Подушкин, З.С.Самашев, Ж.К.Таймагамбетов, К.Б.Акилова, сараптаған К.К.Муратаевтың халық өнерінің көркемдік дәстүрі мен Қазақстанның қазіргі кездегі керамикалық өзгерісі, К.М.Қарабаспақевтың Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның қола дәуіріндегі тайпалар еңбектерінде үлкен қызығушылық тудырады [4, 108 б.].

Келесі топты түстің жылы теориясы бағытындағы зерттеулер құрайды. Қайта өркендеу дәуірі түс мәселесіне қатысты Леонардо да Винчи түстердің жалпы жүйесін жасап, олардың әркелкілігі шектеулі деген тұжырымға келеді. Бұл кезең түс символикасының дамуында да жаңа дәуір болды. Адамның

психологиясының ерекшелігінің алғашқы түстік жүйесін жасаған Д.П.Ломаццо (15 ғ.) болды. Ол белгілі бір түс адам мінезінің ерекшелігіне, оның темпераментіне сай келеді деп есептеді: ақ – флагматиктерге, кара – меланхоликтерге, қызыл – сангвиниктерге, сары - колериктерге сай келеді деді [5, 18 б.].

1676 жылы Исаак Ньютон ақ күн түсін түс спектріне енгізді. 1802 жылы ағылшын дәрігері қоршаған ортаны зерттеуші Юнг теория ұсынды, оны кейіннен белгілі физиолог Гельмгольц дамытты. Көрудің үндестілігі теориясы (Юнг – Гельмгольц теориясы) қазіргі 19 ғасырдың өзінде неміс классикалық философиясының өкілі Г.Гегель және ақын Гете салған болатын. С.С.Алексеева, Л.С.Выготского, Г.К.Фрилинга мен К.Ауэра, Л.Герена, В.П.Ершакова, И.Итгена, С.В.Кравкова, В.Оствальда, П.П.Ревякина еңбектерінде көп құнды деректер кездеседі.

Шығыс мәдени дәстүрінде түс теориясына Нажмиддина Куброның (Рисола) еңбектері арналған. Қазіргі зерттеушілер де бұл мәселеге үлкен назар аударуда.

Түстерді қабылдау психологиясына байланысты К.В.Бардин, Н.Н.Волков, В.П.Зинченко, Е.И.Игнатъев, С.Л.Рубинштейн, Б.М.Теплов, В.С.Кузин, А.С.Зайцев, Г.Цойгер, Л.Н.Миронова, А.М.Эткинд, Б.А.Базыма, А.В.Ефимов (1990), Е.Монастырская, Т.Андропова, М.О.Сурина, А.А.Сурина, Н.В.Серов, Е.Ф.Бажин зерттеу жұмыстарын жүргізді [6, 54 б.].

Дизайндағы нысандардың түстері мен колориттерін қабылдаудың ұлттық ерекшеліктеріне Т.К.Мқртычева, С.К.Садырбаева, Ю.Косенкова, С.О.Хан-Магомедова және де басқа ғалымдардың еңбектерін қарастыруға болады.

Түстерге байланысты жалпы ғылыми еңбектердің көптеп кездесетініне қарамастан қазақ колориті феномені әлі күнге жан-жақты зерттелген жоқ.

Зерттеу жұмысының мақсаты ұлттық стильдегі тұрғын үй жағдайының колористикасын оқып-үйрену және ғылыми-теориялық негізін қалыптастыру.

Зерттеу жұмысының негізін құраушы гипотеза: қазіргі заманғы интерьердің эстетикалық жоғары шегіне жету мүмкін болатын жағдай – тіршілік ортасын жобалауда түстердің үндестігінің мүмкін болатын эстетикалық дамуының кеңістігі мен түстерін ұтымды пайдалану.

Бұл қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттер анықталған:

- түс теориясында колорит түсінігіне анықтама беру, сол сияқты түс пен колориттің тұрғын үй жағдайына интерьерін жобалаудағы рөлін айқындау;

- қазақтың ұлттық өнеріндегі түс мәдениеті мен колористика дамуының динамикасы ерекшеліктерін зерттеу;

- қазіргі заманғы дизайнның ерекшеліктері мен құрылымын анықтау;

- ұлттық стильдегі тұрғын үй жағдайының колоритін қалыптастыру заңдылығын ашу;

- түс пен колориттің негізгі заңдылықтарын есепке ала отырып, ұлттық стильдегі қазіргі заманғы интерьердің дизайн жобасын жасау.

Зерттеу барысында қазіргі заманғы ғылыми әдебиет пен жарияланымдарға теориялық сараптама жүргізілді. Түс үйлесімділігі мен оның шетелдік және отандық суретші-дизайнерлердің дизайн жобаларының композицияларында қолдануына байланысты салыстырмалы сараптама жүргізілді [6, 48 б.].

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес 21 ғасырда ұлттық стильдегі колористикасы кешенді түрде қарастырылып, оның семантикасы, тұтынушыға тигізетін эстетикалық әсері зерттелуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Стригалева А.А. Архитектурная полихромия в условиях типизации и стандартизации строительства, «Вопросы теории архитектурной композиции», 1958 г., вып. 3;
2. Алексеев С.С., Цвет и освещение. Общие проблемы, в кн.: Очерки теории архитектурной композиции, М., 1960 г.
3. Келер В., Лукхардт В., Свет в архитектуре. Свет и цвет, как средства архитектурной выразительности, пер. с нем., М., 1961 г.
4. Турганбаева Ш.С. Цветовое восприятие и природные ассоциации в культуре казахов // Мир науки, культуры, образования. - Горно - Алтайск, 2011 г. - № 6.
5. Серов Н.В. Цвет культуры // Н.В.Серов. - С- Пб.: Речь, 2004 г.
6. Сурина М.О., Сурина А.А. История образования и цветодидактики// М.О.Сурина, А.А.Сурина. - М.: ИКЦ «МарТ».

БРЕНД ГОРОДА: ПОНЯТИЕ, СТРУКТУРА, УСЛОВИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ

Начало активного применения брендинга относят к средним векам, когда цеховые ремесленники, булочники помечали свои изделия особой маркой. На смену товарам и услугам пришли бренды, несущие в себе определенные ценности и впечатления для потребителей.

В современном обществе особое внимание очень часто привлекает такой термин как «бренд», в связи с этим подготовлена данная статья, рассказывающая о важности брендинга городов. Развитие брендов городов помогло бы сохранить исторические и культурные памятники каждой страны, а также возвысить моральные ценности, придать городам индивидуальность с национальными мотивами, сделать города одной страны более узнаваемыми для других стран.

Определение бренда места является предметом жарких споров между специалистами самых разных специальностей, объединенными интересом к маркетингу мест. Управляем ли бренд места? Имеет ли он практическое применение? Где проходят его границы? Что можно включить в его состав? И вообще, кто является носителем, субъектом бренда? Вопросов множество. Как, впрочем, и ответов.

Одни эксперты говорят, что бренд места четко определяем структурирован и ценность его легко измеряема в экономических категориях, например в долларах. Другие, не столь оптимистично настроенные, считают, что бренд места — это ускользающий от анализа психологический феномен, которому трудно найти название и который непостижимым (пока еще) образом приносит вполне осязаемые экономические выгоды инициаторам и авторам идеи бренда.

Нелишне отметить, что дискуссия о природе бренда города порождена многолетней и такой же напряженной дискуссией о том, что такое бренд вообще. И все же общее понятие бренда города все же можно изложить.

Итак, бренд города - сравнительно новое явление. Вариантов восприятия слов «бренд города» может быть множество - имидж, визитная карточка, изюминка, ассоциация и другое. Часто это понятие трактуют неверно.

Нужно понимать, что бренд города - это не только логотип. Логотип важен, ведь большинство информации мы считываем глазами, но сам по себе он вторичен. Это только картинка, визуализация бренда.

Это не только туризм. Конечно это направление использования бренда города доступнее всего для понимания, но оно не единственное.

Не только имидж. Да, с точки зрения представителя внешнего мира, то есть гостя города, понятия «бренд» и «имидж» действительно очень близки, но имидж — это навязанное отношение, не включающее того, что думают о городе сами его жители.

Не только стратегия. Она включает направления, по которым должен развиваться город. Бренд же - понятие комплексное: это то, что способно модифицировать город и от чего может зависеть в том числе и стратегия его развития.

Бренд города - это идея, которая сначала объединяет жителей изнутри, и только потом выступает основой для общения с внешним миром [1].

В мире есть много стран, обладающих яркими брендами - городами, - Рим, Париж, Оксфорд, Лос-Анджелес, Мекка, Иерусалим, Венеция, Флоренция, Стамбул, Токио и многие другие. Однако бренды их не стали результатом специальных брендинговых кампаний, а формировались естественным путем, на протяжении столетий. Символический капитал и уникальность каждого из этих городов сегодня действительно очень «сильны», устойчивы и проявлены в огромном количестве ярких исторических и культовых образов - что и означает наличие у города бренда. Настолько «сильны»; что практически полностью определяют имидж города, не позволяя ему «отклоняться» в ту или иную сторону. Именно это создает эффект бренда, при котором репутацию места трудно испортить. А это очень помогает в продвижении интересов (маркетинге) города [2; 3].

Самый большой ресурс города это его жители. И никакие рекламные компании не обеспечат такое количество контактов, какое могут обеспечить тысячи жителей, которые путешествуют, общаются в соцсетях, ездят в командировки и везде представляют свой город. Идеальная ситуация - это когда каждый житель города становится носителем бренда. Эффект будет и город начнут массово узнавать, если каждый житель будет представлять его примерно одинаково.

Именно поэтому бренд нельзя придумать. Это дело не одного человека, а всего города. И его нельзя купить - приобрести можно разработку фирменного стиля, варианты позиционирования, но не бренд в целом. Конечно, разработка нужна, но нужно также, чтобы город этим действительно жил.

Есть три процесса брендинга города: разработка, внедрение и продвижение. Технология разработки во всех случаях схожа, занимает она от 7 до 14 месяцев. Сначала нужно исследовать город, причем очень важно понять его идентичность - то есть глубинные эмоции жителей, которые они к нему испытывают. Для этого нужно проводить множество опросов и других мероприятий. Затем разрабатывается ряд концепций, из которых в итоге выбирается одна, близкая всем горожанам. На её основе разрабатывается фирменный стиль города, и уже после этого формируется некая скульптура управления брендом, в идеале появляется бренд-менеджер города и программа использования бренда, чтобы в результате город получал дивиденды [4; 5].

Заняться вопросом брендинга могут как чиновники, так и сами жители. Во втором случае администрации нужно только сказать «мы согласны». Можно, например, создать инициативную группу и обратиться к власти, если в бюджете нет на это денег, могут найтись и спонсоры - предприятие или ряд предприятий, которым брендинг пойдет на пользу, скажем, поможет продвигать продукцию.

Каждая страна - это страна со своей историей, культурой, традициями и устоями. С каждым годом страны и их города стремительно разрастаются, стараясь идти в ногу со временем. Во внешнем облике многих стран четко просматриваются как элементы культуры прошлых веков, так и элементы современного стиля.

Разработка для городов определенных брендов помогла бы укрепить статус страны, где эти города находятся, и его экономики; подчеркнуть уникальность и современность страны.

В большинстве случаев логичным было бы при разработке брендов городов делать упор именно на исторические памятники, придавая городам вид этакое утонченного «антиквариата», аристократизма. Но это не может быть возможным, так как все города нынешнего мира стремительно разрастаются и в настоящее время идут, да и будут идти постройки более современных зданий.

Учитывая вышесказанное, на ум может прийти некое разделение городов (не обязательно всех) на «старые» и «новые» части. Но разделение действительно должно быть полным и таковым, чтоб было понятно что жители города и сам город хранят, помнят и чтят историю и культуру, однако же следуют в ногу со временем.

При рассмотрении же, на такое разделение со всех сторон, можно увидеть множество плюсов: экономика возрастет, культура будет на высоте, жители будут более горды, архитектура сохранена, индивидуальность подчеркнута и т. п.

Нужно также понимать и учитывать, что плюсов этих можно и не достичь, а причиной этому может послужить именно «не полное» разделение города. Имеется в виду, что недопустимо рядом с историческим памятником архитектуры располагать какую-либо современную постройку. Ведь никоим образом не могут сочетаться вместе 19 и 21 века.

Все исторические и культурные памятники архитектуры должны быть отреставрированы, в соответствии с их принадлежностью к той или иной периодизации и в соответствии с их первоначальным стилем. Недопустимо также применение современных методов освещения и оформлений данных архитектурных памятников, которые противоречат его культуре и стилю.

Нельзя, конечно, забывать и о том, что в облике городов должны просматриваться национальные черты. Но, опять-таки, эти национальные черты не должны противоречить предполагаемой антикварно-аристократичной одухотворенности «старых» городов, и обязаны гармонично вписаться в «новые» города. Сами же «новые» города должны быть современными, практичными, стильными, многофункциональными и уже этими качествами уникальными, а также своим таким обликом каждый «новый» город будет выгодно оттенять каждый «старый» город.

И тем не менее, не смотря на все вышесказанное нужно не забывать о том, что разработка бренда городов это дело не одного человека, а дело целого города, его всех слоев общества. Это долговременная работа, в которой должна учитываться каждая мелочь, направленная на улучшение благосостояния и имиджа города. Это трудоемкий процесс, к которому нельзя подходить без должной ответственности.

Список литературы

1. Визгалов Д. - «Брендинг города», Фонд "Институт экономики города", 2011. - 34 с.
2. Котлер Ф. Маркетинг-менеджмент. - СПб.: Питер Ком, 1999. - 113 с.
3. Ляпов В. 100% бренд. Как продавать счастье. - М.: Бестселлер, 2004. - 43 с.
4. Маркетинг по нотам: практический курс на российских примерах: учебник / под ред. Проф. Л.А.Данченко. - М: ООО «Маркет ДС Корпорейшн», 2004. – 95 с.
5. Стивен Кумбер. Брендинг. - М.: Издательский дом «Вильямс», 2003. – 76 с.

СЕКЦИЯ VI

ЕСТЕСТВЕННО-ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ НАУКИ: ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ, ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

ӘОЖ 546.06

*Акатьев Н.В., Сагиндикова С.С., Хамидолла И.А., Амангельдиева Э.С.
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ҮШ ВАЛЕНТТІ МЕТАЛЛДАРДЫҢ КЕЙБІР КӨП НЕГІЗДІ КАРБОН ҚЫШҚЫЛДАР ЖҮЙЕСİNДЕ НЕГІЗДЕЛГЕН КОМПЛЕКСТІ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ БОЛАТТЫҢ ЖЕМІРІЛУ ЖЫЛДАМДЫҒЫНА ӘСЕРІ

Тұрақтылық константасы дегеніміз ерітіндіде күрделі қосылыс түзуге арналған тепе-теңдік константасын білдіреді. Бұл өтпелі металл иондарының кешендерінің тұрақтылығын өлшеу әдісі. Барлық басқа тепе-теңдік константалары сияқты, тұрақтылық константалары да температураға тәуелді. Тұрақтылықтың анықтамасын «ауыспалы металл иондары лигандты алмастыру реакцияларына ұшыраған кезде пайда болатын және су лигандаларымен қоршалған өтпелі метал ионының арасындағы тепе-теңдік үшін тұрақты» деп беруге болады. Сондықтан тұрақтылық константасы мәнінің коррозия процесін сипаттауды үлкен рөл атқарады.

Үш валентті металдар мен көп негізді карбон қышқылдарының тұздарына негізделген композициялардың коррозияға қарсы тиімділігін эксперименттік зерттеу және есептік бағалау жүргізілді. Кондуктометриялық әдіс бойынша таңдалған суда еритін Me/L қатынасындағы ерітінділердің электр өткізгіштік қасиеті бойынша тұрақтылықтары, рН тәуелділіктеріне байланысты потенциометрлік көрсеткіштері алынды (Ирвинг-Россоти титрлеу әдісі бойынша). Эксперименттік талдаулар нәтижесінде коррозиялық орта ретінде ерітінділер дайындалып, реакция жылдамдығы есептелді. Нәтижесі бойынша нақты металл қосылыстары оң тұжырым көрсетті [1].

Жарияланған жұмыстың жалғасында үші валентті металл катиондарымен Al(III), Cr(III), Fe(III) мен көп негізді соның ішінде малон және шарапқышқылдарының бинарлы комплекс түзілуі мен тұрақтылығын зерттеуге бағытталған. Зерттеуге арналған қосылыстардың, тұрақтылық константасы артқан сайын коррозия жылдамдығы кемиді.

Күрделі жүйе түзілу процесерінде шарап қышқылы $H_4C_4H_2O_6$ (H_4T) екі карбоксил және екі спирттік топтардың арқасында полиденттік лиганд ($HOOC-CH(OH)-CH(OH)-COOH$) қызметін атқарады, бұл функционалдық топтар арасындағы өзара әрекеттесу тәсілдерінің алуан түрлілігін тудырады [2].

Малон қышқылы арнайы полиэфирлердің туындысы болып табылады. Ол ультракүлгін сәулеленуден, тотығудан және коррозиядан қорғау үшін бірқатар жабындарда қолданылатын алкидті шайырлардың құрамдас бөлігі болуы мүмкін [3].

M(III)/L ерітінділеріндегі комплекс түзуді зерттеу коррозия ингибиторлары ретінде комплекс түзуші реагенттердің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Эксперимент жүргізу әдістемесі

Кондуктометриялық әдіс

Металл-лиганды жүйелері изомольярлық қатар бойынша ANION 4100 аспабында ($SEC\ mC/cm \pm 2\%$) тікелей кондуктометриялық әдіс арқылы зерттелді. Құрылғыда калий хлоридінің стандартты ерітіндісімен алдын ала тексерілген. Зерттелетін жүйелерді дайындау үшін металл тұзының 0,01 M ерітінділері мен сәйкес қышқылдардың тұздары 1-кестеде көрсетілген қатынаста араластырылды. Алынған ерітінділердің меншікті электр өткізгіштігі өлшенді және алынған мәліметтерге сәйкес, меншікті электр өткізгіштіктің құрамдас бөліктердің қатынасына тәуелділігі үшін қисық сызығы тұрғызылды. Алынған кондуктометриялық нәтижелер бойынша комплексті қосылыстарды дайындауда металл – лиганд мөлшері 2:3 қатынасында дайындалатыны анықталды.

Потенциометриялық титрлеу арқылы зерттелетін жүйелердегі комплексті қосылыстардың салыстырмалы тұрақтылығын анықтау (Ирвинг-Россоти әдісі).

Зерттелетін жүйелердегі комплексті қосылыстардың салыстырмалы тұрақтылығын анықтау үшін потенциометриялық титрлеу әдісі (Ирвинг-Россоти әдісі) қолданылды. Титрант ретінде натрий

гидроксидінің NaOH 0,2M ерітіндісі алынды. Титрлеуге арналған ерітінділер концентрациясы 0,01 моль/л тұрақты комплекстер түзілетін қатынаста дайындалды (кондуктометрлік зерттеулерге сәйкес).

Зерттелетін қосылыстан көлемі 50 мл ерітінділері магнитті араластырғышпен жабдықталған 100 мл ыдысқа құйылады. Стаканға өлшеу электроды түсіріледі және магнитті араластырғышпен (250-300 айн/мин) үздіксіз араластыра отырып, рН мәні 11,5-ке жеткенше біртіндеп 0,2 мл титрант қосылады. Алынған мәндер негізінде рН титрант көлеміне тәуелділік графигі тұрғызылады.

Коррозиялық сынау әдістері

Салмақтың кему әдісі

Сынақ үшін ГОСТ 535-2005 көміртекті болаттан жасалған төртбұрышты металл пластиналарды қолдандық (құрамы % массасы 97,8% - Fe; 0,22% - C; 0,65% - Mn; 0,30% -Si; 0,040% - P; 0,050% - S ;0,30% - Cr;0,30% - Ni;0,30% - Cu;0,010% - N;0,080% - As). өлшемі 2,5 см x 2,5 см x 0,3 см Металл пластинаның өлшемдері ± 0,02 мм қателікпен ГОСТ 166-89 «GRIFF» штангенциркуль үлгісінің көмегімен анықталды.

Болат пластинкаларының салмағын жоғалту әдісі арқылы коррозия жылдамдығын есептеу.

Болат табақтары Р 240 - Р 1200 ұсақ түйіршікті тегістеу қағазымен мұқият тазартылып, дистелденген сумен, спиртпен жуылып, ацетонмен майсыздандырылып, кептіріліп және ±0,2 мг дәлдікпен «Ohaus Adventurer Pro AV264C» аналитикалық таразысында өлшенеді. Дайындалған пластиналар сынама бетінің 1 см² ауданына 15 см³ мөлшерінде коррозияға қарсы ортаға салынады. Алдын ала анықталған экспозиция уақытынан кейін пластиналар алынып тасталады, ал бос және оңай алынатын коррозия өнімдері орташа қаттылықтағы полимер қылшығы бар щетка арқылы жойылды. Құрамында 3,5 г/л уротропин [4] бар 1:1 қатынасындағы тұз қышқылы ерітіндісінде тақталарды өңдеу арқылы коррозия шөгінділерінің қиын бөлінетін өнімдері жойылды. Содан кейін пластинкалар дистилденген сумен, спиртпен, ацетонмен жуылып және аналитикалық таразыда қайта өлшенеді.

Коррозия жылдамдығы үлгілердің 24, 48, 120, 240 сағаттан кейінгі салмақ жоғалтуынан бағаланды және төмендегі формула (1) бойынша есептелді:

$$v_{optimal} = \frac{\Delta m}{S \cdot \tau} (1)$$

Δm – τ – уақыты ішіндегі масса өзгерісі, г;


S – үлгі бетінің ауданы, м².

Коррозия жылдамдығын фотоколориметриялық әдіспен өлшеу

Болат пластинкасының коррозия жылдамдығын анықтаудың тағы бір әдісі ерітіндіге түсетін темірдің құрамын анықтау арқылы бағаланды. Ерітіндідегі темір мөлшері келесі процедураға сәйкес реагент ретінде калий тиоцианаты бар 198–1000 нм ± 2 нм оптикалық тығыздықты анықтау дәлдігімен Jenway 6305 спектрофотометрінде фотометриялық жолмен анықталды. Сынамадағы темір құрамы калибрлеу қисығы арқылы есептеледі $y = 0.443x - 0.25$, $R^2 = 0,9837$.

Зерттеу нәтижелері

Комплекстердің тұрақтылығы мен лигандтар үшін металл ионының мөлшері арасындағы корреляция 2:3 қатынасында зарядтары бірдей туыстас катиондардың кейбір топтары үшін комплекстердің беріктігінің өзгеруін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеуге алынған компоненттердің қандай қатынаста тұрақты қосылыс түзілу жүйесін кондуктометрлік титрлеу әдісі негізінде $Cr_n^{3+}Ma_m^{2-}$ негізінде қарастырылды (сурет -1).



1 сурет - $Cr_n^{3+}Ma_m^{2-}$ комплексті жүйесіндегі кондуктометриялық қисығы

Кондуктометриялық зерттеулердің нәтижелері бойынша М(II)/L жүйелерінде түзілетін комплексті қосылыстардың құрамы 1-кестеде көрсетілген.


1 кесте - Кондуктометриялық зерттеулер нәтижелері бойынша М(II)/L жүйелерінде түзілетін комплексті қосылыстардың құрамы

| | Al^{3+} | Fe^{3+} | Cr^{3+} |
|------------------|-------------|-------------|-------------|
| Mal^{2-} | Al_2Mal_3 | Fe_2Mal_3 | Cr_2Mal_3 |
| $D,L - Tar^{2-}$ | Al_2Tar_3 | Fe_2Tar_3 | Cr_2Tar_3 |

* Mal^{2-} - малон қышқылының анионы

Tar^{2-} - шарап қышқылының анионы

Эксперимент нәтижелері бойынша шарап және малон қышқылымен тұрақты комплекстер үш валентті металдар ішінде Al^{3+} , Fe^{3+} , Cr^{3+} , металдары түзетінін көрсетеді.



2 сурет - Ирвинга-Россотти әдісі бойынша $Me(III) - Mal^{2-}$, $Me(III) - Tar^{2-}$ комплексті қосылысының тұрақтылық көрсеткіші

Металл тұздары көп негізді қышқылдардан түзілген кешенді қосылыстардың тұрақтылық көрсеткіші малон қышқылымен сурет 2 А – де көрсетілгендей $Cr_2Mal_3 > Al_2Mal_3 > Fe_2Mal_3$, 2 В – суретте шарап қышқылымен $Fe_2Tar_3 > Cr_2Tar_3 > Al_2Tar_3$ қатарымен өзгереді.

2 кесте - Зерттеулер нәтижесінде таңдалған ертігінділерді коррозиялық орта ретінде қолданған кездегі, болаттың коррозия жылдамдығы ($г \cdot м^2/сут$)

| | Al^{3+} | Fe^{3+} | Cr^{3+} |
|------------------|-----------|-----------|-----------|
| Mal^{2-} | 4,61 | 9,1 | 6,45 |
| $D,L - Tar^{2-}$ | 7,34 | 12,43 | 9,21 |


2.1 кесте - Тұрақтылық пен коррозия жылдамдығының салыстырмалы көрсеткіші

| Қышқыл тұздары | Тұрақтылық көрсеткіші | Коррозия жылдамдығы |
|------------------|-------------------------------------|-------------------------------------|
| Mal^{2-} | $Cr_2Mal_3 > Al_2Mal_3 > Fe_2Mal_3$ | $Fe_2Mal_3 > Cr_2Mal_3 > Al_2Mal_3$ |
| $D,L - Tar^{2-}$ | $Fe_2Tar_3 > Cr_2Tar_3 > Al_2Tar_3$ | $Fe_2Tar_3 > Cr_2Tar_3 > Al_2Tar_3$ |

Кесте – 2 және 2.1 бойынша зерттелген ортаның коррозия жылдамдығының нәтижелері малон қышқылы жағдайында $Cr_2Mal_3 < Al_2Mal_3 < Fe_2Mal_3$, шарап қышқылында $Al_2Tar_3 < Cr_2Tar_3 < Fe_2Tar_3$ нәтижелер көрсетілді. Зерттелген кешенді жүйелердегі орташа жылдамдық және тұрақтылық көрсеткіші бойынша тартар қышқылы және металл тұздарының кешенді жүйесінде сәйкестік табылды. $Me(III) - Tar^{2-}$ тұрақтылық жүйесі коррозия жылдамдығына әсер етпейді немесе төмендей түседі [5].

Шарап қышқылында карбоксилдердің, сутегі иондарының және гидроксил қалдықтарының симметриялы және тепе-теңдік орналасуына байланысты физикалық қасиеттері, химиялық қасиеттері бойынша бірдей [6].

Шарап қышқылының тұздары қышқылдық және бейтарап ортада түзіледі. Соңғы түрдегі қосылыстар суда толығымен ерітілуі мүмкін.



3 сурет - Me(III) - Tar²⁻- жүйесіндегі темір мөлшері

3 – суретте темірді пластиналардан ерітіндіге ауыстырудың фотоколориметриялық әдісімен Me(III) - Tar²⁻ жүйелері көрсетілген. Бұл графикте ерітіндідегі темірдің концентрациясы пластинаның ерітіндіде қалу уақытына қарай арта түсетінін көрсетеді. Ерітіндідегі темір концентрациясының жоғарылауымен коррозия жылдамдығы артады.

Қорытынды

1. Көп негізді қышқылдар мен металл лигандтар арасындағы комплекстердің тұрақтылығы 2:3 қатынасында байланысқанда катиондардың кейбір топтары үшін комплекстер беріктігінің өзгеруін анықтауға мүмкіндік берді.

2. Металл тұздары көп негізді қышқылдардан түзілген кешенді қосылыстардың тұрақтылық көрсеткіші малон қышқылымен сурет 2 – де көрсетілгендей Cr₂Mal₃ > Al₂Mal₃ > Fe₂Mal₃, шарап қышқылымен Fe₂Tar₃ > Cr₂Tar₃ > Al₂Tar₃ қатарымен өзгереді [7].

3. Зерттелген ортаның коррозия жылдамдығының нәтижелері малон қышқылы жағдайында Cr₂Mal₃ < Al₂Mal₃ < Fe₂Mal₃, шарап қышқылында Al₂Tar₃ < Cr₂Tar₃ < Fe₂Tar₃ нәтижелер көрсетілді. Жүргізілген зерттеулер нәтижелерінде Me(III) - Mal² жүйесінде қосылыстың тұрақтылығы артқан сайын коррозия жылдамдығы кеми түсетіндігі анықталды [8].

4. Тәжірибе нәтижесінде M II L жүйелері тиімді ингибиторлар емес екені анықталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Розен А.Е., Лось И.С., Перельгин Ю.П., Усатый С.Г., Хорин А.В. Новый коррозионно-стойкий материал и технология его получения// Ресурсосберегающие технологии ремонта, восстановления и упрочнения деталей машин, механизмов, оборудования, инструмента и технологической оснастки от нано- до макроуровня: материалы 12 Междунар. науч.-практ. конф. – СПб.: Политехнический ун-т. – 2010. – С. 465–468.

2. Мальцева Г.Н. Коррозия и защита оборудования от коррозии: учеб. пособие / под ред. д.т.н., проф. Виноградова С.Н.– Пенза: Изд-во Пенз. гос. ун-та. 2000. – 211 с.

3. Hariprasath K., Deepthi B., Sudheer B.I., Venkatesh P., Sharfudeen S. and Soumya V. Metal complexes in drug research - A review. J.Chem Pharm Res. - 2010; =2: 496-99.

4. ISO 8407 Corrosion of metals and alloys - Removal of corrosion products from corrosion test specimens.

5. Иванов Е.С. Ингибиторы коррозии металлов в кислых средах: справочник. – М.: Металлургия, 1986. – 173 с.

6. Афанасьев А.С. Унификация оценок эффективности технических ингибиторов коррозии металлов // Защита металлов. – 1968. – Т. 4. – № 3. – С. 344-345.

7. Семилетов А.М., Куделина А.А., Кузнецов Ю.И. Антикоррозионные и гидрофобные свойства пленок карбоновых кислот на поверхности алюминиевого сплава// Д16, ФГБУН «Институт физической химии и электрохимии им.А.Н.Фрумкина РАН» (ИФХЭ РАН) Москва.

8. Дятлова Н.М., Темкина В.Я., Попов К.И. Комплексоны и комплексонаты металлов. Химия, Москва, 1988. - 543 с.

ФИЗИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛЬДЕУ

Компьютерлік модельдеу – күрделі жүйені оның компьютерлік моделін пайдалану негізінде талдау немесе синтездеу мәселесін шешу әдісі. Компьютерлік модельдеудің мәні бар модель негізінде сандық және сапалық нәтижелер алуға жатыр.

Компьютерлік модельдеудің басқа тәсілдерге қарағанда бірқатар артықшылықтары бар. Атап айтқанда, ол айнымалылардың үлкен санын есепке алуға, сызықтық емес процестердің дамуын, синергетикалық әсерлердің пайда болуын болжауға мүмкіндік береді. Компьютерлік модельдеу болжамды алуға ғана емес, сонымен қатар қандай бақылау әрекеттері оқиғалардың неғұрлым қолайлы дамуына әкелетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Компьютерлік модельдеу нәтижелерінен алынған сапалы қорытындылар күрделі жүйенің құрылымы, даму динамикасы, тұрақтылығы, тұтастығы және т.б. сияқты қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді. Сандық қорытындылар негізінен болашақты болжау немесе өткен құндылықтарды түсіндіру сипатында болады. жүйені сипаттайтын айнымалылар. Компьютерлік модельдеуді қолданудың негізгі бағыттарының бірі оның жұмыс істеуінің ең жоғары өнімділік көрсеткіштерін алу үшін объектіге сыртқы әсер етудің оңтайлы нұсқаларын іздеу болып табылады.

Компьютерлік модельдеудің мәні мынада: математикалық модель негізінде компьютердің көмегімен есептеу эксперименттерінің сериясы жүргізіледі, яғни объектілердің немесе процестердің қасиеттері зерттеледі, олардың оңтайлы параметрлері мен жұмыс режимдері анықталады. табылды және үлгі нақтыланды. Мысалы, белгілі бір процестің барысын сипаттайтын теңдеуге ие бола отырып, оның коэффициенттерін, бастапқы және шекаралық шарттарын өзгертуге және бұл жағдайда объектінің әрекетін зерттеуге болады [1].

Физикалық модельдеу кезінде жүйенің өзі немесе оған ұқсас және сол немесе басқа физикалық табиғатқа ие жүйе (мысалы, кеменің кішірейтілген модельдерін гидродинамикалық зерттеу) пайдаланылады. Физикалық модель кішірейтілген немесе ұлғайтылған масштабта (масштабталған модельдер) жүзеге асырылуы мүмкін.

Компьютерлік модельдеу кезінде математикалық модель ЭЕМ арналған алгоритм немесе бағдарлама түрінде қалыптасады, ол онда есептеу тәжірибелерін жүргізуге мүмкіндік береді. Қолданатын әдістерге байланысты компьютерлік модельдеуді айтарлықтай шартты түрде сандық, статистикалық және имитациялық деп бөлуге болады [2].

Физикалық процестерді математикалық және компьютерлік модельдеу.

«Физикалық процестерді математикалық және компьютерлік модельдеу» пәнін меңгеру үшін келесі пәндерді жеткілікті түрде білу керек: математикалық анализ, дифференциалдық теңдеулер, математикалық физиканың теңдеулері, тұтқыр орта механикасы, анализ бен алгебраның сандық әдістері, математикалық физиканың есептерін шешудің сандық әдістері, программалау және физика. Зертханалық жұмыстарды орындау студенттерден Fortran, C/C++ алгоритмдік тілдерінде программалау дағдыларына ие болуын талап етеді. Берілген пәнді тыңғылықты оқыған жағдайда студенттерде физикалық-табиғи және физикалық-технологиялық процестерді математикалық және компьютерлік модельдеу туралы айқын түсінік қалыптасады, сондай-ақ төмендегі қабілеттерге ие болады:

- күрделі физикалық процестердің математикалық модельдерін жасау;
- математикалық физика күрделі есептерді шешу үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерін қолдану;
- күрделі физикалық процестерді сипаттайтын теңдеулерді аппроксимациялау;
- күрделі физикалық процестерді сипаттайтын математикалық теңдеулер үшін түрлі сандық әдістерді таңдау және пайдалану;
- сандық нәтижелерді алып, олардың негізінде график пен анимация салу, кейіннен алынған деректерді талдау;

Математикалық модельдеу әдістемесі қысқаша түрде атақты «модель – алгоритм – программа» триадасымен айқындалады. Бұл әдістеме толық масштабты эксперимент жүзеге асыру үшін тым қымбат

және күрделі кезде А. Самарскийдің ғылыми мектебінің, әлемнің құбылыстарын зерттеуге арналған жұмысының аясында жетілдірілген «Есептеу эксперименті» технологиясы түрінде өз дамуын тапты. Есептеу эксперименті табиғи эксперименттік нысандармен салыстырғанда, әлдеқандай кластағы есептерді есептеу барысында алынған нәтижелерді жинап, кейін оларды мүлдем басқа салалардағы есептерді шешу үшін тез және икемді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл сипатқа қолданылып жатқан әмбебап математикалық модельдер ие. Мысалы, сызықты емес жылу өткізгіштік теңдеуі жылу процестерін ғана емес, сонымен қатар заттардың диффузиясын, жер асты суларының қозғалысын, кеукті орталарда газды сүзуді сипаттау үшін жарамды. Осы теңдеудегі шамалардың тек физикалық мағынасы ғана өзгерді [3].

Физикалық есептерді шығарған кезде студенттер осы тапсырманы жеңілдететін белгілі бір жорамалдар жасайды, есептеулерді қолдану шекараларын анықтайды. Басқаша айтқанда, олар зерттелетін құбылысты сандық бағалау үшін математикалық аппаратты одан әрі пайдаланудың физикалық моделін жасайды. Сонымен, модель құру процесі ретінде нақты процестер өрісінен физикалық-математикалық модельдеу саласына көшу жүреді және оның күрделілік деңгейіне байланысты физикалық есептің кез келген шешімін ұсынуға болады. Есепті шешу барысында физикалық модель математикалық модель формасын алады, онда құбылыстар теңдеулер тілінде формальды түрде сипатталады. Айта кету керек, бұл мәселені шешу үшін объектінің бір емес, бірнеше қасиеттерін қарастыру немесе өзгерісті, жүйенің күйін немесе жүйе параметрлерін талдау және сыртқы өзгерістердің нәтижесінде бірнеше модельдер құру қажет болады. Бұл жағдайда себеп-салдарлық байланыстарды орнатумен қатар, әзірленетін модельдердің «иерархиясын» құру қажет. Шешім және осындай есептер – әрқайсысы белгілі бір орын алатын және үлгілердің жалпы жиынтығында үлесі бар модельдер мен жорамалдардың жиынтығы [4].

Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Барлыққазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" туралы Қазақстан халқына жолдауында айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдерін қолданудың тиімділігін арттыру қажеттігін баса айтқан болатын.

Биология пәнін оқытудағы инновациялық технологиялардың тиімді әдістерін қолдану арқылы білім сапасын арттыру.

Инновация қазіргі кезде жиі пайдаланып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі. Инновацияны жете түсініп инновациялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы да білім алуының бірден бір шарты болып табылады.

Инновация бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған нәтиже. Мақсат пен нәтиже жаңалыққа бет бірудің кілті.

Инновация (жаңалық жарату) - қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне ұқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шығару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені тіпті де жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңа нәрсені тапқырлау, тың нәрсені байқау, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту, сөйтіп адамға және адамзатқа бақыт жарату.

Қазіргі заман мұғалімі тек пәнді оқытпайды, тәрбиелеп оқытады.

Сабақ – оқытудың басты формасы. Сабақ сапасын арттыру – барлық мұғалімдерді толғандыратын маңызды мәселе. Бұл ретте білім деңгейінің төмендеу себептерінің бірі – күнделікті сабақ өткізудің стандартты, бір мәнді, шаблонды, көптеген мұғалімдердің сабақ үрдісін түгелдей дерлік жаулап алған дәстүрлі бір сарынды сабақтарда деп айтуға болады. Күн сайын өтетін жаңа сабақты түсіндіру, үй тапсырмасын сұрау және қорытындылау сияқты жаттанды кезеңдерден тұратын дәстүрлі сабақ оқушыларды жалықтырады, білімге ынтасын төмендетері сөзсіз. Сондықтан әр мұғалім өз жұмысында сабақты жандандырудың әдіс- тәсілдерін іздестіруі, бұған оқушыларды тарта білуі, олардың белсенді шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыра білуі міндет. Ұтымды ұйымдастырылған жаңа әдіс-тәсілдер сабақты жандандырады, оқушылардың білімге қызығушылығын арттырады, оқу үрдісін жетілдіре түседі. Білім берудің негізгі мақсаты – білім сапасын көтеру болса, бұл ретте мақсатқа жетудің басты шарты - өзара белсенді ұйымдастырылған сабақ.Өз тәжірибемде қолданып жүрген әдіс-тәсілдерді ұсынамын.

Үй тапсырмасын тексеру барысында қолдануға болатын әдіс тәсілдер: мерзімді сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне басты назарды аударамын. Мысалы, «Тікелей эфир» әдісі ғалымдардың еңбектерін түсінгенің анықтауға қолдануға тиімді деп санаймын оқушылар И.И.Павлов асқорыту жүйесі бойынша, Шванн мен Шлейдін жасушалық теория барысында тікелей эфирге шақырылады және т.б, “Ең маңызды 10 факт” Әр түрлі тақырыпқа тиімді мысалы Тыныс алу,Қанайналым,Жыныс жүйесін т.б, «Сандарды сөйлет» Ағзада кездесетін органикалық заттар мөлшерін анықтауда қолданылатын әдіс.Қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының артатындығын аңғардым. Сабақ барысында ресурстарды молынан қолдануға тырысамын. Мәселен, “Ең маңызды 10 факт” , «Сандарды сөйлет» тақырыбымен таныстыруда торларды немесе қорапша қолдану арқылы оқу мақсаттарына жеттім. Яғни, қолжетімді ресурстарды дұрыс, әрі ұтымды пайдалану тиімді.

1- «Тікелей эфир» әдісі.

Тыңдаушылар сұхбат жүргізу арқылы мәтін материалын меңгереді. Бұл әдіс тыңдаушылардың ақпаратты қабылдау және талдау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сценарий: радио жүргізушісі екі оқушыны қарсы алып, аудиторияны қарсы алады.

Жұмыс алгоритмі:

- жүргізуші мен тренер әңгіме тақырыбын анықтайды;
- қонақтарға көрсетілген рөлдері бар карточкалар таратылады;
- тыңдаушылар баға береді, сұрақтар қояды, қоңырау шалады, ескертулер жасайды.

Қонақтарды қарсы алу

2-“Ең маңызды 10 факт”

Тақырып бойынша маңызды 10 фактіні келтіреді.

Ұлы Абай өзінің шығармаларында ақыл - ойды дамытып, шын ғылыми білім алудың қажеттілігін, ол үшін ойлау, зейін, ес, мінез - құлық, ерік-жігер, қиял сияқты психикалық процестерді дамыту керек екендігін ашық көрсетеді. Мәселен "Адам баласы көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады" - деген дана ойы көрнекі құралдардың маңыздылығын нақты айқын көрсетеді.

Сондықтан сабақ үрдісінде баланың ойлау қабілетін арттыратын жаттығу- лар мен әдістерді, көрнекілік заттар және өмір фактілерін пайдалану оқушының дұрыс ойлау қабілетін арттыруға көмегін тигізеді.

Оқушылардың ойлау қабілеті жан-жақты толысып, пісіп жетілуіне, алдағы өміріне қажетті білімнің, біліктің, дағдылардың берік негізін дамытуда көрнекі құралдың алатын орны ерекше [3, 161 б.]. Сол себептен сабақ меңгеруде қолданатын әдістер INSERT, -«Кластер» әдісі, -«Торнадо», «Идеялар кілемі», Блум түймедағының алты күлтесі, Ментальды карта .Әр әдістің өз ерекшелігі бар жаңа тақырып меңгеруде Мысалы мәтiмен қызмет жасауға үйрету мақсатында 7-8 сыныптарда INSERT, -«Кластер» әдісі тиімді.

9 сыныптарда оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту барысы тимді «Идеялар кілемі», Блум түймедағының алты күлтесі, Ментальды карта.

Жоғары сынып оқушылары мәтiнменде жұмыс жасайалады,сұрақтың деңгейлерiн анықтайды,тайм менджмен сақтай алады оларға -«Торнадо»,әдісі қолайлы.В.Шаталов [4, 165 б.] «Жинақы әдеттен тыс тірек сигналдары оқушыларды қызықтырып, оларды белсенді еңбекке, ізденіске бастайды, сонымен қатар оқу проблеммаларына аударады.Сол себептен мен осы әдістерді ұсынамын.

Сабақтың ортасы тақырып меңгеруде қолдануға ұсынатын әдіс тер : INSERT,-«Кластер» әдісі,- «Торнадо»,«Идеялар кілемі»,Блум түймедағының алты күлтесі,Ментальды карта. Бұл стратегиялар оқушыларды көлемі үлкен тақырыпты бірнеше себебі мен дәлелдемесі келтірілген шағын тақырыпшаларға бөлуді үйретеді.Және әр тақырыпшаларды меңгерудің тиімді жолын көрсетеді.Осындай әдіс-тәжірибиелерді сабақта қолдану үлкен жетістіктерге жеткізеді , оқушының дамуында үлкен нәтиже береді

1-Бұл әдісті американдық ғалымдар Д.Воган мен Т.Эстес әзірледі, содан кейін оны сыни ойлау технологиясының негізін қалаушылардың бірі С. Темпл, К. Меридит және Д. Стил толықтырды.

Олардың анықтамасы бойынша, INSERT — бұл жаңа ақпаратты сыни тұрғыдан түсіндіру және мәтінмен жұмыс жасау арқылы бұрын зерттелген нәрселермен байланыс орнату мүмкіндігі.

Insert — оқу және жазба арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдісі, мәтінмен, жаңа ақпаратпен жұмыс жасағанда қолданылады. Бұл әдістемеді көбінесе тиімді оқу технологиясы деп аталады.

Сабақта «Insert» әдісін қолдану әдісі

1. Оқушылар мәтінді арнайы белгішелермен белгілеп оқиды:

V — Мен бұл ақпаратты білемін;

+ — бұл мен үшін жаңа ақпарат;

— — Мен басқаша ойладым, бұл менің білгеніме қарама-қайшы;

? — Мен мұны түсінбедім, бізге нақтылау түсіндірулер қажет.

Кеңес: мәтінді белгілеу шеттерде қарындашпен жасалғаны ыңғайлы. Немесе оқулықтарды лаптамау үшін қағаз жолағын салуға болады.

2-«Кластер» әдісі

1941 жылы А.Ф.Осборн ұсынған. Оқытудың бұл әдісі «Миға шабуыл» әдісі деп те айтылады. Тақырыпқа негіз болатын сөзді немесе тақырыпты ортасына жаза отырып, содан таралатын ұғымдарды бөліп, жіктеп, ой түйіндеу және ойларын топтастыру әдісі. Кластер құру арқылы оқушылардың не білетіндерін және жаңа идеяларын білуге болады

Кластер құру ережесі:

1. Ойына келген пікірді жазуға тартынбау

2. Берілген уақыт аяқталғанша жұмысты жалғастыру, жазу.

3. Тақырыптың басқақырларынашуға ұмтылу

4. Мүмкіндігінше көп идеяларды жинақтау

3-«Торнадо» әдісі

Тыңдаушылар 4 топқа бөлінеді, әр топ атауды ойлап тауып, көшбасшыны таңдайды

Ойын зейінді және ақыл-ой белсенділігін арттыру үшін өткізіледі.

Талқылау тақырыбы жарияланады.

1-топ қорғауға дәлелдер келтіреді, 2- топ қарсы дәлелдер.

3-топ жұмыспен танысып сұрақ құрастырады Блум түймедағы бойынша немесе 2 жінішке 3 жуан сұрақ дайындайды, 4 топ – жұмысты қорғап сұраққа жауап береді.

Уақыт беріледі .

4-«Идеялар кілемі» әдісі

Қатысушылар 1 топ-тақырып бойынша проблема анықтап сурақ құрастырады, 2- топ сұрақтарға жауап береді, 3 топ жауапты талқылайды өздерінің шешімін ұсынды, 4 топ – топтардың жұмысын бағалайды.

5-Блум түймедағының алты күлтесі – сұрақтар типінің алты түрі.

-Қарапайым «Не?..», «Қашан?..», «Қайда?..», «Қалай?..» сұраулы сөйлемдерден басталады Белгілі бір ақпаратты, мәліметті еске түсіру, анықтау үшін

-Нақтылайтын «Яғни сен...деп айтып тұрсың ғой?», «Егер мен дұрыс түсінсем,...?», «Мен қателесуім мүмкін, бірақ, меніңше, сендер.....деп айттыңдар?» Хабарламада айтылмаған, бірақ соған меңзеліп тұрған мәліметті алу үшін

-Түсіндірмелі «Неліктен?..» сұрауынан басталады Себеп-салдарлық байланыстарды орнату үшін

-Шығармашылық «Егер де...» шартты рай шылауының қатысуымен жасалады: «Егер де...не болады?», «Қалай ойлайсыңдар, егер де...қалай дамыр еді?» Болжам жасау үшін, мәселені жан-жақты қатыстыру үшін

-Бағалаушы «Неліктен бір нәрсе жақсы, енді бір нәрсе жаман?», «Бір сабақтың екінші бір сабақтан айырмашылығы қандай?», «Бас кейіпкердің іс-әрекетіне қалай қарайсыңдар?» Оқиғалар, фактілер мен құбылыстарды бағалау, критерилерін анықтау үшін

-Қолданбалы «...қалай қолдануға болады?» «...не жасауға болады?», «Өмірде қай жерде кездестіретін едіңдер?» Теория мен практика арасында байланыс орнату үшін.

6-Ментальды карта Топтар тұқым қуалаушылық заңдарына қатысты негізгі ұғымдардың ментальды картасын құрайды.

Ментальды карта – рефлексивті ойлау дағдыларын дамытуда тиімді, өйткені бұл мәселенің бастапқы себебін анықтауға арналған ойлау тізбегі.

Мұғалім бақылау кезінде оқушылардың анализ бен синтез жасап, нәрселердің негізгі қасиеттерін айыру, топтастыру сияқты ойлау амалдарын қолданып, қорытындылар шығаруына басшылық ете білуі қажет. Сол себептен сабақты бекітуге арналған SWOT — талдау, «5-5-1» әдісі, Активатор 3-2-1 оқушылардың жас ерекшеліктеріне, ойлау қабілеттеріне байланысты өткіземін. Мысалы: 7 сынып Қоршаған ортаға антропогендік әсері тақырыбын бекітуге «5-5-1» әдісі қолдана отырып тақырыптың өзектілігін анықтадымыз. 8 сыныпта Қан құрамы тақырыбын Активатор 3-2-1 әдісі арқылы тақырыптың маңыздылығын, жаңа сөздерін және не үшін қажет қан құрамын білу деген ұғымдарды меңгереді өздері талдау жасап. Төменде бұл әдістердің сипаттамасы берілді:

1-SWOT — талдау

Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі

2-«5-5-1» әдісі

Оқушылар сабақ кезінде нені меңгергендері жайлы 5 сөйлем жазады. Одан кейін сол 5 сөйлемді 5 сөзге дейін қысқартады. Соңында 5 сөзді 1 сөзге қысқартады. Оқушылар өздерінің тақырып бойынша түсінгендерін қорытындылайды,

3-Активатор 3-2-1

Padlet тақтасында немесе А4 сабаққа қорытынды жасайды. Тақырып бойынша 3 маңызды нәрсені, бүгінгі сабақта кездестірген 2 жаналық немесе 2 жаңа сөзді, қолдануға болатын немесе тәжірибеге енгізілетін 1 нәрсені жазыңыз

Сабақты қорытындылауға арналған әдістер. -"Аяқталмаған тезис",-“SMS – хабарлама” сабақ нәтижелі болғаның анықтауға көмектеседі ,толық жауап беруге бағытталады, тезис жазуға үйретемін.

1-"Аяқталмаған тезис" тәсілі

Тыңдаушы аяқталмаған тезисті жазады:

Бүгін сабақта білдім ...

Қиындық тудырды

Ерекше болды

Енді жасай аламын ...

Бұл маған пайдалы

2-“SMS – хабарлама” тәсілі Тыңдаушылардың өзін-өзі бағалауы және білім беру процесін жақсарту бойынша тиісті қадамдар жасауы. Тыңдаушыларға қағаздан жасалған қалта телефондарынан SMS хабарлама жазу тапсырылады. Хабарлама ұсынылған сөйлемдердің толықтырылған немесе аяқталған нұсқасы болуы қажет.

- «Бүгінгі сабақта мен...түсіндім, ... білдім, ақиқатына жеттім»;
- «Бүгінгі сабақта мені қуантқаны...»;
- «Мен өзімді...үшін мақтар едім»;
- «Маған ерекше ұнағаны...»;
- «Сабақтан соң мен... жасағым келді»;
- «Мен... туралы армандаймын»;
- «Бүгінгі сабақта мен...жасай алдым»;
- «Мен... орындадым»;
- «...қызықты болды»;
- «...қиын болды»;
- «...мен түсіндім»;
- «Енді мен ...»;
- «...сезіндім»;
- «Мен үйрендім»;
- «Мені... таңқалдырды» және т.б.

Мұғалім әдіс тәсілдерді таңдап қолданғанда мынаған назар аудару қажет:

1-сыныптың жас ерекшелігіне ,2-темпераменттіне ,3-2 әдістен артық сабақта қолданбау.

Ж. Аймауытовтың « Баланаң ынтасын арттыру үшін оқытатын нәрседе бір жаңашылдық болу керек», – деген сөзінде үлкен мән жатыр. Неге десеніз, әр оқушы сабаққа келгенде жаңа білім алып шығуымен қатар, өзінің де белгісіз бір қырларын танытуы тиіс. Сонда ғана сабақ қойылған мақсатына жетеді.

Жай мұғалім хабарлайды,

Жақсы мұғалім түсіндіреді,

Керемет мұғалім көрсетеді,

Ұлы мұғалім шабыттандырады, – деп Уильм Уорд айтқандай, әрбір жаңашыл мұғалім өзінің шығармашылық әрекетінде дәстүрлі стильден алшақтап, үнемі жаңашыл идеялар жетегінде жүрсе,білім сапасының жақсара түсетіні сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. - 2004.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы./ Егемен Қазақстан, 15 тамыз, 2007.

3. Сағындықұлы Е. Педагогика. Алматы. – 1999. – 260 б.

4. Шаталов В.Ф. Учить всех, учить каждого / В.Ф.Шаталов // Педагогический поиск / сост. И.Н. Баженова. — М.: Педагогика, 1988. – С. 124-179.

ОҚЫТУДА БЛУМ ТАКСОНОМИЯ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Блум таксономиясы 1956 жылы доктор Бенджамин Блумның басшылығымен құрылды, ол педагог-психолог болып табылады және олардың мақсаты жоғары ойлау формасын дамытуға ықпал ету болды. фактілерді есте сақтаудың орнына, талдау және бағалау сияқты білім беру.

Блум таксономиясы бойынша ұйымдастыру оқушылардың дайын ақпаратты қабылдауынан гөрі, ондағы қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына қолдау ететінін айта кеткен жөн. Блум таксономиясы адамның ақыл-ой қабілеттерінің құрылымы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін 6 деңгейге сәйкес тапсырмаларды құруды қажет етеді. Тапсырмалар құруда оқытудың белсенді әдістердің мәні - оқушыларды кәсіби іс-әрекетті меңгеруге бағытталады. Сабақ жоспарын Блум таксономиясына салып, бағдарламада белгіленген жеті модульді ықпалдастырудың арқасында оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ қызығушылықтарын түсініп, оқытудың жаңа тәсілдерін тиімді және орынды пайдаланып, оқушы бойында ішкі уәж тудырып, өз қабілеттеріне сенім арттырып, ол өз кезегінде жаңа материалды саналы түрде меңгеруіне әсер етеді деп күтілді [1; 2].

Репродуктивтік әдіс. Бұл әдіс арқылы мұғалім оқушының іскерлігін және дағдыларын қалыптастырып, тапсырмалар беріп, өзі меңгерген білімді, үйреткен іскерлік дағдыларын оқушыларға қайталайды. Оқушылар мұғалімнің үлгісі бойынша жіктейді, септейді, жоспар құрып, мұғалімнің нұсқауымен тәжірибе жасайды. Репродуктивтік әдіс мұғалімнен ұйымдастырушылық қабілетті талап етеді. Мұғалім сөздік, көрнекілік, тәжірибелік әдістер арқылы жаңа оқу материалын түсіндіреді, ал оқушылар оларды тапсырмаларды орындау үшін қолданады. Білімнің көлемі көп болғанда репродуктивтік әдіс түсіндірмелі-иллюстративтік әдіспен бірге қолданылады. Репродуктивтік әдіс арқылы оқушы «дайын» білімдерді есінде сақтап, кейін қатесіз айтып бергенмен, оның ақыл-ой белсенділігі төмен болады.

- 1) репродуктивті сипатқа бағытталған танымдық қызметті қамтамасыз ететін әдістер тобы;
- 2) оқушылардың өз бетімен білім іздену әдістер тобы, яғни проблемалық әдістер, олар проблеманы шешу барысында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ұштауға бағытталады;
- 3) оқушылардың көркем-эмоционалдық белсенділігін дамытатын әдістер тобы;
- 4) оқушылардың меңгерген білімдерін өздері қоршаған ортаны тани түсуге қарай бағыттайтын практикалық әдістер тобы.

Когнитивтік ғылымда басты зерттеу нысаны – айналасын қоршаған дүние ақпараттарын өңдеуші адамның іс-әрекеттері, яғни когнициясы [3].

Жалпы таным-білімге, жан-жақты жинақталған ақпараттарға қатысты әрекеттердің барлығы когниция немесе когнитивтік әрекеттер деп аталады. Когнитивтік ілім заңдылығына сәйкес, адам тіл арқылы ақпаратты өңдеуші жүйе ретінде түсініледі, ал адамның әрекеті тіл арқылы оның ішкі жай-күйіндегі дүниелермен анықталады. Олай болса, когнитивизмнің негізгі қағидасын зерттеушілер еңбектеріне сәйкес былайша анықтауға болады:

Білім беру қызметін зерттеудің анықталған үш саласы:

1. танымдық-ақыл-ой дағдылары немесе білім
2. аффективті-сезімдердің немесе эмоционалды өрістердің өсуі (көзқарас немесе өзін-өзі бағалау)
3. психомоторлы-қолмен немесе физикалық дағдылар

Егер пәндік аймақ категориялар деп аталса, ал кейбір адамдар осы үш категорияны атайды (білім, дағды және көзқарас), егер біз бұл тұжырымға келсек, орынсыз болар еді оқыту мінез-құлқының таксономиясы "оқу процесінің бағыты" болып табылады. Алайда комитет Блума психомоторлық саланы жақсы түсінбейді, мүмкін олардың тәжірибе шектеулі және олар драма немесе спортта не болып жатқандығы туралы аз біледі. Бірақ бұл мақаланың басты мәселесі-танымдық сала. Блум таксономиясы жеке тұлғаның креативтілігі мен шығармашылық дербестігін қалыптастырады. Ойлаудың деңгейлері саналатын Блум таксономиясы, алты деңгейге жіктелген. Әрбір деңгейі тұлғаның аффективті қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасай алады. Бенжамин блум ұсынған негізгі үлгі, қашанда өз реттілігі мен толық құрамын жоғалтпауы тиіс. Себебі білім беру мақсаттарының жүйесі сақталмай, көзделген нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Енді осы алты деңгейге жеке жеке тоқталып, мақсаты мен мазмұнын айқындайық.

Шығармашылық деңгейге жетудің алғашқы баспалдағы ол – «Білу» деңгейі. Ойлаудың бұл деңгейі өткен материалдарды қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруді көздейді.

Мұғалімнің қолданатын сұрақтары: Кім? Не? Қайда? Қандай? Қалай?

Оған мысалдар:

- Атом деген не?

- Электр тогы қалай байқалады?
- Ток күші деп нені айтады?
- Ток күшінің бірлігі нені қабылдайды?

Екінші қадам, яғни «Түсіну» деңгейі, мұнда оқушының жаңа тақырып бойынша берілген материалды түсінгендігі тексеріледі. Негізінен оқушының өзіндік пайымы, түсінгі(интерпретация) өз сөзімен қорытындылауы жүзеге асырылады.

Мұғалім тарапынан: Ол қалай болды? Неліктен олай? Олардың өзара байланысын түсіндір.

Екеуінің айырмашылығын көрсет.

- Формулань ауызша түсіндір.
- Тізбек бөлігі үшін Ом заңы қалай тағайындалады?
- Өткізгіштің кедергісі қандай шамаға тәуелді және қалай тәуелді?
- Асқын өткізгіштік құбылысын өз сөзіңмен айтып бер.

Келесі «Қолдану» деңгейінде оқушының түсінінген оқу материалын, нақты жағдайда қолдануды меңзейді. Мұнда жаңа сабақтан түсінген ережелерді, заңдарды, формулаларды, теорияларды, тәжірибе тұрғысынан қолданып көру керектігі талап етіледі.

Мұғалім тарапынан: Егер де оның орнында сен болсаң не істер едің?

Ал сенің ойыңша қалай болуы мүмкін? Графикке салып көр. Неліктен қолданғандығынды түсіндіріп бер. Тағы басқа тәсілдермен шешіп көр.

Мысалы:

- Не үшін бұлай қолданғандығы
- Қалайша жылдам тапқандығы
- Неге өзгерткендігі?

Таксономияның «Талдау» деңгейінде жаңа материалдың мазмұнды болуы үшін жеке жеке жіктейміз. Ол үшін бүтін бөліктерді ажырату арқылы бүтін бөлік арасындығы өзара байланыстарды анықтауды қарастыру керек.

Мұғалім сұрағы: Бөлімдерге бөл, себебін талда.

- Қысқа тұйықталудың құбылысының шығу себебі қандай?
- Өткізгішті тізбектей және паралель жалғауды салыстыр

Ойлаудың жоғары сатыларының бірі «Жинақтау» деңгейі деп аталады. Бұл деңгейде оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді құрастыруы қажет. Сонымен бірге жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын өзгеше реттейтін хабарлама мен схемаларды атауға болады.

Мұғалім тарапынан: өз шешімінді шығар, алгоритмін құрастыр, бөліктерді құрастыр, бір жүйеге келтір, зерттеу жаса.

Мысалдар:

- Есеп құрастыру
- Компьютерлік бағдарлама жасау
- Контекст құрастыру

Блум таксономиясының ең жоғарғы деңгейі «Бағалау» деп аталады. Бұл оқушының жаңа тақырыпты толық меңгергендігін айқындайтын деңгей болып табылады. Бірақ осы бағалау деңгейінде кейбір мұғалімдер арнайы тапсырма бермей ақ, баға қоя салу шектеледі. Ал негізінен мұнда арнайы шығармашылыққа бағытталған тапсырма берілуі тиіс. Мұғалім сұрақ қояр кезінде мүмкіндігінше мәтін соңындағы сұрақтарды пайдаланбай ақ, сыни ойлауға бағытталған ашық сұрақтарды қолданғаны жөн. Негізінен «Бағалау» деңгейінде қолданылатын сұрақтар оқу материалының мазмұнын ашуы керек.

Мұнда оқушы жаңа тақырып туралы өзіндік пікірі мен ойын білдіреді. Мұғалім тарапынан қойылатын: Сенің ойыңша бұл дұрыс немесе бұрыс, маңызды немесе маңызды емес, жақтайсың ба немесе қарсысың ба? Деген пікірталас, дау дамай туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асырылады. Сонымен бірге мұғалім бұл деңгейде:

- Өз пікірінді дәлелде.
- Осы ... ұқсас мысалдар келтірші.
- Осы теорияға ұқсас тағы қандай ... білесің?

Жалпы оқушы мұнда жасалған шешімдер мен қорытындылардың берілген фактілерге сәйкестігін дәлелдейді. Егер оқушы нақты дәлелдермен салыстыра отырып айғақтарды келтіре алса, онда оқушыны жаңатақырыпты меңгерді деп есептеуге болады. Оқушының алтыншы деңгейге дейін орындаған тапсырмаларын ескере отырып «жинақтаушы» бағасы қойылады. Бұл көбінесе дизайнға ұқсас жеке үйлердің немесе көп пәтерлі үйлердің үлкен тобына жатады, біртұтас қоғамдастық ретінде салынған, әсіресе құрылыс салушы немесе мемлекеттік ұйым. Біз сияқты академиялық қауымдастықтағы әзірлеуші-мұғалім. Дамыту төменгі, орта немесе одан жоғары деңгейдегі танымдық дағдылардың оқушысы оқушының өзіне байланысты және мұғалім жұмысының нәтижелері. Сонымен, танымдық даму-бұл неврология мен психологиядағы зерттеу саласы ақпаратты өңдеу, тұжырымдамалық ресурстар тұрғысынан баланың дамуы, қабылдау, тілді үйрену және ми дамуының басқа аспектілері, ойлау және түсіну. Пиagetтің танымдық даму теориясы немесе генетикалық эпистемология қазіргі уақытта ескірген. Қазіргі уақыт оны ақпаратты өңдеу теориясымен, нейро-Пиaget когнитивті теориялармен алмастырды

Пиaget идеяларын кейінгі модельдермен және тұжырымдамалармен біріктіруге бағытталған Даму даму және когнитивтік ғылым салалары; теориялық когнитивтік неврология және әлеуметті конструктивтік тәсілдер. Табиғатта немесе тәрбиеде даму және, сайып келгенде, қосымша Блумның алты деңгейінің үшке бөлінуін негіздеу, яғни танымдық процестер немесе төменгі, орта және жоғары деңгейдегі дағдылар, жағдайларға байланысты [4].

Сонымен, танымдық даму жеке туа біткен (табиғи) қабілеттерге немесе олардың қабілеттеріне байланысты ма жеке тәжірибе? Оқушыға келетін болсақ, оның генетикалық құрамы маңызды функцияны атқарады.

Оқушы егер оның табиғаты оны өз бетінше басқара алмаса, жоғары танымдық процесті жасауға мәжбүрлеу мүмкін емес мұғалім қабылдаған әдіс. Сондықтан табиғат пен тәрбие кез-келген жағдайда маңызды танымдық тапсырма. Адамның танымдық қабілеттері туралы кітабында Кэрролл (1993) 15-тарауды жоғары тәртіпке арнады [1].

Танымдық факторлар, 16-тарау танымдық қабілеттердің үш қабатты теориясына және 17-тарау, Мұндай теорияның табиғат пен тәрбие проблемаларына әсері туралы эссе.

Танымдық дағдылардың жіктелуін Ури Золлер мен Георгий Цапарлос растайды (1997) жоғары және төменгі ретті танымдық дағдылар туралы мақаласында: химия мысалында [2].

Жоғарыда келтірілген сілтемелер үш танымдық фактіні көрсетеді процесс немесе шеберлік, яғни төменгі, орта және жоғары - бұл оқушылар қашан үйренеді білім беру кәсіпорнында қандай да бір міндетке тап болады. Сондықтан, бұл маңызы зор болып табылады. Блум немесе Лорин Андерсон және т. б. сияқты алты деңгейді үш деңгейге дейін төмендету үшін оқушылардың танымдық процесіне логикалық түрде байланысты, олар кез-келген кезде қабылдайды кез-келген тапсырмамен.

Педагогтар көбінесе орта мектепте физиканы оқытуды мектептегі ең қиын пәндердің бірі деп санайды. Осы зерттеуде ұсынылған оқу жоспарын әзірлеушілер мен мұғалімдерге студенттерге ұсынылатын тапсырмалардың күрделілік түрлері мен деңгейлерін мұқият жоспарлауға көмектеседі және сәйкесінше студенттердің процедуралық емес, физиканы тұжырымдамалық түсіну негізінде есептерді шешу қабілетін арттырады деп үміттенеміз. шешімдер. жаттығулар. Дегенмен, барлық түрдегі таксономиялар, соның ішінде, белгілі бір оқу жоспарын оқытудың нақты құралдары емес, тек оқу құралдары немесе эвристика екенін ескеру маңызды. Таксономия идеяларын сабақта оқытумен табиғи түрде үйлестіретін мұғалім – ұлы мұғалім.

Бұл зерттеудің шектелуі физика сабақтарында шығармашылықты ынталандыру және бағалау мәселесі болып табылады. Әдебиеттерден алынған түпнұсқа нұсқасы шкаласы бойынша ең жоғары деңгей ретінде шығармашылық ойлауды қамтиды. Алайда, біз шығармашылық ойлауға қатысты деректер келтірмедік, өйткені қабылдау емтиханындағы міндетті пәнді оқытуға толығымен арналған физика сабақтарында шығармашылықпен айналысу қиынға соғады. Физика және сабақтарында шығармашылық және метатану аспектілерін шешу үшін көбірек жұмыс қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Американдық ғылымды дамыту қауымдастығы. Ғылыми сауаттылық критерийлері. Нью-Йорк, Нью-Йорк: Оксфорд университетінің баспасы. – 1993. <http://www.ejmste.com/>.
2. Андерсон Л.В. және Кратвол Д.Р. (ред.). Оқыту, оқыту және бағалау таксономиясы: Блумның білім беру мақсаттарының таксономиясын қайталау. Нью-Йорк, Нью-Йорк: Лонгман. – 2001.
3. Барақ М. Оқыту техникасымен технологиясы: когнитивтік таксономиялар, білім және есептерді шешу. Инженерлік, дизайн және технология журналы, 2013. – № 11. - Б. 316–333. <https://doi.org/10.1108/JEDT-04-2012-0020>.
4. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Алматы, 2013.

ӘОЖ 374.3

Буйрашева И.Ж.

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мақалада жаратылыстану-география ғылымдарының даму келешегі айқындалды. Сонымен қатар оқу үрдісінде қолданылатын инновациялық технология түрлері және сипаты берілген. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мақсаты және тапсырмалары сипатталды. Инновациялық технологиялардың оқу үрдісіндегі маңыздылығы атап өтілді.


Жаратылыстану-география ғылымдары адамзаттың рухани мәдениетінің ажырамас және маңызды бөлігі болып табылады. Оның қазіргі заманауи негізгі ғылыми ережелерін, дүниетанымы мен тұжырымдарын білу кез-келген қызмет саласындағы мамандарды жалпы мәдени даярлаудың қажетті элементі болып табылады. XX ғасырдың басынан бастап жаратылыстану ғылымдары үлкен жетістіктерге

жетгі. Атом энергетикасы, радиолокация, теледидар, компьютерлер, авиация, полимерлер, оптика, микросхемалар, ұялы байланыс және ғаламтордың пайда болуы ғылымның ілгерілеуіне алып келді. Даму тенденциялары ретінде келесі бағыттарды атауға болады: нанотехнологиялар, гендік инженерия саласындағы тың жаңалықтар, ғарыш-әуе технологиялары, энергия өндірісі және т.б.

Жаратылыстану-география ғылымдарын оқытудағы оқу үрдісінде қолданылатын технологиялар ХХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап белең алып келеді. Оқу үрдісінде географиялық білімді модернизациялау мақсаты инновациялық технологиялардың пайда болуына алып келді. Білім берудегі инновациялық технологиялар оқытуды реттеуге, оны дұрыс бағытқа бағыттауға мүмкіндік береді. Инновациялық технологиялар қатарына сыни ойлау технологиясы, проблемалық оқыту технологиялары, оқытудың интерактивті әдіс технологиялары және әр деңгейдегі зерттеу технологиялары, мультимедиялық, модульдік және дамыта оқыту жатады. Бұл технологиялардың негізгі мақсаты – оқу үрдісінде білім алушылардың тәуелсіз және сыни ойлау дағдыларын шыңдау, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, сонымен қатар ақпаратпен дұрыс жұмыс жасау, топта жұмыс істеуді үйрену дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Қазіргі ғылымда жетекші орын алатын оқу-тәрбие процесі білім алушыларға білім, білік, дағдыларды беруге, жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Сапалы білім берудің негізгі алғышарты ретінде білім беру үрдісіне осы жаңа инновациялық технологиялардың енгізілуін атап өтуге болады.

Инновациялық технологиялардың ең көрнекті мысалына оқу үрдісіндегі мультимедиялық сабақтарды оқыту немесе *ақпараттық-коммуникациялық технологиялары* жатады. Мәтін, сурет, анимация ретінде берілетін оқу материалы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өскелең ұрпақтың зияткерлік және рухани әлеуетін дамыту арқылы компьютерлік және коммуникативтік дағдыларды біріктіретін құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жаратылыстану-география ғылымдарын оқытудағы АКТ жұмысының негізгі формалары: үнемі өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеу; оқу үдерісінде және сабақтан тыс іс-шараларда интерактивті әдістерді тікелей қолдану. Мультимедиялық презентациялар жасау арқылы жаратылыстану пәндеріне қызығушылықты арттыруға болады. Компьютерлік презентацияларды қолдану сабақты көрнекі және мәнерлі етуге, оқу материалын терең есте сақтауға, бейнелі қабылдау арқылы оқушылардың эмоционалды әсерін арттыруға мүмкіндік береді. Мультимедиялық сабақ-презентациялардың айқын артықшылығы-оқушының аталған жаратылыстану пәндеріне қатынасы сапалы түрде өзгереді. Сабақта оқушылардың оқу белсенділігі артады. Мультимедиялық сабақты өткізудегі таптырмас көмекші құрал ретінде mosaic education инновациялық цифрлық білім беру сайты жұмыс жасайды [1].

Оқу материалдары цифрлық сабақтармен жабдықталып, оның ішінде жаратылыстану ғылымдары физика, химия, география, биология пәндерінен оқыту материалдары 3d үлгілермен, видео-сабақтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар сабақ құралдарын көрнекті ету мақсатында анимациялы, әр түрлі иллюстрациялы визуалды таныстырылыммен әр түрлі қосымшалар жұмыс жасайды.



1 сурет - Mosaic education цифрлық білім беру сайты

Жаңа білім беру парадигмасына сәйкес инновациялық оқыту технологиялары оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, өздігінен жұмыс жасай алу дағдыларын арттырып, білім алудың тірегі ретінде қызмет етеді. Қазіргі заманғы мұғалім оқу мақсаттарына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне және оқу материалының ерекшеліктеріне сәйкес келетін инновациялық оқыту технологияларын таңдай білуі қажет. Оның нәтижесі - әр оқушы өзінің жеке тәжірибесі арқылы және қарым-қатынас негізінде басқа оқушылармен бірлесіп жұмыс жасау арқылы зерттелетін тақырып туралы өзінің жеке идеясын қалыптастыра алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Mosaic Education: [Электрондық ресурс]: <https://www.mozaweb.com/kk>.

Серғалиев Н.Х., Абулғазиева Г.Б., Сарманов А.Е., Кішібекова Ә.Б.
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан

ШАЛҚАР КӨЛІНІҢ АЗЫҚТЫҚ БАЗАСЫНА БАҒА БЕРУ

Шалқар көлі Теректі ауданының оңтүстігінде Жайықтың сол (шығыс) жағалауында орналасқан. Батыс Қазақстан облысындағы ең үлкен көл, орташа тереңдігі 5 м, максималды тереңдігі 12 м жетеді. Бір кездері бай ихтиофаунасы болған қазіргі кездегі ерекше бірегей, экологиялық, ғылыми, мәдени, рекреациялық және эстетикалық құндылығы бар [1,2].

Кез-келген су қоймадағы табиғи азықтық база бұл бір-бірімен тығыз байланысқан барлық трофикалық деңгейлердің организмдерін қамтитын күрделі тепе-тендік жүйесі. Табиғи азықтық база жоғары балық өнімділігін алу үшін қажетті қоректік заттардың бай жиынтығы [3]. Зообентос-құрлықтық суқоймалар мен су ағындарының экожүйелерінің маңызды элементтерінің бірі, алайда Шалқар көлінде аталған организмдердің зерттелу дәрежесі жеткіліксіз [4]. Осыған байланысты ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты зообентос қауымдастықтарының көрсеткіштері негізінде Шалқар көлінің азықтық базасына баға беру.

Гидробиологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары 2022 жылдың көктем, жаз, күз мезгілдерінде Шалқар көлінде жүргізілді.

Зерттеуге қажетті зообентос сынамалары стандартты гидробиологиялық әдістер бойынша жиналып, өңделді [5,6]. Сынамаларды өңдеу М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің жаратылыстану-гуманитарлық ғылымдарының зерттеу зертханасында жүргізілді. Материалды анықтау бірқатар нұсқаулықтар бойынша [7-10], азықтық базаның деңгейі С.П. Китаев шкаласы бойынша анықталды [11].


Шалқар көлінен алынған зообентос сынамаларында 2 топтың 6 таксоны анықталды: Crustacea және Insecta. Олардың ішінде: шаян тәрізділер – 3 түр және хирономидтердің 3 таксоны.

Зерттеудің барлық кезеңінде зообентос биомассасы 1,8 г/м², саны 323 дана/м² құрады. Сандық көрсеткіштер бойынша Шалқар көлінде шаян тәрізділер басым болды, олардың ішінде *Turkogammarus aralensis* (1-кесте).

1 кесте – Шалқар көлінің зообентос қауымдастықтарының сандық көрсеткіштері

| № | Таксон | Станция нөмірі | | | | | | Жалпы биомасса | Жалпы саны |
|-----------------------------------|---|-------------------------------|---------------------------------|-------------------------------|---------------------------------|-------------------------------|---------------------------------|----------------|------------|
| | | 1 | | 2 | | 3 | | | |
| | | биомасса мг/м ² | саны дана/ м ² | биомасса мг/м ² | саны дана/ м ² | биомасса мг/м ² | саны дана/ м ² | | |
| Шаян тәрізділер | | | | | | | | | |
| 1. | <i>Limnomysis benedeni</i> (Czerniavsky, 1882) | 615 | 26 | 186 | 10 | 258 | 13 | 353 | 16 |
| 2. | <i>Paramysis intermedia</i> (Czerniavsky, 1882) | 35 | 13 | 53 | 16 | 34 | 10 | 41 | 13 |
| 3. | <i>Turkogammarus aralensis</i> (Uljanin, 1874) | 942 | 179 | 1061 | 180 | 1118 | 194 | 1040 | 184 |
| Қосқанаттылар дернәсілдері | | | | | | | | | |
| 4. | <i>Chironomus sp.</i> | 55 | 29 | | | | | 18 | 10 |
| 5. | <i>Glyptotendipes paripes</i> (Edwards, 1929) | 346 | 86 | 342 | 92 | 119 | 37 | 269 | 72 |
| 6. | <i>Microchironomus tener</i> (Kieffer, 1918) | 112 | 37 | 51 | 16 | 107 | 32 | 90 | 28 |
| Итого | | 2105 | 370 | 1693 | 314 | 1636 | 286 | 1811 | 323 |

Су түбі омыртқасыздарының жоғары саны мен биомассасы күз мезгілінде, төмен көрсеткіштер көктемде тіркелді (сурет 1).



1 сурет – Зообентос қауымдастықтарының жыл мезгілі бойынша сандық көрсеткіштері

Гидробиологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Шалқар көлінің азықтық базасының деңгейі қыркүйек айынан басқа барлық кезеңде төменгі өнімділік класына (1,8 г/м²) және β-олиготрофты суқоймаға сәйкес келді, ал қыркүйек айында орташа өнімділік класы (2,8 г/м²) α-мезотрофты суқоймалар қатарына жатқызылды.

Шалқар көлінің зообентос қауымдастықтарының көрсеткіштері негізіндегі азықтық базасының және сандық көрсеткіштерінің төмен болуы соңғы жылдарда жалғасып жатырған су көлемінің жеткіліксіз түсуіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Петренко А.З., Джубанов А.А., Фартушина М.М. и др. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998. - 176 с.
2. Мурзашев Т.К. Рыбохозяйственное состояние внутренних водоемов Западно-Казахстанской области: учебное пособие. / Т.К.Мурзашев. – Уральск, 2005. – 63 с.
3. Привезенцев Ю.А., Практикум по прудовому рыбководству. Учебное пособие для зооинженерных факультетов с.-х. вузов. — М.: Высшая школа, 1982. — 208 с.
4. Алимов А.Ф. Введение в продукционную гидробиологию. – Л.: Гидрометеиздат, 1989. – 152 с.
5. Методика изучения биогеоценозов внутренних водоемов. - М.: Наука, 1975. – 240 с.
6. 30. Руководства по гидробиологическому мониторингу пресноводных экосистем. – СПб.: Гидрометеиздат, 1992. – 318 с.
7. Определитель пресноводных беспозвоночных России и сопредельных территорий. Т 2. Ракообразные / Под ред. С.Я.Цалолихина. – СПб.: Наука, 1995. – 632 с.
8. Определитель пресноводных беспозвоночных России и сопредельных территорий. Т 4. Двукрылые насекомые / Под ред. С.Я.Цалолихина. – СПб.: Наука, 2000. – 997 с.
9. Определитель пресноводных беспозвоночных Европейской части СССР / под ред. Л.А.Кутиковой, Я.И.Старобогатова. – Л.: Гидрометеиздат, 1977. – 512 с.
10. Мамаев Б.М. Определитель насекомых по личинкам / Б.М.Мамаев. – М.: Просвещение, 1972. – 414 с.

ӘОЖ 567.8

Асланбекқызы Ж.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал қ., Қазақстан

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА BUFOOTES SITIBUNDES (PALLAS, 1771) ПАЛЛАС ҚҰРБАҚАСЫНЫҢ ТАРАЛУЫН ЗЕРТТЕУ

Жасыл құрбақа (*Bufo viridis*, Laurenti, 1768) - құрбақа тұқымдасына жататын құйрықсыз қосмекенді. Түрдің бірнеше түрлері (кейбір деректерде 7 түр) ерекшеленеді, бірақ көпшілігі толық нақтылауды қажет етеді. Таралу аймағының шығыс Европа бөлігінде *Bufo viridis* (Laurenti, 1768) номинативті құрбақа тұқымдасы және Орталық Азияның жазық бөлігінде тұран құрбақасы *Bufo turanensis* (Nemmer, Schmidtler & Böhme, 1978) мекендейді [1].

Түрдің таралу аймағы негізінен солтүстік Африка, Еуропаның көпшілік бөлігі, оңтүстік Сібір, орта және орталық Азия, Қытай және Моңғолия территориясында, ал таралу аймағының солтүстік шекарасы Шығыс Европа жазығынан Орал таулары арқылы, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан облыстары арқылы Алтайдан Моңғолияға дейін созылуда. Ареалдың оңтүстік шекарасы Орталық Азия, Копетдаг жотасы, Алтай-Памир, Тянь-Шань таулары арқылы өтеді. Аталған аймақтар, осылайша түрдің таралу

территориясына кіреді. Сонымен қатар, жасыл құрбақаның біркелкі таралған және де кейбір жерлерде мүлде байқалмайды. Жасыл құрбақаның нақты орналасу аймақтары орманды дала зонасының 10(11-ден 90,9%), дала зонасының 55(69-дан 79,7%), шөлейт зонасының 20(32-ден 62,5%), шөл зонасының 14(43-тен 32,6%) ландшафтты аймағы [2].

Алайда, олардың арасындағы шекара «Батыс Қазақстанның оңтүстік далалары мен шөлейттері» бойымен біршама шартты түрде сызылған. Аймақтың орталық бөлігінде түрлердің интерградациясы орын алып, ал жасыл құрбақа мен тұран құрбақасы аймақтың солтүстік-батыс және оңтүстік-шығысын мекендеуі мүмкін. Мұндай жағдайдың мүмкіндігі Орал популяциясы дараларының морфометриялық параметрлерінің номинативті түршелерге тән шектерге сәйкес келмеуімен расталады.

Өртүрлі популяциялар денесінің, аяқ-қолдарының, құлақшаларының, артикулярлық түйнектердің өлшемдері бойынша, жасыл дақтардың мөлшері мен пішінінде, жалпы түсімен, терідегі түйнектер мен омыртқалардың мөлшері мен орналасуының жоғары географиялық, биотопиялық және жеке өзгергіштігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, көптеген диагностикалық белгілердің мәндері сәйкес келеді.

Жасыл құрбақа палеарктикалық қосмекенділердің ең эвритопиялық және пластикалық түрлерінің бірі болып табылады, ол құрғақшылыққа жоғары төзімділігімен, уылдырық шашу үшін уақытша резервуарларды пайдалану мүмкіндігімен, қоршаған ортаның жағымсыз әсерлеріне азырақ ұшырауымен, сонымен қатар түнгі өмір салтымен түсіндіріледі [3].

2004-2020 жылдар аралығында Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе, Ақжайық, Казталов, Жәнібек, Бөкейорда, Жаңақала аудандары және Атырау облысының Исатай, Құрманғазы, Индер аудандарында 36 рет кездестірілген.

2022 жылдың маусым айында шыққанэкспедицияда *Bufotes sitibundes* (Pallas, 1771) кездеспеді.

Бірқатар жерлерде жол бойындағы арықтарда кейде жаздың ортасына дейін су қалуы қолайлы рөл атқарады. Дегенмен, жасыл құрбақалардың бейімделу қабілеттері шөлді аймақта айқын көрінеді. Мұнда олар тек тұщы судың маңында ғана емес, сонымен қатар әлсіз минералданған (11%-ға дейін) су қоймалары – көктемгі су тасқындарынан толған сортаңдар мен тақырларда, шұңқырлы шығанақтарда және Арал теңізінің тұщы су көздеріне жақын жерде өмір сүреді, бұл аймақ үшін Н.А.Зарудный (1895, 1915) [15,16] және Л.Г.Динесман (1953) [13] түрдің Арал теңізінің тұздылығы жоғарылау жағдайында тіршілік ету қабілетін бір кездері тұщы болған көлдің ұзақ мерзімді біртіндеп тұздану процесінде бейімделудің дамуымен түсіндірді [2].

Шөлде түрдің уылдырық шашу үшін уақытша тұщы су қоймаларын пайдалану мүмкіндігі де айқын көрінеді, тіпті жаңбырдан кейін көліктердің шұңқырларында пайда болады. Бұл жерде биоценоздық серіктестердің де маңызы арта түседі, олардың рөлінде гербилдер шөлде әрекет етеді – мұнда мекендейтін табиғи популяциялардың 90-95% дейін өз шұңқырларында пана табады [12]. (Варшавский, 1985). Шөлдегі табиғи популяцияларды сақтауда белгілі бір рөлді тұрақты қоныстар мен уақытша қоныстар (байланысты құдықтармен, құдықтармен және қазбалар), олардың пайда болуы Арал Қарақұмында [17] (Лобачев, 1973) және тұтастай алғанда шөл зонасында түрлер дамытқан биотоптар ауқымының кеңеюіне оң әсер етті.

Шөлейт жерлерде жасыл құрбақаның негізгі тұрақты мекендейтін жерлері Еділ, Жайық және Ембі өзендерінің шөпті жайылмалары болып табылады(1,2 сурет).



1 сурет - *Bufotes sitibundes* (Pallas, 1771)



2 сурет – Биотоп, Жайық өзенінің старицалары

Еділ-Жайық сағасында Үлкен және Кіші Өзен аңғарлары, Көшім және басқа да кіші өзендердің маңызы зор. Тасқын суларының құлдырауынан кейін олардың арналары әдетте ең терең ағыстар

бойында деңгейдің сақталуын қамтамасыз ететін бөгеттермен жабылады және Көшім өзеніндегі төрт су қоймасы Шежін, Дюра, Балықты ағындары мен Жайық-Көшім сағаларының популяциясын қамтамасыз етеді.

Шөлейтте жасыл бақалардың дала тышқанының қоныстарына бекінуі айқынырақ көрінеді, олардың індерінде түрдің табиғи популяция санының 85-90% дейін тұрақты сақталады [12] (Варшавский, 1985), олар бұл індерден тыс жерде салыстырмалы түрде сирек кездеседі. Сонымен қатар, елді мекендер әлі күнге дейін популяцияны сақтауда маңызды рөл атқарады, ғимараттарда, жертөлелерде, шаруашылық алқаптарда, құдықтарда және көкөніс және бақша дақылдарының суармалы екпелерінде бақалардың едәуір бөлігі мекендейді. Бұл аймақтағы «ареал кемері» ілеспе құдықтары мен түйіндері бар көптеген қыстақтардың болуымен айтарлықтай қиындады. Үлкен Шаған және оның төңірегіндегі *Bufootes sitibundus* (Pallas, 1771) түршелердің типтік территориясы болып танылады, ал осы нүктеден 40 км қашықтықтағы Переметное елді мекені *Bufo cursor* (Daudin, 1803) түрінің типтік аумағы болып танылған, оны И. Лепехин (1772) сипаттаған.

Материктің аралас және жалпақ жапырақты ормандарын, орманды дала, дала, шөлейт және шөлді аймақтарын мекендейді. Облыстың солтүстік орманды дала бөлігінде жасыл бақа сирек ормандарда тұрады, жол бойындағы қалың ормандарға терең енеді, орман өзендерінің құмды арналарында кездеседі, үнемі орташа және ірі өзендердің жайылмаларында өмір сүреді, онда ол негізінен су баспайтын қыраттарға, жайылма террасалардың дала беткейлеріне және басқа да ашық биотоптарға, кейде судан едәуір қашықтықта мекендейді [11].

Жасыл бақа көбею маусымынан тыс тек жер бетіндегі өмір салтын жүргізеді. Ауа температурасы 8-10°C, ал су 3,5°C дейін жылынған кезде ол басқа қосмекенділердің түрлеріне қарағанда біршама ертерек қыстаудан шығады. Оңтүстік аймақтарда бұл әдетте наурыздың ортасында немесе тіпті басында, ал солтүстік шекараларына жақын - сәуірдің басында, ортасында немесе тіпті соңында болады. Көктемгі құбылыстардың даму барысына байланысты бақалар бірден немесе бір-екі аптадан кейін көбею аймақтарында шоғырлана бастайды. Олар осы кезеңді су қоймаларының таяз, жақсы жарықтандырылған және жылытылатын жерлерінде өткізеді. Көбею кезеңінде олар тәулік бойы белсенділік танытады және ол аяқталғаннан кейін белсенділік негізінен ымыртта және түнде сақталады (бірақ белсенділік кейде оңтүстік аймақтарда күндізгі уақытта байқалады). Көбею аяқталғаннан кейін бақалар құрлыққа шығады, бірақ оңтүстік аймақтарда ыстық күндері су айдындарында да байқалады. Күндіз олар шұңқырларға, топырақтағы әртүрлі қуыстарға, тамырлардың және басқа да жатқан заттардың астына (кейде шағын топтарда) немесе жұмсақ топыраққа тығылады [5].

Жасыл құрбақа - бұл аймақтағы қосмекенділердің ең кең таралған түрі және оның аумағының көп бөлігінде жиі кездеседі, ал кейбір жерлерде тіпті көп. Оның саны туралы ең алғашқы мәліметтер 19 ғасырдың соңы - 20 ғасырдың басындағы Орынбор қаласына қатысты. Жайық өзенінің жайылма бойында «өте жиі, көп жерлерде» кездескен, сонымен бірге ол Арал теңізінің солтүстік жағалауында неғұрлым кең таралған [14,16,18] (Елпатьевский, 1903; Зарудный, 1915; Сидоров, 1925). Алайда, 1960 жылдардың басында оның саны барлық жерде айтарлықтай төмендеп, оны жыралар мен сайларда өте сирек және кейбір жерлерде ғана кездестірілген [2].

1970-1980 жылдары шөл және шөлейтте тұрақты және уақытша елді мекендер көбейіп және олармен байланысты құдықтары, сорғылары, суару нүктелері бар көптеген мал өсіру қыстақтары пайда болды, бұл түрдің «ареал кемері» қиындатып қана қоймай, оның санының өсуіне де ықпал етті [11]. (Быков, 1981). Дегенмен, 1990 жылдары көптеген уақытша елді мекендер қараусыз қалды, бөгеттер жойылды, жартылай синантропты популяциялардың жай-күйіне ауылшаруашылық жерлерінің шамадан тыс химиялануы кері әсерін тигізді [7].

Аумақтың урбанизациясы мен рекреациялық дамуы процесінде су объектілерінің жойылуы, тайыздануы, құрғауы және тұздануы, типтік мекендеу орындарының өзгеруі. Тыңайтқыштар мен пестицидтерді егістіктерде, көкөніс және бақша дақылдары екпелерінде, бақшалар мен шаруашылық учаскелерінде орынсыз және ұтымсыз пайдалану, сондай-ақ су объектілерінің техногендік ағындармен және қалдықтармен ластануы жасыл құрбақаның популяциясына кері әсерін тигізуде. Соған қарамастан, жасыл бақаның жоғары синантропизация әлеуеті бар, бұл оған жаңа мекендеу орындарына бейімделуіне мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Тихонов В.Е. Ритмичность метеорологических факторов и биоклиматический потенциал в степной зоне Урала // Вопросы степеведения. Оренбург: ИС УрО РАН, 2000. - 93-101 б.
2. Топоркова Л.Я. Амфибии и рептилии Урала // Фауна европейского Севера, Урала и Западной Сибири. Свердловск, 1973. - 84-117 б.
3. Топоркова Л.Я. Морфологические особенности зеленой жабы (*Bufo viridis*) Южного Урала // Вопросы герпетологии (Сб. статей). Л., 1981. - 133-134 б.
4. Терентьев П.В. Лягушка. М.: Сов. наука, 1950. - 342 б.
5. Терентьев П.В. Земноводные - Amphibia И Животный мир СССР. М.; Л.: Изд-во АН СССР, 1953. Т. 4. - 220-227 б.

6. Кривко А.М. К распространению и экологии амфибий Северного Прикаспия // Биологические науки. Алма-Ата: Изд-во КазПИ, 1976. Вып. 3. - 46-48 б.
7. Завьялов Е.В., Табачишин В.Г. Современное состояние популяций амфибий и рептилий на территории Астраханского газоконденсатного месторождения // Проблемы экологической безопасности Нижнего Поволжья в связи с разработкой и эксплуатацией нефтегазовых месторождений с высоким содержанием сероводорода. Саратов, 1998. - 142-146 б.
8. Дубровский Ю.А. Новые находки рептилий в степях Казахстана // Бюл. МОИП. 1967. Вып. 1.- 36-37 б.
9. Дуйсебаева Т.Н. Новые находки амфибий и рептилий в Приаралье и сопредельных районах Казахстана. Змеи (Reptilia: Squamata: Serpentes) И Selevinia, 2005. - 49-56 б.
10. Дебело П.В., Чибилёв А.А. Некоторые эколого-географические особенности распространения амфибий и рептилий аридных и семиаридных ландшафтов Урало-Каспийского региона // Степи Северной Евразии: Матер. VI междунар. симп. Оренбург: ИПК «Газпромнефть», 2012. – 203-208 б.
11. Быков А.В. Фауна и распределение амфибий и рептилий в окрестностях Джаныбекского стационара // Вопросы герпетологии (Сб. статей). Л., 1981. – 26 б.
12. Варшавский С.Н., Крылова К.Т., Шилова М.Н., Камнев П.И. Об особенностях распространения и численности зеленой жабы в субаридных и аридных ландшафтах // Вопросы герпетологии (Матер. VI Всесоюз. Герпетол. конф.). Л., 1985. – 41-42 б.
13. Динесман Л.Г. Амфибии и рептилии юго-востока Тургайской столовой страны и Северного Приаралья // Тр. Ин-та географии АН СССР. Зоогеография и экология наземной фауны Казахстана. М.: Наука, 1953. – 186 б.
14. Елпатьевский В.С. Гады Арала // Изв. Туркестанского отдела РГО. Науч. Результаты Аральской экспедиции. Вып. VI. 1903.
15. Зарудный Н. Материалы для фауны амфибий и рептилий Оренбургского края // Bul. Soc. Imp. Des Naturalistes de Moscou, 1895. (Nov. Seric, 1896. Т. 5, №3. – Б. 361-370)
16. Зарудный Н.А. Поездка на Аральское море летом 1914 г. Гады Арала // Изв. Туркестанского отдела РГО, 1915. Т. II, вып. 1. – 113-125 б.
17. Лобачев В.С., Чугунов Ю.Д., Чуканина И.Н. Особенности герпетофауны Северного Приаралья // Вопросы герпетологии (Тез. докл. III Всесоюз. герпетол. конф.). М., 1973. – 116-118 б.
18. Сидоров С. Амфибии и рептилии Арала // Бюл. МОИП. Отд. биол., 1925. Т. XXXIII, вып. 1-2. – 188-200.

УДК 372.853

Искалиева А.У.

*Западно-Казахстанский университет имени М.Утемисова,
г. Уральск, Казахстан*

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ ФИЗИКИ НА АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

В профессиональной подготовке будущих специалистов - учителей физиков на английском языке необходимы специальные навыки речевого общения в устной и письменной форме: умение ставить вопросы, обосновывать и формулировать решения физических задач, безошибочно толковать смысл научных текстов, физических терминов, определений, содержащих необходимую информацию. Практика показывает, что уровень языковой подготовки многих кадров в полиязыковой среде не одна из основных проблем на сегодняшний день, процессы которого обостряются и глобализируются.

Главной проблемой является относительно не высокий уровень знаний по физике у основной массы обучаемых, свидетельствующий о неполном усвоении ими школьного курса физики. Для преодоления существующей проблемы приходится строить преподавание с уклоном на базовые законы физики, излагаемые в большинстве современных стран в старших классах средней школы. Кроме этого, необходимо учитывать английскую терминологию, типичный пример – импульс (произведение массы тела на его скорость); соответствующий английский аналог: *linearmomentum*. Следует отметить, что слово *impulse* (толчок, побуждение, порыв) также используется в англоязычной физической литературе и соответствует русскому термину импульс силы (произведение силы на отрезок времени, в течение которого она действует). А теперь представим, что эти два слова присутствуют в названии теоремы: *impulse-momentumtheorem*. В литературе данное равенство теоремы не называют; оно просто следует из основного закона динамики материальной точки (скорость изменения импульса материальной точки равна действующей на него силе) [1].

При преподавании физики на английском языке, необходимо учитывать особенности базовых знаний по физике школьного курса; при освоении материала на английском языке, выстраивается четкая траектория методики преподавания физики на английском языке. Усиливается акцент на физических терминах, определениях, физических законах и формулах.

Из условия д) получаем включение $V_n \in G_k$ для любого $k \in N$. Но тогда $V_n \in \bigcap_{k \in N} G_k = U$. Так как последнее включение справедливо при любом $n \in N$, то $\bigcup_{n \in N} V_n = V \leq U$. Из равенства $G = \bigcup_{n \in N} A_n$ следует равенство $\frac{G}{U} = \bigcup_{n \in N} A_n H/U$. Но $\frac{A_n U}{U} \cong A_n/A_n \cap U$, а условия а) и е) вместе с включением $V_n = A_n \cap U$ показывает, что $A_n/A_n \cap U$ - периодическая группа. Следовательно, фактор-группа G/U локально нормальна. Из вложения $G/U \leq \prod_{n \in N} G/G_n$ и теоремы Ф. Холла[1, теорема II.2.7] следует соотношение $\frac{G}{U} \in SDF$, т. е. $G \in SD(F \cup U)$. Лемма доказана.

Доказательство теоремы 2. Из предложения 1 работы [5] следует существование в $T = t(G)$ такой системы подгрупп $\{T_\lambda | \lambda \in \Lambda\}$, что: 1) $T_\lambda \Delta G$, $\lambda \in \Lambda$; 2) T/T_λ конечны, $\lambda \in \Lambda$; 3) $\bigcap_{\lambda \in \Lambda} T_\lambda = \{1\}$; 4) каждый элемент T содержится только в конечном множестве подгрупп T_λ . Группу G можно представить в виде $G = L * T$, где L - счетная нормальная подгруппа. Пусть $B = L \cap F$, $\Lambda_1 = \{\lambda \in \Lambda | BT_\lambda \neq T_\lambda\}$. Рассмотрим фактор-группу $G(T_1)$, где $T_1 = \bigcap_{\lambda \in \Lambda} T_\lambda$. Как и в теореме 1 можно показать, что $\frac{T}{T_1} \in SDF$. Пусть H_1 - пересечение силовой π' -подгруппы верхнего гиперцентра группы G/T_1 с подгруппой T/T_1 . Из леммы 3 получаем соотношение $\frac{T}{H_1} \in SDF$. Кроме того, $\prod \left(\xi \left(\frac{G}{H_1} \right) \right) = \pi$. Тогда из предыдущей леммы следует, что $\frac{G}{H_1} \in SD(F \cup U)$.

Положим $T_\lambda = \bigcap_{\lambda \in \Lambda} T_\lambda$. Как и в теореме 1 можно получить разложение $\frac{G}{T_2} = \left(\frac{T}{T_2} \right) * (LT_2/T_2)$. Пусть $\frac{H_2}{T_2} = LT_2/T_2$. Тогда $\frac{G}{H_2} \cong T/T_2$. Положим $V = H_1 \cap H_2$. Если $x \in V$ и x - элемент конечного порядка, то, во-первых $|x|$ делится только на простые числа из множества π' , и, во-вторых, $x \in T_2$. Можно показать, что V - подгруппа верхнего гиперцентра группы G . Поэтому, если $t(V) \neq \{1\}$, то $t(V) \cap \xi(G) \neq \{1\}$. Однако, $t(V) - \pi'$ - группа, следовательно, V - подгруппа без кручения. Отсюда получаем вложение $G \leq \frac{G}{V} * \frac{G}{T} \leq \frac{G}{H_1} * \frac{G}{H_2} * \frac{G}{T}$, так что $G \in SD(F \cup U)$. Теорема доказана.

Список литературы

1. Горчаков Ю.М. Группы с конечными классами сопряженных элементов. - М.: Наука, 1978. - 120 с.
2. Курдаченко Л.А. FC – группы, периодическая часть которых вкладывается в прямое произведение конечных групп. – Мат. заметки. - 1977, 21, №1. - С. 9-20.
3. Курдаченко Л.А. О строении FC – групп, периодическая часть которых вкладывается в прямое произведение конечных групп и абелевой группы без кручения. Мат. заметки, 1979, 25, №1. - С. 15-26.
4. Курдаченко Л.А. Вложимость FC-группы в прямое произведение конечных групп и абелевой группы без кручения. - Мат. Заметки. - 1981, 29, №34. - С. 359-573.
5. Курдаченко Л.А. О некоторых условиях вложимости FC-группы в прямое произведение в конечных групп и абелевой группы без кручения. Мат. сб., 1981, 114, №4. - С. 566-582.
6. Мальцев А.И. О гомоморфизмах на конечные группы.- В кн.: Мальцев А.И. Избранные труды. Т. 1. Классическая алгебра. М.: Наука, 1976. - С. 450-462.

ТАҚЫР ЖҰМЫРБАС КЕСІРТКЕСІ -PHRYNOSERHALUS HELIOSCUS (ПАЛЛАС, 1771) БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТАРАЛУЫ

Қазақстан облысының аумағында мекен ететін кең таралған ру өкілдерінің бірі. Политиптік түр, бірақ оның құрылымы толық зерттелмеген, сондықтан кіші түрлер деңгейіндегі кейбір формалардың жүйелік позициясы нақтылауды қажет етеді [1]. Соңғы ғылыми зерттеулерге сәйкес, Батыс Қазақстан облысының оңтүстік аумағынан алғаш рет "Индер даласынан" табылған, номинативті кіші түр *Ph. h. helioscopus* [2] мекендейді. 2017-2021 жылдар аралығындағы зерттеулер нәтижесінде Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында тақыр жұмырбас кесірткесінің 17 мекен ортасы анықталды. Олардың ішінде 8 мекен ортасы Батыс Қазақстан облысының Казталов, Бөкей Ордасы және Ақжайық аудандарынан анықталды [3]. Осы жылдың маусым айындағы экспедиция нәтижесінде Бөкей ордасы ауданы, Орда ауылдық округінен 1 мекен ету ортасын анықтадық (1-сурет). Сонымен қатар, оның құрамында популяция аралық айырмашылықтар, дененің жоғарғы бөлігінің түсі мен сырт келбетінде айтарлықтай айырмашылықтар бар, олар субстраттың түсіне байланысты өзгеріп отырады [4-6].



1 сурет - Тақыр жұмырбас кесірткесі. Бөкей ордасы ауданы, Орда ауылдық округі

Таралу. Түрлердің таралу аймағы Еділ өзенінің төменгі ағысынан, Кавказдың шығыс (Каспий маңы) аудандарынан, Түркиядан Солтүстік Иранға, Орта Азия және Қазақстан арқылы Моңғолия мен Қытайдың солтүстік - батыс аймақтарына (Орта Азия мен Шығыс Иранның субэндемикасы) дейін созылады. Оның солтүстік шекарасы -Волгоград облысының оңтүстігінен Б.Сморогда өзенінің жоғарғы ағысы арқылы Орал қаласына (Яицкий городок), Ембі өзенінің орта ағысы аймағына, Ырғыз, Торғай өзендерінің төменгі ағысына, одан әрі Қарсақпай маңына, Бетпақдаланың солтүстігіне, Аягөз және Семей қалаларының шекараларынан өтеді. Оңтүстік шекарасы Түркияның солтүстік-шығыс аймақтарынан солтүстік Иранға өтеді, одан әрі шығысқа қарай Қытай мен Моңғолияға өтеді. Осылайша, түр ауқымының едәуір бөлігі зерттелетін аймақтың аумағын қамтиды. Мұнда ареалдың солтүстік шекарасы Волгоград облысының оңтүстік аудандарынан [7], Орал қаласының маңынан, Қайнар өзені мен Каспий маңы Қаракұм арасындағы Ембі шөлінен [5], Ырғыз (Ырғыз қ.), Ұлқояк және Торғай өзендерінің төменгі ағысынан [8; 9].

Өңірдің белгіленген шектерінде тақыр жұмырбас кесірткесінің жергілікті таралуы дала аймағының 1 (69-дан 1,4%) ландшафтық ауданында, шөлейттің 8 (32-ден 25,0%) ауданында және шөлді аймақтың 26 (43-тен 60,5%) ауданында анықталды.

Мекендеу орындары. Түрдің типтік аумағы "Индер даласы" болып табылады, сол жерден бұл жұмырбас кесірткені П.С. Паллас алғаш сипаттаған. Мұнда ол биотоптардың кең спектрін мекендейді, өзін әдеттегі эвритоп түрлерімен көрсетеді. Сонымен қатар, бұл сазды - тұзды станцияларда, тақырларда, тақыр тәрізді жерлерде және аймақтардың шетінде жиі кездеседі (2-сурет). Шығысқа қарай, жоғарғы және төменгі девальвальды ландшафттар жолағында түрдің негізгі мекендейтін жерлері Сазды жусан - биоргуникалық станцияларға айналады, ол жерден Сағыз, Қайнар, Ембі өзендерінің аңғарларына енеді, ал кейбір жерлерде құмды саздақтарда кездеседі [10; 11; 12]. Сазды шөлейтте тек биоргун мен итсигекпен биоргун арасында ол Ырғыз, Үлкенояк және Торғай өзендерінің төменгі ағысында да кездеседі. Аймақтың осы бөлігінің оңтүстігінде (Арал теңізінің жағалауына дейін) тақыр жұмырбас кесірткесінің биотоптарының саны біртіндеп артып келеді: сазды шөлде ол кем дегенде төрт биотопты

және ежелгі аллювиалды құм массивтерінің арасында үшеуін мекендейді, дегенмен бұлтақырлар мен сорлардың шетінде көп таралған [8].



2 сурет - Мекендеу орны. Бөкей ордасы ауданы, Орда ауылдық округі

Тығыз сазды және құмды топырақтары бар жерлерде Еділ-Орал құмдарына енеді. Мұнда оның таралуын (әсіресе орталық бөлігінде) көп жағдайда түсіндіре алмайды, дегенмен жоталардың төмендеуі бойынша ол Урда кентінің маңына жетеді. Шамасы, ұқсас мекендейтін жерлерде және бұрынғы сорлы депрессияларда Б. және М. Богдо, Чапчачи, Азғыр тауларының маңында байқалды; жақында Басқұншақ көлінде болуы дәлелденді [13; 12; 14; 15]. Соңғы онжылдықта рельефтің кейбір физикалық параметрлерін едәуір өзгертетін және аумақтың экологиялық маңыздылығын арттыратын жолдар түрдің қоныс аударуының маңызды факторына айналды [16].

Бірқатар жерлерде ол жартылай бекітілген және бекітілген құмды учаскелерін игереді, оның ішінде Каспий жағалауының теңіз жағалауында, мысалы, Атаман өрімі сияқты сортаңдар арасында буграхта атап өтілді [17]. Жақында суы тартылған теңіз жағалауын қоспағанда, бұрын оны шығыс жағалауда кездестірген. Арал теңізінде ол ірі түйірлі құмдарда, ұсақ тастар арасында да, тығыз сортаң құмдар учаскелерінде де кездеседі [16; 8]. Индер көлінің маңында тақыржұмырбас кесірткесімен қатар қиыршық жағалауларға түсетін жартастар, тұзды ағындар мен ағындардың аңғарларын игерді [13].

Осылайша, аймақтың аудандық бөлігінде тақыр жұмырбас кесірткесін барлық жерде кездестіруге болады, борпылдақ құмдарды, Үстірттің жартасты жерлерін, теңіз жағалауындағы дымқыл қоқыстарды және басқа да тіршілік ету орындарын қоспағанда. Бұл тақыр жұмырбас кесірткесінің жоғары биотопиялық икемділікпен және жаңа орындарды иемдену қабілетімен ерекшеленеді [4; 18; 19; 20].

Өмір салты. Облыстың оңтүстік шекарасында қысқы ұйқыдан кейін, алдымен көбінесе наурыздың екінші жартысында, солтүстікте осы наурыздың соңында немесе сәуірдің жылы күндерінде пайда болады. Бұл кезде ол күндіз белсенді, ал жазда негізінен таңертең (07:00-08:00 сағат арасында) және кешке (17:00 сағатта). Ол басқа түрлерден күнделікті температураның үлкен ауытқуларына төтеп беру қабілетімен ерекшеленеді, дегенмен ол таңертең салыстырмалы түрде белсенді емес; белсенділіктің төмендеуі тұманды және жаңбырлы ауа - райында да байқалады. Жазда, күннің ең ыстық уақытында ол бұталардың астына, топырақтың әртүрлі қуыстарына, өз індерінде (бұталардың түбінде, тастардың астында, тақыр қыртысының астында) немесе басқа жануарлардың індерінде (көбінесе қоңыздар, джербоалар, ірі жәндіктер) жасырынады. Мұндай баспаналарда (өз індері 20-25 см-ге дейін тереңдейді) олар қыстайды. Облыстың солтүстік аймақтарында қыстау қазан айының әр түрлі күндерінде, оңтүстігінде, негізінен қазан айының соңында, кейде қараша айының ортасына дейін созылады. Осылайша, белсенділік кезеңінің жалпы ұзақтығы 180-200 күн, ал қысқы ұйқы уақыты - 160-180 күнді құрайды.

Көбею. Тақыр жұмырбас кесірткесі екінші жылынан бастап жыныстық жетіле бастайды. Жеммаңы провинциясында олар сәуір айында жұптасуға кіріседі, ал осы айдың соңында - мамыр айының басында аналық жатырда үлкен жұмыртқалар байқала бастайды [21]. Сонымен бірге, Еділ-Орал құмдарында бұл кезде тек фолликулалары үлкейген аналықтар байқалды, ал мұнда пайда болған жұмыртқалар тек мамыр айының соңында байқалды [13]. Осы мәліметтерге сүйенсек, аймақта жаппай жұмыртқа салу мамыр-маусым айларында жүреді, ал шілдеде көбею тоқтайды. Осы уақыт ішінде аналықтар екі рет 2-5 жұмыртқадан салады. Инкубациялық кезең шамамен 40 күнге созылады және шілдеде алғашқы балалары пайда болады, олардың шығуы бір айдан астам уақытқа созылады (іргелес аумақта тамыздың екінші онкүндігіне дейін).

Тамақтану. Тақыр жұмырбасының негізі қорегі - жәндіктер. Олардың ішінде аумақтың көп бөлігінде құмырсқалар (үлгілер саны бойынша 70-90% дейін), қоңыздар мен ортоптерандар басым, ал

көбелектер құрттарын, қоңыздардың личинкаларын, арахнидтер, кейде өсімдікті (жапырақтары, тұқымдары) аз мөлшерде қорек етеді. Өз кезегінде, бұл жұмырбастарды ірі бауырымен жорғалаушылар, сондай - ақ жыртқыш құстар мен сүтқоректілер қорек етеді.

Саны. Тиісті мекендейтін жерлерде аумақтың көп бөлігінде тақыр жұмырбас кесірткесі салыстырмалы түрде қарапайым түр, ал жеммаңыландшафттарында және басқа да мекендейтін жерлерде басым түр болып саналады. Нашар түрлендірілген құмды - сазды провинцияларда оның саны 25-30 - ға жетеді, ал сазды шөлде - 21, Ембі мен Қайнар өзендерінің үстінгі террасаларында, сәйкесінше 16 және 10, ал Каспий маңы Қарақұм соры шетінде - 10 км-де 5-еуі кездеседі. Еділ-Жайық өзеніндегі осы ендікте, жартылай бекітілген құмдардың арасында оның саны 11 ос/10 км-ге жетті [10; 12]. Массивтің Астрахань бөлігінде ол жеке тұзды батпақтарда кездеседі, онда тығыздығы 1,1-2,5 ос/га жетеді [21].

Арал шөлдерінің әр түрлі қауымдастықтарында саны одан да көп, ежелгі аллювиалды құмдарда 8-80 - ге жетеді, ал сазды шөлде - 10 км маршрутта 6-80-ге дейін, солтүстік аудандарда таралуы төмендейді [8]. Болжам бойынша, оның саны дәл осындай жоғары деңгейде соңғы онжылдықтарда Арал маңы Қарақұмында сақталды [22].

Арал теңізінің жағалауында ол XX ғасырдың басында «өте қарапайым» түр болған [16; 23] және ортасында да, саны 7 дана/км-ге жеткен кезде [9]. Барсакелмес аралының жағалауына жақын жерде оның тығыздығы 82-116-ға жетті, ал балалары шыққаннан кейін - 156-170 дана/га, сонымен бірге таралу аймағының Қазақстандық бөлігі бойынша оның орташа тығыздығы тек 5,1, ал максимум 14,2 дана/га құрайды [19; 20].

Шектеуші факторлар. Ауқымның солтүстік шекарасында таралу аймағынан тыс жерде түрдің тіршілік етуін шектейтін факторлардың барлық кешені бар; оның негізгі себебі, болжам бойынша жайылым.

Қорғалуы. Ырғыз-Торғай қорығында, Үстірт және Богдин-Баскунчак қорықтарының аумағында мекендейді және қорғалады. Қалған аумақтарда популяциялардың жай-күйі ерекше қорғау шараларын талап етпейді.

Аймақтық мәртебе. Номинативті кіші түрлер Еділдің төменгі ағысында санның азаюына байланысты олардың табиғи ортадағы жағдайына ерекше назар аударуды қажет ететін таксалар мен популяциялардың аннотацияланған тізіміне енгізілген (Ресей Федерациясының Қызыл кітабына қосымша, 2001). Астрахан облысының Қызыл кітабына енгізілген (2004). Таралу аймағының қазақстандық бөлігінде Солтүстік таралу шектеріндегі өңірге тән түр.

Әдебиеттер тізімі

1. Дебело П.В., Чибилев А.А. Амбиции и рептилии Урало-Каспийского региона. Серия: Природное разнообразие Урало-Каспийского региона. Т. III - Екатеринбург: РИО УрО РАН, 2013. 400 с. 180-186б.
2. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской Империи. 4.1. СПб.: 1773. 658 б. (Цит. По Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской Империи. Избранные главы. Уральск: Изд-во ТОО «Оптима», 2006, 220 б.)
3. Ахмеденов К.М., Бакиев А.Г., Мухамбетова У.С. Распространение *Phrynocephalus helioscopus* (Pallas, 1771) (Agamidae, Reptilia) в Западно-Казахстанской и Атырауской областях Республики Казахстан // Современная герпетология. 2021. Т. 21, вып. 3 4. 91 – 100б.
4. Параскив К.П. Пресмыкающиеся Казахстана. Алма-Ата: Изд-во АН Каз. ССР, 1956. 228 б.
5. Ананьева Н.Б., Боркин Л.Я., Даревский И.С., Орлов Н.Л. Змноводные и пресмыкающиеся. Энциклопедия природы России. М.: АБФ, 1998. 576 б.
6. Кузьмин С.Л., Семенов Д.В. Конспект фауны земноводных и пресмыкающихся России. М.: КМК, 2006. 139 б.
7. Кубанцев Б.С., Уварова В.Я., Косарева Н.А. Животный мир Волгоградской области. Наземные позвоночные животные. Волгоград: Кн. Изд-во, 1962. 192 б.
8. Динесман Л.Г. Амфибии и рептилии юго-востока Тургайской столовой страны и Северного Приаралья // Тр. Ин-та географии АН СССР. Зоогеография и экология наземной фауны Казахстаа. М.: Наука, 1953. 186 б.
9. Брушко З.К., Кубыкин Р.А. Каталог герпетологической коллекции Института зоологии Академии наук КазССР. Алма-ата: Наука, 1988. 42 б.
10. Неручев В.В., Капустина С.Ф. Тақырная кругоголовка (*Phrynocephalus helioscopus*) в приэмбинских пустынях // Вопросы герпетологии (Сб. Статей). Л., 1981. 90-91 б.
11. Неручев В.В., Арженкова Н.Г., Шатилович О.А. Герпетофауна речных долин Северного Прикаспия // Наземные и водные экосистемы: Межвуз. Сб. Горьетй: Изд-во ГГУ, 1990. 26-33 б.
12. Накаренко Е.Г. Влияние четвертичных трансгрессий Каспия на современный состав и размещение герпетофауны Северного Прикаспия // Тез. III конф. Герпетологов Поволжья. Тольятти, 2003а. 53-55 б.

13. Чернов С.А. Эколого-фаунистический обзор пресмыкающихся юга междуречья Волга-Урал // Тр. Зоол. ин-та АН СССР. Л., 1954. Т. 16. 137-159 б.
14. Параскив К.П., Бутовский П.М. О фауне земноводных и пресмыкающихся Западного Казахстана // Тр. Ин-та зоол. АН Каз. ССР. Алма-Ата, 1960 Т. 13. 148-159 б.
15. Стрельцов А.Б., Константинов Е.Л., Алексеев С.К., Устюжина О.А. О герпетофауне Богдинско-Баскунчакского заповедника и одноименного заказника // Вести, Калужского ун-та, 2006. №2. 30-32 б.
16. Зарудный Н.А. Поездка на Аральское море летом 1914 г. Гады Арала // Изв. Туркестанского отдела РГО, 1915. Т. II, вып. 1. 113-125 б.
17. Неручев В.В., Накаренко Е.Г. О влиянии дорожной сети на состав и численность населения рептилий Приволжской пустыни // Тез. Докл. II Конф. Герпетологов Поволжья Тольятти, 1999. 41-42 б.
18. Шенброт Г.И., Антонова Г.С. Сравнительная экология такырной и сетчатой круглоголовок в условиях их современного обитания на юге Бухарской области (Узбекская ССР) // Вопросы герпетологии (Сб. Статей). Л., 1981. 156-157 б.
19. Брушко З.К. Эколого-фаунистический обзор ящериц, населяющих пустыни Казахстана // Selevinia, 1993. №1 19-36 б.
20. Брушко З.К. Ящерицы пустынь Казахстана. Алматы: Конжык, 1995. 231 б.
21. Неручев В.В., Арженкова Н.Г., Панфилова Т.А. О современном составе и размещении герпетофауны Гурьевской области // Тез. Докл. Сов. По проблеме кадастра и учета животного мира. Уфа: 1989а. Ч. 3. 289-291 б.
22. Лобачев В.С., Чугунов Ю.Д., Чуканина И.Н. Особенности герпетофауны Северного Приаралья // Вопросы герпетологии (Тез. докл. III Всесоюз. Герпетол. Конф.). М., 1973. 116-118 б.
23. Сидоров С. Амбифии и рептилии Арала // Бюл. МОИП. Отд. Биолог., 1925. Т. XXXIII вып. 1-2. 188-200 б.

СЕКЦИЯ VII

ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ НАУКА: НОВЫЕ ЗАДАЧИ ДЛЯ КАЗАХСТАНА

UDC 811'111

*Kulmagambetova S.S., Gatauova A.Kh.
M. Utemisov West Kazakhstan University,
Uralsk, Kazakhstan*

FORMATION OF COMMUNICATIVE COMPETENCE OF PUPILS OF GRADES 8 IN ENGLISH LESSONS AT A LANGUAGE-SPECIALIZED SCHOOL

In the 21 century in education and innovation there are 4 C's such as critical thinking, creativity, communication and collaboration which should be started to develop in a pupil during the learning process at school and proceed to develop at higher institutions in order to deal with a generation of successful, competent, and smart people. As it was aforementioned, in order to be successful specialist in the future a pupil should be able to communicate with people. Moreover, if he or she was able to communicate a foreigner his or her opportunities to become successful increase sharply because knowledge of foreign language plays an increasingly essential role. The knowledge of foreign language gives young people an opportunity to join world culture, to use in their activities a huge number of resources on Internet, work with information and communication technologies and multimedia teaching aids [1, p. 326]. The term "communicative competence" refers to both the tacit knowledge of a language and the ability to use it effectively. It is called communication competence, and it's the key to social acceptance. The concept communicative competence, a term coined by linguist Dell Hymes in 1972, grew out of resistance to the concept of linguistic competence introduced by Noam Chomsky. Most linguists now consider linguistic competence to be a part of communicative competence [2].

In Kazakhstan education the question of competence approach is on the focus of scholars. Among the key competences, the communicative competence is especially important. In the context of the development of diversified education in the Republic of Kazakhstan it is planned to preserve and further improve such organizational and legal form of secondary educational institutions as specialized schools (with profound study of a foreign language and schools with teaching of some subjects in a foreign language), which occupy a special niche in the sphere of secondary foreign-language education. Specific to this form of foreign language education is the study of a foreign language as a major subject; to deepen students' linguistic, philological and general scientific knowledge; further enhance pupils' communicative and intercultural competence; development of all aspects of the pupils' personality: their outlook, feelings, aesthetic outlook, thinking, culture of mental work, communication, need for further self-education and cognitive activity; and, in general, the achievement of a more advanced European level of foreign language learning compared to mainstream schools.

Compared to basic school, the broader foreign-language communicative competence of pupils in this type of school enables them to understand lengthy speeches, reports on learned topics, television programs and film content in a standard language with a fair degree of ease, to interact with a native speaker by engaging in conversation in familiar situations, to communicate and defend their opinions, to express their thoughts orally and in writing in a clear and detailed manner on a wide range of issues, to develop their views, to explain advantages and disadvantages [3].

The language-specialized boarding school for gifted pupils "Bilim-Innovation" of West Kazakhstan region is directed to the formation of wide range of communicative competences compared to comprehensive secondary schools, as communicative-intercultural competence:

- Pupils learn 4 languages there as Kazakh, Russian, English and Turkish thus they tend to be familiar not only with native culture, but also with culture of Russian, English and Turkish people;
- Science subjects are taught in English language;
- Pupils have more hours of English language lessons than in comprehensive secondary schools, for example in 7th grades- 9 hours, in 8th grades -7 hours, in 9th grades –6 hours of English language lessons, in 10th grades – 4 hours of IELTS, in 11th grades – 3 hours of English.

The most graduates after finishing the aforementioned specialized school continue their studies in universities where the English language is the language of study as Nazarbaev University, IT University, Suleyman Demirel University.

In the boarding school in the lessons of English we use activities as speech-activity that presupposes the creation of problematic tasks that in its turn promote the activation of the cognitive activity of pupils and cause their need for their discussion. For example, in the beginning of the lesson, we play the video or audio, and ask pupils how watched or heard information may be linked to the lesson. Pupils should speak out their ideas until they give the right answer, this kind of activity develops pupils' critical thinking, communication and literacy. Without rich vocabulary it would be hard to develop language skills of pupils, as they can't speak out their ideas, thought so that they could be properly understood. Also, having a poor set of vocabulary is a barrier for pupils to learn an English language and, possible it would decrease their motivation in learning a language. That's why

teachers should find the ways of their daily expansion of English vocabulary in the classes and outside the classes.

It is important to motivate pupils to expand their active and passive vocabulary based on related group areas. Usually learners write new vocabulary into their copybooks and learn them by heart by rote, but in this classical method learners don't develop their communication, critical thinking and cognitive skills because the traditional method develops only short-term memory. In order to develop long-term memory a teacher should take into account three principles of vocabulary learning, they are:

- ü To provide conditions for multiplex exposures to lexical items;
- ü To encourage students to make links between new and familiar words;
- ü To build relevant context around new words.

During our work experience as teachers of English we faced the following challenges:

- ü How to develop vocabulary learning skills
- ü How to help learners to expand their active and passive vocabulary
- ü How to promote learners' self-efficacy in word learning
- ü How to provide 'long-term' memorization of vocabulary.

Having analyzed the methods of teaching and taking into account the classical method of learning new vocabulary we decided to use the method The Word Wall Paper. The article will describe appliance of this method in English language lessons where English is taught as a secondary language. As a starter let's discuss what The Word Wall Paper approach is? There is some information about Word Wall Paper approach. The Word Wall approach (Green 1993) was initially designed to challenge and motivate high-achieving, to develop vocabulary learning skills, and to internalize new words. It was a set of word-filled panels, each panel included lexical items selected from vocabulary list corresponding to classroom readers and list of high frequency English words. The walls of words were not used as the only instructional tool for vocabulary development in his classroom, Green also integrated them into various classroom lessons. Pupils consulted the Word Wall as a thesaurus and spell check during writing assignments; they used it as a resource during language development lessons. Specific lessons and competitive games were devised around the Word Wall to encourage the development of vocabulary learning strategies and to build learners' vocabularies through explicit instruction, implicit instruction, implicit learning, multiple exposures and opportunities for making meaningful connections among words [4, p. 10]. The repetition and recycling made possible by using the Word Wall approach, and the opportunity for learners to see, touch, hear, say, and write the words, resulted in greater vocabulary retention and an enthusiasm for learning vocabulary.

Green's Word Wall approach has been implemented for pupils of middle stage of a language-specialized school for gifted children 'Bilim-Innovation lyceum'. These grades have six hours an English lessons and one hour a reading. On a wall of the classroom has been hung a poster with seven columns with profiles such as word, definition, synonyms, antonyms, collocation, example sentence, my example. In the textbook Laser B1 the first module is Our World, so we go at the end of the book to see the word list of that module, choose the most useful, usable and frequently used ones. We fill them the paper in the lesson, a teacher introduces a word, for example, *abroad*, and ask the learners to identify the part of the speech and give definition, if they challenge with defining a word, they consult a dictionary, then learners should find its synonyms, antonyms and collocation that goes with that word. It is not necessary to fill with 10 and more words every lesson, it is more preferable to introduce 3-4 words every lesson, so that learners could memorize them completely. So every week a teacher could implement 10-12 new words. Sometimes learners could themselves write their versions on a Word Wall paper. This job also could be done in a pair and group work.

Table 1 – The sample of the profile The Word Wall

| Word | Definition | Synonyms | Antonyms | Collocations | Example sentence | My example sentence |
|---|--|---------------------------|--------------------|-----------------------------|---|---|
| Intelligent (adj.) Intelligence (n.) | Able to learn and understand things easily | Smart, clever | stupid | A highly intelligent person | He is a highly intelligent person who can think outside the box | I like people with whom I can have a intelligent conversation |
| Abroad (adv.) | In or to foreign country or countries | Overseas, foreign country | At home | Go abroad | He's currently abroad on business | We always go abroad in summer |
| Look forward to (v.) | To wait for something with pleasure | To wait for | | Look forward to vacation | She was looking forward to the meals | I'm not looking forward to Christmas this year |
| Favorite (adj.) | Best liked or most enjoyed | Liked, popular | Unloved, unpopular | A favorite actor | These gold earnings are | My favorite actress is |

| | | | | | | |
|--------------------|---|------------------|---------------|-----------------------|---|--|
| | | | | | my favorites | Angelina Jolie |
| Good at | Is able to do something very good | Capable of | Bad at | To be good at numbers | She is good at Math | I not very good at dancing |
| Stay in touch (v.) | To communicate or continue to communicate with someone using phone or writing to them | To be in contact | To lose touch | Stay in close touch | He stays in touch with his groupmates | We always stay in close touch with my family |
| Timetable (n.) | A schedule/program of lessons, courses. | Schedule | | Lessons timetable | Here the timetable of events for the day. | The first lesson of the timetable for Monday morning is History. |

When pupils learnt 10-12 new words in the Word Wall Paper, a teacher could make a revision of the words by playing games, doing quizzes; also a teacher could come over the wall, cover a word and ask learners to say its synonym, antonym and so on. As an example of a vocabulary game, learners could play a game *Roll the dice*: a pupil chooses a word from the Word Wall Paper and rolls a dice. The learners who rolls a dice does one of the following based on the roll: 1 –define the word, 2 –use it in a sentence, 3 – say a synonym for word, 4 –say an antonym for the word, 5 – draw a picture example, 6 – act it out. *Guessing game*: one learner describes a Word Wall entry (how it is used or its definition) and the pupil’s peer tries to match the clue with a Word Wall item. *Word Wall Jeopardy*: the teacher chooses various words from the Word Wall and places them in categories, such as nouns, verbs or content words. Then the teacher supplies definitions to students in “Jeopardy” game show fashion. Teams of learners try to identify the appropriate Word Wall match. The group with a highest number of points wins. Also the following task can be given, in groups learner should make a story with words from Word Wall. This kind of task develops pupils’ communication, cognitive skills.

The word wall should be completed with more frequently used words and not all unfamiliar words in a text should be the focus of classroom instruction. It is supposed to be senseless to write words in the Word Wall which pupils already know, for example *mom, house, child, car*. Also, it is not obligatory to write words which are mostly used by native speakers than by foreigners, for example *gorgeous, stingy, scrumptious* [5, p. 365].

Considering the fact that every week pupils learn a lot of new words, word collocations, synonyms and antonyms the Word Wall has become a useful tool. The Word Wall strategy has developed pupils’ word consciousness, they have been aware and interested in words, and word meanings and noticing when and how new words are used. Also pupils have learned to work with dictionaries.

Working with gifted pupils in order to form their communicative competence of pupils teachers should extend their active and passive vocabulary so that they will be able to communicate with foreigners. Also, vocabulary is a critical factor in the formation of reading skills, as pupils will be able to read diversified texts and understand them. The Word Wall strategy develops:

1. Reading skills and speaking skills of pupils, they tend to know a great deal of number of words, are familiar with synonyms and antonyms, able to understand texts on different familiar and unfamiliar topics, make sentences with words and collocations, and apply them in their speech respectively.
2. Communicative skills as playing word games develop pupils’ collaboration with each other, pupils try to explain the definitions of the words and so on.
3. Critical thinking, pupils began to think critically of the meanings of words and go beyond the standard meanings of words.

Bibliography

1. Mahametova D.B. The formation of communicative competence during the learning process of the English language / D.B.Mahametova // Young scientist. – 2017. - № 11 (145). –326 p.
2. Nordquist Richard. Communicative Competence Definition, Examples, and Glossary. - 2020, August 29. Retrieved from <https://www.thoughtco.com/what-is-communicative-competence-1689768>.
3. «Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан». – [Электонный ресурс]. Режим доступа: <https://gigabaza.ru/doc/62326.html> .
4. Mukhazhanova Zh. The way to develop students’ communicative skills and competency in English language using the word wall strategy / Zh.Mukhazhanova // Иностраный язык в школе. – 2013. - № 6. – 10 с.
5. Holly B. Lane, Stephanie Arriaza-Allen. The vocabulary – Rich Classroom: Modelling sophisticated word use to promote word consciousness and vocabulary growth. The reading teacher, № 5, 2010, International Reading Association.
6. Сайт журнала «Cambridge dictionary» [Интернет ресурс]. – Режим доступа: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/timetable>.

ӘДЕБИЕТТАНУШЫ ҒАЛЫМ СЕРІКҚАЛИ ШАРАБАСОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ, ӘДЕБИ- ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ МҰРАСЫ МЕН ҰСТАЗ-ҒАЛЫМДЫҚ ТҮЛҒАСЫ

Серікқали Шарабасов – белгілі әдебиеттанушы ғалым. Бұған нақты дәлелдің бірі – ғалым еңбегінің нәтижесі ретінде баспа жүзін көрген «Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры» атты монографиясы (А., «Өлке» баспасы, 2000). Аталмыш монографиялық зерттеуі қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының тарихы, теориясы, сыны, 60-80 жылдардағы эпиканың шағын көлемді шығармаларының көркемдік ізденістеріне зерделеу жасалуымен құнды. Монография авторы қазағымыздың қоғамдық мұраттарына тарихи-философиялық, әдеби-теориялық терең талдамалардың әлі де таяздығын, халқымыздың қоғамы ой өруіндегі қазақи мінез-характер мәселесінің шешім табуы мардымсыз екендігін алғашқылардың бірі ретінде баса айта алды. Автор зерттеуде аталған жылдардағы қазақ әңгімелеріндегі жаңа соқпақ, тың өріс, қазақ характерінің табиғаты, жанрдың бағыт-бағдары, архитектурикасындағы өзгешеліктер мен дәуіріне сәйкес озық пішіндердің пайда болуын егжей-тегжей баяндайды. Әрине, белгілі бір кезеңдегі көркем әңгімелерді талдау нысанына іліктіру, оған әдебиеттану ғылымының жеткен биігінен ғылыми түсінік беріп талдау, жанр құбылысын зерде сүзгісінен өткізу оңай шаруа емесі анық. Бұл орайдағы ғалымның ұстанар қағидаты – жанр табиғатын талдауда, тұжырым жасауда, пікір айтуда шалағайлыққа ұрынбаудың кепілі ретінде әдебиеттің өткенін білу ғана емес, ертеңгісін қатар сезіну. Ғалым сол тұстың өзінде-ақ көлемнен де, ойдан да, образ оюдан да ықшамдылық тілейтін әңгіме жанры көп жазушыға қол еместігін мегзей келе, суреткерлердің жанр тануларында селкеулік барын айта алған. Автор әдебиеттану ғылымының әңгіметану секілді қомақты саласына қатысты өзіндік салмақты ойларын тұжырымды да дәлелді ұсынады. Кейбіріне құлақ түрелік: «*Әңгіме жанры да қоғам және адам тектес. Дәуіріне қарай икемді*»; «*Әтикалық шағын түрін қанша мақтасақ та, бұл өзі соңғы кезде «Қызыл кітапқа» кіретіндей жанрға айналып бара жатыр*» (3-б.); «*Эссе-көркем прозаның сирек түрі, табиғаты тылсым құбылысқа толы түрі. Ол француздың «эрекеттенемін», болмаса, латынның «безбендеймін» деген сөз мағыналарына жуықтайды*» (9-б.); «*Эссе-объектіні дәріптеуден гөрі, құбылыстарға әлеуметтік талдау, қоғамдық баға беру арқылы құнды*» (14-б.); «*Қысқа әңгімелер – үлкен өмірдің шақпақ-шақпақ үзіндей. Бұл жанр түрінің спецификасы еркін, қызу қанды эсседен, публицистикалық суреттеулерден, сатиралық миниатюралардан мүлдем бөлек. Қысқа әңгімелер – шағын жанрдың ерекше түрі. Бұл өзекті проблемаға құрылған, композициясы жағынан өте сығылған пружина іспеттес дүние. Қысқа әңгімелерде ішкі динамика, характердің қақтығысы сұмдық ұшқыр. Тілі барынша шақ, ұста жұмсалады*» (16-б.); «*Жалпы әңгіме-новелла атаулыға ықшамдық керек болса, қысқа хикаяларға нығыздалған, қан-жыннан арылған тазалық керек. Мұнда мүлт деталь, босаң арқау, әшекейлі сұлу сөздер бірден көзге қарығады. Шығарма сынынан, шынышыл-табиғи нұрынан айрылады*» (19-б.), т.б. Демек, Серікқали Шарабасов – қазақ әңгіметану ғылымында өзіндік үлесі бар ғалым. Автор сөзімен айтсақ, «*қазақ көркем әңгімесі белгісіз гарыштық ғаламаттан әлдеқалай түсе қалған метеорит емес. Қазақ ауыз әдебиеті атты қасиетті жерге тұқым боп себіліп, өсіп-өніп шыққан жеміс. Әрбір өсімдік сияқты оның тіршілік тынысы, өркендеу мерзімі бар*». Ал оны мәпелеушілер – әдебиетті зерттеушілер. Солардың бірі – Серікқали Ғабдешұлы. Әрине, әдебиеттанушы ғалым жоғарғы іспетті тереңнен түйінделген тұжырымдарды жайдан-жай ойдан шығара айта салудан аулақ, бұл – қазақ әдебиетіндегі сан алуан саңлақ жазушыларымыздың аталмыш жанрға сәйкесті жүздеген туындыларын оқи, талдай, сүзгіден өткізе жасалған теориялық байлам. Бұл тұрғыдан келгенде, С.Ғ.Шарабасов – әдебиет сыншысы да [1; 2; 3].

«Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дуасы жоқ» (Төле би) дегендей, екіншісі бірі қазақ әдебиетінің тұлғалы туындыгерлерінің шығармаларына өзіндік ғылыми дәл түйін жасай алмасы да ақиқат. Ал ғылымда байсалды С.Шарабасовтың белгілі ақын-қаламгерлерінің туындыларына, шығармашылығына байланысты айтқан пікірлеріне ғалым-әріптестері, жалпы оқырман атаулы сүйсіне де, ойлана да, шынайы сеніммен «Секен айтса, жөн айтады» тұрғысында қарайды. Мәселен, бұған ғалым-әдебиетшінің ақын Жанғали шығармашылығы турасында айтқан тұжырымы дәлел. Тыңдап көрелік: «*Жанғали – Батыс өлкесінің өте-мөте сараң, бірақ барынша бірегей поэзия өнерінің небір есте жоқ ерте кездегі ұрығы. Сол дән қазіргі поэзияның құнарлы топырағына енді де, сыршыл әрі пәлсафашыл нұрлы лирикаға айналды. Лирикада мінез болады десек, ақын өлеңдері Махамбет жырларындай өршілдікті, ашуды, бұрқануды, ұрыншақтықты тілейді, өлеңдерінің өн бойында бір булығы жатады...*» (1996 ж.). Бұл секілді адамды өзіне баурап алар, стилі бөлек баға-байламға көзі түскеннен кейін, Жанғали аға поэзиясын оқымайтын оқырман тауып көріңіз. Кейде поэзияның бағын ашар осындай шынайы сын пікірлер деп жатпай ма? Тағы бір мысал, 1996 жылы С.Шарабасовтың (Т.З.Рысбековпен бірлестікте) қазақтың Қадырының шығармашылығы туралы «XX ғасыр ақыны» атты мақаласы басылым көреді. Шағын мақалада авторлар тарапынан орынды түйіндер жасалғанын байқаймыз. Бірқатары

төмендегіше: «Қадыр Мырзалиев – әдебиеттің киесі – Қыдыры»; «Дүние тұңғығына үнілу, одан рухани игілікті қопару, оны парасат тарихқа айналдыру-дара қаламгердің қасиеті. Ағамызға құдай бұл бітімді мол сыйлаған. Оның әрбір жыры құрғақ фактіге емес, сезім мен интуиция бесігіне бөленген жүрек суырап ойлы да өршіл өлең»; «Қадыр Мырзалиев – ақылды философ, сезім таразысын тең ұстап отыратын рационалист лирик. Мұндай эстетикалық қасиет әр нәрсеге өте сабырлы, парасатты қарайтын Шығыс поэзиясына тән. Көне шығыс поэзиясы – дүниетану даналығы. Қадыр аға осы даналық поэзиясын игерген»; «Ақын өлеңдеріндегі көркем жинақтау тәсілдері, логикалық байыптауы таңқаларлық. Қадыр лирикасы өте шағын, бірақ мазмұнға бай, әсіресе, қорытындысы қорғасындай ауыр. Қадыр өлеңіндегі антонимдік параллель, антитеза, түрлі салыстырулар, біздіңше, қазақ өлеңінің, соның ішінде, Қара өлең құдіретінің салтанаты. Өмір-өлім, бейнет-зейнет, дала мен қала, биіктік пен тереңдік, өтірік пен шындық, түр мен мазмұн, жақсы мен жаман бәрі-бәрі бір-бірімен ымырасыз айтысады, содан ақыры дөп-дөңгелек өмір философиясы дік ете түседі». Аңғарғанымыз – ғалым көпшіліктің көкейіндегісін нақты айта алған.

Профессор С.Ф.Шарабасов – абайтанушы ғалым. Кейде ойға қаласың, абайтанушы болу үшін де міндетті түрде том-том монографиялар жазу міндет пе? Абай мұрасын, даналығын әдебиетші ретінде терең түсіне отырып, өз субъективтік көзқарасы тұрғысында қалың көпшілікке жеткізе білу де оңай шаруа болып па? Абайтанушы ретінде ғалым: «Абай ғақлиясы – қазақ әдебиетіндегі алғашқы проза бастауы және тосын үні»; «Абай – өздігінен білім алып, дүниенің төрт бұрышына даналықпен көз тіккен ғұлама»; «Абай қара сөздерінің эсселік қасиеті басым. Мұнда көркем хикаядан гөрі, сыншыл кеңес, өзіндік пікір көбірек. Қарасөз – қазақ халқының психологиясын жаза баспай тапқан эссе». Абайтанушы ғалым, маман әдебиетші пікірі осылайша түйдек-түйдегімен өріле береді. Бір қызығы - қалтарысы көп өмірдің бір иіріміне қатысты сіздің қойған сауалыңызға ұстаз ғалым Абай дана өлең тармақтарын көз жұма жатқа айтумен жауап береді. Демек, Абайдың адамдық кредосы Серікқали Ғабдешұлына де сіңгеніне таң қаласың... Осыған жалғас ұстаз ағаның адамдық келбеті де менмұндалайды. Оның өзі: «Қиянатқа жоқ ем, көмекке, мейірімге көп ем. Топас-тоғышар, алымпаз-жемқор, семіз қара, биыл сарыларға қарыздар емеспін» («Рухани арылу» (физиологиялық очерк)); «Жақсы адамға қол бермегенің – жаманды өсіргенің. Періштені жылытқаның – шайтанға дем беріп, дәсерсітіп қойғаның» (Бұ да сонда) деп өреді. Секеңнің өмірдегі адамдық кредосының бірі де - осы.

Әдебиеттанушы ғалым С.Шарабасов – Оралхантануға да өзіндік үн қосушы. Ғалым бұл ретте: «Задында, Оралхан – жазу машығы ала бөтен, өзінше жаңалық айтуға икемі бар жазушы. Автордың бір шығармасы екінші шығармасына мүлдем ұқсамайтын, бір кітабы екінші кітабынан сапа жағынан марқайып отыратын ерекшелігі үстем қаламгер. Жазудың кекселігі – кенеулі ой мен сарабал мазмұн және ойнақы пішінде». Бұл автор тарапынан Оралхан Бөкеевтің көзі тірісінде айтылған, тамыршыдай дөп аңғарыла, сахнаға көтерілген әрбір кесек туындыны бақылай отырып берілген баға. Ғалымның Оралхан шығармаларын талдауының бірер үзгі былайша ұсынылды: «Табиғаты тылсым жанр түрі тұлға бойына көркем шығарманың фабуласы мен сюжетін, сондай-ақ публицистикалық баянын сіңіре білген. Мәселен, «Ақатай» бөлімі таза новеллалық қасиетімен одағайланса, «Ел мен Жердің» кіріспе бөлімінде журналистика қолтаңбасының ізі бар. Соңғысында автор шаруашылықтың міні, берекесіз бастықтар қылығын фотографиялық тілмен сипаттап кетеді»; «Оралхан эссесі кермек дәмді текірек публицистикадан гөрі, сылдыраған келісімді лирикалық прозаға қарай ойысады», т.б.

Қысқасы, белгілі бір жанр аражігін айыра білуге суреткерлік, сыншылдық, ғалымдық, байқампаздық керек екендігін ескерсек, әдебиеттанушы ғалым С.Шарабасов бойында бұлардың күллісінің бар екендігі даусыз. Секең – сыншы, Секең – ғалым, Секең – жазушы, Секең – публицист, Секең – журналист, Секең – байқампаз, шәкірт қылығын қалт жібермей аңғарар, талантты тамыршыдай таныр ұстаз... Бізді ғалым-ұстаздың өз саласында не айтса да, не жазса да негізсіз, жадағай пікір айтуға бармауы қуантады. Бұл нағыз әдебиеттанушы ғалымға тән қасиет. Маман әдебиетші – ұстаз ретінде Секең қай тұста да әдебиетіміздің даму үдерісіне бей-жай қарай алмады. Бұл, біздіңше, мүмкін де емес... Бізді, «Шарабасовтың шекпенінен» шыққан шәкірттерін марқайтар мәліметтің бірі – Серікқали ұстазымыздың «Әдемілік пе, әдейлік пе?» атты мақаласымен 1977 жылы «Қазақ әдебиеті» газеті ұйымдастырған конкурстың жеңімпазы атануы. Бұл оқиға барысын Секеңнің досы белгілі ғалым Серік Мақыров былайша баян еткен-ді:

Профессор З.Қабдолов:

-Шырағым, КазГУ, КазПИ-ді бітірмегенсіз. Орал пединституты Қажымның институты ғой. Бірақ ренжіме. Ешкімнен ой ұрламай, қазақ әңгімесі туралы реферат жаз. Бір жылдан соң көрелік,-дейді.

-«Жазған құлда жазық жоқ» дегендей, Серікқали көз майын тауысып, біраз ізденіп, оқып ақыры Т.Әлімқұловтың сын, зерттеу еңбектеріне кезігеді. Оқи отырып ренжіп, түңіле бастайды. Сөзге талғамшыл, керемет терең жазушының өзі де мүлт кеткендей ме, қалай?! Сөзді көп қайталайтын тұстары баршылық екен. Бұның түсінігінше «бояушымын» деп жүріп, сақалды да бояп жіберген. Осылайша даяр болған жиырма беттік рефератты Қабдолов ағасына жіберіп, өзі қаламгер досы Қажығали Мұханбетқалиевке бара қалады. Ол рефератты ұнатып, бұған айтпастан материалды «Қазақ әдебиеті» газетіне береді. «Таланттағы тапшылық» айдарлы реферат бір күні «Әдемілік пе, әдейлік пе?» деген тақырыппен газетте жарқ ете қалады. Сөйтіп, автор әйгілі қаламгерлер Ғ.Мүсірепов, Х.Ерғалиев, министр Т.Шарманов т.б. қатар «Қазақ әдебиеті» газетінің лауреаты болып шыға келеді [4].

Ал бұл проблемалы мақаласында Серікқали ағамыз әдеби тіл мәдениеті мәселесіне үн қосқан-ды. Сол сәттің өзінде жас тілші-әдебиетші ғалым, ізденуші: «Деталь – сирек құбылыс, егер сәтінде кездессе, жазушы бақыты. Ал шығармадан шығармаға, кітаптан кітапқа рабайсыз көше берсе, туындының көркемдігін бұзады», - деп бір түйіп тастайды.

Серікқали Шарабасов ағамыз – ешкімге ұқсас өзіндік мән-ер-дағдысы бар, шәкіртін өзіне еліте алар, сөзіне ұйыта алар, өнеге дарыта алар сирек кездесер ұстаздар сапынан. Жалпы «ұстаз» сөзінің мәні шәкірттерін жақсылыққа баулу, өзгені бақытқа жеткізуге үйрету, тәрбиелеу ұғымына ойысса керек. Осы ұғымнан туындата өрсек, ұстаз-шәкірттерінің өмірге көзқарасын, сенімін қалыптастыратын, өмірде өзіндік жолын табуға бағыт-бағдар сілтейтін, төңірегіне білім-тәрбие шапағатын шашып, адамилық сәулесін төгетін ойшыл да биік тұлға. Қайран Серікқали ағамыз осындай жан еді. Біздіңше, ұстаздық үздік қасиетінің, шынайы үлкен абырой-беделінің тәрбиелік күші – шәкірт атаулының берілген кеңес-бағдарды санаға тоқи отырып, еш міндеттеусіз, зорлаусыз өз ерік-қалауымен іс-әрекет үстінде болуында. Шынында да, адам атаулы өзінің айрықша сыйлайтын, имандай ұйитын, мақтан тұтатын ұстазының айтқанын екі етпей, тапсырмасын ауырсынбай, оны шын пейіл-ықыласымен, ынталана, шабыттана орындамақ. Бір байқағанымыз, «Серікқали аға айтып еді, тапсырып еді» деп, қалай да сол тапсырманы орындау мақсатында, ұстаз сенімінен шығу жолында зымырап жүрген студенттерді әр кез көру еш қиындық туғызбайтындығы... Иә, ұстаз болу үшін де, үлкен табандылық, үйретуден жалықпау, ең бастысы мамандығыңды сүю қажеттілігі даусыз. Бұл үшін ұстаздың өзі көп тұста үлкен жігер, мол ынтамен оқып-үйренуі, білім қорын берер, іс-әрекетке баулыр шәкірттерін зерделей алуы, білім, білік-дағдыларды олардың зердесіне ұялатудың ұтымды амалдарын талмай іздеп, табуы да қажет. Бұл ретте Серікқали ұстазымыз тарапынан сабырлы ыждағаттылықты, терең зерделілікті, қажымас қайраттылықты, тапжылмас табандылықты, көл-көсір еңбекқорлықты көретінбіз. Өзімізге үлгі тұтатынбыз [5].

Әдебиеттер тізімі

1. Ғалым-ұстаз Серікқали Шарабасов және қазақ филологиясы мәселелері / Облыстық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Жалпы реакциясын басқарған педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.С.Қыдыршаев. – Олар: «Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту орталығы, 2007. – 224 б.
2. Қыдыршаев А.С. Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов – әдебиеттанушы ғалым, білікті ұстаз / Ғылыми жинақ. – Орал, 2007. – Б.5-9.
3. Шарабасов С.Ғ. Қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанры. Зерттеу, эссе, проза. – Алматы, «Өлке» баспасы, 2000. – 183 б.
4. Шарабасов С.Ғ. Әдемілік пе, әдейлік пе? // «Қазақ әдебиеті» газеті, 1977ж., 15 шілде.
5. Қыдыршаев А.С. Қайталанбас ұстаз – ғалым тұлғасы // «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газеті, №18, 06 мамыр 2022 ж. – Б.1-8

ӘОЖ 82:316.3

Қыдыршаев А.С., Рахым Қ.Ы.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

Орал қ., Қазақстан

Қыдыршаева Қ.С.

М.В.Ломоносова атындағы ЖОББМ мұғалімі,

Атырау қ., Қазақстан

ҚАЗІРГІ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДЕГІ ҚАЗАҚ ШЕШЕН-БИ СӨЗДЕРІНІҢ ТАҒЫЛЫМДЫҚ МӘНІ

Түркі әлемінде де, Ұлы Дала елінде де, еуропа төрінде де бірегей даналардың дуалы аузынан шығып, ұрпағына мирас болып қалған құнды ойлардың күллісі сөз құдіреті арқылы берілетіні мәлім. Ал даналар дүниеге келтірген құндылықтардың бірден-бір заңды мұрагері – сол халықтың өзі. Демек, халық даналығы – ұлттық сана межесі, ой-өріс тұнбасы. Олай болса, халық даналығы – тілінде. Тексіздік – тілсіздіктен. Егер де тіл мүмкіндігі шектеліп, сөз байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жетіспей жатса, даналық ой-пікір де шарықтап дамымақ емес. Ендеше даналықты білдіретін түйін-тұжырымдар, ұғым-түсініктер сапына аталы сөз, мақал-мәтел, қанатты сөз, нақыл сөз, шешен сөз, өсиет сөздерді қосар едік. Бұлар – даналық пен парасаттылықтан туындаған терең ой, логикалық тұжырым, философиялық толғанғы, дүниетаным, өмір тәжірибесі, тағылым-тәлім көріністері, көркем сөзбен көмкерілген қалыптасқан тіркес, шағын мәтін, қысқа да нұсқа ой үзіктері.

Жақсы сөз – жарым ырыс. Жақсы сөз айту – жоқтан барды құрастыру, тыңдаушының құлағына әйтеуір бір жағымды сөз тауып айту емес, тыңдаушының тағатсыздана тосқан асыл арманына сәйкес, диттеген ойына сай, мақсат-мүддесін дәл тауып, тап басатын, көңілін көтеріп, сезімін сергітетін, құпия сырдың кілтін тауып айта білу. Халқымызда жақсы сөз естісек, «*аузыңа – май, астыңа – тай!*» деп

жатуы тегін емес. Бұл ретте *мақал-мәтел* – көркем сөз өнерінің көрнекті өрнегі, ұлт рухының құдіретті күші, *асыл сөз* – көненің көзіндей сирек айтылатын, ащы да болса шынайы шындықты баяндайтын, мағына-мәні терең, ақыл-парасатпен өрілген өнегелі сөз, *билер сөзі* – қуатты да қанатты, ақыл да нақыл сөздер, *нақыл сөз* – өнеге, өсиет ретінде айтылатын аталы сөз, *шешендік сөз* – ділмәр адамдардың әр кезде түрлі жағдаяттарға байланысты тауып айтқан, нысанасына да дөп тиіп жататын ұтымды, өткір, ақылды да ғибратты өсиет сөздері, *аталы сөз* – түркі әлемінде «мақал-мәтел» мағынасында ең алғаш қолданылған және халық даналығының қорлана қалыптасуына ұйытқы болған байырғы атаулар. «Аталы сөзге арсыз ғана қарсы тұрады» деуіміз тегін болмаса керек-ті. Ал *қанатты сөз* – қоғамдағы әлеуметтік, саяси, мәдени, тарихи жағдайларға байланысты айтылған және сол сәтте жұртшылық құлақтанып, қарапайым халық арасына тез тарап, елдің рухын көтеріп, патриоттық сезімін оятатын ұтымды да әсерлі қалыптағы жалынды сөздер, *өсиет сөз* – өмірде көп жасап, көпті көрген, алған тәлімі мен тәжірибесі, тағылымы мол қазыналы қарттардың кейінгі жас ұрпаққа арнап айтқан мәнді де мағыналы ақыл-кеңестері, *көсем сөз* – ойшыл да дана, білгір де білікті, парасатты да ақылман адамдардың, сөз бастаған шешендер мен топ бастаған көсемдердің дуалы аузынан туындап, қалың жұртшылық арасына кең тарап, санасына сіңіп жиі айтылып жүретін ақыл-нақыл, бағдарлы да мақсатты ой түйіндері, *тәмсіл* – мақалға да, мәтелге де жақын әрі ұқсас, бірақ екеуінен де өзіндік айырмашылығы бар кіші жанрға тән тұрақты тіркестердің бірі. Қысқасы, бұлар – халық даналығының алтын қоры, рухани байлығымыздың қайнар көзі. Ал осыншама халықтық құндылықтың асып-төгіліп жатқан мол мұрасын сол қалпында жер-жаһанға паш етіп тұрған ана тіліміздің құдіретті күші мен сөз байлығы, көркем де бейнелі өрнегі. Демек, халық даналығының ұйытқысы – оның тілінде, сөздің құдіретті күшінде [1, б. 15-23].

Ал *шешендік, шешендік сөз, шешендіктану дегеніміз не?* Біздіңше, *шешендік* – сөйлеген сөзге тыңдаушылардың ешбір қиналыссыз құлақ қоюы ғана емес, сондай-ақ айтылған мәселеге ерекше ынта-ықылас танытып, тақырып байыбына терең бойлауға ұмтылысының оянуына түрткі боларлықтай сөз екшей білу өнері. Бұл ретте ол барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет-күшін өз бойына жинақтаған ілім саласы деуге әбден сыйымды. *Шешендік сөз* – қоғам мен оны басқару туралы ілім. *Шешендік* – көшбасшылық негізі. *Шешендік сөз дегеніміз* – белгілі бір мәселені ауызша талқылау, белгілі бір ойдың ақиқаттылығын түсіндіру де. *Шешендік өнер* – ауызша түрдегі әдеби шығармашылық та. *Шешендіктің мәні* тек шешендерде ғана емес, қалыптасқан жағдайға да байланысты. *Шешендік сөздің әкесі* – шешен, анасы – аудитория, тек аудитория ғана қалыпқа келтіріп, жан бітірмек. Сондай-ақ, *шешендік өнер* – көрген-білгенді көкейге тоқып кеп үйренуді тілейтін, үнемі айтыс-тартысқа түсіп, жалықпай жаттығу арқылы қол жететін өнер. *Шешендік өнер* – қай заманда, қандай қоғамда болса да, қауымға, көпшілікке үлкен әсер ететін, оның санасын, сезімін баурап, күш-жігерін тасытатын қуатты құрал, күні бүгінге дейін құдіретін, қасиетін жоймаған өнер. *Шешендік сөз* – халық даналығы, ақыл-ойдың құймасы, әдеби тілдің бастауы. *Дәстүрлі шешендік сөздер* – белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап, жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. *Шешендік сөз* – оқыс айтылған ойларға қисынды әрі жедел жауап қайтару. Көп ойлану, найқалу шешендікке жараспайды. *Шешендік сөз* суырып салма ақындықпен де туыстас. Десек те, жалпы *шешендік өнер* тек шартты түрде ғана өнер делінеді, ал шын мәнісінде, бұл – бойында бұған қатысты аса қажетті белгілері жоқ болса да, әрбір адам игере алатын басым дәрежедегі шығармашылық іс-әрекет те. Әрбір сауатты адам үздіксіз де қажырлы, мақсатты да ұмтылысты еңбектің нәтижесінде шешендік өнер негіздерін, яғни, аудитория алдында түсінікті де қызғылықты және иланымды сөз сөйлеу білігін әбден меңгере аларын да жоққа шығармалық [2-5].

Ғұламаларға сүйене ой түйер болсақ, Платон пікірінше, *шешендік* – сендірудің шебері, оның бар мәні де, міндеті де осында. Ал Аристотель риторика міндетіне сендіру емес, әрбір нақты жағдайларға сәйкесті сендіру амалдарын таба білу енетіндігін айтады. Ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің пайымдауынша, егер де диалектика тек шынайы білімге негізделген қисынды дәлелдер арқылы тұжырымдалатын ой қорыту тәсілі болса, риторика шешендік қисынға, ой-пікір жүйелігіне, ұғымдар үйлесіміне негізделеді. Ахмет Байтұрсынұлының түйіндеуінше, *шешен сөз мақсаты* – негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру. М.Сперанскийше, шешендіктің негізі құштарлықта, сезімділік мәнісінде. *Шешендіктің басты қағидалары* – жүрекке әсер етіп, ақылды бағындыру. Ф.Честерфильдше, шешендіктің түп мақсаты – адамдарды иландыру [6, б. 7-15].

Көшбасшылыққа тән қазақ шешендік өнерінің тарихи тармақтары сан қатпарлы. Ұлттық шешендік өнерінің тарамдарын білу – бүгінде ұтқыр ойлы, шешен тілді көшбасшы ұрпақ тәрбиелеудің кепілі де. Халқымыздың сөйлеу өнеріне қай кезеңде де ерекше мән бергені аян. Ал қазіргі таңда тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті көшбасшы тұлғаларға қоғам қажетсінуді айқын аңғарылууда. Қайта оралған «тиімді коммуникация жағдайы мен формасының құралы» шешендіктану (риторика) ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мен көшбасшы шешен тұлғаларды баулу, қалыптастыру мәселесін шешу жолдарын ұсынуы тиіс. Ал әлемдік шешендіктану ілімінің бір тармағы қазақтың шешендік дәстүрін, әлеуметтік феномен тұрғысынан таразылағанда, белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалай да бір адами оқиғаға байланысты қалыптасып, айрықша тапқырлықпен, суырыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын озат ойлар мен тәлімді тұжырымдар үрдісі болмақ. Ал

қазақтың от ауызды орақ тілді көшбасшы шешен-билер мұрасының тағылымын рухани байлығымыз ретінде кейінгі ұрпаққа қалай дәріптеп, оның тереңдігіне, тұңғығына қалай бойлап жүрміз? Мәселен, қазақ халқы шешендік мұрасының көшбасшы жас атаулыға жұғысты болар өнегелік-тағылымдық бір қыры - сөздің құдіретті күшке ие екендігін аңартуы, сөздің өзіндік бояуы, дәмі, адам сезіміне әсер етерлік қоңыр исі бар екендігін, ал оның күші дауыс ырғағы арқылы берілетіндігін танытуы. Демек, дауыс үнділігі - сөйлеушінің сан қырлы қалтарысты иірімдерін танытатын басты құрал да. Шаршы топ алды қарсыласынан сескенгендер ол құралды орынды қолдана да алмайды, дірілдеп, жарқыншақталып шыққан дауысыңнан сенің кім екенің де танылмақ. Мысалы, халық шежіресінде Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтажыға айтқан сөзінің аса байсалдылықпен айтылатынын, әр сөздің үні сазды шығатынын, онда асып-сасудың, мүдірудің жоқтығын білеміз. Бұл байсалдылықпен, қоңыр үнділікпен, ешбір кідіріссіз екпіндете шыққан дауысынан жауы оның психологиясын біліп отыратындығын байқаймыз. Онда Қазыбектің ерлігі, қайсарлығы сезілумен қатар, достық құшағы да ұғынылады. Шешен сөзі қарсыласының жан жүйесін босатып тастайды, абдыратып жібереді, бірақ өзі ықшам, белі бекем буылған, өлісерге баруға бел байланған, серттен ауытқу сезілмейді, қарсыласын ойынан жаңылыстырып, құмықтырып тастайтыны аңғарылады. Мәселен, Абылайдың заманында қалмақ пен қазақтың арасындағы жауынгершілік кезінде қалмақтың Қонтажы ханы қалың қолмен келіп, бейбіт жатқан қазақ елінің бір шетін шауып әкетіпті. Қоралы қой, үйірлі жылқыға қосып, «кұл етемін» деп ұл әкетіпті, «күң етемін» деп қыз әкетіпті. «Сөз бермейтін шешенмін, жол бермейтін көсеммін, қол бастаған батырмын, мың кісіге татырмын» деп, кеудесін қағатын Қонтажы емес пе. Қонтажы алдына жауласқан елдің адамы барса, теп-тегіс бауыздап, аттарын жылқысына қостыра салады екен. Сол Қонтажыға «мен барайын» дегендерден 100 кісі елші болып барғалы жатады. Ол кезде Қазыбек тайға мініп жүретін 15 жасар бала екен. Көзкөрім жерге дейін елшілерді шығарып салып, бір дөңнің басына келгенде Абылай жұрттың бәріне қарата былай депті:

- Батыр болып қол бастау, көсем болып ел бастау оңай емес. Осының бәрінен де ел тағдырын шешерлік сөз бастау оңай емес. «Жауластырмақ жаушыдан, елдестіркем елшіден». Ел тағдыры қылыштың жүзімен де, шешеннің сөзімен де шешілетін кез болады. Айтылған сөз атылған оқпен тең, оны қайтып ала алмайсың, байқап сөйлеңдер. Дәлдеп атып жауды өлтіруге де болады, дәлдеп айтып көндіруге де болады. Қонтажыға құлақкесті құл емес екендігімізді естеріңнен шығармаңдар. Жау алдында жасық елдің адамына ұқсамаңдар. Тауындағы түлкіні бабындағы тазы алар. Тозғындаған аққуды шалғындаған қаз алар. Бірліктерің берік болсын. Үлкендеріңді кішің сыйлаңдар. Орынды жерінде кішіні де тыңдаңдар. Басшыларың Тайкелтір би болсын, атишыларың мына тайлы бала болсын. Атишыдан бастап басшыға дейін ел намысы үшін бара жатқан елші екендеріңді естеріңнен шығармаңдар. Қонтажы икемге келетін болса, асықпассыңдар, егер икемге келмесе, қар суы кеппей келетін болыңдар. Ал, жолдарың болсын, барыңдар, - деп Абылай дөң басында тұрып қалыпты. Елшілер Қонтажының елі қайдасын деп жүріп кетіпті.

Өз кезеңінде елшілер ханның ордасына келеді. Айдаболдың Тайкелтірі майдалап сөйлейтін бақпа адам екен. Салған жерден ақтарылмай, ханның көмейін байқайын деген оймен:

- Өгізді өлеңге, өрлікті төменге байлап, алдыңызға келіп отырмыз, алдияр! – деп, сөзді ханға тастапты.

Тайкелтірдің бірден кішірейе сөйлеуі, ханның мерейін өсіре, қаһарлана түсуіне жол ашады. Өзінен әлсізді оп-оңай ауызына қағып салып, жаман үйренген тәкаппар шіркін, жантайып жатқан қалпында:

- Кешке дейін бір жауап берермін, жауап бермесем, ат-көліктерің аманында елдеріңе қайта берерсіңдер, - деп, қолын есікке қарай бір сілтейді де, сөзді келтесінен кесіп жібереді. Кесіліп қалған сөзді іле жалғай алмай, Тайкелтір кідіріп қалғандай болады. Сол кезде, босағада отырған бала орнынан атып тұрып:

- Ел ебелек емес, ер көбелек емес, тақсыр! Дат! - депті. Хан көзінің астымен сүзе қарап:

- Сен кім едің? - дегенде, бала кідірместен:

- Менің халқым - қазақ, руым - Қаракесек, әкем - Келдібек, атым - Қазыбек. Елде жүргенде балалардың басшысы едім, қазір ағаларымның атысымын. Ат бәйгесіне бірінші рет қосылып тұрмын, - депті.

- Даттыңды айт! - деп, хан сұқ қолымен өзінің алдын нұсқапты. Бала адымдап басып, ханның алдына барыпты да, оның көзінен көзін айырмастан тұрып, мынаны айтқан екен:

Қазақ деген мал баққан елміз, Ұл мен қыз сенің тұтқыныңда отырса,

Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Оларды азат етпей еліміз тынбайды.

Елімізден құт қаппасын деп, Қатты болсаң темір шығарсың,

Жерімізді жау баспасын деп, Сен темір де, мен көмір

Найзамызға үкі таққан елміз. Ертекелі келгенмін.

Жау аяғына басылмаған елміз, Сен көкте ұшқан құс болсаң,

Ешбір дұшпан басынбаған елміз. Мен іліп түсер сұңқармын.

Адал көңілімізді жасырмаған елміз, Сен жерде жортқан аң болсаң,

Басымыздан намыс асырмаған елміз. Мен қуып жетер тұлпармын.

(Бала сөйлеген сайын ханның көзі бажырая түседі).

| | |
|--|--|
| <i>Атаның өсиеті балаға,</i> | <i>Сен қабылан болсаң, мен арыстан -</i> |
| <i>Баланың айтатын анты анаға:</i> | <i>Алысқалы келгенмін.</i> |
| <i>-Арымнан жаным садаға!</i> | <i>Жау тілегенге жасын түседі,</i> |
| <i>Ерлеріміздің анты осындай,</i> | <i>Табысқалы келгенмін.</i> |
| <i>Еліміздің салты осындай,</i> | <i>Елімнің шетіне ойран салған өзің,</i> |
| <i>Досымызды сақтай білген елміз, Беретін болсаң, айыбыңды мойындап бітім бер!</i> | |
| <i>Дәм-тұзын ақтай білген елміз.</i> | <i>Болмаса тұрысатын жеріңді айт,</i> |
| <i>Еңкейді деп шалқая берме,</i> | <i>Шабысқалы келгенмін! – депті.</i> |
| <i>Асқақтаған хандардың</i> | |
| <i>Ордасын таптай білген елміз.</i> | |
| <i>Анадан ұл туса, құл боламын деп тумайды,</i> | |
| <i>Енеден қыз туса, күң боламын деп тумайды.</i> | |

Хан бажырайған қалпында отырып қалып, сәлден кейін есін жиғандай тамсанады да:

- Япырмай, дауысың қаздың дауысындай екен, қазақ деген қаз дауысты болады екен. Сенің атың қаз дауысты Қазыбек болсын. Мына қасыма отыршы, - деп, хан қағыла түсіпті. Сөйтіп, ісі әділ елдің елшілерінің сөзі қаһарлы әрі қылышынан қан тамған ханды қалбаң қақтырыпты. Қонтажы қанша бойлауық, кер аяр болғанымен лажсыз көніпті. Тұтқындарды босатып, тартып әкелген мал-мүліктерді айып-анжысымен қайтармақ болыпты. Жегенін қайта құсу ханға оңай болып па, шауып алып келген мал-мүліктерді түгелдеп жиып болғанша, көктем де келіп қалады. Елшілер де аттарына қонуға айналады. Елшілерді құрметпен аттандырып салуға көп халық жиналады. Екі елдің адамы қош айтысып, енді айырылайын деп тұрғанда, қазақтың бір жас жігіті келіп көпке арыз етеді.

- Мен жылқышы едім, жылқы бағып жүргенде Қонтажының қолы бас салды. Тұтқын етіп осында әкелді. Келген соң бір уәзір үстімдегі тонымды тартып алды. Еркіммен бермеп едім, ұрып тісімді сындырды. Жаныма балаған жалғыз атым бар еді, мына қайтып бара жатқан жылқының ішінде көрінбейді. Күрек тісім сынып, күлкім бұзылды, киімімнен айырылып, көркім бұзылды, атымнан айырылып, ұйқым бұзылды, халайық, осыған не айтасыңдар? - депті әлгі жігіт.

Хан мен елшілер бетпе-бет тұр екен. "Қайтер екен, не айтысар екен" деген халық, оларды қоршай қалады. Ойда-жоқта айтылған арыз хан мен елшілерді халық алдында таразыға тағы бір тартады.

Алтын сапты болат семсерін беліне байланып, жанат ішігін үстіне киініп, қарақасқа тұлпарына мінгелі тұрған хан:

- Ат дегені сырты түк, іші боқ бір тай шығар. Тон дегені тоқтының терісі шығар, оның несін сөз етіп тұр, біткеннен кейін «қол сынса, жең ішінде, тіс сынса, ауыз ішінде» кете бермес пе? Қайта сөз қозғаудың не орны бар, - деп, теріс айналыпты.

Ханның сөзі жөн сияқты. Елшілер тағы бір тұйыққа тірелгендей болып аңыра қалыпты. Сонда тайына мініп тұрған Қазыбек тебініп, ілгері шығып:

- *Қалайша тіс сынса, ауыз ішінде, қол сынса, жең ішінде кете бермек. Біз – жаманымызды жасырмайтын, жақсымызды асырмайтын елміз. Астыңдағы мінген ат, қанат емей немене, Тоқтышағым терісі, жанат емей немене, Ауыздағы отыз тіс, болат емей немене, Қанатынан айырылу, болатынан майырылу оңай емес, хан! Табысқаның рас болса, еліміздің адамын қанатынан қайырмай табыс, болатынан майырмай табыс, жанатынан айырмай табыс. Жаяу, жалаңаш жүре беретін ол - сенің құлың емес, еліміздің ерікті ұлы. Ерікті ұл көрікті болуға тиісті,* - деген екен.

Олақ ой, шолақ тілді хан көп алдында Қазыбектен оңбастай жеңіледі.

- Жанатыңа жанатым, - деп, ол үстіндегі жанатын шешеді. Қанатыңа қанатым, - деп, тұлпарын жігіттің алдына көлденең тартады. Болатыңа болатым, - деп, беліндегі семсерін береді. Жәбір көрген жігіт жанатты киіп, болатты асынып, қарақасқа тұлпарға қарғып мінеді. Елшілер шүү деп жүріп кеткенде, хан тұрған орнында тұрып қалыпты. Іргелі ел атынан айтылған сөздің атасына түсінген Қонтажы Қазыбектің билігіне қол қоймасқа шарасы қалмайды. Тілектерін орындайды. Сөйтіп, қажыры қатты қарлы сөз берілместей қамалды алып, ел-жұртының ар-намысын аяққа бастырмай, жоғары ұстатады. Біздіңше, көшбасшыға тән шешендіктің биік үлгісі осындай болса керек-ті [2].

Шешендік – Ұлы Дала елі тектілігінің айқын белгісі. Ұлт шешендігінің көшбасшылық өнегелік тағылымы тұңғыық терең. Шешендік негізі – ой еркіндігі, сөз еркіндігі, ауызекі тілдегі сөздерді әдемі тізбектеп оралымды орналастыру, тиімділігін күшейтіп, қисынды ойға сыйғызуды аңғартуы; сөзбен тоқтату, сөзден жаңылыстыру, қарсыласын сөз тыңдарлық жағдайға түсірудің орасан күшті өнер екендігіне көз жеткізу, яғни, қарсыласынды ұтымды сөзіңмен, тапқырлығыңмен, шешендігіңмен иілте білу оңай шаруа еместігін, сөзсіз, бұл ойлау қабілетіңе де байланыстылығын, шаршы топ сенің төкпектетіп, ешбір мүдірмей сөйлеуіңе тәнті боларын, ұшқыр ойлы қалыпта сөйлей алатын адамның қолынан кесімді істің де келері дау туғызбайтындығы; тұспалдап сөйлеуге, мегзеуге, бернелеуге, символдауға, басқаны айта отырып, нені нысаналып отырғанын жасыра айтуға, жұмбақтап айтуға, яғни, терең зейінділік пен ойлылыққа төселтуі; астарлап сөйлеу халқымыздың сөйлеу мәнері екендігін, бұл тек сөйлеу шеберлігімізді ғана емес, сөйлеу мәдениетімізді де танытатын, ойлау қабілетімізді аса терендетер құбылыс екендігін аңғартуы; тапқырлыққа, шапшаңдыққа, тез жауап берушілікке баулуы; өзгені тыңдауға, өзгенің өнегелі ісінен тағылым алуға жөн сілтеуі.

Шешен сөйлеуге баулу – парыз іс. Шешен сөйлеуге баулу мәселесі машықтық бағыттың басымдылығымен ерекшеленеді. Бұл күрделі шеберлік білім мөлшерінің молдығын қажетсінуімен бірге өзіндік жеке тәжірибелер негізіндегі икем-дағдылармен де тығыз бірлікте сомдалады. Мәселен, жағада отырып суға түсушілерді бақылау арқылы суға жүзуді, малтуды үйрене алмайтынымыз сияқты, үнемі жүргізілетін тәжірибелер мен жаттығуларсыз шешендік дағдыларды бойға бойлату, денеге дарыту мүмкін емес. Дұшпандары «адуын аңға» балаған Демосфеннің өзі алғашында аузына қиыршық тас салып сөйлеп, дауысын жүгіріп жетілдіріп, биік құз жартастарға өрмелеу үстінде өлең оқып шындаған. Орыс халқының риторика ілімінің іргетасын қалаушылардың бірі М.В.Ломоносовтың өзі құз басында тұрып, теңіздің асау толқындарымен жарыса өз одаларын оқып, жарыссөзде жеңіске жету жолдарына шыныққан. Қазақтың дүлдүл шешені Жириенше болса өзімен айтысатын жан жоқта басындағы бөркін курай басына іліп қойып, сонымен таласқа түсетіндігі аңыз желісінен мәлім. Қысқасы, әркім мақсатты түрде тер төге еңбектенсе, нағыз көсілген шешен болатындығын дәлелдей білген.

Сөзді көпшілікке таратудың, жұртшылықты сендірудің немесе тәрбиелеу құралы ретінде қолданушы әрбір маман адам шешендік өнердің ғылыми негіздерімен, яғни, аудитория алдында түсінікті де ұғынықты, сенімді де иланымды қалыпта сөз сөйлей білу дағдыларын меңгере білуі тиіс. Ал шәкірт атаулыны шешен сөйлеу мәдениетіне баулу жолындағы міндеттер қатарына көпшілікпен жанды қалыпта сөйлесу шеберлігін меңгертуді; тілдік қарым-қатынас жасау адам өмірінде кім-кімге де ауадай қажеттілігіне саналы қалыпта көз жүгіртуді; шешеннің аудиториямен қарым-қатынасының күрделі үрдісін болашақ маманның көз алдына келтіру, яғни, ойша моделін жасау, осы үрдіске орай ілгеріде іс басында ұшырасар мәселелер шоғырын айқындауды; ауызша шешен сөйлеу шеберлігін өз бетімен немесе топтық сабақтар арқылы меңгерушілерге сала бойынша қажетті кешенді білім, білік және дағды жинақтауға көмектесуді қосамыз.

Риторикалық мәдениет – шешен сөйлеудің дағдысы. Сөйлеу әрекетінің табиғатын философиялық-дидактикалық тұрғыдан тану риториканы білім мен білік, дағды жинақтайтын ерекше ілім ғана емес, осының негізінде мәдениеттің тұғырлы құндылықтарына қол жеткізу арқылы риторикалық мәдениет биігіне көтерілу тұрғысында бағалауға жетелейді. Біздіңше, риториканы мәдениет саласында қарастыру риторикалық іс-әрекет мәнінің бұрын-соңды акцент берілмей, елеусіздеу қалып келген жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік туғызады.

Риторикалық мәдениет турасында сөз қозғарда, ең алдымен, көпшілікке ежелден мәлім, бір-бірінен алуан интерпретациялық тұрғыда айырмашылығы бар «мәдениет» ұғымы туралы тоқтала кеткен жөн. Мәселен, қазіргі таңда адамзаттың мәдениетке қатынасының кең көлемде жүйесі алға тартылуда. Онда мәдениетке қатысты теологиялық көзқарастан марксистік көзқарасқа дейінгі, рационалистіктен эмотивистікке дейінгі, технологиялықтан символдыққа дейінгі, жекеліктен субстанциялыққа дейінгі, креативистіктен деструктивистікке дейінгі көзқарастар талқыға салынуда. Десек те, нәтижеде мәдениеттанушылар арасында мәдениет туралы ортақ тұжырымның жоқтығы байқалады. Бұған мәдениет турасында шамамен бір жүз елу анықтаманың тіркелуі дәлел. Сондай-ақ, мәдениет ұғымының көп мәнділігі соңғы жылдары жарық көрген мәдениеттің жалпы теориялық мәселелеріне арналған (М.Каган, Л.Коган, Б.Яросов, П.Гуревич) монографиялық зерттеулерде де атап көрсетіледі. Бұған Э.Тейлор, Э.Кассирер, М.Хайдеггер, Г.Францев, З.Файнбург, Э.Маркарян, В.Сагатовский, Н.Чавчавадзе, Л.Кертман, В.Библер, Н.Злобин, Б.Ерасов, В.Келле, М.Мамардашвили, Р.Тшуми, А.Щвейцер, И.Херман, А.Лосев, В.Краус, Л.Митрохин, В.Канке сынды зерттеушілердің тұжырымдарын қосыңыз. Мәдениет турасындағы пікірлер шоғыры алуан түйіндер жасауға жетелейді.

Мәдениет турасындағы жалпы көзқарастар бізді шешендік өнерге қатысты риторикалық мәдениет жөніндегі пайымдауға жетелейді. Риторикалық мәдениет бағалау-бағдарлау бағытындағы сөйлеу әрекетін айқындайды. Риторикалық мәдениетті өз бойына ұялата білген адам рухани тұлға және айқын да жарқын индивидтік қалыпта көрінбек. Біздіңше, риторикалық мәдениеттің жүзеге асуы қазіргі таңда бірден-бір ерекше мәнге ие. Бұл іспеттес рухани өзін-өзі жетілдірудің материалдық жағын қанағаттандыру мен өндірістің өсу қарқынының адамзат санасында жаңаша көрініс табуы, қоғам мен жеке тұлға турасында берілер әлеуметтік бағаның өзгеруі күн тәртібіндегі риторикалық мәдениеттің қалыптасу ерекшелігін де айқындамақ. Бұл бағыттағы мәселенің оң шешім табуы адамдардың тұрмыстық құндылықтардан рухани құндылықтарға қайта бағдар ұстануы негізіндегі адамзаттың ішкі жан-дүниесінің қайта жаңғыруы жолымен жүзеге аспақ. Демек, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы – бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен, адамгершілік-рухани проблемалар. Ал мұндай жағдайда риторикалық мәдениеттің қалыптасуы – біздің пайымдауымызша, адамды өзгертудің, оның рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен ілгері дамып жетілуінің тиімді жолдарының бірегейі.

Ал жас тұлғаның бойына риторикалық мәдениетке қатысты білік, дағдыларды қалай жұғысты етпекпіз. Басты жолы – жоғары оқу орындарында, білім беру ордаларында шешендіктану (риторика) ғылымын игеру арқылы. Біздіңше, шешендіктану пәнін оқытуды қазақ халқының салт-дәстүрлері мен мәдениеті және ұлттық ділімізбен байланысты шынайылыққа, ізгілік пен әдемілікке ұмтылуға бағытталған жас тұлғалардың сөйлей білу білік-дағдыларын, қабілет-қарымын дамытуды көздейтін риториканың кешенді қалыптағы интеграцияланған пән екендігі туралы түсініктен туындата білген

дұрыс. Сондай-ақ, риторикалық мәдениетті, риторикалық біліктілікті қалыптастыру – бұл тек оқудағы бір ғана бағыт емес, сонымен бірге, өзге де оқыту пәндеріне әсер ету құралы да, интеллектуалдық және эмоциональдық тұрғыда жетіле дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін, әлі де тереңірек айтсақ, жас тұлғаның әлеуметтік тұрғыда бейімделуінің тиімді жүруіне бірден-бір қажетті алғышарт та. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында, ұлттық мектептерде шешендіктану пәнін оқытуда риторикалық білімнің негізі ретінде логос, пафос және этос үштік тұғырының өзара үйлесе сәйкес келу идеясы да ескерілуі тиіс. Ендеше, шешендіктану тұңғығына терең бойлау, шешендік өнерге баулу жай ғана риторикалық технологияны меңгеріп қана қою емес, сондай-ақ бұл – бізге ата-бабамыздан мұра ретінде қалдырылған жоғары адамгершілік тұрғысындағы құндылық ретіндегі ұлттық риторикалық идеалды танып-білу. Демек, шешендіктануды ұлттық риторикалық идеалдың бөлінбес бөлігі ретінде қабылдай білуіміз керек.

Тақырыпқа сай шаршы топ алдында сөйлеу жастан да, жасамыстан да психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де көшбасшы сөйлеуге тиісті тақырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке орай, көпшілік жағдайда жас тұлғалар не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тыңдаушыларына дәл де дөп жеткізе білмейді. Басты себеп, сөйлеушінің іскери әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тыңдаушыларды қабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен қарым-қатынас дағдыларын игермегендігі. Біздіңше, бұл орайдағы әрбір жас атаулыға қажетті риторикалық мәдениетті бойға жұғысты етуге септесер түйіндерді білу аса маңызды. Ол қандай түйін-тұжырымдар болмақ? *Біріншіден*, шешендік туралы әр кездегі тұжырымдардан өзіне қажеттісін ала білуі. Шешендік кісі көркі, ақылмен билеу өнері; тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы; дидактасушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый; кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу екендігін; біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы саңлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұратындығын; сөз бен ойға негізделетіндігін; биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кеңдігімен тамырлас екендігін білгені жөн. Демек, кәсіби маманға қажетті шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгі жандардың, ұлағатты еңбектердің тағылым-тәрбиесі, өзіндік дүниетанымының нәтижесі [6, б. 7-13]. *Екіншіден*, шешен табиғаты туралы айқын түсінігінің болуы. Шешен қашан да қарулы жауынгердей сақандай сай қалыпта мәнді де ұлы істерді үздік орындауға және әрдайым жеңіске ұмтылуы; онда диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, ақын тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы; дәл де нақты дәлелдермен иландыра білу, тыңдаушылардың жан дүниесіне өтімді де батымды сөзбен ой сала әсер ету, сондай-ақ судьяның көзін жеткізуден гөрі, оның көңілін көтере рухтандыру маңыздырақ екенін аңғару білігінің болуы; шешеннің парызы – шындықты айту, ал ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау екендігін білуі тиіс. Демек, дарынды ділмәр шешен, біздің жағдайымызда, көшбасшы жас тұлға әр нәрсенің мән-мәйегі мен әсемдігін өзіне қайтара алады. "Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса", - дейді Шал ақын. Шынтуайтына келгенде, шешендер айтқан сөзі арқылы адамның ақылына қону жағын ғана көздемейді, сөздің қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат етерін ескеру абзал. Шешенге орасан сезімталдық, құбылыс атаулыны жанды қалыпта елестете білу ауадай қажетті. Ол өз тыңдаушыларының бойында шалқыған шабыт, дария сезім, атқарылар іске сәйкесті құштарлық ұялатқысы келсе, ең алдымен осыны өз бойынан өткізуі тиіс. Орайлы тұста М.Т.Цицерон шынайы шешеннің, тума таланттың халық өмірі мен әдет-ғұрпын, салт-сана дәстүрлеріне мейлінше жетік болуын баса атайды. Шешен шаршы топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенбек. Демек, ол көпшілікті сөзінің оттылығымен, жаркылығымен, күшімен, көріктілігімен баурап алмақ. Сондай-ақ, шешен елге түсінікті болуы үшін, бүкпесіз ашық болғаны жөн. Ұзын сөздің қысқасы, шешен – тыңдаушылардың рухани дүниесін байытушы, өмірдегі, қоғамдағы алуан түрлі құбылыстарды байыбына жетіп, талдап түсіндіруші, белгілі бір ой-пікірлерді, халықтық мәселелерді жеткізуші, жан сала насихаттайтын үгітші. Бұл орайда ол – әлеуметтік-саяси тұлға [6; 4; 5; 7; 8]. *Үшіншіден*, шаршы топта сөз бастаудың қиындығын аңғаруы. Терлеп көрмеген тер қадірін қайдан білсін! Көшбасшы жас тұлға әр кез «Көш бастау қиын емес, қонатын жерде су бар; Қол бастау қиын емес, шабатын жерде жау бар; Шаршы топта сөз бастау қиын, шешімін таппас дау барлығын»; сөйленер сөздің «бастамасы», «ұсынбасы», «мазмұндамасы», «қыздырмасы», «қорытпасы» боларын білуі тиіс. Данышпан Абай айтпай ма, «сөз танымайтынға сөз айтқанша, өзінді танитын шошқаны баққан жақсы» деп. Демек, өзгеге қарата сөз сөйлеу, шаршы топта сөз бастау қайдан оңай болсын. Сөз екшей білу өнері тыңдаушы қауымның жүрек лүпілі мен сана-сезімінің, өз жеке ойымыз бен сөзіміз арасында байланыс орната білу білігінен құралмақ. Бұл арада біз адамзат жүрегінің түкпірін жете түсінуіміз, тіпті оның әрбір қалтарысты иірімдерін сезіне де аңғара білуіміз керек, тек сол жағдайда ғана айтылмақ сөзіміз өзгені иландырмақ. Мәселен,

тыңдаушыларымыздың орнына өзімізді қоя отырып, таңдаған формамыздың тақырыппен үйлесімділігін, көпшілікті елексітіп, еліте толғандыра аларлықтай сезім тудыратындығына көзімізді жеткізіп көрелікші. Бұл ретте мүмкіндігінше қарапайымдылық пен табиғилық қалып сақтай отырып, «түймедейді түйедей» етпеуге, мәндінің құнын түсірмеуге ұмтылған дұрыс. Таңдаған сөйлеу формамыз мейлінше айқын да жарқын болғаны, мазмұнға сәйкес келуі және құрамына тек аса қажеттілерді ғана кіріктіргені жөн. Жалпы адам нені жан-тәнімен сезінсе, ұғынса, соны ғана ол жетер жеріне жеткізіп айта алмақ. Өзі жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады. Адамды ой жетектей алса, ол анық сөйлемек, ал адам ойын жетектей алса, одан да анық сөйлері анық. Белгілі ойшыл Р.Эмирсонша түйіндесек, адам моладан шығып қалмайтындай етіп сөйлеп, жазуы үшін, қашан да ақ сөйлеп, адал жазу қажет-ақ. Бұл арада атақты Аристотельдің «Платон – менің досым, алайда ақиқат орны қымбат-ақ» дейтін сөзін естен шығармау жөн. Десек те, шешендердің жүйрік ой толғауы тыңдаушылардың талғамына тәуелді. Демек, әрбір көшбасшы тұлға не айтарын, қашан айтарын және қалай айтарын жете түсінуі тиіс. Бұл ретте тыңдаушылардың назарын аудару үшін, қысқалық, ширақ сөйлеу, көңілді сергітетін қысқа да нұсқа қайырым-шегіністердің болуы алғы межелі мақсатқа жетуге еселеп жәрдемдеспек. Алғыр шешен күні бұрын тыңдаушылардың ойлары мен көңіл-күйін өткір сезінеді. Ол аса сақтықпен сөйлейді, әбден өзіне бағындырып алған соң, олардың сезім-күйлерін билеп әкетпек. Көшбасшы тұлғаның сөйлеу стилі тартымды да отты болуы тиіс. Ол тыңдаушылардың ынтасын біржола өзіне қаратуы тиіс. Сөйлеушінің әңгімесі оқтын-оқтын шамырқанған шабытпен айтылып, қадау-қадау ой-пікірлерді жаудырып, төгіп, төпелеп жіберуі де кейде артық емес. Ендеше, шешен қырағы, байқампаз болса, аудиторияның шын-шырғасын шығармай уысында ұстары даусыз. Егер де шешен сөзі аудиторияға ғаламат әсер ететін болса, онда тыңдаушылардың көздері от шашып, жүздері гүл-гүл жайнап, ықыластанып, жұмсақ жымыып, бастарын изеп, қоштағандай, қолдағандай ым-ишараттар жасайды. Ыстық ықыласын, ізет-ниетін дауыстап та білдіреді. Сөйтіп, шешен мен аудиторияның құлшынысы бірдей оянып, оттай маздап, бір-бірін жетелеп, қоян-қолтық араласып, туысып кетпек. Қысқасы, жас көшбасшы шешен ретінде оны тыңдамау, түсінбеу, онымен келіспеу мүмкін емес болатындай тұрғыда сөйлеуі дұрыс [6; 9-13].

Төртіншіден, сөз сөйлеуге даярланудың қажеттігі туралы. Жастар небір өнер, не даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін еместігін; кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік екендігін есте ұстағаны жөн-ақ. *Бесіншіден*, сөйлеу мәдениеті туралы ойлануы. Сократ айтады: «Сөйлеп көріңіз, мен Сіздің кім екеніңізді айтайын» деп. Демек, жас көшбасшылар адамның хайуанаттан артықшылығы – тілі, ал оны орынды қолдана алмаған адамның хайуаннан бетерлігін есте ұстап, кез келген сөйленген сөз жанды құбылыс іспеттес, ол бас-аяғы бар дене секілді және де тұтас кеуде тұсы мен аяқ жағы бір-бірімен үйлесімді де сәйкесімді әрі біртұтастықта өрілген болып келуі заңды екендігін сезінуі, жақсы сөйлеу жай ғана естіртіп жақсы ойлау екенін ескеруі ауадай қажет. *Алтыншыдан*, сөйлеушінің жылы жүзді, жылы сөзді бола білуі. Жас тұлға әр сөздің айтылуына қарай мың сан мағынасы барлығына үңілуі қажет. Себебі, ұстамды да орынды сөйлей білуі ділмарлықтан көп артық. Шынында да, ақылды ақырын сөйлер де, жауабын күтер. Бұл ретте А.П.Чеховтың «Мен өзімді тежеуге үйрендім, өйткені парасатты кісі өзін бетімен жібермеуі тиіс» дегені бар. Сондай-ақ сөйлеушінің сөйлеу сәтіндегі жан-дүниесінің қозғалыстары дене қимылымен ұштасуы тиіс. Бұл ретте: «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз» деген Шәкәрім сөзі ой салса керек. Ал А.С.Пушкин мағынасыздықтың екі түрін атайды: бірі – сезім мен ойдың жетімсіздігінен пайда болар сөздің көптігі, екіншісі – сезім мен ой асып-төгіліп жатса да, оны жеткізер сөздің кемдігі. Сондай-ақ шешен нәзік құбылыстарды қатқыл үнмен айтса, не болмаса ыңғайсыз әңгімелерді нәзік дауыспен жеткізсе, тыңдаушысын иландыра алар ма еді. *Жетіншіден*, қысқа да нұсқа сөйлеуге төселуі, тіпті, үндемей қалудың да үлкен күш екендігін сезінуі. Ж.Баласағұни: «Көп сөйлеме, азбен келтір иінін, Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін» демей ме. Шын сөз қашан да – нұсқа, жақсы сөз қашан да қысқа болмақ. Көп сөйлеген мылжың шын сөзді аз айтады. Ақылы келте адамның әдетте тілі тым ұзын болады. Ойшыл адам, мүмкіндігіне қарай, көп ойды аз сөзге сыйғызуға тырысып, қысқа сөйлейді. Бүге-шүгесіне дейін түгін қалдырмай айтуға тырысу нәзік сезінуге қабілетті адамды жалықтырып, намысына тиеді. Тілінде тиегі жоқтардың бәрі бөспелер ауылынан. Ең бергісі жалған жымыып, босқа даңғырлайды. Қысқасы, «Аз сөйлер де, көп тыңдар, Хас асылдың баласы», - деп, Махамбет бабамыз айтқандай, кім-кімге де аз сөйлеп, көп тыңдаған жөн. Қашан да аз сөйлеген қателеспес, аз жеген ентікпес. Жас атаулы ең қысқа сөздің мағыналы көзқарас екендігіне назар аударуы артық болмас еді. Демек, қазақтың Қабдоловына сүйенсе ой түйсек, «көп біліп, дөп сөйлеген – шешен, аз біліп, көп сөйлеген – мылжың». Ал Исократқа сүйенсек, екі жағдайда ғана сөйлеуді қолдайды: бірі – өзінің сөйлер нәрсенді айқын ойланып алғанда, екіншісі – бір нәрсе жайында айтудың аса қажеттілігі туындағанда. Тек осы жағдайларда ғана үндемегеннен сөйлеуді мақұл көрсе, қалған тұстарда сөйлегеннен сөйлемегенді анағұрлым артық санайды. Шал ақын айтпай ма: «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық» деп. Иә, көп сөйлеген көп сәтсіздікке де ұшырамақ, ендеше сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ. Өз саласының майталманы А.Ф.Кони мәнді ештеңе айтпағаннан, үндемеуді артық көрсе, білгір Боуви: «Ақылды сөйлеу – қиынның қиыны, ақыл безбеніне салып үндемей қалу одан да қиын», - деп тұжырады. Демек, өзінің тіліне күші

жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмасы анық. Ұлы ойшылдарымыздың бірі Анақарыс кейінгіге тілінді, тәбетінді, нәпсінді тыйып ұстау турасында ұлағат қалдырған [6; 14; 15; 17- 22].

Қысқасы, *шешендік* – ел келешегі жастардың рухын аспандатар, асқақтатар өнер. Ал Ұлы Дала елінің халықтық рухы орасан. Тек рух сақталса ғана, жастар рухын оята білгенде ғана халық мерейі, абыройы қаз қалпында болмақ. Рух тұнған тұста ғана қалыптасу үстіндегі тұлғаны тұтандырар, ілгерілетер идея да күшті. Демек, бүгінде жастардың рухын еселеп жандандыра, жаңғырта түсер кешенді ойлы істер ауадай қажет. Ал ел болашағы – қазақ жастарының рухының биіктігі, жоғарылығы – Ұлт Тәуелсіздігі сақталуының бірден-бір айғағы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келсек, шешендік шежіре - рухани байлық көзі. Халқымызға тән шешендік өнер тәліміне кейінгі ұрпақты тәнті етер болсақ, орасан рухани шапағат, парасат сыйлаймыз. Ал рухы зор, рухани бай ұрпақ – еліміздің сенімді келешегі.

Әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу) / Ә.Т. Қайдар. – Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. – 560 б.
2. Қыдыршаев А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография / А.С. Қыдыршаев. – Алматы: 2000. – 270 б.
3. Қыдыршаев А.С. Шешен-лектор профессиограммасы / А.С. Қыдыршаев. – Орал: БҚМУ баспасы, 2004. – 56 б.
4. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы / А.С. Қыдыршаев. – Орал: 2017. – 364 б.
5. Борохов Э. Энциклопедия афоризмов / Э. Борохов. 2003. – М.: Мысль – 686 б.
6. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы / А.С. Қыдыршаев. – Орал: 2006. – 146 б.
7. Энциклопедия мудрости. Литературно-художественное издание. Издательство «РОССА», 2007. – 814 б.
8. Шедевры восточной мудрости. – М.: ООО «Дом Славянской книги», 2018. – 320 с.
9. Душенко К.В. Большая книга афоризмов / К.В. Душенко. – М.: Мысль 2006. – 1056 б.
10. Душенко К.В. Мысли, афоризмы и шутки знаменитых мужчин / К.В. Душенко. – Москва: Издательство «Э», 2016. – 688 с.
11. Мысли, афоризмы и шутки выдающихся женщин / Авт. – сост. К.В. Душенко, Г.П. Манчха. – 8-е изд., перераб. – Москва: Изд. «Э», 2016. – 592 с.
12. Афоризмы: По иностранным источникам. – М., 1985. Бальзак О. Физиология брака / О. Бальзак. – М., 1995.
13. Гейне Г. Мысли / Г. Гейне. – СПб., 1904.
14. Шаймерденұлы Е. Қазақ афоризмдері / Е. Шаймерденұлы. – Алматы: 2008. – 304 б.
15. Книга для медленного чтения. 1000 высказываний 200 мыслителей / Сост. Л.Д. Соболев. – М., 1994.
16. Уайльд О. Афоризмы / О. Уайльд. – М., 2000.
17. Шоу Дж. Б. Афоризмы / Дж. Б. Шоу. – М., 2000.
18. Gross J. The Oxford Book of Aphorisms / J. Gross. – Oxford; New York, 1983.
19. Макаров Н.П. Энциклопедия ума, или Словарь избранных мыслей авторов всех времен и народов / Н.П. Макаров – М., 1998.
20. Хоромин Н.Я. Энциклопедия мысли / Н.Я. Хоромин. – М., 1994.
21. Douglas A., & Strumpf M. Best Book of Aphorisms. – New York, 1989.
22. Еврейские афоризмы. – М., 1991.

ӘОЖ 82:316.3

Қыдыршаев А.С., Кондудаева Ш.М.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

Орал қ., Қазақстан

Қыдыршаева Қ.С.

М.В.Ломоносов атындағы ЖОББМ мұғалімі,

Атырау облысы, Қазақстан

КӘСІБИ МАМАННЫҢ ШАРШЫ ТОП АЛДЫ СӨЗ СӨЙЛЕУІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК-ТӘЖІРИБЕЛІК ҚАҒИДАЛАРЫ

«Небір өнер не даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін емес» (Демокрит). Бұл орайда ұйымдастыра білгеннің қашан да ұтары даусыз. Кәсіби маман іс-әрекетінің алдын ала ұйымдастырылуы -түсінікті де нақты, логикалық тұрғыда ойлануға және тиімді қалыпта хабарлама жасауға бастар жол [1, 28 б.]. Сөз сөйлеудің қандай формасын (*сөйленер сөздің сұлбасы, тірек сөздер не толық конспект*) қолдансақ та, бұл орайдағы алғашқы әрбір қадамымыз бастапқы жоспар ретінде қабылданады. Бұлар әрқилы. Олар сан алуан жаңа дағдыларды талап етеді. Олар өте нәзік қимылды

қажетсінеді. Десек те, олар түпкілікті мақсатқа қызмет етері даусыз. Бұл орайда баса ескереріміз - *сөйленер сөздің көру үшін емес, тыңдар құлақ үшін екендігі*. Сөз сөйлеу мәдениетін дамыту үшін, дауыстап сөйлеу бірден-бір маңызды. Бұл ретте өлең, жаңылтпаштар, алдын ала сөйленер сөздің жобалы нұсқаларын оқудың ешбір артық-кемі жоқ. Керісінше, өте пайдалы. Көпшілік алдында өзіңізді өз дауыс ырғағыңызбен қалай ашып шығарарыңызды алдын ала көріп-біліп болжағанға не жетсін. Мейлінше аз жазып, көбірек сөйлеуге, өз-өзіне көбірек сұрақтар бере отырып, *динамикалы қалыпта сөз сөйлеудің техникасын дамытуға* ұмтылу орынды.

Қашан да аудитория шешеннен тыңдаушыларды жалықтырмайтын, тақырыпқа сәйкесті ақпарат беретін не сенім ұялатар түйін айтатын және көпшілікке беймәлім сюрприздермен риза қылар мезеттерге толы тұщымды сөз күтеді. Сондай-ақ аудитория кейін дұрыс шешім қабылдау үшін, шешеннен нақтылы ақпарат, сөз мазмұнына сәйкес мағыналы тұрғыда бағыт сілтер, алғы істерге орайлас үлкен сенім туғызар тұжырым күтеді. Көбіне-көп мәжіліске сюрприздер не түрлі көңіл көтерер сергіту сәттері тән емес. Бірақ бұл осы реттегі сөйленер сөздің бір сарындас не жалықтырар қалыпта болуы керек дегенді аңғартпайды. Тіпті де, керісінше. Қайта бұл реттегі сөз жанды да қайталанбас қалпымен ерекшеленсе ұтымды болмақ.

Ең алдымен, істі бастамас бұрын, сөйленер сөзге және оның мазмұнына өзіміздің қатысымыз, көңіл-күйіміз, көзқарасымыз туралы айқындыққа жету, ең бастысы өз-өзімізді мысқал да алдаусыратпай, адал болғанымыз дұрыс. Себебі бұл реттегі мысқал да болса жағымсыз көзқарасымыз ұйымдастыру ісінің, әзірліктің және сөйлеу сәтінің әрбір аспектісіне жайыла отырып, ақырында аудиторияның сөзімізді жағымсыз қабылдауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер де өз сөзімізде айтар идеяларымызға көпшіліктің қарсы болуы мүмкін деген сезімнен бастасақ, осы сезімді тыңдаушыларымызға жұқтыруымыз мүмкін, нәтижеде олар өзіміз қорқасоқтап күткендей қатты қарсылық білдіруі әбден мүмкін. Бұл ретте іштей өз-өзімізден *«Мен не үшін сөйлеуге тиіспін?»* деп сұрап көрелікші. Егер де бұл сұраққа өзіміздің жауабымыз болмаса, іздеп көрген жөн. Әрбір сөйленер сөздің айқын мақсаты болуы тиіс. Сөз сөйлеуге келгенде айқын да анық себебіміз болмаса, сөйлемеген жөн. Өзіміздің де тыңдаушыларымыздың да алтын уақытын құр босқа жоғалтпағанға не жетсін.

Сондай-ақ аудиторияны білу мақсатында өз-өзімізден іштей *«Мен кімге (кімдерге) сөйлеймін?»* деп сұрап көрген де дұрыс. Қашан да қандай болмасын даярлықты бастамас бұрын, өз аудиториямызды білгеніміз жөн [2].

Алғашқыда кезекті тақырып бойынша өзіміз айтар мәліметтердің бәрін де қағазға түсіруге кеңес берер едік. Қол астымыздағы материалдарымызды салған жерден жүйелей бастау міндетті емес. Басымызды артық нәрселерден босатып, ойлар тасқынына ерік беру тиімді. Бұндай сәт ойлап шығару қабілетіміздің еселеп артуына септеседі. Біз бұларды «ой үзіктері» дегенді жөн көреміз. Шаршап не жалығып кетсек, ой үзіктерін теруді қоя салып, өзге іспен айналысуға да болады. Миымыз бәрібір жұмыс жасай береді. Ақырында аса қажетті нақтылы да қызықты ой міндетті түрде жүйеленеді.

Нәтижеде сөйлер сөзіміздің басты ой ұшығын жүйелеп жинақтай отырып, жазып шығу жөн. Бұлайша істеу аудиторияны, мақсатты және күтілер нәтижені анықтауға бірден-бір сеп. Бастысы - жазғандарымыз белгілі бір саланы аңғартардай (Мәселен, идеяны, концепцияны, өзімізді, өнімді) болғаны дұрыс. *Мысалы, менің сөз сөйлеудегі мақсатым - ұсынылып отырған жобаның жүзеге асыруға оңтайлығы әрі пайдалылығына кеңес мүшелерінің көзін жеткізу.*

Егер де негізгі ойымызда басты сөз *«тәрбиелеу»* болатын болса, мүмкіндігіне қарай бұның орнына басқа сөзді алғаныңыз жөн. Себебі *«тәрбиелеу»* сөзінің көзге көрінбейтін жасырын психологиялық мағынасы - шешендерге өз тыңдаушыларына шекеден қарап сөйлеуге, нотация оқуға, әкелік мәнерде сөйлесуге мәжбүр ететіндей. Ал егер де біз *«хабарлау»* сөзін таңдап алсақ, онда міндетті түрде негізгі ойға аудиторияға хабарлаудың қажеттілік себебін айтуды енгізген дұрыс (*«Оларға бұл ақпарат не себептен қажетті?»*). Ал көпшілік жағдайда шешен үшін *«мәлімет беру»* - өзгелердің білуі аса қажеттілік туғызбаса да, өзі білетін тақырып төңірегінде айту секілді эгоистік тұрғыдағы талқылауға жол ашар алғышарт іспеттес. Мейлінше тиімді де қомақты нәтижелерге қол жеткізу үшін үнемі бірден - бір керекті тірек сөздерді іріктей білу, қолдана білу жөн. *Мәселен, сендіру, көз жеткізу, иландыру, қол жеткізу, дәлелдеу* [3; 4; 5; 6].

Тәжірибелік тұрғыдан келгенде, бұл ретте кім болса да, біреуге өзіңіздің негізгі ойыңызды дауыстап айтып көру тиімді. Онда осы орайдағы мақсатыңызды сұрауды өтінуді дұрыс. Қорғана бермей, мейлінше шынайы болуға тырысқан жөн. Бұл ретте өзіміздің негізгі айтар ойымызды қорғауға, бекіте түсуге немесе өзгертуге ұмтылу орынды. Сонда ғана біз оны күштірек, салмақтырақ ете түсеміз, сонда ғана негізгі ойымыз қомақтала, шегелене түспек. Нәтижеде өзіміздің таңдаған негізгі ойымызды, сөйленер сөзімізді толық жүзеге асыра аламыз.

Іскер мамандардың сөз сөйлеуге дейін-ақ өзінің не айтарын және тыңдаушыларына өз ойлары мен идеяларын қалай тиімді жеткізерін нақты білгені дұрыс. Ал бұған тер төге әзірленудің, бел шеше дайындалудың арқасында қол жетпек. Бұл ретте Демосфеннің: *«Кімде-кім өз сөзін алдын- ала дайындаса, сол - халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімізді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық - сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік»*, - дегені ойға оралады [1, 28 б.].

Жалпы сөз сөйлеуге алдын-ала даярлықтың маңыздылығы онда даяр мәтінді, тірек жазбаларды не мәтін үзінділерін қолдану-қолданбауыңызға байланысты емес. Біздіңше, оның кейбір *тәжірибелік қағидалары төмендегіше:*

- *сөйленер сөзіңді емес, айтар идеяңды есте сақтауға жаттығу;*
- *жаттауға ұмтылмау;*
- *дауыстап айтып жаттығу;*
- *әр кез сөйлер сөзімізге ақыр соңына дейін дайындалу;*
- *көрнекті құралдар қолданар болсаң, әзірлікті тұтас бірлікте жүргізе білу;*
- *мүмкіндік бар жерде әзірлікті тыңдаушылармен бірлесе жүргізу;*
- *даярлықты сөйлеген сөзіңе адал жүрекпен сын айтар аудиоредактор болар адаммен бірлікте жүргізу әбден тиімді.*

Ғылыми таңдамаларға және эксперимент нәтижелеріне сүйенсек, іскер маманның шаршы топ алды сөз сөйлеуге даярланудың *әдістемелік қағидалары төмендегіше:*

Тыңдаушылармен ішкі байланыс орнату. Өз сөзіміз бағытталар аудиторияның мөлшерін біле отырып, оның әрбір бөлігімен байланыс орнату жөн. Егер де аудитория мейлінше үлкен болса, ондай жағдайда дәрісхананы ойша төрт бөлікке бөле отырып, көз жанарымызбен бір бөлік орталығынан екіншісіне ауысып отыруға бағыт ұстану дұрыс. Бұндай ретте жекелеген бөлімнің әрбір адамына үнемі жіті назар аударатындығымыз хақында көзқарас өздігінен қалыптаспақ. Ал адам аз кішкене топтарда кейде қатысушылардың әрқайсысына назар аударуға ұмтылу тиімді.

Әркім ым-ишаратымыздың табиғи болуы. Егер де олар сөйлеген сөзімізден туындап жатса, әбден орынды болғаны. Ешқашан да ым-ишарат қолдануға алдын-ала дайындалмау, басқаша жағдайларда олар ойдан шығарылған ебедейсіз әрі жасанды болмақ. Кең көлемді күшті де жағымды ым-ишараттар біздің баяндауымыздың мән-мағынасын арттыра түседі. Қашан да өзіміздің ең үздік көрнекілік екенімізді есте сақтау керек. Қимыл- қозғалыстан қорықпау жөн. Бір орында қалшыып қатқан қазықтай қозғалмай тұруды жөн дей алмаймыз. Сондай-ақ әрлі-берлі мағынасыз қозғала беру де дұрыс емес. Күшті идеялар ұсынған тұста тұрыс-қалпыңды өзгерту, кідіріс сәтінде бірер қадам ілгері аттау сөзге жандылық қосып, құрыс-тұрыстарды жазуға сеп.

Кідірісті орынды қолдана білу. Тиімді қолдана білсек, олардың әсері ерекше әрі олардың көбірек болғаны жөн. Кідіріс ойымызды жинақтап алу үшін де қажет. Кідіріс тыңдаушыларға естігендерін ой елегіне салып отырып, екшей түсу үшін, одан әрі тыңдау үшін де қажет. Жалпы көпшілік аудитория ауызша айтар хабарларға бейім болып келеді. Сәйкесінше, оларға ойлануға уақыт қалдырып отырғанымыз жөн. Әсіресе, бұл күнілгері арнайы жазып әзірленген мәтін бойынша сөз сөйлеуде керек-ақ.

Әзірлікке кеткен уақытты есептеп отыру, өзімізге бөлінген уақыт мөлшерінен аспау. Сөйленер сөзімізді жеделдете айтпау дұрыс. Басы артық материалды алып тастау, мазмұнды ықшамдап ұсыну тиімді. Қалыпты сөйленер сөзге қарағанда шешендер мейлінше баяу ырғақта сөйлегені жөн.

Бірер әзірлік мезетімізді дискіге жазу. Сөйлеген сөзімізді табиғи қалыпта жазу үшін, микрофонды 60-90 см. қашықтықта орналастырған тиімді. Сөзіміздің айқын да жанды шығуын қадағалау. Кейін көрініс сәттеріне объективті түрде баға бере көз жүгірту.

Әзірлік кезінде айнаны қолданбау. Байқауымызша өз көзімізге қарауды дағдыға айналдырған дұрыс секілді. Бірақ айнаға қарай отырып, объективті болу қиын. Көбіне біз өзіміздің көргіміз келгенін ғана байқаймыз [7]. Сондай-ақ өзімізді ыңғайлы да сенімді ұстау үшін әзірлік кезінде шаршы топ алды сөз сөйлерде киер киімізбен даярланған артық болмайды.

Біздіңше, видеодискіде өзіміздің қалай сөйлегенімізді тексеру мақсатындағы *сұрақтар тізімі төмендегіше болмақ:*

- *Ішкі байланыс тиімді жасалды ма? Көз жанарымен барлық тыңдаушыларды шола қамтыдық па? (Барлық тыңдаушыларды назарда ұстай алдықпа?)*

- *Дауысымыз ортақ проблемаға (күн тәртібіндегі мәселеге орай) қам жеу мақсатында, көпшілікті өзіне тарта, елекзіте, жанды қалыпта шыға алды ма?*

- *Өзіміз табиғи күйде әрі салмақты көріне алдық па?*

- *Ойларымыз байыпты да байсалды логикалық өріле алды ма?*

- *Сөйлеген сөзден негізгі бөлімді бөліп алуға болар ма еді?*

- *Сөйлеген сөзіміз мақсатына жете алды ма?*

- *Қолданылған ым-ишараттар орынды болды ма?*

- *Дауысымызбен, қимыл-қозғалысымызбен не өзіндік*

мәнерімізбен тыңдаушыларымызды ашуландырып алған жоқпыз ба? Тыңдаушылар жүйкесіне жағымсыз әсер етпедік пе?

- *Дәлелді тұжырымдарымыздың мән-мағынасын төмендететіндей басы артық сөздер қолданған жоқпыз ба? (мүмкін, секілді, сияқты)*

- *Тыңдаушыларды асықтырып, сөзімізге ілесе алмай қалатындай тым асығыс ырғақта жеделдетіп сөйлеп кеткен жоқпыз ба?*

- Маңызды идеяның мәнін үдету, арттыра түсу мақсатында не бірден-бір мәнді ойларды көпшілікке жеткізу үшін мейлінше баяу қалыпта сөйлеу барысында ырғағымызды өзгерте алдық па?

-Түсінікті сөйлей білдік пе? Тыңдаушылар сөзімізді тек естуі ғана емес, не туралы айтып тұрғанымызды түсінуі тиіс.

- Көрінектілікті сенімді түрде жеңіл қолдана алдық па?

- Таңдалған имиджге киіміміз сәйкес келді ме?

- Тыңғылықты әзірлігіміз сәйкесті имидждің айқын көрінуіне дәлел бола ала ма? т.б.

Қысқасы, бейнедискіні қарай отырып, өзімізді объективті түрде бағалау жөн. Егер де өз сөзімізге көңіліміз толып, мәселен, жерде жайқалып өсіп тұрған мәуелі ағаштың энергиясын алғандай сезімде болсақ, бұл - сөзіміздің табиғи да ғажап өрілгені. Ал егер де аудиториямен ішкі байланысты орнықтыра алмаған болсақ, қайтара әзірлену орынды. Егер де дискі лабиринтінде өзімізді жоғалтып алғанымызды байқасақ, онда көрнекі құралдар мөлшерін азайту жөн. Бұл ретте өзімізге көбірек еркіндік берсек, көпшіліктің айтылар сөзге әсері үстемеленбек, бірақ та бұл жағдай өзімізге қысылыс туғызбауы тиіс. Әрине, біз алуан приборларды құбылта қолданып тұрған «жұлдызды кеменің» капитаны емеспіз. Өзімізді аудиторияға белгісізді ашу, проблеманы шешу үшін, жаңалықтармен таныстыру үшін қажет екенімізді әр кез ескерген жөн [8].

Қысқасы, осы жоғарыда айтылған әдістемелік-тәжірбиелік қағидалардың қай-қайсысы да кәсіби маманның шаршы топ алды сөз сөйлеуінің сәтті жүзеге асуына мүмкіндік туғызады деген ойдамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал, 2005. – 142 б.
2. Қыдыршаев А.С., Төлегенова Д.К. Искерлік шешендіктану қағидалары. Орал. 2007. – 68 б.
3. Чисхольм П. Уверенность в себе: путь к деловому успеху. - М., 1994.
4. Вескер А.Б. Тренинг актерского мастерства учителя. Учебно- практическое пособие. - М., 2002. – 96 с.
5. Соловьев Э.Я. Современный этикет. Деловой и международный протокол. - М.: Издательство «Ось - 89», 2003. – 320 с.
6. Пост Э. Этикет. Классическое руководство / Пер. с англ. М.: ЗАО Центрполиграф, 2005. – 648 с.
7. Қыдыршаев А.С. Кестелі шешендіктану. Орал, 2007. – 8 б.
8. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары). Оқу құралы. Орал, 2017. – 364 б.

ӘОЖ 82:316.3

Қыдыршаев А.С., Мұхамбетова С.Ж.,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,

Орал қ., Қазақстан

Қыдыршаев О.А.,

Promontory Aqjaıyq халықаралық мектебі,

Орал қ., Қазақстан

Қыдыршаева Қ.С.

М.В.Ломоносов атындағы ЖОББМ,

Атырау облысы, Қазақстан

МЕКТЕП РИТОРИКАСЫ: ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

(Қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқыту негізінде)

Шешендік өнерді зерттейтін ғылым *шешендіктану (риторика)* - қазіргі таңда негізі қаланған, заңдылықтар жүйесі айқындалып, бір ізге түскен сала. *«Шешендік өнер» пәнін оқыту арқылы* оқушыны жеке тұлға тұрғысында қалыптастыру – қазіргі Қазақстан қоғамының жалпы білім саласының алдына қойып отырған педагогикалық мәселелерді шешуге үлес қосу. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде оқушылардың қатысымдық-сөйлеу қызметін белсендіруді, дамытуды көптеген пәндер жүзеге асырады десек те, шешендік өнерді үйрету, оқыту пәнінің орны айрықша, себебі жалпы орта білім беру жүйесіндегі бұл пән заман талабынан туындаған пән ретінде сипатталады. Оның орнын анықтау мен алға қойған міндеттерін шешу бұрыннан оқытылып жүрген «Тіл мәдениеті», «Қазақ тілі» пәндерінің міндеттерін синтездеу емес, шешендік өнерге үйрету үшін дәстүрлі шешендіктану заңдылықтарын жүйелеу, оның әдістемесі туралы пікірлерді бір арнаға тоғыстыру.

Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Ендеше, шешендік өнер - қазақтың ұлттық құндылығына да, жалпы адамзаттық құндылыққа да тән мұра ретінде қазіргі таңда жалпы білім саласы

алдында тұрған басты мақсатқа - жан-жақты жетілген, қоғам қойған барлық талапқа сай жеке тұлға тәрбиелеп шығаруға қол жеткізудің басты құралдарының бірі.

Өскелең ұрпақ тәрбиесін халқымыздың өткен тарихынан бөліп қарауға болмайды. Халқымыздың тарихында талай аузы дуалы, жез таңдай майталмандар болғаны бәрімізге де аян. Сан жылдар бойы халықтың мәдени - рухани өмір-тіршілігіндегі шешендік өнердің алар орны тиянақты зерттеліп, сараланып кейінгіге жеткізілмеді. Бұған әртүрлі тарихи, саяси себептердің болғаны мәлім. Десек те, бір айқын нәрсе - шешендік өнері халқымыздың қанына, табиғатына тән құбылыс. Егер де сонау антикалық Грекиядан бастау алған шешендіктану ғылым саласы ретінде дамып жетілсе, халқымыздың бай шежіресімен бірлесе өрілген шешендік өнер саласы ретінде қалыптасты. Сондықтан да ғылым мен өнер ретінде осындай бай тарихы бар шешендіктану ілімін болашақ ұрпақ санасына жеткізу, олардың бойына сіңіру еліміздің келешегі үшін шынайы жүрегі ауыратын әр ұстаз үшін - парыз іс [1-8].

Қазақ мектебінің V сынып оқушыларына шешендік өнер пәнін оқыту әдістемесінің өзегі - *оқушылардың қисынды ойлау қабілетін дамыту, тіл байлығын молайту, сөздік қорын кеңейту, өз ойын дұрыс, анық, тілдік, сөздік нормаларды сақтай отырып, ауызша және жазбаша түрде көркем жеткізе білу, шығармашылық ойлау қабілет-дағдыларын дамыту, тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін игерту.*

Шешендік шеберлікті игерту - алдымен әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгерту, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым – қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай қолдануға үйрету. Тілде толып жатқан амал-тәсілдер бар. Солардың ішінен қарым-қатынас жасаудың мақсатына сай келетін аса қажеттісін талғап ала білу арқылы ой мен сезімді дәлме-дәл жеткізе білу шеберлігі - сөз мәдениетінің биік шыңы. Ал сол биік шың – шешендік өнер биігі. Мұндай шеберлік ең алдымен тіл амалдарын әдеби тіл нормасына сай дұрыс қолданудан, сөз жатықтығын үйренуден, сөз байлығын молайтудан, сөз тазалығын сақтау, сөз дәлдігін таңу және сөз әсерлілігін меңгеру арқылы көрінеді. Олай болса, шешендік өнерін өркендетуге айрықша көңіл бөлу, оны жас жеткіншектерге мүмкіндігінше кең ауқымда жеткізу, оқыту - бүгінгі күннің талабына сай туындаған қажеттілік деп қабылдауымыз керек. Демек, осы реттегі зерттеу жұмысының көкейкестілігін анықтайды.

Қазақ орта мектебінің V сынып оқушыларына шешендік өнерді оқытудың әдістемелік жүйесін даярлап, эксперимент арқылы оның тиімділігін дәлелдеу бір шоғыр міндеттерді алға қояды. Бұл сапқа жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда «Шешендік өнер» пәнінің оқытылу жайын айқындауды; қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқытудың лингвистикалық, психологиялық, педагогикалық, тәрбиелік негіздерін анықтауды; орта мектептің V сыныбында шешендік өнерді оқыту бойынша арнайы бағдарлама, оқулық, оқу-әдістемелік құралдарға талдау жасауды; қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқытудың арнайы қағидаттары, әдістері мен формаларын жүйелеуді; қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқыту арқылы оқушылардың шешендік білік-дағдыларын қалыптастыруға арналған кешенді жаттығу, тапсырма, тренингілер мен сабақтар жүйесін даярлауды; қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқыту әдістемесінің тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы дәлелдеуді қосар едік.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық және теориялық негіздері ретінде көне грек және рим риторикасының іргетасын қалап, оны тұтастай бір ғылым дәрежесіне жеткізген Аристотель, Цицерон, Квинтилианның ілімдері, осының негізінде шығыстық шешендік өнер теориясын дамытқан Әл-Фарабидің риторикалық мұралары, шешендік өнердің тарихи эволюциясында айрықша орын алар М.В. Ломоносов және т.б. тарихи тұлғалардың классикалық риторикалық ілімдері, сондай-ақ В.И. Аннушкин, Л.Г. Антонова, Г.З. Апресян, Д.И. Архарова, Л.В. Ассуирова, Н.А. Безменова, Д.Х. Вагапова, А.Н. Васильева, Л.А. Введенская, Л.А. Вербицкая, А.Е. Войскунский, Ю.В. Воробьев, О.Я. Гойхман, И.Б. Голуб, В.Б. Гольдин, И.Н. Горелов, Л.К. Граудина, С.С. Гурвич, Ч.Б. Далецкий, Е.Г. Елина, С.Ф. Иванова, Н.Н. Кохтев, Н.А. Купина, Т.А. Ладыженская, М. Львов, Т.В. Матвеева, Н.А. Михайличенко, А.К. Михальская, А.А. Мурашов, Г.В. Мурзо, Р.И. Никольская, С.Т. Никольская, А.П. Окунева, Ю.С. Пичугов, Г.М. Сагач, З.С. Смелкова, А.П. Чудинов секілді және т.б. маман ғалымдардың риторика мен неориторика саласындағы тұжырымдамалары, А. Байтұрсынов, Б. Адамбаев, Ә. Мәметова, Ж. Дәдебаев, Р. Сыздықова, С. Негимов сынды және т.б. ғалымдардың қазақ шешендік өнері саласындағы еңбектері, Б.Н. Головин, В.В. Виноградов, М. Балақаев, Б. Шалабаев секілді және т.б. ғалымдардың сөз мәдениеті мен стилистикасы саласындағы еңбектері, Л.С. Выготский, И.А. Зимняя, А.Н. Леонтьев, А.А. Леонтьев секілді және өзге де ғалымдар зерттеулерінде көрініс тапқан қарым-қатынас психологиясы бағытындағы еңбектер, сонымен қатар шешендік өнерді оқыту, шешен сөйлеу білік-дағдыларын қалыптастыру әдістемесіне арналған, Қазақстандағы шешендік өнерді оқыту әдістемесінің ғылыми тұрғыда зерттелуіне ықпал еткен А.С. Қыдыршаев, М.Р. Қондыбаева, С.Р. Рахметова, Ф. Оразбаева, Қ.Қ. Қадашева, А. Жапбаров, Н.Ж. Құрманова, Ж. Сүлейменовалардың докторлық деңгейдегі зерттеулері, Б. Салықова, А.Қ. Жалғасбаева, Н.А. Тулжинбаевтардың шешендік өнерді орыс аудиториясына үйрету әдістемесі бағытындағы, сонымен қатар қазақ тілді аудиторияларда шешендік өнерді оқыту іліміне арналған Б.Д. Қалимұқашеваның, Е.С. Леубаеваның зерттеу жұмыстарын алу орынды [9-14].

Осы реттегі зерттеудің теориялық маңыздылығы мектеп оқушыларына шешендік өнерді оқытудың лингводидактикалық және психофизиологиялық негіздерін таразылауға, оның басты өзара байланыстағы

аспектілерін айқындауға, мектеп оқушыларын шешендік өнерге оқытудың басты әдістемелік заңдылықтарын сипаттауға қатысты ұмтылыстан көрініс береді. Оқушылардың шешендік дағдыларын қалыптастыру бағытындағы атқарылар жұмыс жүйесі анықталады. Қазақ мектебінің V сыныбында шешендік өнерді оқыту әдістемесін даярлау міндетіне сай аталмыш әдістеменің алуан қырлы тиімділігі мен мүмкіншіліктері, сондай-ақ оның оқушы тұлғасын жан-жақты жетілдіру мақсатына сәйкестік деңгейі алғаш рет таразыланып, жүйеленеді. Ал зерттеу жұмысы барысында қол жеткізілген нәтижелер әдістемелік көмекші құралдар мен оқулықтар, сондай-ақ оқу бағдарламаларын даярлауға септесері сөзсіз. Зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы мектеп оқушыларына шешендік өнер пәнін оқытудың әдістемелік жүйесінің құрылуынан айқын танылады. Аталмыш әдістемелік жүйені орта мектептерде, лицей, гимназияларда шешендік өнерді оқыту тәжірибесінде пайдалануға толық болар еді.

Білім саласындағы қандай да бір жаңа лептің, жаңа толқынның орын алуы - белгілі бір уақыт көлемін талап ететін күрделі үдеріс. Қазіргі уақыттың қазақстандық білім саласындағы «модернизация» тұрғысында аталатын қарқынды өзгерістер мен ашылыстар кезеңі екендігі баршамызға да мәлім. Білімді модернизациялау - білім саласының бар арналарын қамтитын терең де түбірлі өзгерістердің белгілі бір уақыт аралығын қамтитын үдерісі. Оның мақсаты, ең алдымен, бір жағынан, жеке тұлғаға, екінші жағынан тұтастай қоғамға бағытталған білім мен тәрбие беру ісі нәтижелерін сапалық тұрғыдан жетілдіру, жоғары деңгейге көтеру. Бұл - мақсатты нәтижесі адамгершілігі мол, парасатты да білімді, өзі үшін де, қоғам үшін де өзінің адами және шығармашылық, ғылыми, өндірістік әлеуетін және өзінің интеллектуалдық және өзге де қабілеттерін өз бетінше және қоршаған ортадағы өзге тұлғалармен өзара ынтымақтаса, бірлесе отырып сарқа жұмсай алатын адамды қалыптастыру боп табылатын көпқырлы үдеріс. Әрине, бұл үдерістің нәтижелі болмағы алуан түрлі субъективті және объективті факторларға тәуелді екендігін тағы да білеміз. Осы ретте туындайтын көптеген заңды сұрақтардың бірі - аталмыш нәтижеге қол жеткізу, яғни, білімді модернизациялаудың мақсаттары мен міндеттерін нәтижелі орындау межесіне қол жеткізу орта мектепте шешендік өнерді оқыту үдерісінсіз мүмкін бе дегенге саяды.

Сонау антикалық дәуірдің, соның ішінде ең алдымен көне грек қоғамындағы білімнің мақсаты мен міндеттерін қазіргі отандық мектептер алдында тұрған ең негізгі деген мақсат-міндеттермен салыстыра бағамдасақ, олардың көп жағдайда бір-бірінен еш айырмашылығы жоқтығына сай қорытындыға келеміз. Өзгеше болуы мүмкін де емес, себебі адамзаттың түпкі табиғатына, оның рухани өзегіне уақыт пен кеңістік ықпал ете алмақ емес. Сол дәуірлерде де, қазіргі кезеңде де қоғам мәдениетті, еркін ойлай әрі сөйлей алатын, парасатты да білімді тұлғаға, жоғары қабілетті, биік білікті, өзгелермен құрмет сезімі негізінде ынтымақтаса отырып, әр заманның күрделі міндеттерін шеше алу дағдысына ие тұлғаға мұқтаж болған еді. Қазір де солай. Бұл тұрғыдан алғанда белгілі бір межеде көне грек қоғамындағы риториканың пән ретіндегі ролі мен қазіргі Қазақстан қоғамындағы шешендік өнерді оқытудың маңыздылығын салыстыру мүмкіндігі бар. Шешендіктану ілімінің туындау мен қалыптасуына ықпал еткен алғышарттар мен тарихи түйткілдер турасында белгілі зерттеуші М.Н.Пряхин былай деп түйіндейді: *«Можно предположить, что три необходимые каждому свободному гражданину способности - умение читать, хорошо говорить, логически мыслить - стали основанием для классической системы образования в античности. Имеется в виду триумв (грамматика, риторика и диалектика). Без знания этого набора из трех предметов, основы основ свободных искусств, человек не мог быть полноценным гражданином. Поэтому античный триумв - органически построенная система обучения свободного гражданина в правовом обществе»* [15, 63 – 65 бб.].

Сана тезіне салып, таразылай отырсақ, бұл орайда антикалық дәуірдегі риториканың дәуірлеуіне, гүлденуіне себепкер болған көптеген алғышарттар, белгілі бір тұрғыда біздің қазіргі қоғамымызда, әсіресе қоғамымыздағы XX ғасырдың соңғы ширегінен бастау алатын қайта құру дәуірінен бергі кезеңде орын алып отырған жайттарға жақындату, ұқсату тұрғысындағы пікірге ойысамыз. Бұл кезеңдердегі біздің қоғамымызға тән және оның кейінгі даму барысына белгілі бір тұрғыда өз ықпалын тигізген факторлар турасында айтар болсақ, былайша тұжырымдар едік: қоғамда бәсекелес әлеуметтік ортаның біртіндеп қалыптасуы; жеке тұлғаның өзіндік мақсат-мүдделерін жүзеге асыру құқығын мойындау; өз жеке өмірін өзінше жоспарлап, өзінше басқаруға ұмтылушы тұлғалардың көбеюі; құқықтық мемлекеттіліктің негізделуі; парламенттік институт секілді әлеуметтік маңызды мәселелерді ашық талқылап, шешім қабылдау институтының енгізілуі; алқа сотын енгізу турасындағы қоғамдағы ашық, демократиялық ой-идеялардың көтерілуі мен сот тәжірибесі (судебная практика) мен өзге де демократиялық институттардың енгізіліп, жетілдірілуі; сайлау жүйесінің қалыптасып, дамытылуы; ұлттық болмысымызды жандандыру бағытындағы атқарылып жатырған алуан істер аясындағы төл тарихымызда елеулі орын алған би-шешендер тұлғаларының, олардың қайраткерлік құмырнамағы мен шешендік мұрасының ұлттық рухани құндылыққа айналуы; осы аталған факторларға байланысты шешендіктанудың прагматикалық қырының жетекші мән-маңыздылыққа ие болуы және қоғам өкілдерінің сөйлеу өнерін қоғамнан өз орнында табуға септесер, осы негізде өз болашағынды белгілі бір тұрғыда үйлестіруге мүмкіндік берер пайдалы ғылым саласы тұрғысында тани бастауын атап өтер едік. Аталған жайттардың заңды нәтижесі, салдары ретінде белсенді түрде, бір жағынан, шешен сөйлеудің (әсіресе, шаршы топ алдында сөйлеудің) теориялық және практикалық қырлары (мәселен, сот шешендігі) зерттеу тақырыбына айналса, екінші жағынан, адамзат өмірінің қоғамдық пайдалы алуан

салаларындағы сөйлей білу білік-дағдылары да пайымдала бастады. Демек, аталған қоғамдық-саяси, рухани-әлеуметтік құбылыстар аясында шешендіктанудың ғылым ретінде де, үдеріс ретінде де, ең бастысы, оқыту пәні ретінде жандануы - тарихи тұрғыдан заңды құбылыс.

Жеке тұлғаның өзге адамдармен қарым-қатынасының философиялық, мәдени кырларын зерттей келе, ғалым С.А.Минеева былай дейді: *«Наиболее распространенными, трагическими по результатам, являются отношения подчинения. За этими отношениями - определенное мировоззрение: монологический догматизм. Известный философ и культуролог М.С. Каган отмечает, что длительное время в отношениях между народами, религиями, классами, эпохами, цивилизациями преимущественно господствовала «власть силы», а не «сила духа», поэтому диалогические контакты настоящего с прошлым были эпизодическими и не могли еще стать прочными, долговременными направляющими культурного процесса. Человечество по общему уровню своего материального и духовного развития пока еще не готово к обретению подлинного «единства многообразия»* [16, 52-54 бб.].

Ғалым пікірі риторикалық білімнің қоғамға аса қажеттілігін дәлелдейді, себебі әр адамның жалпы мәдени деңгейі (*соның ішінде сөйлеу мәдениетінің де*) мен қоғамның тілдік (*тілдік және сөйлеу құралдары арқылы жүргізілетін*) қарым-қатынас мәдениетін көтеру мақсатындағы риторикалық білімділікті дамыту, яғни, жеке тұлға мен жалпы қоғамның диалогтық мәдениетін жетілдіру ұлттар мен ұлыстар арасындағы бейбіт те толерантты өмірдің кепілі екенін аңғартады. Сондықтан да білім саласындағы монологиялық догматизм құрсауын бұзып, білім беру мен тәрбиелеу ісіндегі шынайы диалогизм белесіне көтерілу қазіргі таңдағы өзекті мәселе. Осы мәселелер ауқымын шешуге септесер бірден-бір құрал - оқыту пәні ретіндегі шешендік өнер сабағы, себебі шешендік - бастан диалог жүргізу заңдылықтары мен тетіктерін, тілдік қарым-қатынас кезіндегі тұлғаның өз пікірін дәлелдеу дағдыларын зерттеу мен үйретуді басты нысана еткен пән ретінде қалыптасқан ілім.

Осы орайда сонау антикалық кезеңдегі оқыту үдерісін ұйымдастырудың ерекше тәсілі ретінде *диалог тәсіліне негізделген* тұжырымдаманы еске аламыз. Ғалым-зерттеушілердің тұжырымды пікірінше, майевтика - қазіргі адамзат қолындағы барлық рефлексивті әдістемелердің заңды бастау көзі. Заманауи қоғамның қазіргі тыныс-тіршілігі мен отандық білімнің хал-ахуалы мен мақсаттары тұрғысынан пайымдасак, *мектеп риторикасы* шешетін маңызды міндеттер ауқымы өте кең. Бірі - педагогикалық қарым-қатынасты белсендіру. Ал мектеп оқушысы үшін педагогикалық қарым-қатынас қоршаған әлемді толыққанды меңгерудің негізгі формасы екендігі аян. Сол себепті шешендік өнер мен сөз мәдениеті мектеп оқушыларына таным мен оқыту үдерісіндегі, жалпы өміріндегі ең өзекті тілдік жанрларды, әлеуметтік қарым-қатынастағы тілдік мінез-құлық пен жағдаяттар болмысын меңгеруге мүмкіндік береді. Демек, өзінің көпқырлы болмысы тұрғысынан алғанда *шешендіктану* - білімдік, тәрбиелік, қарым-қатынастық болмысы тұрғысынан тарихи тамырын тереңге тартқан, мәдениеттанымдық және философиялық негізі антикалық дәуірде қаланған ғылым саласы; *оқу пәні ретіндегі шешендік өнер* - қазіргі білім үдерісінің маңызы зор құрамдас бөлігі, сондықтан шешендік өнерді оқу пәні ретінде оқытпай тұрып, білімді модернизациялау мақсаттары мен міндеттеріне толыққанды қол жеткізу, мүмкін емес.

Қазіргі қоғамда жаңа типтегі тұлғаны қалыптастыру, жан-жақты жетілген адами капиталды дамыту ісінде қатысымдық ортаның мәні күн санап артуда. Әлеуметтік-саяси тұрғыдан білімді де белсенді тұлға көрсеткіштерінің ішінде оның өзге адамдармен қарым-қатынас жасап, олармен тіл табыса білу білігі жетекші көрсеткіштер қатарында. Осыған байланысты тұлғааралық қарым-қатынас үдерісі уақыт өткен сайын күрделі сипатқа ие болып келеді. Бұл өз кезегінде қоғамның адамдар арасындағы қарым-қатынас табиғатына қызығуылығын арттырып, жеке тұлғаның қатысымдық әлеуетін қалыптастырушы бірден-бір пән ретіндегі шешендік өнерді оқыту мәселелерін күн тәртібіне қойып отыр. Бүгінгі таңда шешендік өнер курсының білімдік құндылығы жоғары, себебі шешен сөйлеу қабілетіне ие мамандарға қоғам сұранысы артып келеді, яғни, өз ойларын дәл де қисынды айта білетін, тезистер құрап, дәйектер келтіре алатын, сұрақтар қойып, оларға жан-жақты, толыққанды жауап бере алатын, диалогтар мен пікіралмасу, дау-тартыстарға қатысып, өз сөзін құрылымдық тұрғыдан дұрыс рәсімдей білетін, өзгелер сөзін қабылдап, оған салиқалы сараптама жасай алатын қызметкерлерге қажеттілік өсіп келеді.

Түрлі бағыттағы бақылау мен зерттеу жұмыстары көрсетіп отырғандай, жыл сайынғы мектеп бітіруші түлектердің барлығы да мектеп қабырғасынан жоғарыда аталған және өзге де қажетті білік-дағдыларға ие боп шығуда деп толықтай сеніммен айта алмаймыз. Мұның басты себебі неде деген сұраққа жауап іздесек, бұған ықпал етіп отырған көптеген факторлар бар екендігіне көзіміз жетер еді. Солардың ішінде қазіргі таңда бұл мәселеде шұғыл шешуді талап етіп отырған жайт - еліміздегі жалпы білім беретін мектептер болсын, арнаулы лицей-гимназиялар болсын, *шешендіктануды оқыту курсына байланысты арнайы бағдарламалар мен оқу-әдістемелік құралдардың аса қажеттілігі*. Бұл, әрине, осы бағыттағы ғылыми-зерттеу, әдістемелік-зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатырған жоқ деген пікірді тудырмауы тиіс, себебі аталмыш салада ғалымдарымыз бен әдіскерлеріміз жұмыстануда, тек бұл тұрғыдан алғанда, біз замана ағымынан сәл кеш қалып келеміз. Себебі орта мектепте шешендікті оқыту әдістемесі бір ізге салынып, жүйеленбегендіктен, жалпы білім беретін орта мектептерде қазіргі таңда тілді оқытушы ұстаздар шешендік өнерді әрқилы деңгейде өз бетінше бағдарлама құрып, сабаққа қажетті материалдар тауып, көрнекі құралдар даярлап өткізіп жүр. Осындай бір арнаға тоғыстырылмай, сан-

саққа тарамдалған шешендік өнерді оқыту ісінің қазіргі жай-күйінің өзі айтып тұрғандай, мектептерде жүргізіліп отырған шешендік өнер курсының бағдарламалары көп жағдайда заманауи талаптарға сай келмейді, оқыту әдістемесі таратыла даярланбаған, шешендік өнердің жекелеген тарауларын оқыту мен қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру үшін қандай әдіс-тәсілдер мен әдістемелік құралдарды қолдану қажеттігі турасындағы ғылыми негізделген ұсынбалар жетіспейді, т.б.

Жалпы орта білім беретін мектептерде *шешендіктануды оқыту әдістемесін даярлау ісі*, ең алдымен, әр дәуірде өмір сүрген танымал ғалым- зерттеушілеріміз бен қазіргі зерттеуші-әдіскерлеріміздің қазақ тілі мен әдебиетін, сондай-ақ әлемнің өзге де тілдері мен әдебиеттерін оқыту әдістемесі саласындағы көптеген ғылыми еңбектерге сүйенеді. Бұл еңбектерде тіл ұстарту, тілдік мәдениетті дамыту, орфоэпикалық, лексикалық, стилистикалық және өзге де қателіктердің алдын алу және т.б. көптеген міндеттерді шешудің кешенді әдіс-тәсілдері қарастырылған. Әлемдік педагогикалық және әдістемелік әдебиетте шешендік өнерді оқытудың белгілі бір қомақты әдістемелік базасы жинақталған. Бұл бағытта қалам тартқан әдіскер-ғалымдарды атап өтетін болсақ, ресейлік ғалымдар ішінен С.Д.Абрамович, Н.С.Алексеев, А.А.Андреев, Л.Г.Антонова, В.И.Аннушкин, В.П. Беломорец, В.М.Вандышев, В.П.Вомперский, С.И.Гиндин, Л.К.Граудина, С.С.Гурвич, Ч.Б.Далецкий, С.П.Дудель, Е.Н.Зарецкая, В.К.Иваненко, С.Ф.Иванова, И. С.Ипатова, А.И.Капская, Е.В.Клюев, Н.Н.Кохтев, Т.А.Ладыженская, М.Р.Львов, Л.И.Мацько, О.М.Мацько, А.К.Михальская, М.А.Михайличенко, А.Е.Михневич, Л.А.Мурина, Е.А.Ножин, Г.С.Онуфриенко, Ю.В.Рождественский, Г.М.Сагач, П.Л.Сопер, А.В.Толмачев, М.Ю.Чикарькова, В.П.Чихачев, И.Томас, М.Ханин, Н.Г.Чибисов және т.б. атап өтуге тиіспіз, ал отандық ғалым-әдіскерлеріміз қатарында осы арнада ізденіс жұмыстарын жүргізіп, оқу-әдістемелік құралдар даярлау ісіне қомақты үлес қосып жүрген Ф.Оразбаева, Н.Оралбаева, А.С.Қыдыршаев, М.Р.Қондыбаева, С.Р.Рахметова, Г.Қосымова мен М.Жармұхамедұлын, сонымен қатар шешендіктану саласында зерттеу жүргізіп, риториканы түрлі аудиторияларда оқыту әдістемесінің негізін қалыптастыру ісін дамытқан Б.Балғазина, Б.Салықова, А.Қ.Жалғасбаева, Н.А.Түлкінбаев, Б.Д.Қалимұқашеваның, Е.С.Леубаеваның есімдерін атаймыз.

В.К.Иваненко өзінің «Риторика: теория и практика целесообразной речи» атты мақаласында шешендік өнер курсы бойынша соңғы жылдары жарық көрген оқу құралдарын сараптай келіп, олардың шешендік өнерді оқыту үдерісіндегі алар орнын айқындаудағы мән-маңыздылығын атап өтеді: «*Риторика в современных условиях - это не только наука о красноречии, но и наука о речевой целесообразности, осознанной и корректной, тактичной, учтивой повседневной умственной речевой деятельности*» [17, 4 б.].

Осы бағыттағы оқу-әдістемелік құралдар ішінен В.М.Вандышевтің (Риторика); Л.И.Мацько мен О.М.Мацьконың (Риторика); С.Д.Абрамович, М.Ю.Чикарьковалардың (Мовленнева коммуникация); Н.Г.Чибисова, О.И.Тарасовалардың (Риторика); Е.В.Клюевтің (Риторика (Инвенция. Диспозиция. Элокуция)); Е.В.Клюевтің (Речевая коммуникация: Успешность речевого взаимодействия); О.Я.Гойхман, Т.М.Надеиналардың оқулықтарын (Основы речевой коммуникации); О.Я.Гойхманның (Речевая коммуникация); Е.Н.Зарецкаяның монографиясын (Риторика: теория и практика речевой коммуникации); Л.В.Введенская, Л.Г.Павловалардың ((Риторика для юристов) оқулықтарын және тағы басқаларды атап өтер едік.

Орта білім беретін мектептерде оқушыларға шешендік өнердің негізін оқытпай тұрып, жоғары мектептегі шешендіктануды оқыту курсы туралы сөз қозғау қисынсыз болар еді. Ал шешендік өнерді мектепте оқыту әдістемесі бойынша дәл қазіргі уақытқа дейін толыққанды зерттеу жұмысы жүргізілген емес. Десек те, қазіргі таңдағы мұғалімдер, бір жағынан, ресейлік әдіскерлердің (В.Н.Александров, Г.И.Александрова, Н.А.Безменова, Ч.Б.Далецкий, С.Ф.Иванова, Г.Д.Ключек, Н.Н.Кохтев, Т.А.Ладыженская, М.Р.Львов, Н.Н.Кохтев, Г.В.Маклакова, Н.А.Михайличенко, А.К.Михальская, И.Т.Панченко, Ю.Ф.Скляниченко, В.К.Чернецкий және т.б.) орыс тіліндегі оқулықтарын қазақ мектебі табиғатына бейімдеп, екінші жағынан, отандық ғалым- әдіскерлеріміз тарапынан даярланған бірер оқулықтар мен әдістемелік құралдарды (Г.Қосымова, М.Жармұхамедұлы, А.С.Қыдыршаев) қолдана отырып, шешендік өнер бойынша сабақ беріп жүр.

Соңғы жылдары жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназиялар мен лицейлерде қолданылып жүрген оқулықтардың тілдік және әдеби біліктілік тәжірибесі тұрғысынан даярлау, мазмұнын жаңарту, толықтыру, дамыту, жетілдіру үдерісі, бұрыннан қалыптасқан отандық филологиялық білім беру дәстүрін жаңғыртуға, оны заманауи ғылым жетістіктерімен байытуға, оны қазіргі таңдағы әлеуметтік қажеттіліктерге жауап беруге бағдарлауға ұмтылыс орта мектеп бағдарламасына жаңа пәндердің қосылуына ықпал етті. Осындай пәндердің ішіндегі ерекше атауды қажет ететін пәннің бірі - *шешендік өнері*. Қазіргі заманауи *шешендік* - тілдік білім берудің ең биік тұғыры. Себебі ол өз бойына тілдік білім берудің практикалық қолданыс тұрғысындағы барлық салаларын жинақтаған пән ретінде мәлім. Десек те, шешендік өнер - қазіргі білім беру саласы үшін қайта жаңғыру үстіндегі пән. Оның ғылыми-әдістемелік аппараты мен басты ұғымдары қазіргі таңда әлі де өңделу, сұрыпталу үстінде.

Бүгінгі заманауи ғылымда «*риторика*» терминінің өзі де әлі жете анықталып, тұрақталған жоқ. Ғалым-зерттеушілер тарапынан «*риторика*», «*шешендік өнер*» терминдері әлі де ретроспективалық сараптау тезіне түсіп, риториканың мақсаты, міндеттері, нысаны, оның пәндер мен ғылымдар

арасындағы орнын айқындау мәселелері турасында әркелкі ой-пікірлер айтылып жүр. Шешендік өнерге бір топ ғалым-әдіскерлер, бір жағынан, оқытудағы мақсаты азаматты баулу пән тұрғысында анықтама берілсе (Т.А.Ладыженская, Т.В.Матвеева), екінші жағынан, шешендік өнерге тек тілдің ауызша ғана емес, жазбаша жанрларына да оқытатын пән ретінде де анықтама беріліп жүр (В.И.Аннушкин, А.А.Волков, М.Р.Львов, И.В.Пешков). Осылайша теориялық тұрғыдан әлі де жеткілікті айқындалмағандықтан, аталмыш мәселе жан-жақты зерттеу жұмыстарын талап етеді.

Қазіргі таңда әлемдік риторикалық мұраны пайдаланудың екі түрлі бағыты айқындалып келеді. *Бірінші бағыт* филологиялық пәндер жүйесіндегі риториканың тарихи рөлін бағамдау, оны зерделеуді мақсат тұтады. Бұл мәселені ресейлік ғалымдар ішінен В.В.Виноградов, В.П.Вомперский, Н.А.Безменова, А.А.Волков, В.И.Аннушкин және т.б. зерттесе, ал отандық ғалым - әдіскерлеріміз арасынан Г.Қосымова, М.Р.Кондубаева сынды зерттеушілер қарастырған. Бұл зерттеулер өткен замандардағы шешендік өнердің рөлін анықтап, оның филологиялық ғылымдарға тигізген ықпалын, ғылым ретінде қалыптасуына қосқан үлесін бағамдайды. *Екінші бағыт* - бұл «Риторика» атты жаңа оқу пәнін қалыптастыру, оның әдістемелік, мазмұндық құрылымын жасау. Әдіскерлер тарапынан шешендік өнерге ерекше ықыластың туындау себебі - осы уақытқа дейін мектептегі тілдік дағдыларды дарыту жұмыстары, негізінен, жазу тілінің білік-дағдыларын үйретуге бағытталып, оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларына, шаршы топ алды сөйлеу біліктері мен алуан түрлі тілдік жанрларды меңгертуге жеткілікті көңіл бөлінбей келгені белгілі. Осындай олқылықтардың орнын толтыру бағытындағы ізденістер, яғни, ауызекі сөйлеуге үйрету әдістемесінің белгілі тұрғыда осындай дағдарысқа ұшырауы, әдіскер-ғалымдарды заңды түрде шешендік өнерге алып келді.

Қазіргі таңдағы шешендік өнердің өзімен іргелес ғылым салаларымен арадағы қарым-қатынасы мен олардың арасында алар орны мәселелері де көптеген пікірталастар өзегіне айналып отыр. Бұл ретте «Сөз мәдениеті», «Стилистика» мен «Шешендік өнер» пәндерін бір-бірімен салыстыру оларды бір-бірінен ажырату мәселелері қарастырылып жүр (А.К.Михальская); риторика мен тілдік этикет арасындағы өзара тығыз байланыстар мәселесі (Н.И.Формановская), риториканың этикамен байланысы мәселесі (И.В.Пешков) сөз болып келеді, сонымен қатар шешендік өнерді оқыту грамматиканы (А.А.Волков), сөз мәдениеті мен стилистиканы (Л.Х.Лыжова) оқытумен тығыз байланыста жүргізілу қажеттігі турасында да айтылып жүр. Л.К.Граудина и Г.И.Миськевич сынды ресейлік әдіскер-ғалымдар бұл мәселе турасында былай дейді: «*Необходимость обучения речевой культуре и красноречию находится в тесной и непосредственной взаимозависимости и всегда признавалась одной из важных задач общей гуманитарной подготовки образованных специалистов*» [18, 7-8 бб.]. Сондықтан да шешендік өнер курсы бойынша оқу материалы мазмұнын іріктеу негізінде гуманитарлық цикл жүйесіндегі риторика мен онымен іргелес логика, тіл білімі, сөз мәдениеті, стилистика, тілдік этикет, этика, эстетика, психология сынды ғылым салаларымен интеграциялау қағидаттары жатуы тиіс. Оқу материалын іріктеу, оны ұйымдастыруға деген жүйелі көзқарас қана риториканы орта білім жүйесіндегі толыққанды да тең құқылы пән ретінде қалыптастырмақ.

Шешендік өнер курсы мазмұнына кең ауқымды көзқарастың тағы бір ұтымды тұсы - біртұтас курс ауқымында мектеп қабырғасында осы кезге дейін енгізілмеген тілтанымдық пәндердің тұтастай кешенін енгізуге мүмкіндік беруі. Бұл пәндердің арқасында оқушылар өз ана тілі жүйесін ғана танып-біліп қоймайды, сонымен бірге қажетті қатысымдық дағдыларға да ие болады. Осындай пәндердің бірі - *педагогикалық риторика*. Педагогикалық риторика қазіргі таңда мектеп пен жоғары оқу орындарында өткізілетін риторика курстарын негіздейді. Мұнда риторика курстарының түрлі концепциялары мен ЖОО-лардағы түрлі факультеттерге арналған бағдарламалар мазмұнының ерекшеліктері айқындалады (А.К.Михальская, Н.С.Шевченко, Л.Г.Антонова, З.С.Смелкова, т.б.), жоғары оқу орындарында шешендік өнерді оқытудың әдістемелік мәселелері қарастырылады (Л.Е.Тумина, Л.С.Якушина, т.б.), сонымен қатар мектеп пен ЖОО-лардағы шешендік өнер курстарының арақатынасы мен олардың бір-біріне бірізді үйлесімділігі зерделенеді (Р.Л.Смулаковская).

Орта мектепте шешендік өнерді оқыту алуан түрлі мәселелер шеңберімен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта орта мектепте шешендік өнерді оқытудың біртұтас әдістемелік кешені қалыптастырылған жоқ. «*Шешендік өнер*» пәнін оқыту, негізінен, гуманитарлық бейінді лицей, гимназиялардың, ішінара орта мектептердің жоғары сыныптарында ғана оқылып келеді. Қазақ тілінде орта мектептердің жоғары 10-11 сыныптарына ғана арналған авторлық бағдарламалар, оқу құралдары жарық көрсе (М.Жармұхамедұлы, Г.Қосымова, А.Сүгірбаева, т.б.), ал орыс тілінде оқушылардың түрлі жас категорияларына арналған, сонымен қатар орта білім мекемелерінің түрлі типтеріне арналған авторлық бағдарламалар мен оқу құралдары басылым көрді (М.Т.Баранов, Н.Н.Кохтев, Т.А.Ладыженская, М.Р.Львов, Т.В.Матвеева, А.К.Михальская, Ю.С.Пичугов және т.б.), дидактикалық материалды іріктеу мен шешендік жаттығулар жүйесін қалыптастыру мәселелері қарастырылып келеді (Т.А.Ладыженская, М.Р.Львов, т.б.), шешендік өнер бойынша аудиовизуалды оқу құралдарын даярлау ісі қолға алынды (Л.М.Зельманова); орта мектепте шешендік өнерді оқытудың бағдарлы бағыттары талқылануда. Мәселен, оны мектептегі оқу үрдісінің барлық кезеңдерінде өз алдына жеке пән ретінде оқыту, V-VII сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті курсын оқушылардың VIII-XI сыныптардағы

«Шешендік негіздері» атты өз алдына жеке пәнді оқуға даярлығы ету мақсатында риторизациялау, интегративтік сипаттағы практикалық курстың енгізілу мәселелері күн тәртібіне орынды қойылуда.

Алайда «реформацияның кейбір келенсіз факторларына» (М.Т.Баранов) байланысты одан қауіптену тұрғысындағы ой-пікірлер де айтылуда. Бұл ой- пікірлердің түйіні әдістеме мен мектеп тәжірибесінде сөйлеу тілін жалпы тілден ажырату, тіл курсы шешендік курсы аясына енгізіп жіберуге, осылайша тілдің оқушылардың тілдік құзіреттілігін қалыптастырудағы мән-маңыздылығын төмендетуден сақтандыруға келіп саяды.

М.Т.Баранов орыс тілінде оқушыларға арналған оқу құралдарының үш түрін атап өтеді: шешендік тарихына арналған (А.К.Михальская. Основы риторики: Мысль и слово. - М., 1996); тіл дамытуға арналған (Т.А.Ладыженская, т.б. Развитие речи: Школьная риторика. - М., 1996); тіл дамытушылық элементтер енгізілген шешендік тарихына арналған (Н.Н. Кохтев. Риторика. - М., 1994; М.Р. Львов. Риторика, - М., 1995 және т.б.). Ғалымның пікірінше, мектепте оқытуға арналған шешендік өнер оқулықтары балаларды шешендікке үйрету әдістемесі кездестіріп отырған қазіргі дағдарыс жағдайынан шығара алмайды. Мәселен, *«Риторика лишь создали дублирующую систему развития письменной речи учащихся, которая уже была отлажена и хорошо работала в действующих программах и учебниках по русскому языку для V-IX классов. Фактически сейчас происходит «надевание» ушедшего из жизни термина на современное содержание, а это по отношению к школе является деянием совершенно бессмысленным»* [19, 50 б.]. Не болмаса: *«Будучи реализованными в программах, в учебниках, в методических руководствах, заложенная в стандарте система обучения публичным выступлениям (при лингводидактически продуманных и последовательных содержаниях и технологии обучения) спокойно решит и эту проблему в рамках школьного курса русского языка без создания нового специального учебного предмета»* [19, 57 б.], деген түйіндері оған дәлел.

Әр мектеп өзі мақсат тұтқан, өзі таңдаған бейіні бойынша тілдік курс мазмұнын өз бетінше таңдай алады. Біздің пікірімізше, мектеп оқушыларына шешендік өнер курсы жеке пән ретінде оқыту қажет әрі заңды. Шешендік өнерді оқытуда басты назар мақсатты да шығармашылық тұрғыдан классикалық риторика дәстүрлерін тануға, гуманитарлық цикл пәндері жүйесіндегі риториканың рөлін зерделеуге аударылады, себебі бұл оқушылардың ауызекі және жазба тілін дамыту жұмысын, оларға шешендік өнерді биік деңгейде игерту бағытындағы жұмысты нәтижелі етеді. Бұл ретте филологиялық циклдағы оқу пәндерінің өзара тығыз байланыстылығын қамтамасыз ететін интеграциялау қағидатын қолдану оқушыларға қатысымдық және тілдік (соның ішінде шешендік) білік-дағдыларды тиімді меңгертуге мүмкіндік жасамақ.

Мектептегі шешендік білімнің басты мазмұндық желісін шешендік өнердің жан-жақтылығы мен оның алуан сатылы табиғатын танытатын риторикалық білімнің аспектілі құрылымы құрайды. *Шешендік өнер курсы оқыту* дегеніміздің өзі оның лингвистикалық, лингводидактикалық, әлеуметтік лингвистикалық, психологиялық, қисындық және т.б. қырларын жүзеге асыруға бағытталған орта мектепте шешендік өнерді оқытудың тұтастай бір оқыту жүйесін даярлау дегенді білдіреді.

Сондай-ақ баса ескеруді қажет ететін маңызды жайт - орта мектепте шешендік өнерді оқыту әдістемесін қалыптастыруда, оның тиімділігін арттыруда қазіргі заманауи оқыту технологиялары туралы айтпай кете алмайтындығымыз.

Әдіскер-мұғалімдеріміз әр сыныптарда «Шешендік өнер» пәнінен сабақ бере жүріп, оқыту үрдісінде мүмкіндігінше алдыңғы қатарлы педагогикалық технологияларды қолдануға талпынуда. Бұл - заңдылық, себебі шешендік өнерді оқытуда да жаңа оқыту технологияларын пайдалану оқыту үрдісін одан әрі тиімді де нәтижелі етер еді. Ал жаңа технологиялардың шешендік өнерді оқытуда да тигізер пайдасы зор болмақ.

Қазіргі таңдағы оқыту үдерісін компьютерлендіру жағдайында шешендік өнерді оқыту формалары көптеген өзгерістерге ұшырамақ. Мәселен, сабақ үстінде қолданылар көрнекілік ретіндегі қандай да бір сөз сөйлеу үлгісін дербес компьютер арқылы балаларға тыңдатуға болады. Оның үстіне қазіргі білім беруді ұйымдастыру ісінде интернет-технологиялар кең қанат жайып келеді. Интернет және компьютер арқылы оқыту үдерісінің басты ұтымды тұстары төмендегідей: *Қашықтан оқыту; Оқушылар санының шектелмеуі; Дербес компьютер жадына әр түрлі дәйектемелік, өмірбаяндық, библиографиялық мәліметтер, жіктелмелер және т.б. енгізу; Алуан түрлі ақпараттық ресурстарды пайдалану мүмкіндігі; Интернет-конференция арқылы бір мезетте көптеген абоненттермен (тыңдаушылармен) жұмыс жасау мүмкіндігі; Атқарылған жұмысты арнайы енгізілген бағдарламалар арқылы мезетінде тексеру, түзеу; Бейнематериалдар көрсету, аудиоматериалдар тыңдату, тестілер орындату және т.б.* [20-22].

Болашағы зор әрі өзекті мәселе саналатын компьютер мен Интернеттің көмегімен жүргізілетін оқыту технологиялары, *бір жағынан*, шешендік өнерді оқытушы мұғалімнің жұмысын біраз жеңілдетер еді (*техникалық жұмыстарды компьютердің өзі атқара берер еді*), *екінші жағынан*, оқушылар үшін оқу үдерісін қызықтырақ етер еді, сол арқылы олардың пәнге қызығушылықтарын да арттырар еді. Ал бұл өз кезегінде шешендік өнерді оқытудың басты міндеттерінің нәтижелі орындалуына игі ықпалын тигізетін болады. Шешендік өнерді оқыту әдістемесінің аталмыш саласы қазіргі таңда түрен салынбаған тың аймақ ретінде қалуда. Шешендік өнерді оқыту бойынша жүйелі әдістемелік кешен құрылып, оның

даму, жетілу жолында әдіскер-ғалымдарымыз аталмыш салаға міндетті түрде ден қойып, оны биік деңгейде, жоғары дәрежеде қолданысқа енгізеріне сенімдеміз.

Ал қазіргі уақытта орта мектепте шешендік өнерді оқыту тәжірибесі теориялық пайымдау (*оқыту әдістері мен құралдарын жүйелеу, дидактикалық материалды іріктеуді ғылыми негіздеу, жаттығулар жүйесін сараптау және т.б.*) тезіне түсе қойған жоқ. Ал бұл өз кезегінде жүргізіліп жүрген сабақтардың тиімділігін төмендетіп, білім сапасының нашарлауына, оқушылардың қатысымдық дағдыларын қалыптастыру үдерісінің өз дәрежесінде жүргізілмеуіне себепкер болуда. Осы жайттарды арhria тізе келе айтарымыз: *отандық және шетелдік әдіскер-ғалымдардың осы уақытқа дейінгі жалпы шешендіктану ілімі арнасында жүргізілген алуан қырлы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сараптай, саралай отырып, қазақ орта мектептерінде шешендік өнерді оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастыру қажет; осындай ғылыми-теориялық және әдіснамалық зерттеу негізінде жалпы білім беретін қазақ орта мектебінде шешендік өнерді оқытудың бірізді, ғылыми тұрғыдан сараланған, жүйеленген әдістемесін даярлау қажет; оқыту әдістері мен құралдарын жетілдіріп, дидактикалық материалды іріктеуді ғылыми негіздей отырып, жаттығулар жүйесін сомдау керек. Әрине, бұл үдеріс бір күннің ғана ісі емес, қандай да бір ілім-ғылымды адам бойына дарыту, оқыту әдістемесін қалыптастыру - ұзақ уақытты талап ететін үдеріс.*

Жинақтай айтсақ, мектеп риторикасына қатысты зерттеулердің негізінде қазақ мектебінің V сынып оқушыларының ана тілінде өз ойын шешен де шебер жеткізе білу дағдыларының қалыптасуына арнайы зерттелген шешендік өнерді оқыту әдістемесі арқылы ғана кең тұрғыда қол жеткізуге болатындығы турасындағы болжам орынды; Себебі, жалпы білім беретін қазақ орта мектебінде шешендік өнерді оқыту жан - жақты жетілген, кең дүниетанымды, қоғамдық өмірдегі қарым-қатынастың алуан жағдаяттарына бейімделе алатын, шешендік құзіреттілігі жоғары тұлға даярлауға мүмкіндік береді. Олай болса, оқушылардың шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдістемелік жүйе арқылы оқыту дидактикалық қағидаттармен қатар, шешендік өнерді оқытудың арнайы қағидаттары мен әдістері арқылы жүргізілсе, нәтиже сапалы болмақ. Шешендік білік-дағдыларды қалыптастыру жұмыстарын, олардың формаларын түрлендіріп отыру оқушылардың сөйлеу шеберлігін шыңдауға орасан зор ықпал етері даусыз. Демек, шешендік өнерді оқытуда оқушылар тілін шешендік сөздер үлгісімен және алуан түрлі ойындар, рөлдік тренингілер (*ойбөліс, ойталқы, пікіралмасу және т.б.*) арқылы дамыту жоғары бірегей нәтиже бермек. Оқушылардың шешендік білік-дағдыларын қалыптастыру, дамыту жұмысы білім беру және тәрбие жұмысымен тығыз байланыста жүргізілуі қажет. Нәтижеде айтарымыз – әлемдік риторика ілімі қағидаттары мен қазақ халқының ұлттық шешендік дәстүрі негізінде шешендік өнерін оқыту әдістемесінің жасалуы - қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің артуына, әлеуметтік қызметінің кең қанат жаюына ықпал етер игі қадам.

Әдебиеттер тізімі

1. Аристотель. Этика. Полипика. Риторика. Поэтика. Категории. Минск, 1998. – 1392 с.
2. Аль-Фараби. Трактат о канонах искусства поэзии. Логические трактаты. - Алма-Ата: Наука, 1975. – 542 с.
3. Ломоносов М.В. Краткое руководство к риторике на пользу любителей сладкоречия // Ломоносов М.В. Полн. собр. соч. М.; Л., 1952. - Т.7. – 233 с.
4. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // Байтұрсынов А. Шығармалары / Құраст. Шәріпов Ә., Дәуітов С. – Алматы: Жазушы, 1989. – 298 б.
5. Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 204 б.
6. Мәметова Ә. Шешендік сөздер // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1945. – I т. – 285 б.
7. Сыздықова Р.С. Шешендік сөз // Қазақ әдеби тілінің ауызшы түрі – Алматы: Ғылым, 1987. – 111 б.
8. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997 – 208 б.
9. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті – Алматы, 2006. – 140 б.
10. Қыдыршаева А.С. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері / (*Жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша*), Монография. – Алматы: Білім, 2000. – 270 б.
11. Апресян Г.З. Ораторское искусство. 3-е изд. – М.: Изд-во МГУ, 1978. – 278 с.
12. Қыдыршаев А.С. Шешендіктану. - Орал: «Ағартушы» баспа- лингвистикалық орталығы, 2004. – 156 б.
13. Қыдыршаев А.С. Шешен-лектор профессиограммасы. Орал, БҚМУ баспасы, 2004. – 56 б.
14. Қыдыршаев А.С. Шешен сөйлей білеміз бе? (*Шешен сөйлеу мәдениетінің алтын қағидалары*). Оқу құралы. – Орал, 2017. – 364 б.
15. Пряхин М.Н. Риторика в системе тривиума (К проблеме определения понятия «риторика») // В сб. «Риторика в системе коммуникативных дисциплин». (Санкт-Петербургский государственный горный институт (технический университет). - СПб, 2005. Записки горного института. Т.160, Ч.1. - С.33-36.
16. Минеева С.А. Риторика диалога: категориальный аппарат (Проблемы и противоречия развития) // В сб. Риторика в системе коммуникативных дисциплин. (Санкт-Петербургский государственный горный институт (технический университет). - СПб, 2005 (Записки горного института. Т.160, Ч.1. – С.52-54.
17. Иваненко В.К. Риторика: теория и практика целесообразной речи // Вестник Запорожского государственного университета: сборник научных статей. - Запорожье, 2004. – С.64-68.
18. Граудина Л.К., Миськевич Т.Н. Теория и практика русского красноречия. – М.: Наука, 1989. – 254 с.

19. Баранов М.Т. От риторики к развитию речи в школах России // Русский язык в школе. - М., 1998. - №4. - С.24
20. Климова М.В. Удивительная риторика. – М.: Энас-книга, 2017. – (О чем умолчала учебники). – 192 с.
21. Ладьженская Т.А., Ладьженская Н.В., Ладьженская Т.М., Марысева О.В., Книга для учителя. Детская риторика в рассказах и рисунках. Методические рекомендации. 4 класс. – М., «Баллас», «С-инфо», 1997. – 97 с.
22. Ладьшенская Т.А., Ипполитова Н.А., Вершинина Г.Б. и др. Школьная риторика, 5 класс. Методические рекомендации / Под ред. Т.А. Ладьженской. – 2-е изд., перераб. – М. Издательский дом «С-инфо»; Издательство «Баллас ЛТД», 1998. – 128 с.

УДК 81.362

*Абуханова А.Г.
Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова,
г. Уральск, Казахстан*

ЯЗЫКОВАЯ АКТУАЛИЗАЦИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ ИНТЕНЦИЙ В РАЗНОСИСТЕМНЫХ ЯЗЫКАХ

Данная статья посвящается 90-летию нашего высшего учебного заведения, ранее Уральского педагогического института имени Александра Сергеевича Пушкина. Естественно, что данная работа предполагает подведение итогов научной работы по специальностям нашего университета.

Я являюсь доцентом по кафедре германской филологии и, соответственно, занимаюсь подготовкой магистров по данному направлению. За эти годы мною подготовлено более тридцати магистерских диссертаций, посвященных разработке вопросов лингвокультурологии, сравнительного языкознания, когнитивной лингвистики. Назову темы лишь нескольких магистерских диссертаций, указывающих на содержание наших исследований: «Лингвопрагматические аспекты феномена персуазивности в академических текстах на английском и русском языках» (Казиева А.В.). «Средства актуализации гендерного аспекта в рекламном дискурсе на английском языке» (Калиева А.А.) [1], «Когнитивно-дискурсивные особенности Интернет фразеологии XXI века» (Зубкова Е.С.), «Способы актуализации фатической функции в казахском и английском языках» (на материале формул приветствия и прощания) (Хасимова У.К.), «Прагматические функции повтора в казахском и английском письменном дискурсе и способы его перевода (на материале научно-биографического дискурса)» (Ермеккалиева Г.Т.) [2-3], «Лингвопрагматические особенности актуализации концептосферы» «Материнство в поэтических текстах на казахском и английском языках» (Утегалиева Б.Б.) и т.д.

Целью настоящей статьи является демонстрация итогов научно-исследовательской деятельности в магистратуре на материале магистерских диссертаций, выполненных под моим руководством.

Когнитивно-дискурсивная парадигма, в рамках которой была написана диссертация Зубковой Е.С., дала возможность рассмотреть лексические и фразеологические единицы, функционирующие и формирующиеся в Интернет-дискурсе, а так же созданные благодаря креативной деятельности Интернет-пользователей. Приведем в качестве примера некоторые из них: There is no place like <http://www.home.com>. A chat has nine lives. Too many clicks spoil the browse. You can't teach a new mouse old clicks. C: // is the root of all directories.

В диссертации Зубковой Е.С. нами впервые были указаны факторы, влияющие на распространение фразеологизмов в Интернет-среде и указана семантика фразеологизмов. В статье, посвященной анализу специфических черт Интернет- фразеологии [4, с. 237], нами был проанализирован корпус новых фразеологизмов, созданных Интернет-пользователями на основе различных трансформаций. Собранные примеры были разбиты на три группы:

1.Обыгрывается многозначное слово. Например:

There is no place like home. В гостях хорошо, а дома лучше.

There is no place like <http://www.home.com>. В Интернете хорошо, на исходной странице лучше.

2. Использование аллитерации:

Too many cooks spoil the broth. У семи нянек дитя без глазу.

Too many clicks spoil the browse. Слишком много щелчков портят просмотр. Не суетись в работе.

3. К третьей группе относятся пословицы, в которых происходит замена существительных:

Don't put all your eggs into one basket. Не складывай все яйца в одну корзину.

Don't put all your hypes in one home page. Не складывай все свои гиперссылки на одну исходную страницу.

Сравнение употребления Интернет-фразеологизмов XXI и узуальных английских фразеологизмов привело к необходимости анализа различных факторов, повлиявших на их возникновение и распространение в языке. Для этого необходим сопоставительный анализ ключевых компонентов: «Источник происхождения», «Факторы, влияющие на распространение» и «Семантика фразеологизмов». В результате установлены некоторые закономерности (см. Табл. 1).

Таблица 1 – Ключевые компоненты происхождения Интернет- фразеологизмов

| Фразеологизмы | Источник происхождения | Факторы, влияющие на распространение | Семантика фразеологизмов |
|------------------------------|---|--|--|
| «Классические» фразеологизмы | Библия, произведения Шекспира работы известных философов и мыслителей | Географический Социальный Темпоральный | Наставления, библейские заповеди, назидания, моральные принципы |
| Фразеологизмы XXI в. | Интернет, СМИ | Глобализационный Социальный Темпоральный: языковая страта XXI в. | Описание человеческих состояний, чувств и эмоций в их многообразном проявлении |

Отличие Интернет-фразеологизмов от классических фразеологизмов заключается в том, что они часто выражают сиюминутные эмоции, состояния, отношение к происходящему. Интернет фразеологизмы наглядно демонстрируют креативность человека в языке, всевозможные способы актуализации человеческих интенций. В виртуальном мире человек «надевает маску», которая облегчает ему процесс коммуникации, снимает психологических барьеры, высвобождает творческое «я». В результате исследования нами было выявлено:

1. Глобальная сеть Интернет является источником появления Интернет- фразеологизмов, отражающих повседневную речевую стихию данного сообщества.

2. Сегодня Интернет – это среда, насыщенная различно направленными социальными процессами, некоторые из которых находят свое отражение в реальности: в режиме он-лайн обсуждаются социально-значимые проблемы, формируется общественное мнение. Развитие коммуникационных возможностей Интернета стало предпосылкой формирования в виртуальной реальности специфических групп пользователей, объединяемых определенным кругом интересов самого различного порядка. Наблюдаемые социальные Интернет-образования получили название «Интернет-сообщества» (форумы, блоги, чаты).

3. Язык Интернет-сообществ формирует особую лексическую подсистему, которая имеет собственные языковые особенности и обладает особыми социокультурными характеристиками.

4. Новые языковые единицы, рожденные пользователем в Интернет- среде с целью выражения его мыслей и чувств, активно подхватываются остальными участниками общения, впоследствии входя в обиход. Новое время диктует новые законы, и процесс глобализации во всех его ключевых направлениях оказывает влияние на язык, который в очередной раз доказывает свою универсальную способность служить вместилищем человеческой мысли и человеческих духовным потребностей.

В магистерской диссертации Казиевой А.В. была предпринята попытка исследовать средства персуазивности на новом материале - академических текстах. Как указывает исследователь Гончарова Е.А. «коммуникативный процесс, называемый персуазивным, представлен такими ситуациями, в которых люди сознательно продуцируют сообщения,нацеленные на то, чтобы вызвать определенное поведение реципиента или повлиять на его точки зрения, установки» [5, с. 35-36]. В работе Голоднова А.В. персуазивность рассматривается «как универсальная стратегия текстообразования в риторическом метадискурсе». Голоднов А.В. указывает, что термин «персуазивность» является относительно новым для разработок в теории речевого общения, в то время как в зарубежной лингвистике этот термин вошел в активный научный оборот в 70-80 е годы 20-го столетия, будучи введённым из разработок по социальной психологии и теории массовой коммуникации. В стилистике и лингвистике текста проблема эффективной, целесообразной, воздействующей убеждающей речи традиционно изучается без использования термина «персуазивность» [6, с. 6]. В результате анализируемого магистерского исследования было доказано, что академический текст, на первый взгляд, использующий нейтральные средства изложения, для достижения своих целей применяет весь арсенал воздействующих средств для усиления своей доказательной базы. Особенно это характерно для работ, написанных на английском языке.

Подводя итоги моей работы в магистратуре, не могу, не остановится на магистерской диссертации, посвященной изучению концептосферы «Материнство» в казахской и английской

языковых картинах мира и выполненной магистрантом Утегалиевой Б.Б. Материалом для исследования в указанной диссертации являлись, в частности, поэтические тексты. В свое время Ю.М.Лотман, перечисляя функции поэтического текста, указал на функцию памяти. Ю.М.Лотман пишет: «Текст - не только генератор новых смыслов, но иконденсатор культурной памяти. Текст обладает способностью сохранять память о своих предшествующих контекстах» [7, с. 20-21].

Приведенное выше высказывание Ю.М.Лотмана находит блестящее подтверждение на материале казахских поэтических текстов. В поэтическом произведении Гафу Каирбекова «Ана туралы жыр» есть такие строчки:

Әлемнің жарығын,
Сыйладың сен маған.
Даланың әр гүлін,
Жинадың сен маған.
Сен бергенқұстардың
Қанатын самғаған.
Балалық құштарым
Өзіңе арналған [8, с. 114].

Память оставляет следы. Следы сознания, облеченного в материальную форму, в частности, в форму поэтического текста.

Имеется ассоциативная память, как связь представлений и обстоятельств друг с другом. Языческое прошлое казахов – тенгрианство – позволяет связать метафоры известного казахского поэта Г.Каирбекова с изображениями Умай - покровительницей материнства и богиней плодородия в тенгрианстве.

В нашей статье «Актуализация концептосферы «Материнство» в произведениях казахских поэтов» [9, с. 27-31] мы анализировали метафоры указанного выше текста, указывая, что автор пишет о матери, как о давшей крылья, позволяющие высоко взмывать в небо. Этот анализ необходимо дополнить в связи с языческим прошлым казахов - тенгрианством. Два главных бога тенгрианства Тенгри и Умай - составляли супружескую пару. Умай являлась покровительницей материнства, детей, богиней плодородия. Умайтакже Мать-Земля [10]. Изображения Умай встречаются достаточно часто на каменных изваяниях-балбалах, получивших распространение в раннетюркский период в VII-X вв. до н.э., в манускриптах. Умай изображали как женщину с золотыми крыльями, спускающуюся с неба, часто в 3-5-верхой шапке, в анфас, в позе с прижатыми к груди или животу руками, держащими чашу. По одним источникам, чаша в руках символизирует жертву Небу, по другим сведениям, в чашке Умай – священное молоко, хранящее души детей. Стрелы - неперемный атрибут богини: путники, встречающие на степных дорогах каменные изваяние богини, спешили и совершали ритуал почтения путем вонзания стрел в землю у подножья памятника [10].

